

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

«ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
НАО «ПАВЛОДАРСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН»

**«ЖАҢА ҚОҒАМДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУЕТІ: БІЛІМ
МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ САПАСЫ»**

*XIX халықаралық студенттік
ғылыми-тәжірибелік конференциясының
материалдары*

**«ПОТЕНЦИАЛ МОЛОДЕЖИ В НОВОМ ОБЩЕСТВЕ:
КАЧЕСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ»**

материалы
XIX Международной студенческой
научно-практической конференции

Павлодар
2024 ж.

УДК 37+001

ББК 74+72

Ж 28

Жалпы редактор: Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс жөніндегі проректор Б.С. Есенгельдин.

Жауапты редактор: Зерттеулерді қолдау департаментінің директоры Б.А. Байдалинова

Под общей редакцией: Члена правления – проректора по научной работе Есенгельдина Б.С.

Ответственный редактор: Директор департамента по поддержке исследований Байдалинова Б.А.

Ж 28

Жаңа қоғамдағы жастар әлеуеті: білім және ғылым сапасы: атты ХІХ халықаралық студенттік ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары.

Потенциал молодежи в новом обществе: качество образования и науки: материалы ХІХ Международной студенческой научно-практической конференции.= Павлодар: ППУ имени Әлкей Марғұлан, 2024-1309 б.-қазақша, орысша

ISBN 978-601-267-785-0

«Жаңа қоғамдағы жастардың әлеуеті: білім мен ғылымның сапасы» атты ХІХ халықаралық студенттік ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жинаққа кірді.

Жинақ жоғары және орта мектеп оқытушыларына, докторанттарға, магистранттарға, студенттерге және оқушыларға арналған.

В сборник вошли материалы ХІХ Международной студенческой научно-практической конференции «Потенциал молодежи в новом обществе: качество образования и науки».

Сборник предназначен для преподавателей высшей и средней школы, докторантов, магистрантов, студентов и школьников.

ISBN 978-601-267-785-0

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, 2024 жыл.

**ПЕДАГОГИКА МЕН
ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ
ПЕДАГОГИКИ И ПСИХОЛОГИИ**

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ӘДІСТЕМЕЛЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ МЕНҒЕРГЕН ЗАМАНАУИ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІН ДАЙЫНДАУ

Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық
университетінің магистранты, **Н.С.Абиддинова**
Ғылыми жетекшісі: қауым дастырылған профессор,
Б.М.Жапарова

Аннотация: Бұл мақалада бастауыш сынып мұғалімдерін білім беруде жаңа технологияларды қолданудың маңызы туралы айтылады. Заман талабына сай технологияларды пайдалану қазіргі қоғам талабына сай негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруға ықпал етеді, сабақта жұмысты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Бастауыш сыныпта сабақ өткізу кезінде білім беру процесінің тиімділігін арттыру үшін заманауи білім беру технологияларын қолдану маңызды болып табылады.

Түйін сөздер: бастауыш сынып, мұғалім, заманауи, әдістер, технологиялар,

Аннотация: В этой статье рассказывается о важности использования новых технологий в образовании учителей начальных классов. Использование современных технологий способствует формированию ключевых компетенций, отвечающих требованиям современного общества, способствует эффективной организации работы на уроке, способствует повышению качества образования. При проведении занятий в начальной школе важно использовать современные образовательные технологии для повышения эффективности образовательного процесса.

Ключевые слова: начальный класс, учитель, современность, методы, технологии,

Annotation: this article discusses the importance of using new technologies in the education of primary school teachers. The use of modern technologies contributes to the formation of key competencies in accordance with the requirements of modern society, helps to effectively organize work in the classroom, and contributes to improving the quality of Education. To increase the effectiveness of the educational process when conducting classes in primary school, it is important to use modern educational technologies.

Keywords: primary school, teacher, modern, methods, technologies,

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақараттандыру халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге өту»-деп білім беру жүйесін одан ары дамыту көзделен. Бұл міндеттерді шешуде, әрбір орта мектептің бастау сатысында білім

беруде оқу-тәрбие үрдісін жаңа технологияларға сай ұйымдастру әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттілігі туыдайды [1].

Білім берудегі қазіргі заманғы технологиялардың көмегімен жаңа білім беру парадигмасы іске асатын құрал ретінде қарастырылады. Білім беру технологияларының даму тенденциялары тұлғаның өзін-өзі тануына және өзін-өзі дамуына мүмкіндік беретін гуманитарлық білім берумен тікелей байланысты. "Білім беру технологиялары", "педагогикалық технология" термині мен қатар "оқыту технологиялары" термині қолданылады.

“Оқыту технологиясы – белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұны жүзеге асырылады”, – деп С.Әбенбаев айта келіп, оның құрылымын төмендегідей етіп көрсетеді:

- оқытудың мақсаты;
 - білім берудің мазмұны;
 - педагогикалық өзара әрекеттестіктің құралы (оқыту және мотивация), оқыту процесін ұйымдастыру;
 - оқушы, оқытушы;
 - әрекеттің нәтижесі (сонымен бірге кәсіптік даярлықтың деңгейі)
- [2].

Педагогикалық технология әр түрлі жағдайлардағы нақты өзара іс-қимылдарды, жүйеленген, бағдарланған, оқыту және тәрбиелеу стандарттарына сай тәсілдер негізінде компьютер мен техникалық құралдар қолдану арқылы да ұйымдастырылады. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің құрылымдарында оқытудың айқындалған көптеген технологияларын пайдаланып жатқандығы белгілі. Болашақ маманға тәжірибе беруде ақпаратпен жұмыс істеу әдістеріне, жаңа білімдерді құру әдістеріне, ең маңыздысы - әлемнің дамуы туралы білімдердің қажетті деңгейін қалыптастыратын әдістерге үйрету. Сондықтан әрбір оқытушыға және оқушыға "оқыту" мен "үйрену" процестерін игеру үшін 3 тілді меңгеруі қажет: ана тілін, ғылым тілін және технология тілін. Сонымен технология көмегімен білімдерді, іскерлікті, дағдыларды игеру процесінде тұлғалық қасиеттің дамуында нәтижелі шешімге жету мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. "Педагогикалық технология" оның ішінде "оқыту технологиясы" ұғымын анықтауда, басым көпшілік мамандар оларды үш маңызды жағдайлармен біріктіреді:

- іс-әрекетінің жиынтығы түріндегі қажет ететін үлгіні дәл анықтау негізінде оқытуды жоспарлау

- оқытуды талап ететін әрекетті қалыптастыруды іріктеген қатаң тізбекті әрекеті түріндегі оқытудың барлық процесін "бағдарламалау".

- алғашқы белгіленген эталонмен оқытудың нәтижесін салыстыру. М.Чошанов оқыту технологиясы негізінен педагогикалық процестегі «Қалай нәтижелі етіп оқыту керек?» мәселесін шешуге бағытталатынын айтады. Оқыту технологиясы жөніндегі ой-пікірлерді саралай келе, біз оны: оқытудың мақсатқа сәйкес нәтижесіне қол жеткізудегі нақты қадамдарды және олардың үйлесімділігін зерделейтін ғылым саласы; екіншіден, оқытудың нақты жағдайда нәтижелі жүзеге асырылуын белгілейтін жобалау немесе модельдеу; нақты оқыту процесін нәтижелі етіп оқытудағы процес деп білеміз.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету, оның тиімділігін арттыру білім беру мазмұнын жаңғыртумен, білім беру процесін ұйымдастыру тәсілдері мен технологияларын оңтайландырумен байланысты. Мұндай білім берудің негізгі сипаттамасы оқушының жеке басын дамытуға және оны қоғамдағы толыққанды өмірге дайындауға бағытталған. Қазіргі заманғы технологиялар осы білім беру парадигмасын жүзеге асыру құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, әртүрлі педагогикалық жүйелер мен оқыту технологияларының өзіндік диалогын ұйымдастыру маңызды. Бұл жағдайда мұғалімнің іс-әрекетінің мазмұны сапалы түрде өзгереді: ол дамушы әлеуметтік-мәдени ортаны құра білуі керек, жүйелі, технологиялық және тұлғаға бағытталған тәсілдер негізінде баланың әртүрлі іс-әрекеттерін жобалай білуі керек. Мұғалімнің бұл жаңа функциялары тиісті кәсіби дайындықты қажет етеді, бұл бастауыш сынып мұғалімдерінің заманауи білім беру технологияларын тереңірек зерттеу және меңгеру қажеттілігіне әкеледі [4].

Жаңа технологияны жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат - мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады[2].

Ж. Аймауытовтың пікірінше: сабақ беру – үйреншікті жәй ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер деген екен[6]. Білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан – жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру ұстаздың интеллектуалдық, кәсіптік адамгершілік , өзін-өзі

дамытып, оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің баспалдағы. Мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты – білімнің жаңа үлгісін жасап оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі жаңа әдіс – тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабаққа тиімді пайдалана білуі, бір сөзбен айтқанда – оқу үрдісін дамыту. Бүгінгі білім беру ісінің мақсаты – тек білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін — өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды, алғыр, ой — өрісі кең, ақпарат көздерін өз бетімен қолдана алатын, қабілетті де талантты, жастарды тәрбиелеу. Үнемі дамып, өзгеріп отыратын баланың ішкі болмысы мен табиғатын қалыптастыруда мұғалімнің ықпалы ерекше. Жаңа технологияны жүзеге асыру, тиімділігіне қарай пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат – міндетіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. Жалпы алғанда, жаңа технологиялардың көптеген түрлері бар.

Жалпы алғанда, жаңа технологиялардың 40-тан астам түрлері бар. Оқушы тұлғасының дамуына, қабілетінің артуына жаңа технологиялар айтарлықтай ықпал жасайтыны сөзсіз және бұл қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің дамуындағы елеулі бағыт. Сондықтан да болар қазіргі кезде біздің ұстаздар да осы жаңа технологиялар элементтерін өздерінің тәжірибелерінде пайдаланып жүр. Мысал ретінде соларға тоқталып өтсем:

✓ 1. Шаттық шеңбері сабақ басталғанда оқушылар ортаға шығып, шаттық шеңберін құрады. Сол сәтте оқушылар бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп, жақсы көңіл-күй сыйлайды.

✓ 2. “Ой қозғау” әдісі Баланың басынан өткен бұрынғы тәжірибесіне сүйене отырып, жеке, топтық және ұжымдық талқылау арқылы берілген тақырып мазмұнымен өз бетінше жұмыс жасауына бағытталған, қызығушылықты оятуға арналған стратегия.

✓ 3. “Модельдеу” әдісі математика, көркем еңбек пәндерінде оқушылардың қол моторикасын дамыту үшін қолданылады.

✓ 4. “Карусель” әдісі бұл әдістің нәтижесінде оқушылардың көру, есте сақтау, ойлау қабілеті, креативтілік қабілеті шыңдалады.

✓ 5. Ширату оқушылардың жаңа тақырыпты меңгергендігін тексеру мақсатынды қолданылады.

✓ 6. “Галерея аралау ” әдісі өзгелердің қабырғаларға ілген көрнекі материалдарын жеке аралап жүріп, өз ойын көбіне сол нәрсеге жазуға арналған стратегия.

✓ 7. “Өткеншек” әдісі оқушылардың жаңа сабақтан алған білімдерін кері байланыс арқылы тексеру әдісі және т.б.

Осындай Заманауи технологияларды қолдана отырып жүргізілген сабақтар балаға белгілі бір білім ғана беріп қоймай, оны жалпы дамыту, сөйлеу, оқу талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға салыстыра білуге, дәлелдеуге оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамытып, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Заман талабына сай технологияларды қолдану ауқымы, түрлері өзгеріп отырады.

Сонымен қатар әр сабақта оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында АКТ –ны да қолдану қажет. Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық.Интерактивтік тақта арқылы сабақты өте тиімді,қызықты әрі түсінікті өтуіне үлкен мүмкіндік береді.

Жаңа технологияны қолдану арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырып, шығармашылыққа баулуға көп мүмкіндік туады. Оқушыларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту-бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда оқу –тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше. Қазіргі ұстаздар қауымының алдында тұрған үлкен мақсат-өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу[5].

Ойымызды қорытындылай келе, ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала — ертеңгі жаңа әлем.

«Адам ұрпағымен мың жасайды», - дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз - оқу. «Надан жұрттың күні – қараң, келешегі тұман», - деп М. Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі - білімді ұрпақ. Ендеше, тәуелсіз еліміздің тұғырын биік ұстар қыз-ұлдарымыздың бойына дұрыс тәрбие сіңіре білейік. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. А. Асқарбаев, М. Жазыбаев, С. Рахметова. "Бастауыш оқудың тиімділігін арттыру": Алматы-1975, 6-47 бет.
2. Интернет желісі «<https://kopilkaurokov.ru>» сайтынан алынған.

3. Дамегуль Мейрманова «Бастауыш сынып білім беру үрдісінде жаңа технологияларды қолдану», мектеп материалдары, 29.8.2023ж. басылым.
4. Захарова Н.И. Внедрение информационных технологий в учебный процесс // Начальная школа. - 2018. - № 1. 318 б.
5. А. С. Егембердиева Оқытудың педагогикалық технологиялары туралы жалпы мағлұматтар әдістемелік көмекші құрал. – Алматы: Алматы кітап, 2016.
6. Б. Сегізбаева Ойын технологиясын қолдану арқылы баланың тілін дамыту // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. – 2014. — №10.

ИНКЛЮЗИЯ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУДЫҢ ЖЕТЕКШІ ҮРДІСІ РЕТІНДЕ

Абдрахман Гүлназ, Құрманш Аида

“Әлекей Марғұлан атындағы Павлодар Педагогикалық университетінің” студенттері, Павлодар қ.

Алибаева Ж.Е.

ғылыми жетекші: PhD, оқытушы-зерттеуші, Павлодар қ.

***Аңдатпа.** Мақалада қазіргі кезеңдегі білім беру жүйесінің тенденциясына жетекшілік ететін инклюзияның негізгі құндылықтары ашылған. Инклюзия, мүмкіндігі шектеулі баланың психофизикалық дамуы қалыпты құрдастар арасында жоғары сапалы түзету-педагогикалық көмекке заңды құқығын қанағаттандыру мақсатында оларды кезең-кезеңімен жүзеге асыруды көздейтін өзекті мәселелерді шешуді талап ететін, білім беру жүйесін дамытудың ерекше кезеңі болып табылады.*

***Түйін сөздер:** инклюзия, инклюзивті білім беру, білім, арнайы білім беру.*

В статье раскрыты основные ценности инклюзии, которые определяют тенденции системы образования на современном этапе. Инклюзия, психофизическое развитие ребенка с ограниченными возможностями здоровья является особым этапом развития системы образования, требующим решения актуальных вопросов, предусматривающих поэтапную их реализацию с целью удовлетворения законного права на качественную коррекционно-педагогическую помощь среди нормальных сверстников.

***Ключевые слова:** инклюзия, инклюзивное образование, образование, специальное образование.*

The article reveals the main values of inclusion, leading the trend of the education system at the present stage. Inclusion, the psychophysical development of a child with disabilities is a special stage in the development of the education system, requiring the solution of urgent problems that provide for their phased implementation in order to satisfy the legal right to high-quality correctional and pedagogical assistance among normal peers.

Keywords: inclusion, inclusive education, education, special education.

Кіріспе

Жаһандық ізгілендіру процестеріне байланысты қазіргі қазақ қоғамы мүмкіндігі шектеулі балаларға деген көзқарасын өзгертуде. Өйткені олар қоғамның қорғансыз мүшелерінің бірі. Бұл өзгерістерді әлеуметтік және білім беру шекараларын еңсеру ретінде қарастыруға болады. Қазақстандағы жалпы және арнайы (түзету) білім беру деп дәстүрлі түрде бөлу, негізінен, осы кедергілердің бірі болып табылады. Алайда, білім берудің әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде заманауи көзқарасы білім беруді қоғам өзінің қажеттіліктері мен мақсаттарына сәйкес құруына; мемлекеттегі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты және ең бастысы, ол өскелең ұрпақтың әлеуметтік әл-ауқатының жалғыз факторы болмаса да, қоғамның дүниетанымына айтарлықтай әсер етуіне байланысты бұл кедергіні жояды.

Қазіргі уақытта Қазақстанның әлеуметтік-мәдени жағдайлары мен экономикалық жағдайы білім беру саласындағы мемлекеттік әлеуметтік саясаттағы сапалы өзгерістерді, атап айтқанда, оның қоғамның әртүрлі топтарының өкілдері үшін білім беру нысандары мен түрлерінің қолжетімділігін арттыруға бағытталғанын өзектеп жатыр. Баланың психофизикалық даму деңгейіне қарамастан, оны тәрбиелеу және әлеуметтік бейімдеу үшін оңтайлы жағдайлар жасау - мұның бәрі қазіргі заманғы Қазақстанның басым міндеттерінің бірі болып табылады.

Негізгі бөлім

Әлеуметтік өзгерістер мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту үдерісін жақсартуға бағытталған инновациялық бағдарламалар мен технологияларды енгізудің әдістемелік негіздерін әзірлеудің өзектілігін де айқындайды. Бұл мәселені шешудегі оңтайлы стратегиялық бағыттардың бірі инклюзивті білім беру – жалпы балабақшаларда, жалпы білім беретін (бұқаралық) мектептерде, жалпы орта/жоғары білім беретін кәсіптік оқу орындарында қосымша мамандандырылған жағдайлар жасау арқылы мүмкіндігі шектеулі және мұндай шектеусіз балаларды бірлесіп оқыту мен тәрбиелеу процесі.

Айта кететін жайт, «инклюзивті білім беру» мәні негізінен жаңа, ал оның тұжырымдамасы («барлығына арналған мектептер») күмән мен алаңдаушылық тудырады. Инклюзивті білім берудің құндылығын мойындай отырып, оның идеяларын жүзеге асыруға кедергі келтіретін бірқатар факторларды атап өткен жөн. Негізінен, бұл қазақстандықтардың мүгедек балаларға деген толерантты емес

қатынасы, бұл балаларды қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қабылдауға психологиялық ықылассыздығы.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналары кейбір жағдайларда балаларын келеке ету, сыныптастарымен, мұғалімдерімен жанжал, ерекше қажеттіліктерге деген қоғам реакциясы, өз балаларының ерекше қажеттіліктеріне арналған оқу үдерісі мен жағдайдың болмауынан қорқатындықтан балаларын қарапайым мектепке жібергісі келмейді.

Өз кезегінде, «қарапайым» балалардың ата-аналары ерекше қажеттіліктері бар (әсіресе ауыр мүгедек) бала мұғалім мен балалардың назарын аударып, бүкіл сыныптың білім деңгейін төмендетеді деп қорқады.

Инклюзивті білім беру жүйесінің өзі инклюзивті қоғамды дамытудың тиімді тетігі болып табылады, яғни біз сол арқылы инклюзивті қоғамды – барлығына арналған қоғамды, әрбір адамға арналған қоғамды дамытуға үлес қосамыз. Бұл инклюзивті білім берудің негізгі мәні.

Инклюзивті білім беру

Инклюзивті білім беру – әрбір адамға физикалық, зияткерлік, әлеуметтік, эмоционалдық, тілдік немесе басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, жалпы оқыту және тәрбиелеу (дамыту және әлеуметтену) процесіне қатысуды қамтамасыз ететін білім, ол кейін жетілген адамға қоғамның тең құқылы мүшесі болу мүмкіндігін беріп, бөліну мен оқшаулану қаупін азайтады.

Инклюзивті білім мен тәрбиені дамытудың алғы шарты физикалық және психологиялық құрамдастарды қамтитын кедергісіз ортаны құру болып табылады. Қосымша білім беру ресурстарын пайдалана отырып, балалардың қарым-қатынасын үйлестіруге; эмоционалды жайлылық және өзара қабылдау атмосферасын құруға бағытталған қалыпты балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалардың өзара әрекетін ұйымдастыру бойынша арнайы жұмыс күтілуде.

Инклюзивті білім беруге тән негізгі құндылықтар мен сенімдер төмендегідей. Әркімнің білім алуға құқығы бар. Барлық балалар оқи алады. Әрбір адам белгілі бір салаларда немесе белгілі бір уақытта оқу қиындықтарына тап болуы мүмкін. Оқу процесінде барлығына көмек қажет. Мектеп, мұғалім, отбасы және қоғам тек балалар үшін ғана емес, оқуды ынталандыру үшін басты жауапкершілікке ие. Кемсітушілік көзқарастар мен мінез-құлық сынға алынуы керек. Балаларды толерантты және әртүрлілікті қамтитын инклюзивті қоғамда өмір сүруге дайындау қажет. Мұғалімдер үнемі қолдауды қажет етеді.

Тәрбие процесі туғаннан басталады. Ол ерте балалық шақта әсіресе маңызды, бірақ қалыптасу ересек жаста аяқталмайды, себебі бұл өмір бойы жалғасатын үдеріс.

Инклюзивті білім берудің негізгі құндылықтары

Инклюзивті білім берудің негізгі құндылықтары барлық мәдениеттерде, философияларда және діндерде кездеседі және адам құқықтары жөніндегі халықаралық құжаттардың негізгі баптарының көпшілігінде көрініс табады. Мұндай құндылықтарға мыналар жатады: өзара сыйластық; толеранттылық; өзін қоғамның бір бөлігі ретінде сезіну; жеке тұлғаның дағдылары мен дарындылығын дамытуға мүмкіндіктер беру; өзара көмек; бір-бірінен үйрену мүмкіндігі; өзіне және қоғамдағы адамдарға көмектесу мүмкіндігі.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды интеграциялау нысаны ретінде инклюзивті білім беру жүйесін дамыту шыдамдылық пен төзімділікті, жүйелілікті, сабақтастықты, кезең-кезеңмен және оны жүзеге асырудың кешенді тәсілін талап ететін ұзақ мерзімді стратегия болып табылады. Сонымен қатар, кең мағынада интеграция - бұл даму процесі, оның нәтижесі жеке мамандандырылған элементтердің өзара тәуелділігіне негізделген жүйе ішіндегі тұтастықтағы бірлікке қол жеткізу болып табылады.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесін дамытудағы қазақстандық тәжірибені зерделеу, мәдени түрде ресімдеу, түсіну және жалпылау өзекті міндет болып табылады. Бұл инклюзивті білім берудің әртүрлі тәсілдерін, тетіктері мен технологияларын күмәндары мен түсініспеушілікті шешуге және жинақтауға, қолда бар ресурстарды тиімді пайдалануға, тәуекелдер мен ықтимал қателерді азайтуға, кіріктірілген білім берудің әртүрлі (теориялық және практикалық) тәсілдері мен үлгілерін корреляциялауға мүмкіндік береді.

Осылайша, инклюзия Қазақстандағы білім беру жүйесінің дамуының қазіргі кезеңіндегі жетекші тенденция болып табылады. Бұл педагогиканың теориясы мен тәжірибесінде қанағаттануды және мақсатты түрде зерттеуді талап ететін жаңа әлеуметтік бағыт. Инклюзивті білім беруді енгізу ерекше қажеттіліктері бар баланың қалыпты дамып келе жатқан құрдастарымен бірге оқуға заңды құқығын қанағаттандыруға ықпал етуі тиіс.

Список использованных источников

1. Гончарова, В. Г. Комплексное медико-психолого-педагогическое сопровождение лиц с ограниченными возможностями здоровья в условиях непрерывного инклюзивного образования [Электронный

ресурс] : монография / В. Г. Гончарова, В. Г. Подопригора, С. И. Гончарова. - Электрон, текстовые данные. - Красноярск : Сибирский федеральный университет, 2014. - 248 с. - 978-5-7638-3133-7. - Режим доступа: <http://www.iprbookshop.ru/84218.html>

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕЙІНІН АУДАРУДА ЖАТТЫҚТЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

*Абдрахманова Алмагуль Магметоллаевна магистрант,
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті.
Ғылыми жетекші: Хамзина Шолпан Шапиевна*

Аннотация: Бұл мақала бастауыш сынып оқушыларының назарын жаттықтыру мәселесіне арналған. Бұл жұмыста оқушының назарын, зейінін жаттықтыру, дамыту жолдары көрсетілген. Зерттелетін мәселелер бойынша тарихи дереккөздерге талдау жасалады.

Кілт сөздер: зейін, есте сақтау, жаттықтыру, назарын аудару

Аннотация: Данная статья посвящена проблеме запущенности учащихся младших классов. В данной работе показаны способы тренировки и развития внимания и концентрации. Проводится анализ исторических источников по изучаемым вопросам.

Ключевые слова: внимание, естественное сохранение, обучение, внимание.

Abstract: This article is devoted to the problem of neglect of primary school students. This work shows ways to train and develop attention and concentration. An analysis of historical sources on the issues under study is carried out.

Key words: attention, natural conservation, learning, attention.

Баланың мектепке дейінгі кезеңнен мектеп кезеңіне ауысуы оның сыртқы ортамен қарым-қатынас жүйесі мен бүкіл өмір құрылымының өзгеруімен сипатталады. Осыған байланысты баланың мектепке дайындау – күрделі жағдай, үрдіс. 6 жасар бала үшін оқыту тек іс-әрекет қана емес, әрі білім мен ұғымдарды игеруінің, өзін келешекке дайындау тәсілінің, оның жаңа іс-әрекет міндетінің, күнделікті өмірінің өзгеруіне әкеледі. Демек, мектепте оқушының жан-жақты дамыған, адамгершілік, эстетикалық және физикалық дамуы, оның жеке басының қалыптасуына әсер етіледі.

Зейін – адам санасының қандай да бір өзіне қажетті немесе қызықтырған затқа, құбылысқа немесе іс-әрекетке бағытталуы және шоғырлануы. Сананың бағытталуы деп объектіні таңдап алуды айтамыз, ал сананың бір нәрсеге шоғырлануы дегенде, бұл объектіге

қатысы жоқтың бәріне назар аудармауды айтады. Оқыту мен оқуда, жетістікке жету, зерттелетін объектіге зейін қоюдан басталады [1].

Адамның кез келген мақсатты іс-әрекеті зейін арқылы жүзеге асады. Еріксіз зейін адамның мақсатынсыз-ақ сана заттар мен құбылыстарға бағытталады. Ерікті зейін мақсатты іс-әрекеттерді орындаумен байланысты. Ал үйреншікті зейін адамның іс-әрекетінің өмір тәжірибесінде қалыптасып отыратын түрі. Адамның зейіні бір объектіге немесе бір жұмысқа ұзағырақ тұрақтай алса, оны зейіннің тұрақтылығы дейді. Сабақ үстінде баланың назарын көп нәрсеге аудармай, басты бір нәрсеге не белгілі бір әрекетке ғана аударып, оған тұрақтатып әдеттендіру керек [2].

Біздің ойымызша, әдебиеттік оқу пәні ретінде танымдық қабілеттерін, соның ішінде бастауыш сынып оқушысының назарын дамытуда кең мүмкіндіктерге ие. Себебі қазіргі уақытта көптеген балалардың сөздік қоры аз, әрі өз ойларын айтуға қиналады, белгілі бір мәтінді талдауға қиналады. Осы қиын жағдайларды шешу үшін көптеген жаттығуларды орындатып, сөздік жұмыстарын жүргізіп, зейінді жаттықтыруға көңіл бөлу қажет.

Зейіннің жағдайы баланың барлық іс-әрекетіне әсер етеді: зейінді басқара алмау салдарынан бала мектепте қиындықтарға тап болады. Мақсатты әрекет қажет болған кезде ерікті назар әсіресе зардап шегеді. Бұл балаларға назар аудару қиын, оның ұзақ уақыт шоғырлануы мүмкін емес, ең кішкентай белгілер оларды алаңдатады. Бұл "есте сақтау қабілетінің нашарлауына" әкеледі, бұл қазақ тіліндегі жазбаша жұмыстарда айқын көрінеді. Ерікті зейінді дамыту оқушының табысты танымдық іс-әрекетінің шарты, демек, мұғалім үшін маңызды міндет болады [3].

Кез келген қиындықты анықтағаннан кейін мақсат қойылу қажет: бастауыш сынып оқушыларының зейінінің ерекшеліктерін зерттеу және оның даму процесіне педагогикалық басшылық ету шарттарын іс жүзінде тексеру, қазақ тілі сабақтары арқылы бастауыш сынып оқушыларының ерікті зейінін дамытуға педагогикалық басшылық әдістерін анықтау және тексеру.

1 және 2-сыныптар – бұл жұптық жұмыс, топтық жұмыс және имитациялық ойындарды ұйымдастыру арқылы ерікті зейінді қалыптастыруға болады, бұның бастамасы ретінде "Кім мұқият?" ойынын ойнауға болады, балаларға «Мақта қыз бен мысық» ертегісін мұқият тыңдап, ондағы "М" дыбысы бар сөздердің санын санау керек, не бұл ертегінің қойылымын жасап, әр кейіпкердің ерекшелігін, оның шығаратын дыбысын көрсету сияқты тапсырмалар беруге болады.

Ойын: «Қанша бар?» (Балаларға бөлмені қарап шығуға және "к" немесе "т" әрпінен басталатын ондағы мүмкіндігінше көп заттарды атауға тапсырма беріледі).

Келесі ойын: "Жарты сөздер сенікі" атты ойынға қатысушылар шеңберге тұрып, бір-біріне доп лақтырады. Бұл жағдайда лақтырушы сөздің жартысын қатты айтады, ал кім ұстап алса, сөздің екінші жартысын атауы керек.

Бастауыш сатыдағы оқу техникасын жақсартудың кеңінен тараған технологиясы В.Н.Зайцевтің "Резервы обучения чтению" жүйесі. Аталған технология шапшаң оқуға үйретудің 8 резервін құрайды.

1. Дайындық жаттығуларының ұзақтығы емес, жиілігі маңызды. Балаларға қандай-да бір біліктілікті меңгертіп, оны дағды деңгейіне жеткізу үшін белгілі бір уақыт аралығында, олармен күнде-күнде көлемі шағын жаттығулар жүргізу қажет. Әр күн сайын 20 минутқа кез келген шығарманы оқып отырса, әрі келесі күні былайша қайталап оқып отырса, оқу сауаттылығы мен оқу шапшаңдығы көтеріледі.

2. Ызындап оқу. Ол не? Бұл барлық оқушы бір мезгілде, бір-біріне бөгет жасамас үшін жартылай дауыспен оқу. Әркім өз жылдамдығымен, біреулері тез оқыса, енді бірі баяу оқиды. Ызындап оқуды сабақтың кез келген кезеңінде жүргізе беруге болады. Математика сабағындағы есептің немесе кейбір тапсырмалардың мазмұнын түсіну үшін оқудың осы түрін пайдалану өте тиімді. Әр БАТЛЛ сайысын ұйымдастыруға болады. Балаларға өте қызықты, әрі оқуға деген ұмтылыстары пайда болады.

3. Әр сабақтағы бес минуттық оқу. Әр күнде болатын сабақ кестесіне байланысты 5 минуттық оқу көңіл бөлген жөн, онда бір аптада 25 оқушының әрқайсысы бір-екі рет оқу мүмкіндігіне ие болады. Ал әр сабақ сайын (қазақ тілі, математика, дүние тану т.б.) балаға 5 минут оқуға мүмкіндік беру апталық жаттығуды 120 минутқа дейін ұзарта алады. Әр сабақтың терминдерімен танысады, әрі сөздік қоры байытылады.

4. Ұйықтар алдындағы оқу. Ұйықтар алдындағы оқу жақсы нәтиже береді. Өйткені күннің соңғы сәттері адамның (жадында) көңіл-күйінде жақсы сақталады, сегіз сағат ұйқының барысында адам сол сәттің әсерінде болады.

5. Үзінділермен оқу. Егер бала оқуды ұнатпаса, онда осы оқу түрін пайдалануға болады. Бұндай жағдайда балаға 1-2 жолдық үзінді оқуды ұсыну керек. Біраз демалып, содан соң оқу қайта жалғасады. Оқудың бұл түрін ата-аналарға кеңес ретінде беруге болады.

6. Көру диктанттарын жаздырту. Оқу техникасының қарқыны көп жағдайда оперативті жадының нашар дамуына байланысты тежелетіні анықталған. Яғни оқыған мәтінді жаздырту, көшіру немесе бір топ оқушылармен бұл жаттығуды жасатуға болады.

Әдебиеттік оқудың әр сабағын оқу сауаттылығын дамытып, жазуларын түзетіп қана қоймай, балаларда зейінді дамытатын бес минуттық оқудан бастаймыз. Бұл кішігірім мәтіндерді оқып, оның негізгі ойын анықтау, тірек сөздерді анықтап табуға машықтандырамыз.

Әдебиеттік оқу сабақтарында мынадай тапсырмаларды ұсынуға болады:

1-тапсырма. Әр жолдан балаларға арналған қанатты сөздердің біреуін тап. Оны айналдыра сыз. Осы сөздерден сөйлем құрап жаз. *(бала, адам, алыс, болат, қарайды)*

2-тапсырма. Суретті мұқият қара. Екі түзу қалың қара сызықтарды салыстыр. Олардың ұзындықтары туралы не айтар едің?

3-тапсырма. Ыбырай Алтынсариннің өлеңін немесе әңгімесін есіңе түсір. Өлеңнің атын және оның жолдарын толықтырып жаз.

Суретпен жұмыс

4-тапсырма. Бірінші және үшінші суреттің ортасына қандай сурет салар едің? Суретті толықтыр. Әңгімелеп жаз.

Мұндай тапсырмалар арқылы оқушылар салыстыру арқылы, суретпен жұмыс жасай отырып, өткен тақырыптарға қайталау жұмысын жасай отырып, тілдері жаттығады, сөздік қорын молаяды.

Әдебиеттік оқу әдістемесінде зейінді дамытуға және түзетуге мүмкіндік беретін жаттығулар жеткілікті. Балаға арналған мектепте оқыту негізінен ұсынылған ақпаратты қабылдау және игеру процесі болып табылады. Ақпаратты қабылдау және өңдеу ерекшеліктеріне байланысты адамдарды шартты түрде үш санатқа бөлуге болады. Кейбіреулер көрнекіліктер арқасында ақпараттың көп бөлігін қабылдайды, көру арқылы мағлұматты алады. Келесі бір тобы есту арқылы ақпарат алады. Ақпараттың көп бөлігін басқа сезімдер (иіс, жанасу) арқылы және қозғалыстар арқылы қабылдайды. Осыған байланысты әр түрлі ойындар өткізіп, ұйымдастыруға болады.

"Шатасу" ойынының мақсаты: ерікті зейінді дамыту, зейіннің шоғырлануына ықпал етеді. Жасырын суреттерді тауып, зат есім сөздерін жазып алыңыз, астын көрсетіңіз.

Кестелермен және схемалармен жұмыс. Мақсаты: көрнекі есте сақтау қабілетін дамыту, зейінді шоғырландыру қабілеті. Кестеде жануарлардың 10 атауы жасырылған. Оларды табыңыз.

Көру диктанты (мәтінді жазбас бұрын, оқушы тапсырмаға сәйкес оған назар аударады: емлені, ережелерді түсіндіріңіз. Содан кейін мәтінді мұғалім белгілейді, жұмыс аяқталғаннан кейін жазба мәтінмен салыстырылады. Өзара тексеру, өзін-өзі тексеру арқылы жұмысты ұйымдастыра аламыз.

«Қандай түсті?» Сабақ үшін сізге бояу суреттері, түрлі-түсті қарындаштар және ұсынылған суретті қалай бояу керектігін сипаттайтын алдын-ала жасалған мәтіндер қажет. Балаға бояу парағы беріледі және мәтінді мұқият тыңдауға, қандай түсті екенін есте сақтауға және сипаттамаға сәйкес суретті бояуға шақырылады.

Сынып:	1-сынып.	Ана тілі 1-сынып [4]
Сабақтың тақырыбы:	№33 сабақ. Әліпби. Түлкі мен тырна.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	1.2.5.1.мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру. 1.4.1.1.айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп жазу және сету, есте сақтау арқылы жазу;	

Психологиялық ахуал қалыптастыру

Бала, бала, балапан,

Кәне, қайсы алақан?

Саусақтарың әйбат,

Былай-былай ойнат.

Өткенді пысықтау

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» мәтінінің бойынша сұрақтар қою.

Осы сөздерді әліпби бойынша орналастырайық

Жаңа тақырып

«Фонарик» әдісі. Ертегінің кейіпкерін табу

1-жаттығу. Ертегіні түсініп оқы.

Мұғалім алдымен «Түлкі мен тырна» ертегісін екі оқушыға оқытады. Содан кейін барлық оқушы оқиды.

Мәтін соңындағы сұрақтарға жеке-жеке жауап алынады.

- Тырна қайда қонаққа келді?
- Оны түлкі қалай қарсы алды? Оған тамақты қалай ұсынды?
- Келесі күні не болды? Түлкі неге ренжіді?
- Тырна мен түлкі неліктен олай жасады деп ойлайсыңдар?
- Сендер қонақ шақырғанда қалай күтесіңдер?
- Аналарына қолғабыс жасайсыңдар ма?

Суреттерді ертегідегі оқиғаларға байланысты ретімен қойып шық

Рөлге бөліп оқу. Тапсырмалар орындау

1.Түсіп қалған әріптерді тап.

Ю	Я		Х	Ц		Ё	Ж	
Е	Ё		Б	В		С	Т	

2. Берілген сөздерге дыбыстық талдау жаса, сөздерді алфавит бойынша орналастыр.

Бақ р ә дыбыс н

Ары н ә дыбыс б н

Мына сөздерді әліпби ретімен қой.

Қанат, болат, әділ, бал, тарақ, раушан, алтын, күміс, самал, дидар
Қосымша тапсырма

Р әрпінің алдында және соңында тұрған әріптерді атап, сол әріптерден басталатын сөздер ойлап табады. П Р С

Перде, парта, сөмке, сабақ.

Топтық жұмыс. «Менің есімім» ойыны. Топтағы оқушылар есімдерінің алғашқы әрпі бойынша сөздер айтады.

Зейіннің тұрақтылығы, нәтижелі ақыл-ой әрекетінің шарты ретінде, белгілі бір өлшем және оның салдары болып табылады. Белгілі мазмұнды игеру белсенді жұмысқа негізделген, зейіннің артуына ықпал етеді. [1]

Біздің зерттеу жұмысымыз зейіннің мәнін қазақ тілі сабағында қалай дамытуға болатындығын көрсеттік. Оқушыларға тапсырманы біртіндеп күрделендіре түссе, сонда логикалық ойлау қабілеттері қалыптаса бастайды. Осындай психологиялық тәсілдерді қолдана отырып, тренингтік жаттығулар орындату барысында оқушылардың пәнге қызығушылығы артып, ой-өрісі қалыптасады, шығармашылық пен дарындылық пайда болатынын байқаймыз.

Қорыта айтсақ, оқу-тәрбие үрдісінде оқушылардың ойлау процестерін дамыту үшін жоғарыда ұсынылған тренингтік жаттығуларды ұйымдастыру қажет екендігін зерттеу дәлелдеді. Сондай-ақ, оқушылардың қызығушылығын оята отырып, зейінін қалыптастыруда тренингтік жаттығулар оқушы білімінің деңгейін көтеріп қана қоймай, бір-бірімен жақындастырып, достыққа, адамгершілікке, еңбекке тәрбиелейді, жүйелі ойлап сөйлеуге, сөздік қорын молайтуға, қиялын ұштауға жетелейтіндігі практика көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Несіпаев Т. Физиология терминдердің сөздігі 2-басылым. Алматы «Агроуниверситет» баспасы <https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=188>
2. Психология энциклопедиялық сөздік. <https://sozdikqor.kz/soz?id=342533&a=ZEIN>
3. Жұмасова К.С. «Психология» оқулығы. «Фолиант» баспасы, Астана 2006ж
4. Г.И.Уайсова, Г.Т.Сәдуақас, А.С.Бесірова. Ана тілі оқулығы 1-сынып Алматы «Атамұра», - 2021ж
5. Мектеп психологына көмекші құрал Мамашбаева Ш.М, Байтелиева Н.С, Момынова С.Н. Астана: Фолиант, 2008ж

ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДАҒЫ СӨЙЛЕУДЕГІ ТЫНЫС АЛУДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ СИПАТТАУ

*Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті
студенті **А.Ж. Айтжан**
ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының PhD докторы, **А.Б. Дузелбаева***

Аңдатпа

Бұл мақалада ЖСТБ бар мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тыныс алуын диагностикалау және анықтау мәселелері қарастырылады. Сөйлеу тілі бұзылған мектеп жасына дейінгі балалардағы тыныс алудың бұзылуына басты назар аударылады. Мақалада диагностикалық әдістерді қолдана отырып, авторлар жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардағы тыныс алу механизмдерін, жаттығуларын зерттеуді, диагностикалау, бақылау және бағалауды қарастырады.

Түйін сөздер: сөйлеу тынысы, жалпы сөйлеу тілінің дамымауын бақылау, паралингвистикалық құралдар, ым-ишара, мимика.

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы диагностики и выявления речевого дыхания дошкольников с ОНР. Основное внимание уделяется нарушению дыхания у детей дошкольного возраста с нарушениями речи. В содержании статьи используя диагностические методы авторы рассматривают дыхательные упражнения, изучение, диагностика, мониторинг и оценка дыхательных механизмов у детей дошкольного возраста с общим недоразвитием речи.

Ключевые слова: речевое дыхание, общее недоразвитие речи мониторинг, паралингвистические средства, жесты, мимика

Annotation

This article discusses the issues of diagnosis and detection of speech breathing in preschoolers with ONR. The main attention is paid to respiratory disorders in preschool

children with speech disorders. In the content of the article, using diagnostic methods, the authors consider breathing exercises, the study, diagnosis, monitoring and evaluation of respiratory mechanisms in preschool children with general speech underdevelopment.

Keywords: speech breathing, general underdevelopment of speech monitoring, paralinguistic means, gestures, facial expressions.

Қазіргі таңда балалардың дамуы ғылыми зерттеулер мен практикалық педагогика саласында әрқашан басты мәселе болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлеуді қалыптастыру мәселелері өзекті және көп қырлы міндеттердің бірі. Мектеп жасына дейінгі балалардағы тілдік даму процестеріне айтарлықтай әсер ететін жалпы сөйлеу тілі бұзылыстары (I-II деңгей) кезіндегі дұрыс таныс алу ерекше назар аударатын мәселелердің бірі деп айтуға болады. Алайда, осы тақырыптың маңыздылығына қарамастан, ЖСТБ шеңберінде сөйлеудегі тыныс алу аспектілеріне бағытталған зерттеулердің жеткіліксіздігі көрінеді.

Жалпы сөйлеу тілінің бұзылысы (ЖСТБ) – есту қабілеті мен ой-өрісі әдеттегідей дамыған балалардың мағыналық жеке қатысты сөйлеу тілі құрамының компоненттерінің бұзылуынан болатын әртүрлі күрделі тіл кемшіліктері[1].

Жалпы сөйлеу тілінің бұзылыстары бар мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлеудегі тыныс алу деңгейін анықтау және сипаттау келесі қадамдар арқылы жүргізіледі:

1. Бағалау жүргізу. Балалардың тілдік дамуын және тыныс алуын бағалап, сөйлеу кезіндегі қиыншылықтарын анықтау.

2. Тыныс алу механизмін зерттеу. Тыныс алу және сөйлеу үрдістерінің қалай байланысатынын анықтау үшін, балалардың тыныс алу тиімділігін және оның сөйлеу үрдісіне қалай әсер ететінін зерттеу.

3. Сөйлеу және тыныс алу қызметінің интеграциясы. Тыныс алудың сөйлеуге қалай ықпал ететінін және керісінше туындайтын жағдайларды талдау. Бұл балалардың сөйлеу сапасына және жылдамдығына қандай факторлардың әсер ететінін түсінуге көмек-теседі.

4. Түзету шараларын қолдану. Тыныс алу жаттығулары, артикуляция жаттығулары және сөйлеу жаттығулары сияқты түзету шараларын қолдану арқылы балалардың сөйлеу және тыныс алу мәселелерін жақсарту.

5. Мониторинг және бағалау. Балалардың жағдайын тұрақты бақылау және бағалау[2].

Жоғарыда айтылған қадамдарды жүзеге асыру барсында санитарлық ережелер сақталынылуы өте маңызды. Тыныс алу жаттығулары кезінде бөлме жақсы желдетілуі керек; жаттығулар тамақтанар алдында немесе тамақтанғаннан кейін бір сағаттан кейін

жасалады; егер бала тыныс алуға арналған арнайы жаттығу құралын аузына салуы керек болса, онда олар жеке болуы және өңделуі керек.

Бұл процесс барысында отбасымен бірге жұмыс жасауда тығыз ынтымақтастық және балалардың дамуын қолдау үшін қажет құралдар мен стратегиялар қолданылуы өте маңызды.

Терапиялық әдістер әрбір балаға жеке тұрғыдан бейімделуі тиіс, оның жасына, қажеттіліктеріне және сөйлеу бұзылыстарының түріне байланысты. Мысалы, кейбір балаларға әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын жақсартуға көмектесетін топтық терапия пайдалы болуы мүмкін, ал басқаларына жеке терапиялық отырыстар қажет болуы мүмкін[3].

Зерттеу жұмысы Павлодар қаласының № 14 балабақшасының тәрбиеленушілері базасында жүзеге асты. I-II деңгейдегі ЖСТБ бар 4 пен 5 жас аралығындағы қатысушылардың жалпы саны 8 баланы құрады. Эксперименттік топтағы барлық тәрбиеленушілерге ПМПК қорытындысы бойынша жалпы сөйлеу тілінің бұзылысы диагнозы қойылған (1-кесте).

Зерттеу басы келесі қадамдарды қамтыды: экспериментке қатысқан балалармен танысу, логопедпен және топ тәрбиешісімен жұмыс жоспарын талқылау. Бұл зерттеу барысында балалармен оң қарым-қатынас орнатуға ықпал етті, сонымен қатар балалар туралы қажетті психологиялық және физиологиялық деректерді жинауға көмектесті. Баланың сөйлеу дамуы туралы мәліметтерді және психологиялық-педагогикалық зерттеу материалдарын талдадық.

1-кесте – ПМПК қорытындысы бойынша қойылған диагноздар

№	Баланың аты	Жасы	Диагноз
1	Адилет	4 жас	ЖСТБ I деңгейі
2	Аружан	4 жас	ЖСТБ I деңгейі
3	Манарбек	4 жас	ЖСТБ II деңгейі
4	Адай	4 жас	ЖСТБ II деңгейі
5	Мадина	5 жас	ЖСТБ I деңгейі
6	Амир	5 жас	ЖСТБ I деңгейі
7	Дамир	5 жас	ЖСТБ II деңгейі
8	Алуа	5 жас	ЖСТБ II деңгейі

1-кестеде берілген ЖСТБ бірінші деңгейі бар балаларға тән ортақ белгілер: тәрбиеленушілер экспрессивті сөйлеуде ауызша құралдардың бүкіл тізбегін пайдаланады. Тек нақты дыбыстар ғана емес, сонымен қатар олардың тіркесімдері – дыбыстық кешендер мен ономотопеялар, дыбыстық сөздердің үзінділері және сөздің түбірін ұстап, оның дыбыстық-силлабикалық жағын бұрмалауы байқалды. Сөздің бастапқы нұсқасына мүлдем сәйкес келмеуі – екпінді буынды, буындар санын, интонацияны дұрыс шығаруда қиындықтар кездесті. Қолданылатын тілдік құралдардың көп мағыналылығы: белгілі бір ономотопея тақырыптың атауын ғана емес, сонымен бірге оның белгілері мен олармен жасалуы мүмкін әрекеттерді де білдіретін сөздерді қолдануы орын тапты.

Жоғарыда берілген сипаттама балалардың лексикасы нашар екенін көрсетеді, нәтижесінде тілдің паралингвистикалық құралдарын – жесттерді, мимиканы, интонацияны белсенді қолдануға жүгіне алмаушылығы, сөздік қордың тар және кедей болып келуі байқалды.

ЖСТБ екінші деңгейі бар балаларға тән ортақ белгілер: бірінші деңгейі бар балаларға қарағанда бұл деңгейдегі балалардың сөйлеуінде екі-үш, кейде тіпті төрт сөз тіркестерінің болуы байқалды. Сөйлеу үлгілерін егжей-тегжейлі талдау аморфты сөздермен, тұлға, сан және тіпті жағдай сияқты категориялардың нақты белгілері бар сөздерді қолдануды көрсетеді. Сөздік қор сирек, әдетте заттар мен әрекеттерді тізімдеумен шектелуі және сөздерді бұрмалау, мәлімдемелерге сараңдығы айқын көрінді. Балаларға көптеген сөздердің мағыналары таныс емес, сондай-ақ өз сөздерінде қарапайым сөздер мен олардың вариацияларының қосуы жиі кездесті. Сөйлемдегі шылауларды жіберіп алған жағдайда, балалар сөйлем мүшелерін грамматикалық категориялар бойынша дұрыс өзгертпейді. Сонымен қатар, тілдің морфологиялық жүйесінің жеткіліксіздігі, атап айтқанда сөзжасам процестері балалардың мүмкіндіктерін едәуір төмендететіндігі және сын есімдерді дұрыс қолданбауға және түсінуге әкелетіндігі байқалды. Сөзжасамдық сипаттағы қателіктермен бірге жалпылама ұғымдарды, антонимдер мен синонимдер жүйесін қалыптастыруда қиындықтар туындауы, сөздерді көп мағыналы қолдану және олардың семантикалық алмастырулары орын тапты[4].

1-кестеге сәйкес барлық балаларға тән жалпы белгілердің сипаты: ЖСТБ бар балалардың әлеуметтік және эмоционалдық дамуы саласында да жалпы белгілер байқалды. Олар әлеуметтік байланыстарды орнатуда белгілі қиындықтарға тап болды, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасау дағдыларының шектеулігі көрінді.

Бақылауларға сәйкес, өзін-өзі реттеу мен мінез-құлықты бақылаудағы жалпы қиындықтар да байқалды. Балаларда болжамсыздық немесе пассивтіліктің жоғарылауы сияқты мінез-құлық проблемалары кездесті. Зерттеу барысында ЖСТБ бар әр баланың өзіндік ерекшеліктері бар екенін және симптомдардың ауырлығы әр түрлі болуы мүмкін екені ескерілді.

Зерттеу жұмысының айқындаушы кезеңінде балабақша тәрбиеленушілерінің сөйлеудегі тыныс алу дағдылары мен дамуын анықтау мақсатында бастапқы диагностикасы жүргізілді. Ол үшін жасқа және ЖСТБ деңгейіне тән арнайы А.А.Максаков[5] әдістемесі таңдалды. Диагностика кезінде келесі талаптар ескерілді:

- зерттеу жұмыс барысы рұқсат етілген нормалардан аспады;
- материалдар қол жетімді болды және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келді;
- тапсырмаларға арналған нұсқаулар айқындықпен және нақтылықпен ерекшеленді.

Диагностикалау бойынша біз нақтылап анықтаймыз:

1. Тыныс алу түрінің қалпын;
2. Ауызсыз дем шығару ұзақтығын;
3. Ауыздан тыс дем шығару күшін

Жүргізілген диагностика нәтижелерінің әрқайсысына талдау жасау.


1. Тыныс алудың басым түрі. 1-суреттегі тыныс алудың негізгі түрін анықтау бойынша сынама нәтижелері:

- 50% (4 бала) – кеуделік тыныс алу түрі
- 30% (2 бала) – үстіртін тыныс алу түрі
- 20% (2 бала) – диафрагмалық тыныс алу түрі



1-сурет – Тыныс алудың басым түрі


Алынған нәтижені талдай отырып, балалардың көпшілігінде кеуделік тыныс алу түрі қалыптаспаған деген қорытынды жасауға болады.



2-сурет – Ауызсыз дем шығару ұзақтығы

2-суретте берілген ауызсыз дем шығару ұзақтығын анықтау бойынша сынама нәтижелері:

- 60 % (5 бала) – ауызсыз дем шығару ұзақтығының өте төмен көрсеткіштері;
- 30% (2 бала) – ауызсыз дем шығару ұзақтығының төмен көрсеткіштері;
- 10% (1 бала) – ауызсыз дем шығару ұзақтығының орташа көрсеткіштері.



3-сурет – Ауыздан тыс дем шығару күші

3-суретте көрсетілген ауыздан тыс дем шығару күшін анықтау бойынша сынама нәтижелері:

- 50%-да (4 бала) – ауыздан тыс дем шығару күші өте төмен;

- 25%-да (2 бала) – ауыздан тыс дем шығару күшінің төмен көрсеткіштері:

- 25% (2 бала) – ауыздан тыс дем шығару күшінің орташа көрсеткіштері.

Қорытынды: нәтижелерді талдай отырып, сөйлеу диагнозы бар балалардың басым санында сөйлеу емес тыныс алудың қалыптасу деңгейі негізінен өте төмен және төмен көрсеткіштермен ерекшеленетінін айта аламыз. Сондай-ақ, субъектілер арасында орташа мәннен асатын дем шығару күші бар балалар байқалмайды. Дұрыс тыныс алу қалпы қалыптаспаған. Біршама түзетуші-дамытушы жұмыстарды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Өмірбекова Қ. Логопедия [Электрондық ресурс] : оқу құралы / Қ. Өмірбекова, Қ. Серкебаев. – Алматы : Республикалық баспа кабинеті, 1996. – 247 б.

2. Петрова С. В. Логопедия и современные методы коррекции речевых нарушений. Санкт-Петербург: Детство-Пресс, 2020. – 188 с.

3. Керімбекова Ж. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу қабілетінің тежелуі // Ұлағат, 2007. – 84 б.

4. Бисембаева Ж.К. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі: оқу әдістемелік құрал. Қостанай: У. Султангазин ат. Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019. – 81 б.

5. Филичева Т.Б. Особенности формирования речи у детей дошкольного возраста. Монография.– М., 2000. – 314 с.

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТӘЛІМДІК ОЙЛАР

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің студенті, Астана қ.,

Амирова Айжан Жасуланқызы

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қ.,

Токсанбаева Т.Ж.

Аңдатпа. Жыраулар толғауларынан халықтың небір нәзік сырлары, мұң-мұқтажы, ой-толғанысы, қуаныш-сүйініші, келер ұрпаққа айтар өнегелі өсиеті өзекті орын алған. Олар халықтың тәлім-тәрбие мектебінің ұлағатты ұстаздарының рөлін атқарды.

Мақалада қазақ халқының өзіндік мәдени, рухани, әдеби ұлттық дәстүрінің негізінде қазақ ұлтының дамуы мен қалыптасуына зор үлес қосқан хандар мен сұлтандар, билер мен жыраулар, батырлар мен ақындардың тәлім-тәрбиелік ойлары туралы айтылады.

Түйін сөздер: идея, суретші, тарих, саясат, шындық, күрес, бостандық.

Аннотация. В трудах жырауов актуальны самые сокровенные тайны народа, его печали, его размышления, его радость-поддержка, его нравственные наставления грядущим поколениям. Они играли роль великих учителей народной школы.

В статье рассказывается о ханах и султанах, биев и жырауов воспитательных мыслях героев и поэтов, внесших большой вклад в развитие и становление казахской нации на основе собственных культурных, духовных, литературных национальных традиций казахского народа.

Ключевые слова: идея, художник, история, политика, правда, борьба, свобода.

Abstract. It is important to note that in the zhyrau's reflections, the most delicate secrets of the people, their needs, their thoughts, their joy, their moral commandments, which they will tell to the next generation, are relevant. They played the role of great teachers of the people's educational school.

The article tells about the educational ideas of Khans and sultans, biys and zhyrau, batyrs and poets who made a great contribution to the development and formation of the Kazakh nation on the basis of the original cultural, spiritual, literary national traditions of the Kazakh people.

Key words: idea, artist, history, politics, true, struggle, freedom.

Өткізілген 32 сабақ өтілген тақырыптарды жалғастыру ретінде, яғни оқушылардың өткен тақырып бойынша білімдерін тексеру болды. Сабақта жаңа ақпарат берілмегендіктен оқушылардан азайту мен қосу амалдарын дұрыс орындалуы, олардың компоненттерін білуі, шамаларға қатысты тапсырмаларды қатесіз жасалуы талап етілді. Тәжірибе көрсеткендей, 2 А сынып оқушылары қарапайым сандарды қосып, азайта алды, есептің берілгені мен шешуін қатесіз жазып, орындай алады. Шамаларға қатысты амалдарды орындауға келген кезде кейбір балалар қиыншылық көрді. Оқушыларға бар-жоғы 3 тапсырма берілді, олардан біз өзіміздің қай жерде қандай оқушымен жұмыс жасау керектігін көрдік.

Педагогикалық диагностика педагогтің кәсіби қызметінің бастапқы және соңғы кезең болып табылады, себебі ол циклді сипатта және бір педагогикалық проблеманы шешумен аяқталмайды. Педагогикалық диагностика нәтижесінде алынған мәліметтер мұғалімнің инновациялық қызметіне күшті серпін бере алады. Ол өз тәрбиеленушілерінің ерекшеліктері туралы көбірек білетін болса, шешуді қажет ететін мәселелерді анық көре алса, соғұрлым оның жұмысы тиімді болады. Әрине, егер мұғалім алынған диагностикалық нәтижелерді жай ғана қабылдап қоймай, артықшылықтарды дамыту және кемшіліктерді азайту үшін оларды талдап және өз жұмысының келесі кезеңдерін құратын болса. Педагогикалық диагностика – бұл әр түрлі педагогикалық құбылыстарды тану процессі және оны анықтау үшін қажетті параметрлерді пайдалану негізінде белгілі бір уақытта олардың күйін біліп отыру [5].

Алдағы уақытта біз оқушылармен қосу мен азайту амалдарына байланысты ережелерді қайталаудан бастап, жақшалы өрнектерді шығарып, қайта шолу жасадық. Сонымен қатар есепке қатысты өрнектерді құрастыру, шамаларды қайталап шығу, оларды түрлендіріп, салыстыра білуге байланысты жаттығулар өткізіп, балалардың оқу үлгерімін көтеруге тырыстық.

Біз 2 сыныппен өткізілген диагностиканы жалғастыру мақсатында "Математика 2 сынып, 2-бөлім" оқулығын пайдаланып оқушылардың "Шамалар" тақырыбына қатысты білімдерін тексеру үшін тағы сабақ өткіздік.

2В бөлім. Шамалар және олардың өлшем бірліктері. 51 сабақ!
Шамалар.

1. Амалдарды орында:

$$(80 \text{ кг} - 45 \text{ кг}) - 18 \text{ кг} = ? (17 \text{ кг})$$

$$17 \text{ г} + (55 \text{ г} - 24 \text{ г}) = ? (48 \text{ г})$$

$$80 \text{ дм} - (26 \text{ см} + 54 \text{ см}) = ? (0 \text{ дм})$$

$$(55 \text{ дм} - 38 \text{ дм}) - 10 \text{ дм} = ? (7 \text{ дм})$$

Кесте 3 – Бағалау критерийлері

Критерийлер	Оқушылар саны		
	Жоғары деңгейлі	Орташа деңгейлі	Төмен деңгейлі
Оқушылар берілген тапсырманы түсінеді.	4	9	3
Жақша арқылы берілген өрнектің орындалу ретін біледі.	4	9	2
Шамаларды бір-бірінен ажырата алады.	4	8	1
Қосу мен азайту амалдарына берілген өрнектерді қатесіз шығара алады.	4	8	1

Қарапайым амалдарды орындауға берілген 1-нші тапсырманы оқушылар алдыңғы бөлімде өткен "Шамалар" тақырыбымен салыстырғанда жоғары деңгейдегі оқитын оқушыларға бір бала қосылып, олардың 4-еуі тапсырманы толық қатесіз орындады. Орташа деңгейдегі оқушылардан 9 оқушы жақшалы өрнектің орындалу ретін білумен шектелсе, 8-еуі толық орындады. Төмен деңгейде оқитын оқушылардан 3 оқушы берілген тапсырманы түсіне алды, бірақ орындауда қиындық көріп, тапсырманы аяқтай алмады. 2 оқушы жақша арқылы берілген өрнектің орындалу ретін білсе, тек 1 оқушы ғана тапсырманы аяғына дейін орындады.

2. Есеп.

Бағалау критерийлері.

1. Оқушылар есепті түсінеді.

2. Есепті талдай алады.

3. Қысқаша берілгенін жаза алады.
4. Есепті шешу тәсілін таңдайды.
5. Есепке қатысты өрнек құрастыра алады.
6. Массаның өлшем бірліктерін біледі.
7. Шамалар берілген амалды дұрыс орындайды.

Базарға 50 кг алма мен одан 20 кг кем алмұрт әкелді. Барлығы қанша жеміс базарға әкелінді?

Берілгені:

Алма - 50 кг

Алмұрт - 20 кг кем

Барлығы - ?

Шешуі: $50 \text{ кг} - 20 \text{ кг} = 30 \text{ кг}$

$50 \text{ кг} + 30 \text{ кг} = 80 \text{ кг}$

Жауабы. Базарға барлығы 80 кг жеміс әкелінді.

Орындалған тапсырманы алдыңғы бөлімдегі тапсырмамен салыстырсақ, жоғары деңгейде білім алатын оқушылардан 4 бала толық орындады. Орта деңгейдегі оқушылардан 9 оқушы тек массаның өлшем бірліктерін білді, бірақ шамалар берілген амалды дұрыс орындауда қиындық көрсе, тағы 6 оқушы сонына дейін орындады. Ал төмен деңгейден 3 оқушы массаның өлшем бірліктерін білумен шектеліп, ары қарай тапсырманы орындай алмады.

3. Есеп.

Бағалау критерийлері:

1. Оқушылар есепті түсінеді.
2. Есепті талдай алады.
3. Қысқаша берілгенін жаза алады.
4. Есепті шешу тәсілін таңдайды.
5. Есепке қатысты өрнек құрастыра алады.
6. Арифметикалық амалды дұрыс орындай алады.
7. Массаның өлшем бірліктерін біледі.
8. Массаның өлшем бірліктерін түрлендіре алады.
9. Массаның өлшем бірліктерін салыстыра алады.
10. Шамалар берілген амалды дұрыс орындайды.

1 центнер 20 кг сиыр етінің 45 кг сатып алынды. Қанша кг сиыр еті қалды?

Берілгені:

Болды - 1 ц 20 кг

Сатып алынды - 45 кг

Қалды - ?

Шешуі: $1 \text{ ц} 20 \text{ кг} - 45 \text{ кг} = ?$

$1 \text{ ц} = 100 \text{ кг}$

120 кг - 45 кг = 75 кг
Жауабы: 75 кг сиыр еті қалды.


Кесте 4 – Бағалау критерийлері

Критерийлер	Оқушылар саны		
	Жоғары деңгейлі	Орта деңгейлі	Төмен деңгейлі
1	4	9	3
2	4	9	3
3	4	9	3
4	4	9	3
5	4	9	3
6	4	9	3
7	4	9	3
8	4	6	1
9	4	5	
10	3		

Күрделілігі жағынан ең қиын тапсырма бойынша оқушылардың нәтижесін 1-нші бөліммен салыстырғанда біраз алға жылжу байқалды. Үздік оқитын оқушылардан 4 оқушы массаның өлшем бірліктерін салыстыра алумен шектелсе, 3 оқушы толық қатесіз жұмысты аяқтады. Орта деңгейде білім алатын 9 оқушы массаның өлшем бірліктерін білсе, 6 оқушы массаның өлшем бірліктерін түрлендіре алады, ал 5 оқушы массаның өлшем бірліктерін салыстыра алуда тоқтап, ары қарай жалғастыруда қиындық көрді. Төмен деңгейдегі оқитын оқушылардан 3 оқушы массаның өлшем бірліктерін білумен шектеліп, 1 оқушы ғана массаның өлшем бірліктерін түрлендіре алды, бірақ тапсырманы аяғына дейін орындай алмады.


Сапалы да бағаланатын білім беру үшін мұғалімнің тыңбай еңбектенуі керектігі жайлы өз көзімізді тағы да жеткіздік. Бұған айқын дәлел болған өткізілген тәжібенің нәтижесі.

Төменде ұсынылған диаграмма бұл оқушылардың оқу жылының басында өткізілген диагностика нәтижесі бойынша алғашқы көрсеткен оқу үлгерімінің нәтижесі.



Сурет 1 – Оқушылардың оқу үлгерімінің нәтижесі

Диаграммдан көретініміздей, оқу жылының басында жоғары деңгейде оқитын оқушылардың пайыздық көрсеткіші 18,3%-ды, орташа деңгейдегі оқушылар, яғни басым көрсеткішке ие балалар, 62,8%-ды және төмен деңгейлі 18,3%-ды құрайды.



Сурет 2 – Оқушылардың оқу үлгерімінің нәтижесі

Ұсынылған диаграмма бұл оқушылардың 2-нші тоқсандағы өткізілген диагностика нәтижесінің көрсеткіші. 32 сабақ пен 51 сабақ оқушылардың бір тақырып бойынша алған білімдерін тексеріп, салыстыру, беріліп жатқан білімнің қаншалықты нәтижелі екенін анықтау үшін өткізілді. Екі сабақ екі түрлі нәтиже көрсетті. Алғашқы сабақтан кейін алынған нәтижелерді көтеру үшін жасалынған жұмыстар өз жемісін берді. Нәтиже бойынша біз үздік оқитын оқушыларға бір оқушы қосылғандығын, ал төмен деңгейде оқитын оқушылардың саны өзгермегенін көрдік. Сонда жоғары деңгейде оқитын оқушылардың пайыздық көрсеткіші 18,3 %-дан 25,1%-ға дейін көтерілгенін, орташа деңгейдегі оқушылар 62,8%-дан 56,5%-ға дейін түскенін, ал төмен деңгейдегі оқушылардың сол күйі 18,3% болып

қалғанын байқадық. Диагностиканың көмегімен біз 2 А сынып оқушыларының математика сабағында белгілі бір тақырыпты өткен кезде қай жерден қиналатынын, қай жерде қате жасайтынын байқап, оған талдау жасап, келесі рет бұл тақырыпты қайталаған кезде қиыншылық көрмес үшін жұмыс жасадық.

Сонымен, диагностика бізге беріліп жатқан білімді әрдайым қадағалап отыруды, оны бақылап, салыстырып отыруды, оқу үлгерімін тексеруде көп мүмкіндік береді. Өткізілген диагностиканың нәтижелерін әр мұғалім өз керегіне дұрыс және тиімді пайдалана алса, сапалы білімді оқушыларға бере алу оңайырақ болады деген ойда қалдық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Bilim және Gylым» атты тамыз конференциясының Пленарлық отырысында сөйлеген сөзі. https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-bilim-jne-ylym-atty-tamyz-konferenciya-synyn-plenarlyk-otyrysynda-soilegen-sozi
2. Ингенкамп К. Педагогическая диагностика / пер. с нем. Н. М. Рассказова. М.: Педагогика, 1991. С. 6.
3. Долинер Л. И., Ершова О. А. Педагогическая диагностика: методика разработки и использования компьютерных тестов школьной успеваемости: учеб. пособие. Екатеринбург: Изд-во Урал. гос. пед. ун-та, 1999. С. 10.
4. Максимов В. Г. Педагогическая диагностика в школе: учеб. пособие для студентов высш. пед. учеб. заведений. М.: Академия, 2002. 272 с.
5. Шаршакова Л.Б. Педагогическая диагностика образовательного процесса. Методическое пособие для педагогов дополнительного образования — СПб.: ГБОУ ДОД Дворец детского (юношеского) творчества «У Вознесенского моста», 2013 — 52 с.

ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТТЕЛЕКТ СТУДЕНТТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛ – АУҚАТЫНЫҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Касымова Айсулу Асхатовна

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық
университетінің I курс студенті*

*Ғылыми жетекші: Матаев Берік Айтбайұлы
Философия докторы (PhD),*

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
жоғары педагогика мектебінің қауымдастырылған профессоры.*

Аңдатпа. Бұл мақалада жоғары оқу орындағы эмоционалды интеллект студенттердің психологиялық әл-ауқатының факторы ретінде баяндайды.

Сондай-ақ осы мақалада студенттердің эмоционалды интеллектін дамыту және жетілдіру арқылы психологиялық әл-ауқатын жақсарту бойынша ұсыныстар қарастырылған. Сонымен қатар студенттердің эмоционалды интеллект деңгейлері мен дағдылары анықталды. Ғалымдардың эмоционалды интеллект тақырыбындағы жұмыстары талқыланды.

Кілтті сөздер: эмоционалды интеллект, студенттер, психологиялық әл - ауқат, эмоционалды интеллект деңгейлері, дағдылары, фактор, дамыту.

Аннотация. В данной статье описывается эмоциональный интеллект как фактор психологического благополучия студентов.

В данной статье также рассматриваются рекомендации по улучшению психологического благополучия студентов путем развития и улучшения их эмоционального интеллекта. Кроме того, были определены уровни и навыки эмоционального интеллекта студентов. Обсуждались работы ученых на тему эмоционального интеллекта.

Ключевые слова: эмоциональный интеллект, студенты, психологическое благополучие, уровни эмоционального интеллекта, навыки, фактор, развитие.

Abstract. This article describes emotional intelligence as a factor in the psychological well-being of students.

This article also discusses recommendations for improving the psychological well-being of students by developing and improving their emotional intelligence. In addition, the levels and skills of emotional intelligence of students were determined. The work of scientists on the topic of emotional intelligence was discussed.

Keywords: emotional intelligence, students, psychological well-being, levels of emotional intelligence, skills, factor, development.

Эмоционалды интеллект бүкіл әлемде зерттеушілер санының артуы арқылы танылды. Студенттердің эмоционалды интеллектінің мәнді сипаттамаларын дамыту қажеттілігі олардың әр түрлі жас кезеңдерінде жеке тұлғаның өмірінің сәттілігіне әсер ететін жеке және кәсіби өсу факторлары ретінде әрекет етуде.

Эмоционалды интеллекті М.А.Манойлова «Адамның басқа адамдардың және өзінің эмоционалды күйлері мен сезімдерін түсіну, қабылдау және реттеу қабілеті» деп анықтайды.

Эмоционалды интеллект тұжырымдамасын алғаш рет Г.Гарскова қолданды, ол эмоционалды интеллектті эмоцияларда ұсынылған және интеллектуалды синтез мен талдауға негізделген эмоционалды сфераны басқаруға қабілеттілік ретінде қарастырған [1].

Эмоционалды интеллект - адамның өз эмоцияларын басқару және басқалардың эмоцияларымен әрекеттесу қабілетін сипаттайды. Бір қарағанда, кәмелеттік жасқа толған студенттердің эмоционалды интеллектісі жоғары болады. Студенттер көбінесе академиялық және әлеуметтік талаптардан туындаған стресс, алаңдаушылық және депрессия сияқты жағымсыз эмоцияларға тап болады. Эмоционалды интеллектінің жеткіліксіз деңгейі бұл эмоцияларды күшейтіп, нашар психологиялық әл-ауқатқа әкелуі мүмкін. Екінші жағынан, Эмоционалды интеллектінің жоғары деңгейлері жақсырақ проблемаларды шешу қабілеттерімен, стрессті басқарумен және жақсы әлеуметтік дағдылармен байланысты.

Эмоционалды интеллект дағдыларын үйрету студенттердің психологиялық әл-ауқатын айтарлықтай жақсартып алады. Бұл өзін-өзі басқару дағдыларын, әлеуметтік құзыреттілікке бағытталған оқыту бағдарламалары арқылы қол жеткізуге болады. Бұл дағдылар студенттерге өз эмоцияларын жақсы түсінуге, олардың көрінісін бақылауға және басқалармен тиімдірек әрекеттесуге көмектеседі. Студенттерде эмоционалды интеллектті дамыту олардың бейімделу стратегияларын, өзін-өзі бағалауды және әлеуметтік құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан эмоционалды интеллектті дамытуға бағытталған әдістерді студенттердің оқу-тәрбие үдерісіне енгізуге болатынын зерттеу маңызды, сондықтан бұл саладағы зерттеулер өзекті және маңызды.

Арнайы әдістер арқылы студенттердің эмоционалды интеллектісін дамытып студенттерге оқу мен өмірдің қиындықтарын сәтті жеңуге көмектесіп, психологиялық әл-ауқат пен өмір сапасын жақсартуға болады.

Мысалға ең кең таралған әдістердің бірі холл тестті болып табылады. Осы тест арқылы бастапқыдан студенттердің эмоционалды интеллект деңгейін білуге болады.

Эмоционалды интеллект құрылымы ұзақ уақыт бойы оқыту әдістерін жетілдіруге бағытталған психологиялық зерттеулерде пайда болмады. Классикалық білім ұзақ уақыт бойы кәсіби және өмірдегі табыстың кілті болып саналатын жалпы интеллектуалды қабілеттердің қалыптасуына көп көңіл бөледі. Алайда, жалпы барлау мен мансаптық жетістіктер арасындағы байланыстарды зерттеу жалпы интеллект

кәсіби қызметтің барлық салалары үшін тиімділіктің басты факторы емес екенін көрсетті.

Эмоционалды интеллекттің даму проблемасы бойынша зерттеулерді талдау осы түрдегі интеллекттің білімнің басқа түрлерімен (рационалды интеллектпен) салыстырғанда сапалық ерекшелікке ие екендігін көрсетті, бірақ зияткерлік дамудың жалпы заңдарына бағынады. Студент, жастардың жоғары оқу орнында оқыған кезде, жан-жақты әлеуметтік тәжірибе мен диалектикалық ойлау қабілеті эмоциялық интеллекттің дамуына негіз болады. Бұл фактілер жоғары оқу орнында тәжірибеге енгізілген білім беру үдерісінде эмоциялық интеллектті дамыту бағдарламаларын құру кезінде, сондай-ақ белгілі бір жағдайдағы әдістер бойынша оқыту және оқу әдісін қолдану кезінде ескерілуі тиіс.

Эмоционалды интеллект арқылы студенттер болашақта мамандықты тиімді игеруіне үлес қосады.

Эмоционалды интеллект - адамның өз эмоцияларын түсіну, басқару және білдіру және басқалардың эмоцияларын түсіну, қабылдау және оларға жауап беру қабілеті. Ол өзінің және басқалардың эмоцияларын тану, өз эмоцияларын басқару және мінез-құлқын әртүрлі әлеуметтік жағдайларға бейімдеу қабілетін қамтиды.

«Эмоционалды интеллект» терминінің ғылымға енуі күнделікті өмір эмоционалды және когнитивті процестер арасындағы қарым-қатынасқа көзқарастың бірте-бірте өзгеруінен бұрын болды.

Эмоционалды интеллект тақырыбындағы ғалымдардың теориялық көзқарастары мен зерттеулері. Ғылымға "эмоциялық интеллект" терминін американдық екі психолог Питер Сэловей мен Джон Маэйр 1990 жылдары енгізген болатын. Олар алғашқы болып эмоционалды интеллекттің бірінші иерархиясын ұсынды. Аталған авторлар эмоциялық интеллект деп «өзінің және өзгенің сезімдері мен эмоцияларын байқай білу, оларды ажырату және осы ақпаратты ойлау мен іс-әрекетте қолдану» деп түсіндірді.

Ұсынылған эмоционалды интеллекттің иерархиясын 4 компонент анықталды, мұнда әр компонент адамның өз эмоцияларына да, басқа адамдардың эмоцияларына да қатысты:

1. Эмоцияларды анықтау. Бірнеше байланысты қабілеттерді қамтиды, мысалы, эмоцияны қабылдау (яғни эмоцияның болу фактісін байқау мүмкіндігі), оларды сәйкестендіру, шынайы эмоциялар.

2. Ойлау мен іс-әрекеттің тиімділігін арттыру үшін эмоцияларды қолдану. Сезімдерді маңызды оқиғаларға бағыттау, проблемаларды шешуге ықпал ететін эмоцияларды ояту (мысалы, шығармашылық идеяларды қалыптастыру үшін көтеріңкі көңіл-күйді қолдану),

проблема бойынша әр түрлі көзқарастарды талдау құралы ретінде көңіл-күйдің ауытқуын пайдалану қабілеттерін қамтиды.

3. Эмоцияны түсіну. Эмоциялар кешенін, эмоциялар арасындағы байланысты, бір эмоциядан ауысуды түсіну қабілеті.

4. Эмоцияны басқару. Эмоцияны басқара білу, жағымсыз эмоциялардың қарқындылығын төмендету, олардың эмоцияларынан хабардар болу, соның ішінде жағымсыз сезімдер, эмоционалды жүктелген мәселелерді олармен байланысты жағымсыз эмоцияларды баспай шешу [2].

Р.Бар-Он эмоционалды интеллектінің бес бағытын анықтады.

1. Өзін-өзі тану: адамның өз эмоцияларын білуі, түсінуі, сенімділік, өзін-өзі құрметтеу, өзін-өзі актуализациялау, тәуелсіздік.

2. Тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары: эмпатия, тұлғааралық қатынас, әлеуметтік жауапкершілік.

3. Бейімделу мүмкіндігі: мәселелерді шешу, шындықпен байланыс, икемділік.

4. Стрестік жағдайларды басқару: күйзеліске қарсы тұру, импульс-сивтілікті бақылау

5. Басым көңіл-күй: бақыт, оптимизм [3].

1940 ж. Дэвид Векслер интеллекттің аффективті компоненттері өмірде сәттілікке жету үшін қажетті болуы мүмкін деп болжайды.

Жалпы интеллекттің құрамдас бөліктері болып табылатын, бірақ дәстүрлі Эмоционалды интеллектен ерекшеленетін ойлау түрлерінің ауқымы бар екенін алғаш айтқан Д.Векслер. Векслер әрбір «толық» өлшемге «жалпы қабілеттіліктің интеллектуалды емес аспектілерін» қосуды талап етті. «Интеллектуалды емес элементтер» астында ғалым психиканың жалпы өнімділігін ғана емес, сонымен бірге оны түсінді аффективті-реттеу компоненттері, олардың арқасында адам ұзақ уақыт бойы қызметпен айналыса алатыны жайлы айтылған [4].

Дэниел Гоулман эмоционалды ақыл-ойы төмен адамды басқалармен салыстырғанда оңай анықтауға болатындығын айтады, өйткені бұл адамдар тобы қатты мінез-құлқымен, ашуланшақтықпен, ынталандырудан бас тартумен және сәтті әлеуметтік қатынастарды қалыптастырудағы қиындықтармен сипатталады. Гоулман өз кітабында эмоционалды интеллектті «өз сезімдерін түсіну, басқалардың сезімдерін сезіну және өмірді жақсартатын эмоцияларды реттеу» деп сипаттайды [5].

1930 жылдары Эдвард Торндайк эмоционалды интеллект – басқа адамдармен тіл табысу қабілеті деп атады.

1930 жылдардың басында Чарльз Хант пен Э.Торндайк эмоционалды эмоционалды интеллекті, эмоциялар суреттермен және

ауызша сипаттап тануға арналған тапсырмаларды ұсынып әлеуметтік интеллектті тексеруге тырысты [6].

Эмоционалды интеллектінің құрылымында негізгі екі аспект бар:

Бірінші аспектке: өз сезімдерін түсіну, өзіндік бағалауы, өзіне деген сенімділігін, жауапкершілігін, шыдамдылығын, өзіндік бақылауын, активтілігін, икемділігін, қызығушылығын, жаңа тәжірибеге деген ашықтығын, оптимисттілікті жатқызамыз.

Екінші аспектіге: ашықтық, эмпатия, құзыреттілік, адамның өз қызығушылықтарын түсіну және оны дамыта алу, адамдарға деген сыйластық, адамдардың бір – бірімен қарым – қатынасты дұрыс бағалай алуы, топ ішінде жұмыс істей алу сияқты қабілеттерді жатқыза аламыз.

Эмоциялар мен ойлау байланысының заманауи тәсілдерінің бірі - жағымсыз сезімдермен тиімді күресетін теңдестірілген адамдарды сипаттайтын практикалық интеллект тұжырымдамасы. Мұндай адамдардың айрықша қасиеттері - сабырлық пен байсалдылық.

Эмоционалды интеллектті дамытудың керемет жолдарының бірі - жағымсыз эмоциялардың төмендеуі және бұл «сана деңгейлері» шкаласында айқын көрінеді.

Дамыған эмоционалды интеллект жағымсыз эмоциялардың себептерін (бірнеше нанымдардың қақтығысы) көруге мүмкіндік береді, содан кейін жағдайды байыпты бағалап, ақылдылықпен әрекет етеді.

Басқаша айтқанда, эмоционалды интеллект жағымсыз эмоциялардың себептерін ұзақ уақыт бойы сезінудің орнына, оларды тез шешуге мүмкіндік береді.

Эмоционалды интеллектке байланысты әдебиеттерді талдауда эмоционалды интеллект деңгейінің әлеуметтік өзара әрекеттесуге әсерінің күмәнділігін көрсетеді. Төмен эмоционалды интеллект агрессиямен байланысты, ал жоғары эмоционалды интеллект просоциалдық мінез - құлықпен байланысты. Бұл ғылымда басым пікір болып саналады.

Эмоционалды интеллект эмоцияларда қамтылған ақпаратты өңдеу қабілеті ретінде, тұлғааралық қарым-қатынаста, көшбас-шылықта, шешім қабылдауда және жалпы әл-ауқатта маңызды рөл атқарады.

Бұл кең мағынада өзіне және басқаларға деген жағымды да, жағымсыз да сезімдерді тану, жеке сезімдерді жалаң фактілерден ажырата білу, сондай-ақ басқа адамдармен қарым-қатынас жасауда көңіл-күйді, темпераментті, инто-нациялар мен ниеттерді олардың жасына қарамай сезіну шеберлігі. Эмоционалды интеллекттің маңызды

бөлігі - өзінің эмоциясын тану және шынайы сипаттау қабілеті, дүрбеленге қарсы тұру және «жағымсыз эмоциялардан» бас тарту.

Студенттердің бейімделу мүмкіндіктеріне тікелей қатысты және танымдық қабілеттер жиынтығы болып табылмайтын, өзін-өзі қабылдаудың және эмоциялармен байланысты эмоционалды бейімділіктің жеке және тұрақты жиынтығы деп болжануда. Зерттеулерге сәйкес эмоционалды интеллект қасиеті жоғары дамыған студенттер оптимистік және бейімделгіш, жоғары эмпатияға ие, тұлғааралық және салаларда өте құзыретті, өмірге қанағаттанған, жағымсыз оқиғалардан аз уайымдайды, көп жағдайда стрессті жеңуге бейімделетін стратегияларды қолданады.

Студенттерге эмоционалды интеллектті дамыту жолдарын ұсынуға болады.

1. Әлеуметтік дағдыларды үйрету. Қарым-қатынас, эмпатия және салауатты қарым-қатынас орнату дағдыларын дамыту студенттерге басқалармен сәтті әрекеттесуге көмектеседі.

2. Өзіндік рефлексия және өзін-өзі талдау. Оқушылардың эмоцияларын, олардың себептері мен салдарын талдауға баулу эмоционалды интеллектінің дамуына ықпал етеді.

3. Әлеуметтік ортаның қолдауы. Студенттердің эмоцияларымен бөлісетін және кері байланыс алатын қолайлы орта құру олардың эмоционалды дамуы үшін де маңызды.

4. Стресс пен жанжалдарды шешу. Стрессті басқару және жанжалдарды шешу дағдылары студенттерге жағымсыз эмоциялармен тиімді күресуге көмектеседі [7].

Эмоционалды интеллектісі дамыған студенттер оқу барысында өздігінен бір қалыпта ұстап тұра алады, бірақ ол терең білім мен күшті мотивациямен үйлескенде игеріп жатқан мамандықтарына ең жоғары нәтиже береді. Эмоционалды интеллект жоғары оқу орныныңдағы студенттерге өз мамандықтары бойынша алға ұмтылуға, жоғары оқу орындарына түсуге немесе көптен күткен жұмысқа орналасуға үлесін қосады, бірақ студенттерде пайда болатын күйзелістің әсерінен, жаңа жерде қарым-қатынас орнатуға бейімделетін эмоционалды интеллект дамымаған, бұл бірнеше қиындықтарды жеңуге ықпал етеді.

Ғылымда эмоционалды интеллектке деген қызығушылық ұзақ уақыт бойы сақталып келді, бірақ эмоционалды интеллект не екенін бірыңғай түсіну әлі дамымаған. Сонымен қатар, осы бағытта студенттерде эмоционалды интеллект байланыс спектрін кеңейтіп, оның ішінде студенттердің мінез-құлқы және оның қоршаған ортамен өзара әрекетін анықтауға болады.

Эмоционалды интеллектінің дамуы жалпы қоғамның да психологиялық мәдениетін арттырудың маңызды факторы ретінде қарастыруға болады. Әрі қарай өзімнің мақаламның жалғасы ретінде ғылыми жоба жазып, студенттермен зерттеу әдістерін өткізе отырып, студенттердің эмоционалды интеллектісін және онымен жұмысты ауқымды түрде зерттеймін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Манойлова М.А. Акмеологическое развитие эмоционального интеллекта учителей и учащихся. – Псков: ПГПИ, 2004. – 140 [1].
2. Никулина, Ирина Вячеславовна. Эмоциональный интеллект: инструменты развития: учебное пособие / И.В. Никулина. – Самара: Издательство Самарского университета, 2022. – 82 [2].
3. Холодная, М. А. Психология интеллекта. Парадоксы исследования: учеб. пособие для бакалавриата и магистратуры / М. А. Холодная. – 3 - е изд., перераб. и доп. – М. Издательство Юрайт, 2019 – 334 [3].
4. Андреева И. Н. Азбука эмоционального интеллекта. – СПб: БХВ-Петербург, 2012. – 288 [4].
5. Гоулман, Дэниел. Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ / Дэниел Гоулман; пер. с англ. А. П. Исаевой – Москва, 2021. – 544 [5].
6. Торндайк, Э. Принципы обучения, основанные на психологии / Э. Торндайк. – Москва: Издательство Юрайт, 2023. – 270 [6].
7. Гарднер, Говард. Структура разума: теория множественного интеллекта: Пер. с англ. – М. ООО "И.Д. Вильямс", 2007. – 512 [7].

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ТОПТЫҚ ЖҰМЫС АРҚЫЛЫ КОЛЛАБОРАТИВТІ ОРТАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Г.К.Кожяхметова

*Ә.Марғұлан ат. Павлодар педагогикалық университетінің
магистранты,*

Б.М.Жапарова

*Ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор*

Аннотация. Бұл мақалада топтық жұмыс арқылы коллаборативті ортаны қалыптастыру туралы, оның оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруға көмектесетіні туралы айтылған.

Кілт сөздер: коллаборативті орта, топтық жұмыс, қалыптастыру, бастауыш сынып.

Аннотация. В данной статье описывается формирование коллаборативной среды через организацию групповой работы, и ее влияние на повышения интереса учащихся к обучению.

Кілт сөздер: коллаборативті орта, топтық жұмыс, қалыптастыру, бастауыш сынып.

Annotation. This article describes the formation of a collaborative environment through the organization of group work, and its impact on increasing students' interest in learning.

Keywords: collaborative environment, group work, formation, elementary classes.

Бүгінгі ХХІ ғасыр технологиялардың қарқынды даму кезеңінде өмір сүретіндіктен, білім беруде заман талабына сай көптеген жаңашылдықтарды меңгеріп, оны тәжірибеге енгізуде. Әлемдік педагогика да білім беру саласындағы инновацияларды қолдануға ынталы. Сондықтан оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыру үшін ізденімпаздыққа, шығармашылық ойлауға, белсенділікке, өздігінен жұмыс жасауға әрі шешім қабылдауға ынталандырады. Заманауи білім берудің негізі баланы шығармашылық пен ізденімпаздыққа баулуға, денсаулығының ақаулығына қарамастан жан-жақты дамытуға жағдай жасау болып табылады. Мектеп жүйесіндегі маңызды бағыттардың бірі білім берудегі жеке тұлғаға-бағытталған әдістің жүзеге асырылуы арқылы болашақта жеке және кәсіби өмірдегі шыңына жеткен тұлғаларды қалыптастыру. Ол үшін оқушыларға кез келген жағдайдан коммуникативтік жолмен, яғни сөзбен бір мәмілеге келу арқылы шеше алатын әлеуметтік ортаға бейім тұлғаны тәрбиелеу жолдары қолданылады. Сабақтардың да жалпыдан дара және топтық жұмыстарға ауысуы сән үшін емес, заман талабына сай жүргізіледі. Оқу барысында топтық жұмыс іздеу, зерттеу іс-әрекеті негізінде құрылып, оның барысында оқушылар өзара пікірлерімен алмасады. Топтарда пікірталастар туындап, шешімнің түрлі нұсқалары ұсынылғанда ғана оқу барысында өзара білім алмасу жүргізіледі. Сонымен қатар топтық жұмыс сабақтың қызықты, жанды өтуіне септігін тигізіп, оқушылардың оқуға деген саналы ынтасын тәрбиелейді. Мұғалімнің сабақты дайындауда өз біліктілігін арттыруға және сыныптағы оқушылардың тұрақты білім, білік, дағдыларын бақылауға көмектеседі. Топтық жұмыс басқалардың айтқанын мұқият тыңдауға мүмкіндік береді. Сол арқылы балалардың өз ойларын қорықпай ортаға салуына ықпал жасайды. Өзара пікір алмасу жаңа, қызықты, тың жаңалығы бар ойлардың туындауына әкеледі. Бұл жұмыстың барысында мұғалімнің міндеті оқушылардың оқығанын, білетінін еске түсіртіп, өзара пікірталасты дау-дамайсыз жүргізуге,

алған білімдерді жүйелеп, бекітуге ынталандыру. Бұл орайда коллаборативті оқыту өз септігін тигізеді.

«Коллаборативті орта» - (ағылшын тілінен аударғанда «ынтымақтастыру ортасы») немесе «коллаборативті оқыту» мәселені шешуде, тапсырманы орындауда немесе өнімді жасауда оқытушылар мен білім алушылар топтарының біріккен жұмысы деп түсінілетін білім беру мен оқытудағы оқыту тәсілі. Коллаборативті орта сапалық тәсілге, талдауға айрықша мән береді.

Коллаборативті оқытудың негізінде оқыту, өз сипаты бойынша – қатысушылары бір-бірімен ынтымақтасатын, ал оқыту үдерісі тілдесу арқылы жүзеге асырылатын әлеуметтік қызмет деген идея жатыр.

Коллаборативті оқыту жағдайында, білім алушылар құрдастарымен тілдесу, идеяларын ұсыну және қорғау, түрлі пікірлермен алмасу, басқа тұжырымдамаларға күмәндану, белсенді түрде қатысу мүмкіндіктеріне ие болады [1].

Сондағы коллаборативті ортадағы топтық жұмыстың мақсаты – топтық жұмысты әр оқушының өз қызметін барынша түсініп, бойдағы қабілеттерін оятуына, уақыт ауқымында мүмкіндігінше нәтижелі жұмыс істеуіне жағдай тудыратын нағыз шығармашылық шеберханасына айналдыруға жағдай тудыру. Топтық жұмысты ұйымдастыру барысында сыныптың топта жұмыс істеу мүмкіндіктерін барынша саралап, зерделеп алу қажет [2].

Коллаборативті орта өзара түсіністікті дамытады. Өзара түсіністік – білім алушылардың барлығында өзара әрекеттесу процесі туралы білімдердің, көзқарастардың, болжамдардың болуы және топпен идеялармен бөлісу. Сабақ барысында жоспарланған материалдан ауытқуға және балалардың өздері үшін маңызды сұрақтарға жауап беру мұғалімнің материалды тереңірек білуін талап етеді.

Топтық жұмыста үлкен тәрбиелік және қалыптастырушы әлеует шоғырланған. Оқыту мәселелерін шешу үшін оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау қажеттілігі өзара байланысты болатын өзара тиімді орта осы уақытқа дейін пайдаланылмаған барлық мүмкіндіктерді ашады. Сонымен қатар сабақта топтық жұмыс барысында оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында мұғалімнің түрлі стратегияларды қолдануына мүмкіндік туады. Мысалы, сыни тұрғыдан ойлау стратегияларын пайдалана отырып, мұғалімдер оқушыларды топтық жұмысқа тартады, ал интерактивті оқыту стратегиясын пайдалану оқушыларды проблемалық мәселелерді белсенді түрде талқылауға және себеп-салдарлық байланыстар туралы пікірталасқа шақырады. Шағын

топтарда жұмыс істей отырып, олар оқу материалының мазмұнын тереңірек біледі, рефлексия жасауға үйренеді. Жұптық, топтық жұмыс тәрбие мәселелерін шешуге мүмкіндік береді: сыныптастарымен топта ынтымақтастыққа, бірлесіп жұмыс істеуге және өз қабілеттерін ашып, тануға көмектеседі.

Мұғалімнің тәжірибесін ескере отырып, сыныпта коллаборативті ортаны қалыптастыруда оң нәтижелерді атай аламыз. Мысалы, сабақ аяқталғаннан кейін оқушыларды түрлі-түсті стикерлерге сабақ туралы өз пікірлерін немесе тілектерін жазуға шақырып, олардың жазбаларын талдағаннан кейін сабақ туралы қорытынды жасай аламыз. Балаларға не ұнады, топтық жұмыс қаншалықты қызықты болды және олар мұндай сабақтардың көбірек болғанын қалай ма? - деген сұрақтарға жауап беру арқылы мұғалімнің сабақ барысындағы тапсырмалардың балаларды қаншалықты қызықтыра алғанын байқай аламыз. Балалар дұрыс емес нәрсені айтудан қорықса да, коллаборативті оқыту барысында бұл қорқыныштарын да жеңе алады.

Коллаборативті ортаны ұйымдастырудың артықшылығы:

1. Оқушылар өз бойында өзін-өзі басқару және көшбасшылық дағдыларын дамытады. Белгілі бір мақсатқа жету үшін бірлесіп іс-әрекет жасауда оқушылар қажетті ақпаратты жинауға, өзін-өзі басқару мен басқаларға басшы болуды, көшбасшылыққа үйрену сияқты дағдыларын дамыту мүмкіндіктерін алады.

2. Мұғалімдердің білімі мен шеберліктерін арттыруға ықпал жасайды. Мұғалімдер коллаборативті оқыту тәсілін оқушылармен қолданған кезде, өздерінің білімдері мен шеберліктерінің кең ауқымды спектрін дамытады.

3. Оқушылар арасындағы қарым-қатынасты жақсартады. Топтардағы коллаборативті оқыту тәсілін қолдану балалар арасында жаңа байланыстарды орнату жолдарын тауып, оларды іске асыруға ынталандырады.

4. Оқушылардың білім алуы мен есте сақтауын жақсартады. Зерттеулердің нәтижесі бойынша коллаборативті ортаны ұйымдастырған кезде оқушылардың жаңа білім алуға құлшынысын арттырып, білімдерін есте сақтауға, бар білгендері мен жаңа білімдерін ортаға салуға, берілген тапсырманы орындау кезінде белсенді болуға ынталандырады.

5. Оқушыларды сыни тұрғысынан ойлауға және тез ойлануға үйретеді. Оқушы жауаптарын тез құрастырып, қате болған жағдайда түзетуге үйренеді

Коллаборативті орта сабақтағы ынтымақтастық, өзара түсіністік, тілектестік атмосферасын құруды көздейді. Сол арқылы жұппен де

топпен жұмыс істеу кезінде сабақ барысында оқушылар өздерін сенімді, жайлы сезінеді. Бұған әр сабақты бастағанда оқушыларға психологиялық дайындық жүргізу арқылы көңіл-күйлерін жайландыру керек. М: "Жақсы тілектер", "Досыңның сенімді иығын сезін!", "Маған да саған да ұнайды...", "Тілектер түйнегі", "Қуаныш шеңбері" сияқты ойындар арқылы оқушыларды бір-бірімен жақындастыруға, ашылуға, қорқыныш пен сенімсіздікті жеңуге мүмкіндік береді.

Зерттеулерімізді бастауыш сыныптары арасында жүргіздік.

3 сыныптың математика сабағының жоспарын ұсынамыз.

Сабақтың тақырыбы: Өнер. Сөз таптары.

Сабақтың мақсаты: сөз таптарын қайталау.

Сабақтың барысы: I Ұйымдастыру бөлімі

- Шырылдады қоңырау,

Біз сабақты бастаймыз

Партамызға отырып,

Табыс тілеп көзбенен

Жаңа білім алуға

Алға қадам бастаймыз.



- Балалар, суреттерде не бейнеленген? Осы суреттерге ортақ не бар? Бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай?

- I топ – II топ – III топ –

II Жаңа сабақ. Ал, балалар сабағымызды бастайық.

Оқулықпен жұмыс: № 1 «Өнер»

Өнер адам баласының жасампаздығын білдіреді. «Жасау», «құру», «өндіру» деген мағынадан туындайды. Оның мақсаты – адам өмірін, қоршаған ортаны көркемдік тұрғыдан игеру. Өнердің сөз өнері, музыка, мүсін, кескіндеме*, би, театр, сәулет өнері дейтін түрлері бар.

«Қазақ мәдениеті». Энциклопедиялық анықтамалық


Мәтін не туралы?

1. Өнер түрлері туралы.

2. Өнер және оның мақсаты туралы.

«Өнердің мақсатын сен қалай түсінесің?» сұрағы бойынша топпен ой бөлісіп, ортаға әр топтың ортақ жауабын көрсету.

№ 2 «Кім жылдам әдісі» арқылы көп нүктенің орнына тиісті сөз табын қойып, мәтінді оқы.



Сені жан-жағыңнан заттар қоршап тұр. Сол заттардың атын білдіретін сөздерді ... дейміз.

Заттардың қимылын, іс-әрекетін білдіретін сөздер ... деп аталады.

Заттар әр алуан белгілерге (түрі, түсі, сапасы, саны) ие. Мұндай белгілер ... және ... арқылы айтылады.

№ 3 Сөз таптарын тап. (ауызша орындау)

Сергіту сәті: Бір, екі, үш - Қарлығаш боп үш

Төрт, бес, алты - Қарлығаш боп қалқы

Жеті, сегіз, тоғыз, он - Қайта орныға қон

№ 4 Сөздердің қай сөз табына жататынын анықта.

Ақыл көпке жеткізеді,

Өнер көкке жеткізеді.

«Өнер» туралы тағы бірнеше мақал-мәтел жаз.

№5 Әр сөз табы туралы білетініңді айт.

Зат есім + Етістік Зат есім + сан есім Зат есім + сын есім

Үш топқа бөліп беріледі. Сөз таптарының бұндай тіркесуінің мәні анықталады, мысалдар келтіріледі.

Қорыту. «Отыз үш» ойыны арқылы топтар сабаққа қатысты ойларын өзара ақылдасады. 33 ке дейін санап біткен соң сабақ туралы өз ойларын ортаға салып, топтары атынан қорытынды жасайды.

Үйге тапсырма беру: бағалау.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Керімбаева Д. Коллаборативті ортаның оқыту үдерісінде тиімді ықпалы., Жантану мәселелері, 2016 №4, 4-8б.
2. Қасықбаева Д. Топтық жұмысты ұйымдастырудың маңыздылығы., Білім технологиясы, 2016 №3, 3-6б.
3. <https://okulyk.com/3-klass/kazahskij-yazyk-3/3432/>

«РАЗВИТИЕ ГИБКИХ НАВЫКОВ У ВОСПИТАННИКОВ ДОМА ЮНОШЕСТВА»

Колосницина Елена Николаевна

Студентка I курса ОП «Педагогика и психология»
Павлодарского педагогического университета
им. Әлкей Марғұлан, г. Павлодар,

Научный руководитель: **Матаев Берик Айтбаевич**
Доктор философии (PhD), ассоциированный профессор высшей
школы педагогики, г. Павлодар

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы развития «гибких» навыков, а также о важности развития гибких навыков у подростков, проживающих в домах юношества. Гибкие навыки, такие как коммуникативные умения, управление временем, принятие решений и способность к адаптации, играют ключевую роль в успешной адаптации к переменам в жизни и работе.

Ключевые слова: soft skills, гибкие навыки, воспитанники дома юношества, подростки, развитие личности, социальная адаптация, лидерство.

Аннотация. Мақалада «икемді» дағдыларды дамыту, сондай-ақ жасөспірімдер үйінде тұратын жасөспірімдерде икемді дағдыларды дамытудың маңыздылығы қарастырылады. Қарым-қатынас дағдылары, уақытты басқару, шешім қабылдау және бейімделу қабілеті сияқты икемді дағдылар өмір мен жұмыстағы өзгерістерге сәтті бейімделуде шешуші рөл атқарады.

Кілтті сөздер: soft skills , икемді дағдылар, жасөспірімдер үйінің тәрбиеленушілері, жасөспірімдер, тұлғаны дамыту, әлеуметтік бейімделу, көшбасшылық.

Annotation. The article discusses the development of "flexible" skills, as well as the importance of developing flexible skills in adolescents living in youth homes. Flexible skills such as communication skills, time management, decision-making and adaptability play a key role in successfully adapting to changes in life and work. The article reveals strategies that can be used by teachers and social workers, psychologists to effectively develop these skills in pupils, including the use of game methods, group work and role-playing games.

Keywords: soft skills, flexible skills, youth home students, teenagers, personality development, social adaptation, leadership.

«Гибкие» навыки представляют собой универсальные навыки личности, а также известны как мягкие навыки или навыки развития личности, которые необходимы для успешного функционирования в различных сферах жизни. Они включают в себя навыки коммуникации, сотрудничества, креативности, критического мышления, решения проблем, эмоционального интеллекта, управления стрессом, адаптивности и многие другие. Эти навыки не только важны для обучения и карьеры, но и для межличностных отношений, личного развития и общественной жизни.

Гибкие навыки – это спектр социально-психологических характеристик, которые формируются в течение всей жизни человека. Это социальные навыки: умение эффективно взаимодействовать с другими людьми, включая коммуникацию, ведение диалога, слушание, уважение к точке зрения других и решение конфликтов. Способность понимать и переживать эмоции других людей, проявлять заботу и поддержку. Это и гибкость мышления: способность адаптироваться к переменам в окружающей среде, принимать новую информацию и менять свое поведение и мышление в соответствии с новыми условиями. Жизненные навыки: умение планировать свое время, управлять финансами, развивать здоровый образ жизни и принимать осознанные решения в различных сферах жизни. Дети, проживающие в домах юношества, это подростки 16-23 лет, которые особенно нуждаются в развитии широкого спектра социально-психологических навыков по нескольким причинам:

Дети, вышедшие из сиротских учреждений, буквально сразу же сталкиваются с такими трудностями как получение жилья, образования, поиск работы, обращение с деньгами, принятие самостоятельных решений и т.д. У выращенных в специальных учреждениях детей, лишенных семейного воспитания, никаких осознанных привычек, как правило, не наблюдается: – только 10% сирот адаптируется к условиям современной жизни.

Гибкие навыки (англ. soft skills) – комплекс неспециализированных над профессиональными навыками, которые отвечают за успешное участие в рабочем процессе, высокую производительность и являются сквозными, то есть не связаны с конкретной предметной областью [1].

Сами по себе данные навыки делятся на четыре группы [2]:

1) Базовые коммуникативные навыки, которые учат не теряться в трудных ситуациях и находить верный ответ: умение слушать и слышать; убеждение и аргументация; построение и поддержание бизнес-отношений; ведение переговоров; проведение презентаций; публичные выступления; командная работа; нацеленность на результат и т.д.

2) Навыки самоменеджмента – помогают контролировать свое состояние, время, процессы: управление эмоциями; управление стрессом; управление собственным развитием; планирование; тайм-менеджмент; рефлексия;

3) Навыки эффективного мышления – помогают сделать жизнь и работу более системными: системное мышление; креативное

мышление; структурное мышление; логическое мышление; поиск и анализ информации; выработка и принятие решений;

4) Управленческие навыки – управление исполнением; планирование; постановка задач; мотивирование; контроль реализации задач; наставничество (развитие сотрудников); управление проектами; управление изменениями;

Развитие «гибких» навыков играет важную роль в поддержке детей, проживающих в домах юношества, и помогает им успешно адаптироваться, развиваться и строить свое будущее.

В словаре терминов по общие и социальные педагогики социализация – это процесс становления личности. В процессе этого становления происходит усвоение человеком языка, социальных норм, установок, ценностей и опыта, культуры, присущих данному обществу, социуму, группе, и воспроизводство им социальных связей. Социализация рассматривается как процесс и результат. Социализация как процесс – особенности социального становления личности. Социализация как результат – характеристика социального становления человека в соответствии с его возрастными особенностями или уровнем развития [3].

Социализация – это процесс усвоения человеком социального опыта, обусловленный комплексом социально-экономических, социально-психологических, психолого-педагогических факторов, включающих личность в систему общественных отношений [4].

Воспитание личности - это комплексный процесс формирования и развития личности человека в соответствии с определенными ценностями, нормами и идеалами общества. Этот процесс охватывает различные аспекты человеческой жизни и включает в себя воздействие семьи, образовательных учреждений, социальной среды и культурных институтов.

В условиях жизни без родительского попечительства у детей стихийно складывается детдомовское «мы», воспитанники делят мир на «своих» и «чужих». От «чужих» они все вместе готовы извлекать свои выгоды. У них своё особое отношение ко всем «чужим» и «своим» [5, с.53]. Эти причины определяют особенности детей, которые воспитываются в детских домах, наиболее ярко проявляющиеся у выпускников. Для последних характерны следующие черты, выраженные в той или иной степени: непонимание материальной стороны жизни, трудности в общении там, где это общение свободно, замедленное самоопределение, незнание и неприятие самого себя как личности, неспособность к сознательному выбору своей судьбы – без достаточного противовеса положительных ценностей и образцов успеха; при

отсутствии стабильности в сегодняшних условиях происходит сильное усугубление, нагнетание неуверенности в себе, в своем будущем, агрессии по отношению к внешнему миру.

Для адекватного вхождения воспитанника детского дома в систему социальных отношений должна проводиться специальная педагогическая работа, обеспечивающая овладение ребенком комплексом социальных ролей, всеми необходимыми навыками для самостоятельной жизни.

Перед педагогами данных учреждений стоит задача – выпустить в самостоятельную жизнь человека, у которого сформированы: позитивное отношение к людям; способность делать выбор, принимать решения и нести за это ответственность; потребность в труде как образе жизни; способность жить в социальном пространстве прав и обязанностей.

Для адекватного вхождения воспитанника детского дома в систему социальных отношений должна проводиться специальная педагогическая работа, обеспечивающая овладение ребенком комплексом социальных ролей. Успех человека во всех сферах деятельности на 85% зависит от «гибких» навыков.

Проведенное Национальным исследовательским университетом Higher School of Economics в России, была изучена связь между гибкими навыками и успехом в профессиональной деятельности. В этом исследовании был проведен анализ данных о работе специалистов в различных областях, таких как бизнес, образование, наука и технологии. Ученые оценили способности к адаптации к новым ситуациям, умение решать проблемы, коммуникативные навыки и другие гибкие компетенции. Результаты исследования показали, что профессиональный успех в значительной степени зависит от гибких навыков. Специалисты, обладающие высоким уровнем гибкости и адаптивности, чаще достигали выдающихся результатов в своей работе. Таким образом, это исследование является примером подтверждения связи между гибкими навыками и успехом в профессиональной деятельности, что поддерживает идею о важности развития этих навыков для достижения личных и профессиональных целей [6].

Отец психоанализа, Зигмунд Фрейд также внес вклад в понимание гибких навыков через свои работы о развитии личности, эго и суперэго, а также концепции психического конфликта и адаптации. Его работы о структуре личности (эго, ид и суперэго) и о психическом конфликте могут быть рассмотрены в контексте взаимодействия личности с внешним миром и способности адаптироваться к

различным ситуациям. Концепция адаптации, как важного процесса в психической жизни человека, также может быть перенесена на понимание гибких навыков и способности человека эффективно адаптироваться к изменяющимся условиям. Его исследования в области психоанализа оказали значительное влияние на формирование современных теорий психологии личности и могут быть рассмотрены в контексте обсуждения гибких навыков и адаптации человека.

Шведский психолог, Андерс Эрикссон, известный своими исследованиями об улучшении производительности и развитии экспертности через практику и тренировку. Концепция «10 тысяч часов» предполагает, что для достижения выдающихся результатов в любой области человеку требуется провести около 10 тысяч часов на систематической и осознанной практике и тренировке. Он подчеркивал важность качественной, осознанной и целенаправленной практики, а также наличие правильных методов обучения и тренировки. Исследования Эрикссона и его коллег подтверждают, что для достижения высокого уровня мастерства в любой области требуется систематическая, осознанная и целенаправленная практика, и регулярное улучшение методов тренировки.

Наверное, как и большинству наук, искусству управлять собой, умению планировать свою жизнь, выстраивать свою карьеру, руководить течением своей жизни, развиваться и совершенствоваться нужно учиться. Этим искусством необходимо обладать любому молодому человеку, но в первую очередь подросткам и молодёжи, воспитывающимся в доме юношества, так как у них в силу своего предыдущего жизненного опыта имеется своеобразное понятие социальных отношений, отсутствует умение самостоятельно решать возникшие проблемы, которых в их жизни встречается великое множество.

По результатам диагностирования основных проблем воспитанников детских домов, представленным специалистами МОН РК в Концепции проекта «Планирование жизни и карьеры воспитанников детских домов», можно выделить следующие:

1. Уклад жизни в условиях детского дома не развивает у ребенка взрослой позиции. Выпускники детских домов и интернатов не могут самостоятельно уйти от детской позиции. Отсюда – потребительское отношение к окружающему миру, неразвитое умение брать ответственность за свои действия и отсутствие понимания их последствий;

2. Жизнь в детском доме подчинена определенному распорядку, ограничивающему ребенка в принятии решений о собственных

действиях. В результате он не умеет принимать самостоятельных решений, делать выбор. Поэтому покинув детский дом, они не представляют, что будут делать через неделю, месяц, год своей самостоятельной жизни.

3. Воспитанники детских домов имеют поверхностное, идеализированное представление о той или иной профессии. Выбирая профессию, неадекватно оценивают свои способности и возможности. У многих воспитанников нет мотивации к получению образования.

4. Выбор учебных заведений, как правило, ограничен списком, представляемым социальным педагогом, который, в свою очередь, так же ограничен количеством учебных заведений, согласных на обучение детей из детских домов;

5. Получая профессиональные знания и навыки, воспитанники детских домов характеризуются низкой успеваемостью, не будучи заинтересованы в качестве обучения;

6. Плохо сформированные навыки практической и речевой коммуникации, ситуативность поведения, неспособность к конструктивному решению проблем, неадекватность эмоциональных реакций детей-сирот сказываются на умении работать в коллективе;

7. Не всегда воспитанники детских домов в состоянии работать на одном месте длительное время из-за возникающих конфликтов, а также неумением посвящать себя достижению долговременной цели, упорно трудиться, достигать положительных результатов в труде;

8. Многие воспитанники не способны создать полные счастливые семьи, так как не сформирован стереотип позитивных семейных отношений, нет опыта проживания в семье. Многие из выпускников дублируют вторичное социальное сиротство;

9. Отсутствие взаимодействия между детским домом, учебным заведением и предприятиями в целях успешного сопровождения выпускников.

Внедрение программ по развитию «гибких» навыков призваны организовать комплексное сопровождение воспитанников домов юношества с привлечением необходимых специалистов, организовать поиски инновационных моделей социального партнёрства. Актуальность данных программ заключается:

во-первых, в необходимости оказания практической помощи воспитанникам в привитии навыков самостоятельного планирования своей жизни и выстраивании своей будущей карьеры;

во-вторых, в противоречии: воспитанник хочет интегрироваться в социум, но у него ограничены возможности выхода в него и не

сформированы социальные компетенции, в связи с чем он проявляет низкую социальную активность.

Программы будут включать: семинары, тренинги, консультации; диагностику через деловые и ролевые игры, с целью выявления реального развития личности воспитанника – выпускника (уровень развития эмоционально-волевой сферы, духовно-нравственной сферы личности, ценностные ориентации, готовность к получению профессионального образования, уровень воспитанности, коммуникативности); организация наставничества из числа опытных педагогических работников детского дома.

Дом юношества является местом, где подростки готовятся к самостоятельной жизни и развитие гибких навыков, таких как управление временем, самоорганизация, решение проблем, коммуникация и адаптивное мышление, поможет им успешно адаптироваться к новым условиям и обстоятельствам. Воспитанники дома юношества сталкиваются с различными вызовами и трудностями, связанными с их социальным статусом или прошлым и поэтому программы по развитию гибких навыков, могут помочь им развить личностную гибкость, эмоциональную устойчивость, уверенность в себе и другие важные компетенции, необходимые для успешной адаптации и преодоления жизненных трудностей.

Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет ретінде дамуы әрбір азамат бойына құқықтық құндылықтарды сіңіріп, құқықтық сананы қалыптастырудан көрініс береді. Өркениетті қоғам үшін қымбат қазына - адам, адамның бостандығы мен өмірі десек, бүгінгі жас ұрпақтың осы қымбат қазынаны бағалай білуі аса маңызды. Сол себептен құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығы да осыдан басталады. Оны қалыптастыру үшін жүйелі де мазмұнды тәрбие қажет. Осыған орай, құқықтық тәрбиенің мақсаты - оқушыны мемлекет заңдары мен қоғамда өмір сүру ережелерін құрметтеуге, қоғам заңдылықтарын бұзуға төзбеушілікке, қоғамдық тәртіпті сақтауға тәрбиелеу болып табылады. Тұлғаның аталған сапалары болашақ қоғам азаматының құқықтық мәдениетінің мәнін құрайды. Құқықтық мәдениет қамтамасыз етілмеген жерде шынайы бостандық пен жеке тұлғаның қауіпсіздігі, азаматтық белсенділіктің болуы мүмкін емес. «Өркениетті қоғамда құқықтық мәдениет әр адамның жалпы мәдениетінің қажетті бөлшегі, әрбір лауазымды адамға қойылар кәсіби талап болып табылады. Тиісті құқық тәртібін орнықтырмайынша, біздің экономиканы реформалауымыз, қоғам өмірінде демократиялық қалыпты өлшемдерді бекітуіміз неғайбыл» деген Елбасы

Н.Ә.Назарбаевтың пікірі қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығына аса назар аудартады

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында «Біздің Республика өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» деп бекітілген. Өркениет пен мәдениеттің маңызды құбылысы ретінде құқық мемлекеттің жағымсыз іс-әрекеттеріне заңды түрде тосқауыл қоя отырып, адамның табиғи тарихи еркіндігі мен бостандығының жанашыры, гаранты рөлін атқарып отырады. Сөйтіп, адамға оның жан-жақты еркін дамуына, қысылмай ыңғайлы өмір сүруіне кепіл болады. Осы тұрғыдан алғанда, құқық - қоғамдағы ең негізгі және маңызды қатынастарды реттейтін, қоғамға пайдалы әрі қажетті қатынастардың дамуына жол ашып, қорғап, қоғамға зиянды қатынастарды шектеп, тыйым салатын құрал ретінде адамдардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарының қоғамдық мүддеге, белгіленген тәртіпке, қабылданған заңдарға сай келуін талап етеді. Сондықтан қоғамның дамуы әрбір адамның өз құқықтары мен еркіндіктерін жүзеге асыра алатын мүмкіндіктерінің болуы арқылы көрініс табатын болса, ол мектеп қабырғасынан бастап қалыптасқан құқықтық тәрбиеге тікелей байланысты

Жасөспірімдер өздерінің жалпы психофизиологиялық даму ерекшеліктері негізінде, ересектермен салыстырғанда өзге адамдардың ықпалына оңай түседі. Формальды емес топтың «лидері» ересектермен салыстырғанда жасөспірімдерге әлдеқайда көп ықпал етеді. Бұл жағдайда қылмысты болдыртпау, әрі оның алдын алу үшін әрбір топтағы «лидер» тұлғасын, оның топ мүшелеріне ықпал ету тәсілдерін және топ мүшелерінің «лидерге» деген қатынасын ескере отырып, дифференцияланған ыңғайда қарау қажет. Мұндай жасөспірімдерді ұжымдық әрекеттің қандай да бір түріне тартқан кезде жасөспірімге басшылық етуші жетекші, бастапқы уақытта сол жасөспірімнің өзі қалаған, оны орындаудан қанағаттану сезіміне ие болатын, әрі қоршағандарға өзін танытуға мүмкіндік алатын әрекетке тартуы тиімді.

Басқаша айтқанда, жасөспірімнің өзі жасөспірімдердің тікелей қызығушылығын парыз, міндет сияқты сезімдердің дамуын қатамасыз ететін, қарапайым еліктеу, қызықтыру сияқты тапсырмалармен толықтырып отыруы аса маңызды. Ескерте кететін жәйт, мұндай жасөспірімдерді ұжымдық әрекетке тарту арқылы ғана жағымды ықпал ету мүмкін, сонымен қоса қылмыстық топ құруына және осындай топқа бірігуіне жол бермеу жолдарын қарастыру қажет. Жасөспірімдер өздерінің психофизиологиялық қасиеттерінің толық деңгейде дамып-жетілмеуі және тұрақсыздығы негізінде, ересектердің және де тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың белсенді, мақсатты және қатаң

түрде жүргізілетін қайта тәрбиелеу жұмыстарынсыз өз сана-сезіміндегі және жүріс-тұрыс әрекетіндегі кемшіліктерді өз бетінше шеше алмайды.

Сондықтан да, жастар мен жасөспірімдерге арналған әлеуметтік қызметтер кешенін, оның ішінде, әлеуметтік-психологиялық көмек орталықтарын, наркологиялық қызметтер, жасы кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға арналған әлеуметтік сауықтыру мекемелерін, заңдық көмек беру және демалыс орталықтарын жер-жерлерде көптеп құру өзінің тиімді нәтижесін берер еді. Қазақстан тәуелсіздікке ие болғаннан кейін егемен мемлекет пен оның азаматтарының өміріне тікелей тірек болатын барша құқықтық негізді қайта құру қажеттігі туды [3].

Жасөспірімдік дағдарыс - балалық шақтан ересектік өмірге өту шегі. Дағдарыс қанағаттандырылуы күрделі жаңа қажеттіліктердің туындауымен сипатталады.

Дағдарыс себептері:

1. Сыртқы факторлар: ересектердің үздіксіз бақылауы, қамқарлығы, ал жасөспірім мәселелерін өз бетінше шешуге ұмтылады.

2. Ішкі факторлар: ойлағанына қол жеткізуде кедергі жасайтын әдістер мен мінез сапалары

(тыйымдар, әдеттер, ересектерге бағыну әдеті)

Жасөспірімдік кезең - балалық шақтан ересектікке өтетін, үнемі қиын, дағдарыстық қақтығыстық деп сипатталатын адам онтогенезінің күрделі кезеңі. Жасөспірімдердің психикасы жас балалардың да, ересектердің де психикасынан өзгеше. Олар үшін импульсивтік, жоғары әсерленгіштік тән, олар қызбалыққа тез түседі, көңіл-күйі тұрақсыз, өз-өзіне сенімсіздік, өз әрекетінің дұрыстығына жиі күмәндану тән екендігі белгілі. Бұл сияқты құбылмалы психологиялық қасиеттер - жасөспірімдердің қылмыстық жолға оңай түсуіне себепші болады. Мұндай психологиялық қасиеттері негізінде жасөспірімдердің қылмыстық жолға түсуінің алдын алу үшін жасөспірімдердің бойында өзін-өзі ұстай білу, өз әрекетіне бақылау жасау, өз-өзіне, өзінің күшіне, қабілеттігіне сену сияқты сезімдерін қалыптастыру қажет. Әдетте, баламен тәрбие жұмысын жүргізу барысында (отбасында, мектепте және қоғамдық ұйымдарда) оларға өмірдің қандай қиын екендігін онда жақсылық пен жамандық араласып жатқандығы, тек жеңілдіктер ғана емес, қиындықтар да жиі кездесіп тұратындығы туралы айтыла бермейді. Балалар мен жасөспірімдерді жамандықтан үнемі қорғаштап отыру, өмірде кездесіп отыратын қиындықтар жөнінде сөз қозғамау, олардан жекелеген адамдар тарапынан жасалатын бейморальдық және қоғамқа қарсы әрекеттерді, әділетсіздік пен жалғандықты жасыру,

мұндай құбылыстар кездескен жағдайда оған төтеп беріп, қажет болған жерлерде шыдамдылық білдіруге, қастандық әрекеттермен күрес жүргізуге тәрбиелемеу олардың тұлғасының әлсіздігіне, қиындыққа шыдай алмай теріс жолға оңай түрде түсуіне қиындықпен бетпе-бет кездескен кезде, олардың бойында өмірден түңілу сезімі қалыптасып, армандары мен сенімдерінің күйреуіне әкеп соғады. Кез-келген адам өз бетінше әрекет етуге, өзін-өзі реттеуге, тәрбиелеуге қабілетті, өзін-өзі ұйымдастырушы жүйе ретінде таныла отырып, тәрбиелеудің тек объектісі ғана емес, сонымен бірге субъектісі болып танылады. Сондықтан да, баланы жай оқытып және тәрбиелеп қана қою аз. Дәл осы кезеңде жасөспірімдерге психологтың көмегі өте қажет. Сондай-ақ оны өзін-өзі тәрбиелеумен саналы түрде айналысуға үйрету қажет. Стихиялы түрде өзін-өзі тәрбиелеу, сана-сезімнің төмендеуін тудырады, сөйтіп белгілі бір деңгейде қылмыскер тұлғасының қалыптасуына себепші болады және оны түзеуге бөгет жасайды. Ал, саналы позитивті түрде өзін-өзі тәрбиелеу дегеніміз - өмірде алға қойған мақсатына қол жеткізу, әрі жоғары деңгейде әрекет етуге дайын болу қабілеттігі мен қасиеттерін, моральдық және физикалық күштерін, ақыл-ойын дамыту үшін ерікті, белсенді және ғылыми түрде әрекет ету процесі болып табылады. Осы орайда әрбір психолог жасөспірімге ұжымда және жанұядағы түрлі ситуациялық жағдайларға байланысты, оның бойындағы жақсы қасиеттерін жетілдіріп, ал нашарын тежей білуі тиіс. Балалар мен жасөспірімдердің іс-әрекеттерінің негізгі түрлері - ойын, оқу, еңбек. Барлық жастағы оқушылардың іс-әрекеттерінің ерекше түрі - тілдесу, қатынасу (ортақтасу). Іс-әрекет сипаты бойынша белсенді (актив) және енжар (пассив) болуы мүмкін. Тіпті, құрттай ғана сәбидің өзі белсенді тіршілік иесі болып көрінгенді қалайды. Ол жасына қарамай үлкендерге, қатарына қандай да талаптар қояды, төңірегіндегі кісілерге, заттарға, болып жатқан оқиғаларға өз қатынасын білдіруге тырысады. Уақыттың озуымен қоршаған орта және тәрбиенің ықпалы арқасында белсенділік көтерілуі де мүмкін, кейде төмендеуі де ықтимал.

Мысалы, адам көп жұмыс істеуі мүмкін, бірақ іске құлықсыз, көңілі құламай, орындалуы қалай болса, солай - енжар. Әлбетте, мұндай іс-әрекет адамды жоғары нәтижелерге жеткізбейді. Дамудың тиімді болуы іс-әрекеттің белсенділігіне, көңіл-күй жарасымдылығына тәуелді. Адам таңдаған ісіне жан-тәнімен кірісіп, өзіндегі бар мүмкіндіктердің бәрін іске жұмылдырып, өзін кемелденген тұлға ретінде көрсете білуі қажет. Мұндай қызмет адамға қанағат ләззатын әкеліп, шабыт пен қуаттың көзіне айналады. Сондықтан да, іс-әрекеттің маңыздылығы оның өздігінен ғана емес сол әрекетте көрінетін тұлға

белсенділігінің деңгейіне де байланысты. Белсенділік оқу барысында шәкіртке тезірек және табысты әлеуметтік тәжірибе топтауға мүмкіндік береді. Оның қарым-қатынас, тілдесу қабілеттерін дамытады, қоршаған болмысқа деген көзқарасын қалыптастырады. Баланың ақыл-парасатты дамуын танымдық белсенділік қамтамасыз етеді

Бұл үшін балаға танымдық мәселелерді шешуімен бірге игерілген білімдерді практикада қолдану қажеттігі де тән болуы тиіс. Себебі еңбектегі белсенділік тұлғаны өзінің рухани және адамгершілік дүниесін тез арада және тиімді қалыптастыруға ынталандырады, оны көп және нәтижелі еңбектенуге бағыттайды. Белсенділіктің барша көріністерінің негізінде бір ғана тұрақты дерек көзі- қажеттік орын алған. Жалпы мектептік тәрбиенің өзгерістер ізімен үлгере орындалуы өте қиын, солай да болса, әрқандай тәрбиелік іс мезетінен бір де кешікпей жүргізіліп, келеңсіз салдардың алдын алып отыруы қажет. Тұлғаның дамуы кез-келген әсерден болмайды, солардың ішінде адамның өз қажетіне сай келген, оның тұлғасына жарасымды болған, шынайы болмысқа деген оның жеке көзқарастарына сәйкес ықпал болса ғана, бала дамуы қарқынды жүреді. Тұлғаның белсенділігі дамудың тек алғы шарты емес, оның нәтижесі де. Қоғамдық белсенді, ынталы, шығармашыл және өзі мен төңірегіндегі қатысқан адамдардың бәріне бірдей жақсылық пен қуаныш беретін тұлға қалыптастырушы тәрбие әрдайым өз мақсатына жетіп отырады. Жасөспірімдер тұлғасы эстетикалық тұрғыдан оңай бұрмаланады. Мұндай бұрмаланулар кейде олардың қылмыстық жолға түсуіне себепші болуы мүмкін. Сондықтан жасөспірімдер арасында эстетикалық тұрғыдағы тәрбие жұмысын жүргізудің маңызы зор. Мұндай эстетикалық түрдегі тәрбие жұмыстары арнаулы білімге ие педагогтар арқылы жүргізілуі тиіс. Негізі, эстетикалық тәрбие беру жасөспірімнің бүкіл бейнесіне ықпал ететін болғандықтан, өзіндік ерекшеліктері бар. Эстетикалық тәрбие барысында олардың өмірге деген талғамы мен көзқарасы тәрбиеленіп, кеңі түседі, шығармашылық белсенділігі артады. Ал мұның барлығы, жастар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыстылықтың алдын алуға өз септігін тигізеді. Эстетикалық тәрбиені жүзеге асыруда жастар клубының ролі үлкен. Жастар клубы қоғамдық белсенділікті арттырудың көзі болып табылады. Бала өзінің қарқынды энергиясын күш көрсету түрінде көшеде жұмсай алады, ал мектеп және отбасы оның мұндай жасөспірімдердің қоғамға қарсы психологиясының қалыптасуында үлкен роль атқарады. Бала бойында еңбекке деген сүйіспеншілікті қалыптастыру аса маңызды мәнге ие[6].

Өйткені кез-келген жасөспірімді ең әуелі отбасы, одан кейін мектеп және барлық жағдайда еңбек тәрбиелейді. Еңбек ету қажеттілігі

болған жерде тәртіптің бұзылуы және жасөспірімдердің қылмыстық әрекеті өте сирек кездеседі. Адамның қоғамдық белсенділігі оқуға, спортқа, көркем өнерге деген қызығушылықты арттырады, сонымен бір мезгілде жат әрекеттерге тежеуіш болады. Жасөспірімдер тұлғасы үшін топ құру, топ болып әрекет ету тән. Жасөспірімдер ересектермен салыстырғанда жалғыз өзі қылмыс жасауға өте сирек баратындығы практикалы жүзінде дәлелденген. Бұдан олардың өз өзіне сенбеуін ғана емес, сонымен бірге, олар туралы түсінігінің теріс бағытқа ие болуына карамастан, осындай достыққа ұмтылуын да байқауға болады. Әсіресе, соңғы кезде жасөспірімдердің топқа біріге отырып әрекет етуі жиі байқалады. Жасөспірімдер тобында қызығушылық пен еліктеушіліктің жоғары деңгейі, топ мүшелерін өз дегеніне көндіру, көңіл күйдің жұқпалылығы, және де мұндай көңіл күйдің қылмыстық акт барысында өзге топ мүшелеріне берілуі байқалады. Жасөспірімдердің кез-келген тобында қандай да бір лидер болатыны бәрімізге белгілі. Бұл жағдай адамдардың, әсіресе, жасөспірімдердің бірдей еместігін, психофизиологиялық қасиеттері, яғни ерік, ақыл-ой, жігер, тапқырлық тұрғысынан әртүрлі болуымен түсіндіріледі.

Ұлт ұрпағының болмыс-бітімін қалыптастыру, дүниетанымын жетілдіру мәселесі отбасынан бастау алады. Әрбір ұлт өкілінің өз ұрпағын өз ұлтының болмысына сай дамытып, жетілдіруі - бұл талдауға жатпайтын мәселе. Әр адам - адамзаттың жеке-дара өкілі болғанымен, өзіндік ерекшеліктері мен дараланады. Тұлғаның дамуы барысында отбасы мен мәдени ортаға лайықты оның дүниетанымы жетіледі. Адамдардың кейбіреулері дүниедегінің барлығы қарама-қайшылықта болады» деседі, енді біреулері «Әлемде үйлесімділік пен келісім болса, даму жоғары деңгейдегі жетістікке жетеді» деп тұжырымдайды. Адамның сан қырлы әлемін танып-білуді, ұрпақ өмірге келмей тұрып, ана құрсағында бастау алатынын, яғни, болмысы қалыптасу үшін қам-қарекет жасау керектігін әрбір әке-шеше жете ұғынуы қажет. Тұлғаның рухани жетілуі үшін, ең алдымен, рухани саналылықты меңгереді.

Тұлғаның рухани санасы өмірдің мәнінің өзінің өмірдегі орнын, өз тағдырын халықтың тағдырымен ортақ деп түсіну қабілетін дамыту, отбасы мүшелерінің арасындағы сыйластық, ұғынысуды сезінуі абзал. Психолог-мамандар ата-аналарға сәби дамуының бастауы мына факторлардан тұратынын ұғындырса тиімді болады. Олар: биологиялық -туа және жүре-бара берілетін ерекшеліктер; әлеуметтік - бала өсіп жетілетін рухани орта. Баланың ата-анасымен осы жұмыстарды жүргізе отырып, нәтижесін білу үшін психологиялық-педагогикалық мінездеме құрастыру қажет. Бұл диагностикалық кестеде әр

баланың пәндер бойынша үлгерімі, материалды қабылдауы, ойын дәлелдеуі, ұштастыра білуі, этикалық, эстетикалық талғамы, қабілеті, өз ісіне жауапкершілігі көрсетіледі. Жазушы-педагог Ж. Аймауытов: «Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі, бала айтып ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Слостенин В.А., Подымова Л.С. Педагогика: Инновационная деятельность - М., 1997.
2. Лапин Н.И., Пригожин А.И. и др. Нововведения в организациях.- М., 2001.
3. Захарова И.Г. Информационные технологии для качественного и доступного образования//Педагогика №1, 2012.
4. Юсупбекова Н.Р. Общие основы педагогической инноватики. Опыт разработки теории инновационных процессов в образовании. М., 2009.
5. Шевченко И.Н. Основные тенденции инновационных изменений в системе образования Республики Казахстан в 90-х годах//Менеджмент образования, 2000, №3.

**АУТИЗМНІҢ АУЫР БҰЗЫЛЫСТАРЫ МЕН АУТИЗМ СПЕКТР
БҰЗЫЛЫСЫ БАР ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ ЖӘНЕ МЕКТЕП
ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОФИЗИКАСЫН
ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ ДАМЫТЫП,
ӘЛЕУМЕТТІК-ТҰРМЫСТЫҚ ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ**

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар Педагогикалық университетінің
3 курс студенті А.Е.Рахметова*

Ғылыми жетекшілері: педагогика ғылымдарының кандидаты,

оқытушы-зерттеушісі А.М., Утилова

Павлодар қаласы №6 ЖОББМ дефектолог-

мұғалімі А.Ж. Джумадиева

Аннотация. Бұл мақала аутизмнің ауыр бұзылыстары бар ерте жастағы мен мектеп жасына дейінгі балалардың психофизикасын түзету және аутистік спектр бұзылысы бар балалардың әлеуметтік – тұрмыстық дағдыларының қалыптасу ерекшеліктерін зерттеуге арналды. Зерттеу барысында аутизмнің ауыр бұзылыстарының сипаты, қалыпты жағдайдағы даму заңдылықтарымен салыстырмалы өзгешелігі, әлеуметтік – тұрмыстық дағдылардың аутизмнің ауыр бұзылыстары бар ерте жастағы және мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы рөлі қарастырылды.

Кілт сөздер: аутистік спектр бұзылысы, әлеуметтік – тұрмыстық дағдылар, дербестік, өзіне – өзі қызмет көрсету, дағдылар, гигиеналық дағдылар.

Аннотация. Данная статья была посвящена изучению особенностей формирования социально – бытовых навыков детей раннего и дошкольного возраста с расстройствами аутистического спектра и коррекции психофизики детей раннего и дошкольного возраста с тяжелыми расстройствами аутизма. В ходе исследования был рассмотрен характер социально – бытовых навыков и коррекция психофизики детей раннего и дошкольного возраста с расстройствами аутистического спектра и с тяжелыми расстройствами аутизма.

Ключевые слова: расстройство аутистического спектра, социально-бытовые навыки, самостоятельность, самообслуживание, навыки, гигиенические навыки.

Abstract. This article was devoted to the study of the peculiarities of the formation of social and household skills of children of early and preschool age with autism spectrum disorders and the correction of the psychophysics of children of early and preschool age with severe autism disorders. The study examined the nature of social and household skills and the correction of the psychophysics of children of early and preschool age with autism spectrum disorders and with severe autism disorders.

Keywords: autism spectrum disorder, social and household skills, independence, self-care, skills, hygiene skills.

Қазіргі уақытта аутизмнің ауыр бұзылыстары бар ерте жастағы және мектеп жасына дейінгі балалар білім беру процесінің белсенді қатысушылары болып табылады, яғни оларды оқыту, дамыту және білім беру мәселелері бұрынғыдан да өзекті. Себебі: бүгінгі таңда – аутизмнің ауыр бұзылыстары және АСБ бар ерте жастағы мен мектеп жасына дейінгі балаларда түзету жұмыстары арқылы психофизиканы дамытып, әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларының қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу туралы мәліметтер жеткіліксіз, анықталмаған және аз сараланған.

Зерттеудің мақсаты: Аутизмнің ауыр бұзылыстары мен аутизм спектр бұзылысы бар ерте жастағы және мектеп жасына дейінгі балалардың психофизикасын түзету жұмыстары арқылы дамытып, әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларының қалыптасу ерекшеліктерін негіздеу, анықтау және зерттеу.

Зерттеудің міндеттері:

1. Тақырып бойынша ғылыми, ғылыми-әдістемелік әдебиетке талдау жасау;

2. Аутизмнің ауыр бұзылыстары мен аутизм спектр бұзылысы бар ерте жастағы және мектеп жасына дейінгі балалардың психофизикасын түзету жұмыстары арқылы әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларын қалыптастыру;

3. Аутизмнің ауыр бұзылыстары мен аутизм спектр бұзылысы бар ерте жастағы және мектеп жасына дейінгі балалардың

психофизикасын түзету жұмыстары арқылы әлеуметтік-тұрмыстық дағдылардың қалыптастыруға арналған тапсырмаларды қарастыру.

Аутизм термині латынның «autos» сөзінен шыққан – баланың шындық ортадан және айналасында болып жатқан әрекеттерден тысқары қалуы [1, 36 б]. Аутистік спектрдің бұзылуы (АСБ) – әлеуметтік өзара іс-қимыл мен коммуникациялардағы ауытқушылық мінез-құлық және қиындықтардың кең ауқымын, сондай-ақ қатаң шектелген мүдделерді және жиі қайталанатын мінез-құлық актілерін сипаттайтын психологиялық сипаттамалардың спектрі [2, 78 б].

Аутистік спектр бұзылысы өз атауына ие болмас бұрын Л.Каннердің еңбектерінде кеңінен сипатталып, балалар арасында кездесетін мінез-құлық бұзылысының түрі деп сипатталады. Автор өзінің сұрақтарына жауап алу үшін 11 баланы эксперименттік сынаққа алып, аутистік спектр бұзылысының мінез-құлық саласының бұзылысы екендігін растады. Зерттеуге алынған 11 баланың барлығында көзге қарамау, өз атына назар аудармау байқалды. Сонымен қатар, балалардың кейбірінде ыстық пен суықты ажырата алмау, шу мен айқайды аңғармау секілді белгілер кездесті [3, 96 б].

Аутистік спектр бұзылысы бар балалардың даму саласының барлық тұстарында артта қалушылықтар кездеседі. Аутистік спектр бұзылысы бар балалардың дамуында зардап шегетін саланың бірі әлеуметтік – тұрмыстық дағдылардың қалыптасуы болып табылады. Әлеуметтік – тұрмыстық дағдылар балалардың қалыпты даму жағдайында ересектерден көру, қайталау арқылы өз бетінше қалыптасады [4, 114 б].

Әлеуметтік – тұрмыстық дағдылар онтогенездік дамудың сатысында сәбилік шақтан бастап қалыптасады. Олардың ең алғашқысы баланың 6 айынан бастап өз бетінше тамақтану процесінен басталады. Әрі қарай, динамикалық тұрғыда дамып, тұрақты түрде қалыптасады.

Қалыптасу шегі балалар дамуының басты көрсеткіші ретінде қызмет ете отырып, оларды сәтті әлеуметтену кешеніне дайындайды. Әлеуметтік – тұрмыстық дағдылар өзіндік мақсаты мен мазмұны бойынша бірнеше топтарға бөлінеді. Өзін-өзі күту дағдыларының мақсаты – баланың өзін-өзі күту және қоғамдық талаптарға сай дағдыларын қалыптастыру. Оған жеке гигиенаны сақтау, гигиеналық құралдарды қолдану, олардың күтімін ұйымдастыру, киімдерін өз бетінше кию, күтімін жасау сияқты дағдылар жатады. Қалыптасу кезеңі баланың 7 айында киімдерін тану процесінен басталады [3].

Тамақтану дағдыларына өз бетінше тамақтану, тамақтарын үстелге жаю және жинау, ас үй құралдарын пайдалану және күтім жасау дағдылары жатады. Ең алғашқы біліктері бала туғаннан бастап

ему процесінен басталады [4]. Еңбек дағдылары киімдерін үтіктеу, реттеу, тігу және жамау сияқты дағдыларды қамтиды. Сонымен қатар маусымдық еңбек дағдыларына қарды, жапырақтарды тазарту, аулаға су себу, сыпыру сияқты қызметтер жатады [3].

Қарапайым дағдыларға үстелді пайдалану, серуендеу, басқыштарды пайдалану сияқты дағдылар жатады. Ал, тұрғын-жайды күту дағдыларын үй жинау, жиһаздарды пайдалану жатады. Жоғарыда аталған дағдылардың барлығын сәтті игеру және тұрмыста қолдану балаларға мынадай мүмкіндіктер береді:

Балаларды тамақтану кезінде, адамдармен қарым-қатынас кезінде мінез-құлық этикасына үйрету. Балабақшада, мектепте өз бетінше тазалық сақтауға үйрету

1. Ыдыс жууға және оны қолдануға үйрету.

2. Үй-жайларды тазалау кезінде балаларды жеке операцияларға үйрету (шаңды сүрту, кілемді шаңсорғышпен тазалау).

3. Тұрмыстық техниканы қолдануға үйрету: магнитофон, шаңсорғыш.

4. Балаларға бөлме өсімдіктерін баптауға баулу (дұрыс суару).

5. Гигиеналық дағдыларды дамыту: қолды дұрыс жуу және жуу, тістерді тазалау, майлықтарды (сүлгіні), дәретхана қағазын пайдалану

6. Киім мен аяқ киімді тәртіппен ұстау

7. Жұмыс істеу қабілетін дамыту, жалпы талаптарға бағынуға үйрету, педагогтың ауызша нұсқауларын орындау.

Оқушылар әртүрлі адамдар ортасына түсе отырып, олардың мінез-құлқын дағдыларын, біліктерін, тіпті әдеттерін қайталайды. Сол себепті бірінғай әлеуметтік-тұрмыстық дағдылардың болуы балалардың қоғамдық талаптарды сақтауының басты кілті болып табылады. Сипатталған дағдылар мен біліктердің кешені балалардың қоғамдық ортада еркін қозғалуы мен бейімделуіне себепші болады.

Оқытудың маңызды қағидаттарының бірі әлеуметтік байланыстарды кеңейту қағидаты болып табылады. Дамуында ауытқулары бар балалар қоршаған ортаға бейімделуде, мінез-құлықтың жалпы қабылданған нормаларын игеруде және қарым-қатынас дағдыларын игеруде үлкен қиындықтарға тап болатыны белгілі. Оқушылардың әлеуметтік байланыстарын кеңейтуге барлық түзету және тәрбие жұмыстары ықпал етуі керек. Алайда, осы принципті тікелей жүзеге асыру бағдарламаның өте маңызды бөлімінде – «Әлеуметтік – тұрмыстық бағдарлау» көрініс табады. Оқу процесінің мақсаты-балалардың қоғам-дық өмірі мен Еңбек және күнделікті өмірінің жақын және нақты фактілері туралы белгілі бір түсініктерін қалыптастыру [2, 78 б]. Оқушылар арасында қоршаған орта туралы барабар идеялардың сәтті қалыптасуы көбінесе мұғалімнің

оқытудың әртүрлі формалары мен әдістерін қолдана отырып, педагогикалық процесті дұрыс құру қабілетімен анықталады [1, 75 б].

Көптеген зерттеулер ауыр ақыл-есі кем балалардың дамуы олардың оқуы нақты заттармен көрнекілік пен практикалық іс-әрекетке негізделген кезде ғана қамтамасыз етілетіндігін дәлелдеді. Сондықтан балалармен күнделікті бағдар бойынша сабақтар негізінен экскурсиялар мен сабақтар түрінде ұйымдастырылады, олар (сабақтар) рөлдік ойындар түрінде өтеді. Оқу жұмысының осындай құрылуымен оқушылардың оқуында көрнекілік және пәндермен тікелей әрекет ету жетекші орын алады.

Зерттеу әдістері және материалдары. Зерттеу жұмысының эксперименттік бағыты үшін мына әдіс қолданылды.

1. Алгоритмді қайтала

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың гигиеналық дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау.

Құрал-жабдықтар: гигиеналық дағдылар бейнеленген алгоритм. Барысы: балаға гигиеналық дағдыны орындау алгоритмі беріледі. Бала алгоритмге қарап, оны орындауға тапсырма алады.

Ұсынылатын дағдылар:

- Бетін жуу
- Кранды ашу – қолына сабын жағу – екі қолын қосып үйкелеу – сумен жуу – кранды өшіру – қолын сүрту.
- Бағалау жүйесі: Жоғары деңгей – 3 балл
- Бала алгоритм бойынша барлық әрекеттерді толығымен өз бетінше орындайды.
- Орташа деңгей – 2 балл
- Бала алгоритм бойынша әрекеттерді педагогтың минималды қосымша көмегі арқылы орындайды.
- Төмен деңгей – 1 балл
- Бала алгоритм бойынша әрекеттерді өз бетінше де, педагогтың көмегімен де орындай алмайды.

Нәтижелері. Ұсынылған әдісті балалар тобында сынау арқылы төмендегідей нәтижелер алынды.

Кесте 1- Зерттеу нәтижелері

Р/с	Қатысушының №	Ұпай сандары	Деңгейлері
1	№1	1	Төмен
2	№2	1	Төмен
3	№3	2	Орташа
4	№4	1	Төмен
5	№5	2	Орташа
6	№6	1	Төмен

Кестедегі нәтижелерге зер салсақ, балалардың деңгейінің төмен екендігін байқауға болады. Атап айтқанда, балалар «Қол жуу» алгоритмін орындағанда олардың кезектілігін сақтамайды, кейбір әрекет қатарын тастап кетеді. Мысалы, балалар қранды ашып қол жуған соң, бірден сүлгіге ұмтылады. Қранды жабуды ұмытып кетеді. Немесе бала қранды ашып, қолына сабын жақпастан қолын сүртуге тырысады. Сонымен қатар, көптеген жағдайда педагогтың қосымша көмегіне жүгінеді. 1 балл алған балалардың барлығы педагогтың көмегі арқылы ғана дағдыны орындай алады.

Қорыта айтқанда, «Алгоритмді қайтала» әдісі бойынша жоғары деңгей анықталмады. Орташа деңгейге ие болғандардың үлесі 33%, төмен деңгей 67% болды. Пайыздық көрсеткіштерді негізге ала отырып, аутистік спектр бұзылысы бар балалардың әлеуметтік – тұрмыстық дағдысының қалыптасуының деңгейін төмен деп тұжырымдаймыз.

Аутистік спектр бұзылысы бар балалар үшін әлеуметтік – тұрмыстық дағдылардың маңызы зор. Себебі, бұл санаттағы балалардың әлеуметтік саласының бұзылыстарына байланысты оны дамытуды әлеуметтік – тұрмыстық дағдылардан бастау тиімді болып саналады. Бала күнделікті тұрмыста қарапайым дағдыларды орындай отырып, қоғамдық қатынастарды игереді. Яғни, бала өз үйінде немесе мектепте, балабақшада қолын жууды толық игерсе, ол оны генерализация арқылы кез – келген орында жасай алатын болады.

Ал, бұл дағдылардың артта қалуы олардың тұрмыстық саласын ғана емес, әлеуметтенуін, қарым-қатынасқа түсуін, қоғамға сәтті енуін шектеуге ықпал етеді. Әлеуметтік – тұрмыстық дағдылар қалыпты даму жағдайындағы балаларда еліктеу арқылы қалыптасатын болса, аутистік спектр бұзылысы бар балаларда арнайы оқытуды қажет етеді. Сол себепті, оны дамыту кез – келген түзету бағдарламасының құрамына енгізіліп, міндетті түрде өткізіледі [3,4].

Эксперименттік зерттеудің нәтижелері аутистік спектр бұзылысы бар балалардың әлеуметтік – тұрмыстық дағдыларының төмен екендігін анықтады. Оның себептері ретінде әлеуметтік саланың бұзылысы, дағдыларды еліктеу арқылы игерудің бұзылыстары және мінез – құлықтың әртүрлі бұзылыстары қарастырылады.

Аутистік спектр бұзылысы бар балалардың әлеуметтік – тұрмыстық дағдыларының қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу теориялық және эксперименттік бағыт бойынша іске асырылды. Нәтижесінде, Отандық және шет ел авторларының зерттеулері аутистік спектр бұзылысы бар балалардың басым бөлігінде бұл дағдылардың

қалыптасу деңгейінің төмендігін анықтады. Теориялық зерттеулер эксперименттік тұрғыда да расталып, дәлелденді [3].

Сонымен, аутистік спектр бұзылысы бар балалардың әлеуметтік – тұрмыстық дағдыларының қалыптасуының мынадай ерекшеліктері анықталды:

1. Аутистік спектр бұзылысы бар балаларда әлеуметтік – тұрмыстық дағдыларының қалыптасуының қарқыны мен сипаты оның жас деңгейіне сай келмейді;

2. Аутистік спектр бұзылысы бар балаларда әлеуметтік – тұрмыстық дағдыларының басым бөлігі өз бетінше қалыптаспайды және дамымайды;

3. Аутистік спектр бұзылысы бар балаларда әлеуметтік – тұрмыстық дағдыларының дамуы өзге дағдылар тәрізді мінез – құлық бұзылысына тәуелді болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Довбня С., Морозова Т., Залогина А., Монова И. Дети с расстройствами аутистического спектра в детском саду и школе: практики с доказанной эффективностью. – СПб.: 2018.
2. Морозова С.С. Аутизм: коррекционная работа при тяжелых и осложненных формах :пособие для учителя-дефектолога. С.С. Морозова. М.: Гуманитар, изд. центр Владос, 2007
3. Социально – бытовая подготовка воспитанников специальных (коррекционных) образовательных учреждений VIII вида: Методическое пособие. – М.: издательство НТСНАС, 2003. – 192 с.
- 4 .Социально-бытовая ориентировка в специальных (коррекционных) образовательных учреждениях VIII вида Под. Рэд. А.М. Щербаковой М., Владос 2008 – 302 б.
- 5.Никольская О.С., Баенская Е.Р., Либлинг М.М. Аутичный ребёнок. Пути помощи. – М., 2007.

ПРАКТИКА НЕЙРОПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ КОРРЕКЦИИ ПЕРВОГО БЛОКА МОЗГА

Ревина А.С.

Сулейманова А.О.

студенты Павлодарского педагогического университета

им Әлкей Марғұлан, г. Павлодар,

Сарсембаева Э.Ю.

научный руководитель: доктор философии PhD по специальности

«Психология» г.Павлодар

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы нарушения структуры и функций центральной нервной системы и практики нейропсихологической коррекции первого блока мозга, основные причины и механизмы нарушений, а также методы коррекции, основанные на принципах нейрокоррекции. Особое внимание уделяется роли нейропсихологических методов в реабилитации пациентов с нарушениями центральной нервной системы, в том числе в первом блоке мозга, таких как травмы головного мозга, неврологические заболевания и др.

Ключевые слова:

Первый блок мозга, нейропатия, коррекция, клиническая картина, правильное дыхание, растяжка, упражнение.

Аннотация: Мақалада біз орталық жүйке жүйесінің құрылымы мен функцияларының бұзылуы және мидың бірінші блогын нейропсихологиялық түзету практикасы мәселелерін қарастырамыз. Бұзушылықтардың негізгі себептері мен механизмдері, сондай-ақ нейрокоррекция принциптеріне негізделген түзету әдістері талқыланады. Орталық жүйке жүйесі бұзылған науқастарды оңалтудағы нейропсихологиялық әдістердің рөліне, оның ішінде мидың бірінші блогында, мысалы, ми жарақаттары, неврологиялық аурулар және т. б.

Тірек сөздер: Бірінші бас миының блокталуы, нейропатия, түзету, клиникалық көрініс, дұрыс тыныс алу, созылу, жаттығу.

Annotation: In the article, we consider the issues of violation of the structure and functions of the central nervous system and the practice of neuropsychological correction of the first block of the brain. The main causes and mechanisms of disorders are discussed, as well as correction methods based on the principles of neurocorrection. Special attention is paid to the role of neuropsychological methods in the rehabilitation of patients with disorders of the central nervous system, including in the first block of the brain, such as brain injuries, neurological diseases, etc.

Key words: First brain block, neuropathy, correction, clinical picture, correct breathing, stretching, exercise.

В каждом классе есть неуспевающие ученики или ученики с трудностями обучения. Причины могут быть самыми разнообразными: педагогическая запущенность, отставание в развитии функции переработки информации: слуховой, зрительной, кинестетической, зрительно-пространственной; соматическая ослабленность ребенка и т.д. Но учеными, такими как А.Р.Лурия, Л.С. Выготский, И.П. Павлов, М.О. Гуревич, А.С. Шмарьян и другими было доказано, что нейропсихологическая коррекция позволяет работать с первопричинами трудностей в освоении образовательной программы.

К первому функциональному блоку мозга относятся стволовые и подкорковые структуры: это – продолговатый мозг, мост, мозжечок гиппокамп, таламус, гипоталамус. Причины дисфункции ствола мозга это: осложнения беременность, тяжёлые роды, гипоксия, воспалительные заболевания центральной нервной системы особенно на раннем этапе жизни ребенка, черепно-мозговые травмы, которые затрагивают стволовые и подкорковые отделы.

К проявлениям у ребенка нарушений первого блока мозга относятся эмоциональная нестабильность, повышенная утомляемость, нарушения концентрации внимания, переключаемость внимания, длительно сохраняющийся энурез или энкопрез, нарушение координаторы, медленное освоение графических навыков, избирательность в памяти. Это то, что связано с энергетикой мозга, то, что связано с общей организацией, включением мозга в деятельность. Может появиться диспраксия, если произошли какие то изменения на уровне мозжечка.

Мы говорим об ототоксических или диспраксических нарушениях, то есть нарушения сферы произвольных движений детей, при отсутствии патологии со стороны мышц или при отсутствии параличей. Нарушение диэнцефальных структур таламуса, гипоталамуса, гипофиза. Может пойти по гипоактивному или гиперактивному типу. В течении беременности если мама переживала тяжёлый стресс, если она болела может произойти нарушение со стороны диэнцефальных структур.

Рассмотрим нарушение по типу гиперактивности или как его принято называть синдром дефицита внимания с гиперактивностью. Клиническая картина нарушения тормозящего поведения, то есть невнимательность, сверхподвижность ребенка, нарушение оперативной памяти, ребенок не запоминает то, что ему только что сказали, он не запоминает программу действий, следовательно, при нарушении оперативной памяти есть нарушение предвидения, то есть антиципации. Ребенок не сразу понимает, чем закончатся его действия, чем закончится его поведение в данный момент; он не может это правильно просчитать. Снижение саморегуляции аффекта, аффект яркий, аффект не тормозимый, проблемы с внутренней речью, т.е. внутренне проговаривание программы, того предложения, той фразы, которая будет высказана с этим есть большие проблемы, поэтому есть речь взхлёб, есть речь сложно понимаемая, проблемы в воспроизведении известного алгоритма и перенос его в новую ситуацию. Ребенок все прекрасно делает в этом направлении дома и не может с этим справиться в школе. Или, он в школе выучил и не может справиться с этим дома. С этим могут понимать проблемы: нарушение адаптивного поведения. Ребенок долго, с огромным трудом может адаптироваться в новом коллективе, к новой деятельности, к новому пространству, он испытывает долгий дискомфорт, относительно других детей.

Неравномерность развития – это крайне трудные ученики. При большом словарном запасе, широком круге знаний и широком круге

интересов, повышенной познавательной активности, казалось бы прекрасных качеств для обучения в школе, с чувством юмора ребята умненькие, при этом упрямство, импульсивность, склонность к постоянным спорам, неприятие любых ограничений, любых правил или требований даёт такое сложное обучение, сложное поведение, огромные сложности для педагогов в школе. Многие авторы называют таких детей «детьми с синдромом двойной исключительности». Это происходит потому, что с одной стороны - этот ребенок легко справляется с олимпиадами и задачами, задачами повышенной сложности; с другой стороны - он не может правильно записать решение в тетрадь, он путает правый и левый, нижний и верхний край, он вырывает страницы, зачеркивает при том, что он быстро и правильно все решил. Он не может правильно сформулировать ответ на вопрос, который в его голове давно готов. Этих детей действительно учить достаточно сложно.

Возрастные границы синдрома гиперактивности дефицита внимания от трёх лет. В более младшем возрасте признак есть, но он размыт, потому что нет таких требований к ребенку, которые предъявляются в старшем дошкольном или младшем школьном возрасте. Основные жалобы у воспитателей, учителей возникают к такому ребенку, в возрасте от 5 до 11 лет. В 50% случаев такое поведение сохраняется и во взрослом возрасте. Достаточно посмотреть на родителей, чтобы понять, что перед вами ровно такой ученик, просто взрослый, но родители, как правило, успешно компенсированы, они занимаются на работе тем, что позволяет им реализовать этот свой сложный потенциал.

Как узнать ребенка с синдромом гиперактивностью, дефицитом внимания. Он, например, в 5-6 лет решал задачи за 3-4 класс школы, а в 3-4 классе разочаровывает школьной неуспеваемостью. Он не имеет чувство времени, он не понимает когда и что нужно делать, он все доделывает в последний момент, он так называемая сова; он очень активен вечером, он может не спать до половины ночи, но его невозможно разбудить утром, с ним невозможно работать на первом-втором уроке в школе, он полностью поглощен интересным делом и не слышит вас при том, что вы уже 20-ый раз его зовёте, он вас, правда, не слышит, потому что он, правда, погружен в это все дело; он путает свои и чужие вещи, он не помнит где и что положил, забывает вещи в детском саду или в школе, он не помнит что происходило в школе в течении дня - это те самые проблемы с оперативной памятью, которые сказываются на поведении ребенка; ему необходимо несколько раз повторить сложные инструкции, а иногда записать на бумаге, он

подольше не возвращается из школы или из магазина, потому что вдруг занялся чем-то интересным или забыл телефон; он не может привыкнуть к режимным моментам, для него режим очень тяжел, его раздражает рутина. Самый главный показатель ребенка с дефицитом внимания, с гиперактивностью - это ненависть к рутине. Когда в школе нужно один и тот же тип примеров или задач или слов написать, повторить, решить ребенка это страшно раздражает, он уже это все понял, он это уже знает, но он должен это оформить, написать, дорешать, тогда внимание распадается, тогда ребенок переключается на другие сенсорные стимулы и мешает всем остальным. Для этого ребенка самая правильная индивидуальная нагрузка, для этого ребенка невозможно допустить просто свободное время, его свободное время будет посвящено нелепым действиям. Мозг этого ребенка требует постоянной загрузки из-за поражения диэнцефальных областей коры.

Следующее нарушение, которое может возникать при поражении стволовых структур, при поражении первого блока мозга имеет название невропатия. Это поражение диэнцефальной области коры и из-за этого эмоциональная лабильность.

Клиническая картина нейропатии выражается в следующем: это ребенок контрастный, с психомоторной нестабильностью, он только что смеялся, а уже плачет, а потом опять хохочет, а потом куда-то пошел и снова заплакал. То есть мы видим контрастность эмоциональных появлений. Сверхчувствительность – это дети, для которых все происходящее вокруг условно патогенно. Мозг не всегда может оценивать хорошее или плохое, он может оценивать уровень нагрузки. Яркое возбуждение – это посещение яркого детского спектакля или это смерть любимого домашнего питомца, для мозга ребенка абсолютно все равно. Это сильный удар по нервной системе. Ребенок сверхчувствителен к этим ударам, не только к таким значимым, но и к тому, что пролился чай, он забыл тетрадь, спросили не его, а другого ученика, это будет тяжёлое переживание ребенка с невропатией.

Ускоренное психо-речевое развитие характерно для большинства детей с невропатией. Нарушение сна, нарушение аппетита, пищеварения, мочеиспускания, нарушение терморегуляции. Этому ребенку может быть либо очень жарко, либо очень холодно, подверженность простудным и инфекционным заболеваниям из-за снижения иммунитета, аллергическая предрасположенность. Вот эта картинка в целом невропатии.

Но существует два варианта невропатии: это возбудимый и астенический (по классификации Груни Ефимовны Сухаревой).

При возбудимом варианте ребенок импульсивен, вспыльчив, двигательльно расторможен и даже похож на ребенка с гиперактивностью, но это совершенно другой ребенок.

При астеническом варианте ребенок впечатлительный, ранимый, обидчивый, тревожный, он быстро устает, истощается, может быть капризным, плаксивым. Невропатия часто встречается у мальчиков в соотношении 2 мальчика, 1 девочка и требует системной коррекции со стороны невролога, а также со стороны педагогов и психологов.

Ещё одно нарушение с точки зрения первого блока мозга получило название - вегетопатия. Это поражение диэнцефальной области и гипоталамуса. Из-за этого эмоциональная нестабильность и нарушение вегетативной регуляции жизнедеятельности организма.

Картина такова: ребенок плохо переносит психические и физические перегрузки, он быстро устает, быстро истощается, он плохо переносит магнитные бури, резкую смену погодных условий, смену климатических зон, он испытывает чувство нехватки воздуха, жалуется на головные боли, ему плохо в духоте, в тесноте, при большом количестве окружающих людей; может отличаться бледность кожных покровов, повышенная потливость, ребенок может жаловаться на тошноту, неустойчивость стула, нарушение терморегуляции, его могут беспокоить диатез, зуд, аллергические реакции, ребенок тревожен, раздражителен, возбудим, плаксив. В дополнении к невропатическим вариантам, о которых сейчас говорили, добавляются вегетативные реакции: побледнение или покраснение кожных покровов, тошнота, головокружение, такие особенности реагирования в основном астенического реагирования, которые характерны для вегетопатии.

При нарушении в деятельности первого блока мозга мы должны обратить внимание на наличие или отсутствие невротических реакций, вегетативных реакций у ребенка, гиперактивность и если нет этих ярких проявлений в целом на нарушение со стороны внимания на расторможенность, на забывчивость, на неорганизованность, на такую общую несобранности ребенка, это нам говорит о том, что внутриутробно, в процессе родов или в ранний этап развития пострадал ствол мозга, пострадали подкорковые образования, то есть первый блок, соответственно, этому ребенку необходимо работать над «зажигаем» мозга, над этим «включением» мозга.

Работу с первым блоком мозга мы начинаем с:

1.Выработки у ребенка правильного дыхания. Правильное, значит диафрагмальное дыхание. Если занятие проходит в спортивном зале, ребенка можно положить на коврик, если занятие проходит в школьном классе, то можно стоя или сидя выполнять упражнение. Руки

ребенка располагаются на диафрагме (на животе) и предлагаем ему вдохнуть, как будто надувается шарик. Можно своей рукой подвигать живот у ребенка в рамках его дыхания. Сначала ребенок просто дышит животом, затем диафрагмальным дыханием. Формируем в четыре фазы (вдох-задержка-выдох-задержка). Это упражнение делаем 3-4 раза, но не более иначе у ребенка может закружиться голова.

2. Упражнений на напряжение-расслабление. Преодолеваем ригидные установки, некачественные компенсаторные механизмы и вырабатываем более правильное течение компенсации. Для того, чтобы ребенок правильно расслабился, нужно обеспечить мышцам понимание перенапряжения. Вытягиваем руки вперед и напрягаем кулак, предплечье, плечо, сильно сжимая кулаки и считаем до трех, и резко расслабляем руки. Затем, напрягаем одну руку и расслабляем другую. Представляем что это весы: на одной руке тяжелая гиря, и она с трудом её держит, а вторая рука пустая, затем меняем руки. Похожее упражнение делаем на ноги. Далее ребенок представляет, что он трава, которая колыхается на ветру и расслабляется.

3. Растяжки. Нужно растянуть руки, ноги, мышцы шеи, для того чтобы можно было дальше приступить к выполнению упражнений.

Для растяжки рук делаем следующие упражнения. Вытягиваем руки в замок и тянемся сильно вперед и бросаем руки. Тянемся руками в разные стороны и бросаем руки. Руками тянемся назад, а телом вперед и в этом положении делаем наклоны вправо и влево, и бросаем руки. Берем руки в замок за спиной и растягиваемся, как «парус».

Для растяжки шеи делаем следующие упражнения. Тянемся макушкой вверх. Поворачиваем голову налево и направо, но делаем это плавно, медленно, наша задача растянуть мышцы шеи. Затем растягиваем мышцы шеи назад и вперед, упражнение «качелька». Вращение головой лучше сначала делать сидя.

Для растяжки мышц ног делаем следующие упражнения. Тянемся попеременно правой и левой ногой вправо, влево, назад.

Эти три упражнения должны следовать друг за другом и нарушать эту последовательность не нужно. После их выполнения массаж и самомассаж. Сначала вы показываете детям как это сделать, а потом они делают это сами.

Массаж начинается с массажа головы. Массируем голову подушечками пальцев, как будто моем голову. А дальше как будто мы расчесываем её. Далее переходим к массажу шеи. Ладонями рук мы массируем плечи и шею с одной стороны и с другой. Переходим на массаж рук. Трём ладони друг об друга как будто пытаемся согреться, затем складываем руки ладонью к ладони и сильно давим друг на друга,

после расслабляем. Массируем каждый пальчик притоптывающими движениями, далее, складываем руки в замок ладонями вперед и тянемся. Выполняем вращения плечевым и локтевым суставами. Мы организовались для следующих упражнений.

Следующие упражнения:

«Море». Делаем поочередно руками волны, затем, одной рукой делаем вверх, а второй вниз. Соединяем ладошки большими пальцами и продолжаем волнообразные движения «дельфины плывут», сначала синхронно, а затем один «дельфин» вверх, другой вниз. «А в глубине моря осьминоги»: растопыриваем пальцы и опускаем их вниз и вверх, как в прошлом упражнении. А теперь «креветки плывут»: показываем поочередно по одному пальцу на обеих руках и имитируем движение креветки. Стряхнули руки и снова делаем волны. «А по волнам плывет большой колесный пароход»: вращаем руками в плечевом суставе вперед и назад. «Пароход приплыл к мельнице»: ставим руки на пояс, правая нога рисует круг на полу в одну сторону и в другую, а затем левая нога делает тоже самое. «По рельсам едет поезд»: двигаемся в одну сторону и в другую, сначала пятки вместе, носки врозь, а затем наоборот. Закончили, потрясли руками, ногами, головой покрутили, отдохнули.

Определяющее значение коррекции нарушений 1 блока мозга будет иметь нейропсихологическая коррекция в детском возрасте. Упражнения должны быть направлены на стимуляцию активности через двигательную, эмоциональную и сенсорную (тактильную, слуховую, зрительную) области. Игры, которые предлагаются ребенку, должны содержать ритмичные движения. При этом обязательно эмоциональное подкрепление. Для стимуляции используются также ароматерапия, массаж, водные процедуры. По мере увеличения активности ребенку можно предлагать не только отдельные ощущения, а более сложные их комплексы. Основные элементы, на которые опирается стимулирующая нейропсихологическая коррекция в детском возрасте - упражнения, требующие от ребенка удерживать определенный ритм. К примеру, это может быть ходьба под музыкальное сопровождение в заданном темпе, отстукивание на барабанах песни и пр. После того, как ребенок научился держать один ритм, ему даются задания на их смену. В результате он старается улавливать изменения и действовать соответственно.

В работе следует также использовать приемы, которые включает в себя комплексная нейропсихологическая коррекция (программа А. В. Семенович). К ним, в частности, относят деятельность, направленную на формирование правильного дыхания. На обогащение

энергетического фона ребенка положительное влияние оказывает арттерапия.

Литература:

1. Глозман Ж.М. Практическая нейропсихология. Опыт работы с детьми, испытывающими трудности в обучении. - М.: Генезис, 2017, 336с.
2. Астапов В.М. Коррекционная педагогика с основами нейро- и патопсихологии. - М.: Юрайт, 2020. - 162 с.
3. Цветков А.В. Нейропедагогика для учителей: как обучать по законам работы мозга. М.: Изд-во «Спорт и культура – 2000», 2017.

ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ САБАҚТАРДА ДИЗАРТРИЯСЫ БАР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІНДЕГІ ДЫБЫСТЫҚ АЙТЫЛУ АСПЕКТІСІН ТҮЗЕТУ

З.Е. Сабыржанова

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық
университеті*

Ғылыми жетекші: Дузелбаева Айтолкын Болатовна

PhD доктор, оқытушы-зерттеуші.

Аңдатпа. Дизартриялық сөйлеу тілі бұзылған балалардың дыбыстық айтылу аспектісін түзету, түзету жұмыстарының жолдары мен зерттеу жұмысының нәтижелері, қоғамға қосу, оларды инклюзивті білім беру аясында жалпы білім беру ортасына бейімдеу және әлеуметтендіру, сондай-ақ осы сөйлеу тілінің бұзылуын түзету мәселесі көтеріледі. Бұл мақаланың пәні - дизартриясы бар мектеп жасына дейінгі балалардың дыбыс айту дағдыларын логопедиялық сабақтарда дамыту болып табылады.

Түйін сөздер: дизартрия, дыбыстар, түзету жұмысы, сөйлеу тілі, сөйлеу бұзылыстары, дыбыстарды қою.

Аннотация. В статье поднимается вопрос коррекции аспекта звукопроизношения детей с дизартрическим расстройством речи, методов коррекционной работы и результатов исследования, интеграции в общество, их адаптации и социализации к общеобразовательной среде в рамках инклюзивного образования, а также как коррекция этого речевого нарушения. Предметом данной статьи является развитие речевых навыков дошкольников с дизартрией на логопедических занятиях.

Ключевые слова: дизартрия, звуки, коррекционная работа, речь, речевые нарушения, звукопроизношение.

Annotation. The article raises the issue of correcting the aspect of sound pronunciation of children with dysarthric speech disorder, methods of correctional work and research results, integration into society, their adaptation and socialization to the general educational environment within the framework of inclusive education, as well as how to correct this speech disorder. The subject of this article is the development of

speech skills of preschool children with dysarthria in speech therapy classes. Keywords: dysarthria, sounds, correctional work, speech, speech disorders, sound pronunciation.

Соңғы кездері мектеп жасына дейінгі балалардың көп бөлігі әртүрлі сөйлеу бұзылыстарына тап болады. Дыбыстардың бұрмалануынан басталып, тұтықпа мен алалияға дейінгі көптеген сөйлеу бұзылыстары күннен күнге таралып, логопед мамандарына жүгіну жиілік сұраныс болып келеді. Аталған тіл бұзылыстарының ішінде біз қарастырып отырғанымыз, және бұл бұзылыстар арасында ең жиі тараған сөйлеу бұзылыстарының бірі – дизартрия [1]. Ал оның өз кезегінде айтарлықтай өсу үрдісі (тенденциясы) бар. Зерттеудің өзектілігі осы бұзылыстың таралу жиілігіне ғана емес, сонымен қатар ата-аналардың диагностика мен түзету үдерісінің сұрауымен байланысты.

Дизартрия – сөйлеу артикуляциясының иннервациясының жеткіліксіздігімен сипатталатын сөйлеудің бұзылысы. Аталған термин грек тілінен шыққан «dis –бұзылыс, artron – бөлшектеу, мүшелу» деген мағына білдіреді. Дизартрияның басқа сөйлеу бұзылыстарынан бір ерекшелігі бар: бұл жағдайда тек жеке дыбыстардың бұзылуы ғана емес, жалпы сөйлеудің айтылу жағының зардап шегуі [2].

Сөйлеу тілінің иннервациясы сөйлеудің барлық аспектілерін, атап айтқанда айтылымды дамытуда үлкен рөл атқарады. Аудармада «дизартрия» сөзі артикуляциялық аппараттың бұзылысы деген мәнде. дизартрияның клиникалық түсінігі бұл терминнің мағынасынан әлдеқайда кең болып келеді. Бұл термин тек перифериялық немесе орталық жүйке жүйесінің зақымдалуына байланысты артикуляцияның бұзылысына қатысты болуы мүмкін, бірақ клиникалық жағынан ол барлық моторлы сөйлеу бұзылыстары үшін қолданылады [3]. Дизартрия белгілері, этиологиясы, механизмдері кеңестік және шетелдік әдебиеттерде егжей-тегжейлі қарастырылған. Олардың ішінде: Р.Е.Левина, А.Р.Лурия, Е.Ф.Архипова, О.В.Правдина, М.В.Ипполитова, Е.Ф.Соботович сияқты ғалымдар қарастыру жасап, зерттеген болатын. Осыдан басқа З.А.Мовкебаева, Қ.Қ. Өмірбекова, Р.А.Сүлейменова, Г.Б.Ибатова, Г.Н.Тулэбиева сынды отандық ғалымдар өз еңбектерін жасаған.

Осы санаттағы балалар санының болуына байланысты, біз дизартриясы бар мектеп жасына дейінгі балаларды зерттеп, эксперименттік жұмыс өткізген болатынбыз. Тақырыпты зерттеу мәселесіне байланысты әдебиеттерді талдап алған соң, эксперименттік жұмыс ұйымдастырылып, жүргізілген болатын. Эксперименттік жұмыс «Павлодар қаласының №14 Арнайы балабақшасы» базасында

жүргізіліп зерттелген болатын. Зерттеу жұмысы 2024 жылдың ақпан айынан сәуір айына дейінгі аралықта өткізілген болатын. Аталған зерттеу жұмысында 5-6 жас аралығындағы дизартрияның көмескі түрі және ЖСТД-III деңгейі бар 5 бала қатысқан болатын.

Таңдалған тақырып бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиет зерттелініп, дизартрияның көмескі түрі бар балалардың негізгі мәселесі – артикуляциялық моторикасының және фонематикалық есту жағының жетіспеушілігі екені нақтыланған. Осыған байланысты, эксперименттік жұмыстың негізгі мақсаты:

- дизартрияның көмескі түрі бар мектеп жасына дейінгі балалардың артикуляциялық моторикасы мен фонематикалық есту функцияларын ерекшеліктерін зерттеу;

- түзету жұмысын атқару;

- динамикасын бақылау.

Эксперименттік жұмыстың міндеттері:

- Дизартрияның көмескі түрі бар балалардың қазіргі жағдайын зерттеу мен диагностикалауға арналған әдістемелер жүйесін құрау;

- Дизартрияның көмескі түрі бар балалардың артикуляциялық моторикасы мен фонематикалық есту функциясының күйіне эксперименттік жұмысты өткізу;

- Сандық және сапалық талдау жүргізіп, қорытынды жасау.

Осыған байланысты, біз балалардың сөйлеуіндегі дыбыстық айтылу аспектісін зерттеу үшін көптеген әдістемелік жиынтықтарды қарастырып шығып, Г.А. Волкованың әдістемесіне тоқталдық.

Г.А. Волкованың еңбектерінде ұсынылған тапсырмалар мен жаттығулар артикуляциялық моториканы зерттеу үшін пайдаланылды. [4]

Зерттеу 4 көрсеткіш бағыттарды қамтыған болатын:

1. Дыбыстық айтылуды зерттеу.

2. Сөйлеу дыбыстарының фонематикалық қабылдауын және дифференциациясын зерттеу.

3. Сөйлеуді қабылдауды фонологиялық деңгейде зерттеу.

4. Фонематикалық талдау, синтез, ойдың қалыптасуын зерттеу.

Әрбір аталған 4 көрсеткіш келесі критерийлер бойынша бағаланады:

4 балл – барлық аталып тексерілген фонетикалық дыбыстар дұрыс айтылымда;

3 балл – аталып тексерілген фонетикалық дыбыстардың тек біреуі ғана бұзылған айтылымда;

2 балл – аталып тексерілген фонетикалық дыбыстардың ішінде 2-3 бұзылған айтылымда;

1 балл – аталып тексерілген фонетикалық дыбыстардың 3-тен көбі ауыстырылып, бұрмаланған айтылымда;


0 балл – аталып тексерілген фонетикалық дыбыстардың барлығы ауыстырылған, бұрмаланған айтылымда.

Сәйкес көрсеткіштер бойынша 1-кестеде берілген сөйлеудің дыбыстық айтылу аспектісін зерттеу нәтижелеріне тоқталайық:

Кесте-1. Дизартриясы бар мектеп жасына дейінгі балалардың дыбыстық айтылу аспектісінің күйі.

Көрсеткіш	Балалардың дыбыстық айтылу күйі (балл)				
	Амир У.	Айлана Н.	Тимур Д.	Малика А.	Асанали Ш.
	Ысқырық дыбыстар				
2.1	4	2	3	2	3
2.2	3	2	3	2	2
2.3	2	3	3	2	2
2.4	2	1	2	1	1
	Ызың дыбыстар				
2.1	3	2	3	2	2
2.2	3	2	2	1	1
2.3	2	2	1	1	1
2.4	2	2	1	1	1
	Үнді дыбыстар				
2.1	3	2	2	2	2
2.2	2	2	2	3	2
2.3	2	1	2	2	2
2.4	1	2	1	2	2

Зерттеу нәтижелерін талдай келе, біз барлық балаларда әртүрлі фонетикалық топтардағы дыбыстарды айтуда қиындықтар бар екенін байқадық. Дизартриясы бар мектеп жасына дейінгі балалардың дыбыстық айтылу күйін зерттеудің нәтижелерінің талдауы 1-суретте толықтай көрсетілген.



1-сурет. Дизартриясы бар мектеп жасына дейінгі балалардың дыбыстық айтылымының күйі.

А.Волкованың әдістемесін қолдана отырып, дизартриясы бар мектеп жасына дейінгі балалардың дыбыстық айтылуы мен фонематикасын зерттеу осы топтағы балалармен түзету жұмыстарын жүргізу қажеттілігін растады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, әр баланың дыбыстық айтылу бұзылыстарының өзіндік ерекшеліктері бар, сондықтан түзетуді әр баламен жеке жүрізу ұсынылған болатын. Осы санаттағы балалармен түзету жұмысының негізгі әдісі – жеке логопедиялық сабақтар болып табылады. Дизартриясы бар мектеп жасына дейінгі балалардың дыбыстық айтылуын түзетуге арналған жеке логопедиялық сабақтардың мақсаты – басқалардың баланың сөйлеуін түсінуді жақсарту болып табылады.

Дыбыстарды қою екі түрлі жолмен қоюға болады: дыбыстарды шығару еліктеу әдісі арқылы балаларға анық көрсетілетін арнайы сурет-символдар қолданылады. Мысалы: [С] дыбысымен жұмыс істеген кезде, балаларға суретте жыланның қалай ысқыратынын көрсетуге болады. [З] дыбысымен жұмыс барысында, аралар суреті мен олардың қалай ызылдайтынын айтып көрсету; [Р] дыбысында «т немесе д» дыбысымен қоса, трактордың қалай дыбыс шығаратынын көрсету. Тілдің, ерін орналасуына және ауа ағының бағытына ерекше назар аударылады. Осыдан кейін айна алдында дыбыстарды қайталау тапсырмасы беріледі. Механикалық жолмен қою түрі – шпатель, зондтар сияқты құралдармен қойылады. Логопедиялық сабақтарда дыбыстарды қою, артикуляциялау жұмыстары жүргізіледі. Әдетте мұндай сабақтардың ұзақтығы 20-30 минуттай жүргізіліп, атқарылады. Дыбыс артикуляциясы үш әдіс арқылы жетілдіріледі: еліктеу, сақталған дыбыстарды механикалық жолмен қолдау, аталған екі әдістің араласуы.

Экспериментке қатысқан балаларға дыбыстарды қою реті:

[с] – Айлана Н. (еліктеу бойынша)

[з] – Малика А. (еліктеу бойынша)

[ш] – Амир У., Айлана Н., Тимур Д., Асанали Ш. (механикалық әдіспен)

[ж] – Асанали Ш., Айлана Н. (еліктеу бойынша)

[л] – Амир У., Айлана Н. (еліктеу бойынша)

[р] – Амир У., Тимур Д., Айлана Н., Асанали Ш. (механикалық әдіспен)

Дыбыстарды түзету кезеңінде дыбыстарды түзетіп қою жұмысы ғана атқарылмай, дыбыстарды ажырату мен машықтандыру жұмысы да орын алады.


Машықтандыру жұмысы осындай реттілікпен іске асады:

1. буындардағы дыбысты машықтандыру;
2. сөздердегі дыбысты машықтандыру;
3. сөйлемдердегі дыбысты машықтандыру;
4. жаңылтпаштар, сөзұйқастар, тақпақ пен өлеңдерде дыбысты машықтандыру;
5. қысқа одан кейін үлкен мәтіндер қолданысымен машықтандыру жұмысы;
6. күнделікті әңгімелесу кезінде дыбысты машықтандыру. [6]

Көрсеткіш	Балалардың дыбыстық айтылу күйі (балл)				
	Амир У.	Айлана Н.	Тимур Д.	Малика А.	Асанали Ш.
	Ысқырық дыбыстар				
2.1	4	3	4	3	4
2.2	3	2	3	2	2
2.3	3	3	3	2	3
2.4	2	2	2	2	2
	Ызың дыбыстар				
2.1	3	3	3	3	3
2.2	3	2	2	2	1
2.3	2	2	2	1	1
2.4	3	3	2	1	2
	Үнді дыбыстар				
2.1	3	3	3	2	3
2.2	2	2	2	3	2
2.3	2	2	2	3	3
2.4	2	2	2	2	2

Түзету шараларынан кейін эксперименталды топтағы балалармен бастапқы зерттеудің диагностикалық әдістерін пайдалана отырып, қайтадан сынақ өткізілді.

Кесте-9. Дизартриясы бар мектеп жасына дейінгі балалардың түзетуден кейінгі дыбыстық айтылу аспектісінің күйі.



Сурет-2 салыстырмалы нәтижелер көрсетілген

Суретке қарап тұрсақ, балалардың барлығы дыбыс топтарында айтылымы жақсарғаны анық көрінеді. Әсіресе, анық және әсерлі нәтижелер ысқырық және үнді дыбыс топтарында байқалды. Осылайша, артикуляциялық гимнастика, фонематикалық қабылдауды жаттықтыру және де басқа түзету әдістері сөйлеу аппаратының жұмысын жақсартуға және дұрыс айтуды жақсартуға ықпал етті деген қорытынды жасауға болады. Дегенмен, дизартриясы бар балалардың барлық дыбыстарды дұрыс айта алуы үшін әлі де ауқымды жұмыс жасауы керек деген ойдамыз.

Дизартриясы бар балалардың сөйлеу бұзылыстары жоқ балалардың деңгейіне жақындауы үшін, басталып қалған жұмысты ары қарай жалғастыру – міндет. Жеңіл жағдайларда дизартриядан толығымен айырылу үшін кем дегенде бір жыл көлемінде түзету жұмыстарын атқару қажет, ал одан да ауыр жағдайларда 2-3 жылдан кем емес уақыт қажет болуы мүмкін. Тек сөйлеу тілін дамыту сабақтары ғана емес, тыныс алу мен артикуляциялық жаттығуларды

орындау, сондай-ақ логопедиялық массажды да қосып, қолдануға болады.

Осылайша, зерттеу жұмысы көрсеткендей, дизартриясы бар мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу бұзылыстарын түзетуге жеке сабақтар үлкен әсер мен ықпал етеді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Бірінші реттік тексерістен кейін балалармен жүйелі түзету жұмысы атқарылған болатын. Аталған түзету жұмысының ішіне артикуляциялық жаттығуларды жасау, тыныс алу гимнастикасы, дыбыстарды қою және оларды машықтандыру, күнделікі өмірде сөйлеу мен әңгімеге қосып, бекіту, фонематикалық естулерін дамыту сияқты жұмыстар атқарылған болатын. Атқарылған жұмыс нәтижесінде, балалардың көп бөлігінде ысқырық пен ызың дыбыстар тобы әсерлі нәтижеге ие болды.

Жеке логопедиялық сабақтарда дұрыс сөйлеу дағдылары қалыптасады, сөйлеуде өз-өзін бақылау да дамиды. Сабақтар дыбыстың айтылуын түзетуге, ауызша сөйлеудің компоненттерін, фонематикалық процестерді жетілдіруге және коммуникативті дағдыларды дамытуға бағытталған. Сондай-ақ, ерік-жігер, есту, қабылдау, есте сақтау бойынша жұмыстар жүргізілген болатын. Сондай-ақ, сөздік қор мен логикалық ойлау дамиды.

Материал зерттеуде көзделген барлық мақсаттардың дәйекті дамуын қамтамасыз ететіндей етіп таңдалған. Жеке логопедиялық сабақтарда дыбыстың айтылуын жақсарту үшін жаттығулар мен ойындар өткізілген болатын. Осылайша, зерттеу мақсатына қол жеткізіліп, алға қойылған міндеттер мен зерттеу жұмысының болжамы расталған болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <https://cyberleninka.ru/article/n/issledovanie-svyaznoy-rechi-u-detey-s-dizartriy/viewer> Филичева, Т.Б. Основы логопедии [Текст] / Т.Б. Филичева, Н.А. Чевелева, Г.В. Чиркина. – М.: Просвещение, 1989. – 223 с.
2. Логопедия бойынша хрестоматия (үзінділер мен мәтіндер): X 91 Жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы: 2 томда. Т. I / Ред. Л.С.Волкова және В.И.Селиверстов. — М.: Гуманитарлық. ред. VLADOS орталығы, 1997. - 560 б.
3. Логопедия в таблицах, схемах, цифрах / Т.В.Пятница. – Изд, 2-е, - Ростов н/Д : Феникс, 2010. – 173, [1] с.: ил. – (Библиотека логопеда).
4. Волкова Г.А. Логопедическая ритмика: учебник для студентов вузов. - М.: Владос, 2002. – 272с.
5. Архипова Е.Ф. – Коррекционно-логопедическая работа по преодолению стертой дизартрии у детей / Е.Ф. Архипов. – М.: АСТ: Астрель, 2008.-254 . [2 | е.: ил. — (Высшая Школа)

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНДА КӨРІНІС БЕРЕТІН ЭМОЦИОНАЛДЫҚ КҮЙДІҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мөлдір Сағиденова

*Әлихан Бөкейхан университеті, 6B03115 – «Психология» білім беру
бағдарламасының II курс студенті, Семей қаласы*

Ш.О. Орынғалиева

*ғылыми жетекші: PhD доктор, Әлихан Бөкейхан университеті,
Семей қаласы*

Түйіндеме. Мақалада эмоционалдық күй, оның ішінде мазасыздану феноменінің зерттелу мәселелері қарастырылады. Шетелдік психологиялық еңбектердегі мазасызданудың зерттелуі, ғылыми негіздеріне талдау жасалады. Эксперименттік зерттеу жұмыстарының нәтижелері баяндалған. Сонымен қатар, мазасыздану деңгейін төмендеу мақсатында құрастырылған коррекциялық жұмыс бағдарламасы құрастырылған.

Түйін сөздер: мазасыздану, эмоционалдық күй, дискомфорт, психокоррекция, эмоционалды қысым.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы изучения эмоционального состояния, в том числе феномена тревожности. Проводится исследование, анализ научных основ тревожности в зарубежных психологических работах. Представлены результаты экспериментальных исследовательских работ. Кроме того, разработана коррекционная рабочая программа с целью снижения уровня тревожности.

Ключевые слова: тревожность, эмоциональное состояние, дискомфорт, психокоррекция, эмоциональное давление.

Resume. The article examines the issues of studying the emotional state, including the phenomenon of anxiety. The research and analysis of the scientific foundations of anxiety in foreign psychological works are carried out. The results of experimental research are presented. In addition, a corrective work program has been developed to reduce anxiety levels.

Keywords: anxiety, emotional state, discomfort, psychocorrection, emotional pressure

XX-шы ғасырдың басында шетелдік және отандық психологияның өзекті мәселелерінің бірі жағымсыз эмоционалды жағдайларды, яғни ашу, агрессия, кінәлау сезімі, мазасыздану, стресс, дистрессі зерттеу болды. Психология тарихында мазасыздануды түсіну ең алдымен жеке тұлға туралы түрлі теориялардың дамуымен байланысты. «Мазасыздану» түсінігін психологияға психоаналитиктер және психиатрлар енгізді. Психоанализдің көптеген өкілдері мазасыздануды жеке тұлғаның тума қасиеті және ол адамға о бастан-ақ тән күй ретінде қарастырды. «Мазасыздық» түсінігін психологияға З.Фрейд енгізді және қазіргі таңда оны көптеген ғалымдар (О.А.Черников,

О.Кондаш, Ф.Перлз және басқалар) оны қорқыныштың бір түрі ретінде қарастырады. Ол жеке адам дамуын тежейді, себебі онымен күрес кезінде өте көп энергетикалық ресурстар шығындалады. З.Фрейдтің пікірі бойынша, адамда кездесетін кез-келген қауіпті және мазасыздану ситуациясы құрамында құштарлық объектісін жоғалту жатады, яғни адамның бірнеше тума әуестік инстинктері бар. Олар оның көңіл-күйін анықтайды, адам мінез-құлығының қозғаушы күші болып табылады.

Э.Фромм, К.Хорни, Г.С.Салливан сияқты неофрейдистер жұмыстарында маза мен мазасыздық мәселесіне көп көңіл аударылған. Олар мазасыздықтың көзі әлеуметтік орта болатын, жеке адамның базалық құрылуы деп есептеді. Адамдар тумасынан мазасыз болмайды, олардың мазасыз болуына өмірлік жағдайлар себепші болады.

Г.С.Салливан да К.Хорни сияқты, мазасыздануды тұлғааралық қарым-қатынас жемісі деп санайды, және бұл алғашқыда анасынан баласына беріледі дейді. Осы мазасыздықтан қашудың жолы: адамдар өз мінез-құлқын бақылау мен қорғаудың түрліше тәсілдерін қолданады. Нақ осы қорғаныс шаралары «Мен» жүйесін қалыптастырады. «Мен» адамды мазасызданудан қорғайды, әрі жоғары деңгейлі өзін-өзі сыйлау арқылы бекиді, өзін сыннан да қорғайды.

Ч.Д. Спилберг ситуациялық мазасыздануды «эмоциялық реакция» ретінде анықтайды, ол жайсыздықты алдын-ала сезумен, қысымды, невротизмді, мазасыздануды субъективті түйсінулермен сипаттайды және вегетативті жүйке жүйесінің белсенділігімен қатар жүреді деген [1].

Мазасызданудың оптималды деңгейі Йеркс-Досон заңы бойынша іс-әрекет өнімділігін көтереді. Мазасызданудың ұзақ уақыт сақталған жоғары деңгейі дезадаптивті реакция болып табылады және әртүрлі невротикалық бұзылулардың генезисі ретінде көрініс береді.

Мазасыздану мәселесін К. Хорнидің [2] зерттеулерінде жиі кездестіруге болады. Автор өз теориясында жеке тұлғаның үрей және мазасызданудың қайнар көзі биологиялық құштарлық пен әлеуметтік тыйымдардың арасындағы конфликт емес, ол - дұрыс емес адамдық қарым-қатынастар. «Невротическая личность нашего времени» кітабында Хорни 11 жүйелік қажеттіліктерді атап көрсетеді. «Осы қажеттіліктерді қанағаттандыру көмегімен адам үрейден құтылуға тырысады, бірақ жүйкелік қажеттіліктер тойымсыз, оларды қанағаттандыру мүмкін емес, ал бұдан шығатыны үрейден құтылудың жолы жоқ» деп есептеді К.Хорни.

А.М. Прихожан: [3] «Мазасыздану – бұл төніп келе жатқан қауіпті алдын-ала сезінумен, сәтсіздікті күтумен байланысты, эмоционалдық дискомфортты уайымдау» - деп нақтылады.

Мазасыздануды эмоционалдык күй ретінде және жекелік кескін немесе темпераменттің тұрақты қасиеті ретінде де айырып көрсетеді.

Р.С. Немовтың анықтамасы бойынша: «Мазасыздану - әлеуметтік құрылымдағы жағдайда қорқыныш пен үрейді сезіну, жоғарғы алаңдаушылық күйіне әкелетін адамның тұрақты немесе ситуативті көрініс болып табылатын қасиеті» [4].

Г.М.Бреславтың пікірі бойынша [5], мазасыздық – әртүрлі стресстік сезімдердің бастауларына негіз болатын, тұлғалық сапа. Мазасыздану – үнемі өз ішкі «Меніне» қауіп қатердің туындау жағдайымен көрінетін индивидтің негізгі параметрлері.

О.Х. Маурердің ойынша, мазасызданудың функциясы – төніп келе жатқан қауіп пен қорқыныш сезімдерін алдын-алатын немесе белгі беретін жүріс-тұрыс формасы [6].

Л.А.Китаев-Смык өз кезегінде мынаны белгілейді, «психологиялық зерттеулерде мазасызданудың екі түрінің анықтамасы соңғы жылдары кеңінен тарала бастады». Олар: «Мінездің мазасыздануы» және «ситуативтік мазасыздану» [7].

А.В. Петровскийдің анықтамасы бойынша [8]: «Мазасыздану – үрейдің реакциясының туындауының төменгі сатысын сипаттайтын индивидтің қатерді уайымдауға бейім болуы және жекелік ерекшеліктердің негізгі параметрінің бірі. Мазасыздану әдетте, жүйкелік психикалық және ауыр соматикалық ауруларда жоғары болады, сонымен қатар психотравма салдарын өткізіп жатқан сау адамдарда көптеген топ мүшелерінде жекелік сәтсіздіктің субъективті көрінісінің бұзылуы».

Мазасыздық ұғымын көптеген зерттеушілермен құрастырылып, әр түрлі трактаттарда жазылған. Бірақ барлық ұғымдардың түп мағынасы бір жерге келіп тоқталады. Мазасыздану бұл: тұлғаның индивидуалды психологиялық ерекшелігі; психологиялық құбылыс; адамның мазасыздыққа берілу сезімі; жоғарғы деңгейдегі уайым сезімі.

Мазасыздану эмоциялық күйінің көрінісіне берілген анықтамаларды талдай келе, бастауыш сынып оқушыларының мазасыздану деңгейін диагностикалау мен психокоррекциялық бағдарлама мазмұнының жүйесін зерттеу жұмысымыздың мазмұнын айқындады.

Зерттеу жұмысы жанында интернаты бар № 42 жалпы білім беретін орта мектебінің 4 сынып оқушыларына жүргізілді. Зерттеу жұмысына барлығы 42 оқушы қатысты. Эксперимент тобы – 20, бақылау тобы – 22 оқушы

Зерттеу кезеңдері:


1. Айқындау – бастауыш сынып оқушыларының мазасыздану күй жағдайларын диагностикалық әдістемелер негізінде зерттеп, анықтау;

2. Психологиялық коррекция жұмыстарының бағдарламаларын құру;

3. Бақылау – түзету жұмыстарынан кейін алғашқы айындау кезеңінің қорытындыларымен бақылау кезеңіндегі зерттеулерді салыстыру. Жұмысты қорытындылау.

1) Бастауыш сынып оқушыларының мазасыздану деңгейін анықтау мақсатында «Мектептегі бастауыш сынып оқушыларының мазасыздану деңгейін диагностикалауға» арналған Р.Ф.Филлипстің әдістемесі қолданылды Әдістеменің мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының мазасыздану деңгейін зерттеу.


«Мектептегі бастауыш сынып оқушыларының мазасыздану деңгейін диагностикалауға» арналған Р.Ф.Филлипстің әдістемесі бойынша жүргізілген зерттеу қорытынды нәтижесінде, бақылау тобында 18 % мазасызданудың жоғарғы деңгейін көрсетсе, 14 % өте жоғарғы көрсеткішті, 68 % мазамызданудың қалыпты деңгейін көрсетті. Эксперимент тобында - 20 % мазасызданудың жоғарғы деңгейін көрсетсе, 15 % өте жоғарғы көрсеткішті, 65 % мазасызданудың қалыпты деңгейін көрсетті. байқалды. Мазасыздану белгілері бойынша мектептік үрей яғни, мектеп өмірімен байланысты баланың жалпы эмоционалдық көңіл-күйі бойынша жоғарғы пайыздық көрсеткіштерді көрсетті. Жетістікке жоғары нәтижеге жетуде кедергі жасайтын жағымсыз факторлардың бірі ретінде мазасыздану белгісі екінші орында.



Сурет 1 Мазасыздану деңгейін анықтауға арналған Филлипс әдістемесі бойынша пайыздық көрсеткіштері, %

2-әдістеме: Р.Тэмм, М.Дорки, В.Аменмен бастауыш сынып оқушыларының мазасыздану деңгейін тестілеуге арнап құрастырылған. Тақырыбы: «Қажетті бет әлпетті таңдап ал». Әдістеменің мақсаты: күнделікті өмірлік жағдайда айқын көрінетін баланың мазасыздану деңгейін зерттеу және бағалау.

Зерттеудің қорытынды нәтижесі бойынша, оқушылардың эксперимент тобы бойынша 55%-ында мазасыздану деңгейі жоғары, 30% -да орташа және қалған 15% -ы мазасыздану деңгейінің төменгі көрсеткішін көрсетті. Бұл дегеніміз сыныптың 50% -нан көбі мазасыздану деңгейінің жоғарғы нәтижесін көрсетті. Яғни бұл сыныппен психолог мазасыздану деңгейін төмендетуге бағытталған коррекциялық дамытушылық жұмыс түрлерін жүргізуі қажет.



Сурет 2 «Қажетті бет әлпетті таңдап ал» әдістемесінің көрсеткіші

Айқындаушы эксперимент барысында жүргізілген диагностикалық жұмыстардың қорытынды нәтижесі бойынша, бастауыш сынып оқушыларының басым бөлігінде мазасызданудың жоғары деңгейі байқалды. Жоғарғы деңгейдегі мазасыздану сезімін төмендету мақсатында психокоррекциялық бағдарлама құрастырылды. Бастауыш сынып оқушыларының мазасыздану деңгейін түзету-дамыту мақсатына бағытталған «Өзіме сене аламын» атты бағдарлама. Бағдарламаның негізгі мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының мазасыздану деңгейін алдын-алу.

Бағдарламаның міндеті:

1. Оқушылардың бойында өзін-өзі адекватты бағалауы мен өзіне деген сенімділігін қалыптастыру;
2. Бұлшықет және эмоционалды қысымнан арылудың дағдыларын дамыту;
3. Әр түрлі өмірлік ситуацияларда қарым-қатынас дағдыларын дамыту;
4. Баланы өз-өзін түсіне білуіне үйрету;

5. Өзге адамдарға сенім және түсіністік сезімімен қарауға дағдыландыру; Мақсатты түрде бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілетін коррекциялық жұмыстар бірнеше бағытта жүргізіледі:

6. өз күшіне деген сенімін жоғарылату;
7. өзге адамдарға сенім қасиетін қалыптастыру;
8. бұлшықет қысымын төмендету;
9. ұжымдық жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;

10. балаға кері әсер ететін жағдайларда өз-өзін басқара білу дағдысын үйрету;

Әр түрлі бағыттағы жұмыс бір уақыт аралығында жүзеге асуы мүмкін. Бағдарлама әр түрлі жаттығулардан, этюдты бөлімдерден, рөлдік ойындардан, ертегілерден тұрады.

Түзету-дамыту жұмысының нәтижесінен кейін біршама азайды. Оны бақылаушы эксперимент нәтижесінде жүргізілген диагностикалық жұмыстардың қорытынды көрсеткіштерінен байқауға болады.

Бұдан шығатыны, коррекциялы-дамытушылық жұмыс, бала бойындағы мазасыздану деңгейінің төмендеуіне тиімді әсер етеді. Осылайша, коррекциялық-дамытушылық жұмысқа дейінгі және кейінгі алынған ортақ мәндерінің арасында анық статистикалық айырым бар екені анықталды. Олар, шынында да, анық ерекшеленгендіктен мынадай қорытынды шығаруға болады: топта жүргізілген коррекциялы дамытушылық жұмыс бастауыш сынып жасындағы балалардың мазасыздануларының төмендеуіне септігін тигізді. Бақылаушы эксперимент нәтижелерінің сапалы анализі, бастауыш сынып жасындағы балалардың мазасыздануларының төмендеуіне өзара іс- әрекеттік құрылымдық тәсілдерінің дамуына, белсенді кірісуге мүмкіндік беретін және жақсы нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған коррекциялы- дамытушылық шаралардың жүйесі арқылы мүмкін болды деген қорытынды негіз болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Спилберг Ч. Концептуальные и методологические проблемы исследования тревоги. М., Пэрс 2008
2. Хорни К. Невротическая личность нашего времени.- М: Академический проект 2009
3. Прихожан А.М. Психология тревожности: дошкольный и школьный возраст – СПб: Питер 2007
4. Психологическая диагностика и коррекция личности школьника / Отв. ред. И.Ф. Мягков. — Воронеж: ВГПИ, 1991.
5. Бреслав Г. М. Психология эмоций / - 3-е изд. Мастер. — М. : Смысл ; Издательский центр «Академия», 2007 — 544 с.
6. Mowrer O. H. Learning Theory and Behaviour. — N. Y.: John Wiley, 1960.

7. Макшанцева Л. В. Тревожность и возможности ее снижения у детей, начинающих посещать детский сад // Психологическая наука и образование. - 1998. - № 3. - С. 39-48.
8. Хабирова Е. Р. Тревожность и ее последствия // Ананьевские чтения – 2003 СПб., 2003 С. 301-302.

РАЗВИТИЕ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО БЛАГОПОЛУЧИЯ ДЕТЕЙ В ПРОЦЕССЕ ФОРМИРОВАНИЯ ДЕТСКО-РОДИТЕЛЬСКИХ ОТНОШЕНИЙ

Сайфулина А.К.

*Магистрант Павлодарского педагогического университета
имени Әлкей Марғұлан, г.Павлодар,*

Сарсенбаева Б.Г.

*научный руководитель: к.п.н., профессор высшей школы педагогики,
г.Павлодар*

Аннотация: Бұл жұмыста бала мен ата-ана қарым-қатынасын қалыптастыру процесінде мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалдық сферасының дамуына әсер ететін психологиялық-педагогикалық даму жағдайлары қарастырылады. Мектепке дейінгі балалық шақ – тұлға дамуының алғашқы кезеңі, онда әлеуметтік өзара әрекеттесу тұлға дамуының маңызды факторы болып табылады. Эмоциялар әлеуметтік өзара әрекеттесу процесінде шешуші рөл атқарады. Адамның эмоционалдық саласы - күрделі реттеу жүйесі, бұзылулар жеке адамның сыртқы әлеммен еркін әрекеттестігіне кедергі келтіреді, жеке дамудың ауытқуларына әкеледі және физикалық бұзылулардың пайда болуын ынталандырады. Бұл мақалада эмоционалдық саланың қалыптасуына теориялық талдау берілген, сонымен қатар отбасындағы бала мен ата-ана қарым-қатынасының ерекшеліктері қарастырылған.

Кілт сөздері: отбасы; даму; эмоционалдық сала; мектепке дейінгі жас; мінез-құлық; тұлғалық; эмоционалды мінез-құлық.

Аннотация: В данной работе рассмотрены психолого-педагогические условия развития, оказывающие влияние на развитие эмоциональной сферы детей дошкольного возраста в процессе формирования детско-родительских отношений. Дошкольное детство — это ранняя стадия развития личности, где социальное взаимодействие является наиболее важным фактором развития личности. Эмоции играют решающую роль в процессе социального взаимодействия. Эмоциональная сфера человека представляет собой сложную регуляторную систему, нарушения в которой препятствуют свободному взаимодействию личности с окружающим миром, приводят к отклонениям в развитии личности и стимулируют возникновение физических нарушений. В данной статье представлен теоретический анализ формирования эмоциональной сферы, а также рассматриваются особенности детско-родительских отношений в семьях.

Ключевые слова: семья; развитие; эмоциональная сфера; дошкольный возраст; поведение; личность; эмоциональное поведение.

Abstract: *This paper examines the psychological and pedagogical conditions of development that influence the development of the emotional sphere of preschool children in the process of forming child-parent relationships. Preschool childhood is an early stage of personality development where social interaction is the most important factor in personality development. Emotions play a crucial role in the process of social interaction.*

The emotional sphere of a person is a complex regulatory system, disturbances in which interfere with the free interaction of the individual with the outside world, lead to deviations in personal development and stimulate the occurrence of physical disorders. This article presents a theoretical analysis of the formation of the emotional sphere, and also examines the features of child-parent relationships in families.

Keywords: *family; development; emotional sphere; preschool age; behavior; personality; emotional behavior.*

Семья и семейные отношения играют важнейшую роль в формировании личности ребенка. С самых первых минут жизни ребенка родители приобретают статус жизненно важных фигур, обеспечивают основные потребности, его психологическое и физическое здоровье полностью зависит от них. С.Л. Рубинштейн говорил: «Отношение к другому человеку, к людям составляет основную ткань человеческой жизни, ее сердцевину [5; С 140].

По мнению исследователей Б.Г. Ананьева и В.Н. Мясищева детско-родительские отношения – это отношения которые имеют избирательную в эмоциональном и оценочном плане психологическую связь ребенка со своими родителями, проявляются такие отношения в переживаниях, действиях, реакциях связанных с возрастными психологическими особенностями детей, культурными моделями поведения и собственной жизненной позицией определяющую особенности восприятия ребенком своих родителей и способом общения с ними [1; С 56].

У детей дошкольного возраста складываются сложные и разнообразные отношения с окружающим обществом, благодаря которому определяется развитие их личности. Общение с родителями – это первый опыт взаимодействия с окружающим миром. Этот опыт интегрируется и формирует определенные модели поведения с другими людьми, которые передаются из поколения в поколение. В каждом обществе формируется своя культура детско-родительских отношений и взаимодействий, которая, в свою очередь, создает социальные стереотипы и определенные установки, и мнения о воспитании детей в семье.

Эмоциональное развитие и психологическое состояние детей во многом зависит от родительского отношения к своему ребенку с самого

рождения. Дети чрезвычайно чувствительны к тому, как к ним относятся родители. Ребенок с самых малых лет начинает чувствовать отношение родителей, именно по этой причине ребенок может требовать больше внимания к себе, так как хочет чувствовать себя нужным и любимым.

Многочисленные психологические исследования показывают, что на восприятие ребенка и отношение к нему влияют множество факторов, среди которых только некоторые непосредственно связаны с чертами самого мальчика или девочки. Итак, на отношение родителя к ребенку влияют:

1) Детский опыт самих родителей. Люди, став взрослыми, зачастую в своей собственной семье неосознанно формируют отношения, которые сложились в семье родителей, а также воспроизводят те проблемы, которые они не смогли решить в детстве.

2) Нереализованные потребности родителей. Иногда некоторым родителям следствия взросления воспринимаются как угроза собственному благополучию, вследствие чего, они могут неосознанно препятствовать установлению ребенком тесных контактов вне семьи, стремиться принимать участие во всех сферах жизни своего ребенка.

3) Личностные особенности родителей. Действие этого фактора отследить наиболее сложно, для многих родителей, однако при некотором навыке или с помощью специалиста вполне возможно осознать наличие у себя тех или иных черт и их влияние на восприятие ребенка. [2; С 66].

По мнению Е.И.Захаровой выделяются 3 блока эмоционального взаимодействия между родителем и ребенком [3; С 38]. Это чувствительный, поведенческий и блок эмоциональных проявлений. Давайте более подробнее рассмотрим каждый блок.

Первый блок – родительская чувствительность. В этот блок входят черты, отражающие особенности восприятия и способность распознавать эмоциональное состояние ребенка. Любящие родители очень чувствительны к небольшим изменениям в эмоциональном состоянии ребенка, что проявляется в способности матери понимать причины состояния ребенка, сопереживать и сочувствовать его проблемам во время взаимодействия.

Второй блок эмоциональной экспрессии включает в себя чувства и эмоции, которые испытывает мать при взаимодействии с ребенком. Если мать испытывает искреннюю заботу, сочувствие и привязанность к ребенку, а ребенок испытывает то же самое по отношению к матери, возникает позитивный эмоциональный фон; если же мать испытывает гнев, разочарование и т. д. по отношению к ребенку, возникает

напряженный эмоциональный фон. В этот блок также входят особенности отношения к себе как к родителю.

Третий блок поведенческих признаков - поведенческие признаки взаимодействия - является отражением родительской чувствительности и особенностей эмоционального взаимодействия матери и ребенка. Это и эмоциональная поддержка ребенка, и стремление к физическому контакту, и способность влиять на эмоциональное состояние ребенка.

Поэтому, семья – это среда, в которой создаются условия для физического, психического, эмоционального и интеллектуального развития ребенка. С самого раннего возраста семья остается для детей главной и единственной моделью социальных отношений. Здесь они усваивают общечеловеческие нормы и ценности, формируют первые устойчивые впечатления об окружающем мире.

Семья, не только закладывает основы формирования личности, но и обеспечивает необходимые условия для ее развития. Влияние семьи означает, что дети открыты для влияния воспитания. Семейное воспитание имеет множество преимуществ. Среди них: оно основано на авторитете родителей; его влияние на личность ребенка индивидуально; любовь родителей обогащает эмоции ребенка; семья передает социальный опыт подрастающему поколению и является важнейшим этапом социализации личности [4; С 111].

В каждой семье складывается своя система бессознательного воспитания, которая включает в себя собственное понимание целей воспитания, постановку воспитательных задач, применение методов и приемов воспитания, рефлексия по поводу того, что допустимо и недопустимо по отношению к ребенку.

Эмоциональное благополучие формируется под влиянием заботы, поддержки, проявления любви и позитивного эмоционального отношения родителей к своим детям. Позитивное отношение родителей к своим детям придает им уверенность и защищенность. Качественное развитие личности ребенка неразрывно связано с выбором воспитательной стратегии, которую осуществляют его родители. При анализе различных подходов к семейному воспитанию следует уделить внимание родительским установкам и поведенческим моделям. В современной педагогике выделены оптимальные и неоптимальные родительские стратегии. [7; С 56].

Наиболее привлекательной, адекватной и прогностичной является оптимальная родительская стратегия. Адекватность данной стратегии заключается в способности родителей учитывать индивидуальные особенности своего ребенка, понимать его внутрен-

ний мир. Гибкость предполагает готовность к адаптации воздействия на ребенка в соответствии с изменяющимися обстоятельствами семейной жизни. Прогностичность родительской стратегии означает, что не ребенок диктует свои условия, а стиль общения предвосхищает появление новых психологических и личностных черт у детей.

Неэффективные отношения изучаются более конкретно в рамках ориентации, при которой в силу различных обстоятельств семейные (невнимательные, равнодушные или, наоборот, чрезмерно воспитанные) установки значительно снижают социальную активность детей, то есть дети ограничиваются и замыкаются в себе. Негативные эмоции более конкретно изучаются в рамках сферы невлияния на других, то есть формирования эмоционального неблагополучия ребенка в зависимости от обстоятельств в семье.

Рассмотрим несколько методик, направленные на определение эмоционального состояния ребенка дошкольного возраста:

Методика – «Страна эмоций» (Громова Т.В.) психологическая методика, направленная на диагностику и коррекцию эмоционально-волевой сферы ребенка. Данная методика содержит стимульный материал в виде авторских рисунков. Забавные сказочные персонажи помогут ребенку познакомиться со своими эмоциями и подружиться с ними. Методика имеет широкий спектр применения, может быть использована как в индивидуальной, так и групповой работе. Рекомендуются для работы с детьми старшего дошкольного и младшего школьного возраста.

Методика «Изучение понимания эмоциональных состояний людей, изображенных на картинке» (Е.И. Изотова). Детям даются 6 картинок с изображением детей и взрослых, у которых ярко выражено эмоциональное состояние как основных эмоций (радость, страх, гнев, горе, обида, сочувствие) ребенку тематические картинки с изображением детей и взрослых и задавать вопросы: «Как чувствуют себя люди, представленные на фотографиях? Как вы догадались? Есть ли у вас такое чувство? Когда?».

Тест «Распознавание эмоций» (по Чередниковой Т.В).

Ребенку предлагается рассмотреть 3 ряда картин с изображениями различных персонажей, связанных между собой любой эмоционально значимой ситуацией. В каждом случае ребенок должен понять эти взаимосвязи на основе анализа эмоциональных состояний, отраженных в мимике каждого из героев ситуации. Все фотографии предлагаемых ситуаций сопровождают специальные вопросы, которые направляют ребенка в поисках необходимого образа.

В заключении следует отметить, что семья – величайшая ценность и жизненно важная потребность для каждого человека. Именно в семье, особенно в раннем детстве, когда ребенок интенсивно впитывает знания, навыки, жизненные впечатления, овладевает опытом поведения, у него закладываются социальные основы личности. Для эмоционального благополучия дошкольников необходимы благоприятная обстановка и уверенность в себе адекватная самооценка.

Список используемой литературы:

1. Возрастная и педагогическая психология: Хрестоматия: /Сост. И.В.Дубровина А.М. Прихожан, В.В. Зацепин. – М.: Академия, 2006.
2. Дружинин В.Н. Психология семьи. - СПб.:Питер 2006.-176 с.
- 3.Захарова Е.И. Исследование особенностей эмоциональной стороны детско-родительского взаимодействия // Психолог в детском саду. - 1998.- №1.
4. Мастюкова Е. М., Московкина А. Г. Семейное воспитание детей с отклонениями в развитии: Учеб. пособие / Под ред. В.И.Селиверстова. —М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2003. — 408 с.
5. Рубинштейн С. Л. Основы общей психологии / С. Л. Рубинштейн. – СПб.: Питер, 1999. – 720 с.
6. Эльконин Д.Б. Детская психология. – М., 2000. – 438 с.
7. Янкина Е.И. Эмоции в развитии интеллекта ребенка дошкольного возраста, 1999. – 264 с

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА АЛГЕБРА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ОҚЫТУ

Павлодар педагогикалық университетінің студенті,

К. С. Сапарова

Ғылыми жетекші: педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор

М. А. Кененбаева

Аңдатпа: Берілген мақалада бастауыш мектепте математика сабақтарында алгебра элементтерін оқытудың ғылыми - теориялық негіздері ұсынылған. «Алгебра» ұғымына және оның элементтеріне анықтама берілді. Бастауыш сыныпта оқытылатын алгебра элементтерін 1 – 4 сыныптар аралығында жеке – жеке қарастырылды. Бастауыш мектеп бағдарламасына алгебра элементтерін енгізудің маңыздылығы және осы материалды оқытудың әртүрлі тәсілдері қарастырылады.

Кілтті сөздер: алгебра, алгебра элементтері, өрнек, теңдік, теңсіздік, теңдеу.

Аннотация: В статье представлены научно-теоретические основы преподавания элементов алгебры на уроках математики в начальной школе. Дано определение понятия «алгебра» и ее элементов. Элементы алгебры, преподаваемые в начальной школе, рассматривались индивидуально в период с 1 по 4 классы. Обсуждается важность введения элементов алгебры в программу начальной школы и различные способы преподавания этого материала.

Ключевые слова: алгебра, элементы алгебры, выражение, равенство, неравенство, уравнение.

Abstract: The article presents the scientific and theoretical foundations of teaching algebra elements in mathematics lessons in elementary school. The definition of the concept of "algebra" and its elements is given. The elements of algebra taught in elementary school were considered individually in the period from grades 1 to 4. The importance of introducing algebra elements into the primary school curriculum and various ways of teaching this material is discussed.

Keywords: algebra, elements of algebra, expression, equality, inequality, equation.

Қазіргі даму кезеңінде математиканың бастапқы курсына оқу әдістемесі бастауыш сынып оқушысының математикалық түсініктерін қалыптастыруды ғана емес, сонымен қатар оқушыны тікелей тәрбиелеу мен дамытуды көздейді. Қазіргі білім беру дамыта отырып, бастауыш сынып оқушысының интеллектуалдық дамуының, оның танымдық қызығушылықтары мен қабілеттерінің жеткілікті деңгейін қамтамасыз етуі керек [1, 70б].

Мақаланың негізгі мақсаты – бастауыш мектеп математикасындағы алгебралық ұғымдар және оны оқыту әдістемесінің ғылыми-теориялық негіздерін және оқыту барысында қолданылатын әдіс – тәсілдерді айқындау.

Алгебра — математиканың арифметика мен геометриямен қатар осы ғылымның ең көне салаларының қатарына жататын бөлімі.

Алгебраның негізгі ұғымдарын игеру бастапқы деңгейдегі математикалық білім берудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және оқушылардың логикалық ойлауы мен аналитикалық дағдыларын дамытуға көмектеседі.

1969 жылғы бағдарламаға сәйкес математиканың бастауыш курсына алгебра элементтері енгізілді. Алгебралық материал 1-ші сыныптан бастап арифметикалық шама және геометриялық материалдармен тығыз байланыста оқылады. Алгебра элементтерін енгізу сан, арифметикалық амалдар, математикалық қатынастар туралы ұғымдарды жалпылауға көмектеседі, сонымен қатар балаларды келесі сыныптарда оқуға дайындайды. Негізгі алгебралық ұғымдарға курста “санды теңсіздік және теңдік”, “өрнек”, “санды өрнектің мәні”, “қосындының мәні”, “айырманың мәні”, “әріпті өрнек”, “әріпті өрнектің мәні”, “әріптің әрбір мәніне өрнектің бір ғана мәнінің сәйкес болатыны”, “қарапайым теңдеулер және оларды шешу тәсілдері”, “алгебралық тәсілмен есептер шығару” және тағы басқалары жатады. Бұл ұғымдарға бастауыш сыныптарда анықтама берілмейді, олар көрнекілік, жаттығулар арқылы қалыптастырылады [2].

Төртінші сыныптағы математикалық білімнің мазмұнында 1 – 3 сыныпта өтілетін алгебра элементтерінің мазмұндық – әдістемелік желілері әрі қарай сабақтастыра жалғастырылады. Осы бағыт бойынша бастауыш буынның соңғы 4 – сыныбында қайталау мен пысықтау және қорытындылау онтайлы үйлестіріледі.

Математиканың бастапқы курсының негізі натурал сандар арифметикасы болып табылады. Оған сонымен қатар, сан туралы ұғымдарды меңгеруге неғұрлым жоғары деңгейде ықпал ететін арифметикалық білімдер жүйесіне геометрия мен алгебра элементтері де кіреді.

1 – сынып оқушылары «теңдік», «теңсіздік», «өрнек», «санды өрнек», «әріпті өрнек», «теңдеу» терминдерімен таныса бастайды.

2 – сынып оқушылары 1 – сыныпта танысқан алгебра элементтерін оқуды жалғастырады, бірақ берілген есептер күрделене түседі. Мысалы: «көбейту және бөлуге берілген теңдеулер шығару», «теңдік және теңсіздікті құру» және т.б.

3 – 4-сыныптарда алгебра элементтерін қолданып көп таңбалы сандармен есептер шығарады. Мысалы: «өрнектердегі амалдардың орындалу ретін анықтау, олардың мәнін табу», «сан есеп бойынша өрнек құру», «өрнек құру», «есептерді теңдеу құру арқылы шығару» және т.б.

Сандарды және амал таңбаларын пайдаланып орындалған жазу – *өрнек* болып табылады. Ал амалды орындағанда шыққан нәтиже – *өрнектің мәні* деп аталады. Осыны басшылыққа ала отырып, ілгеріде қарастырылатын қарапайым өрнектердің атаулары енгізіледі. Мәселен «қосынды» деп «+». Ал «айырма» деп «-» таңбасы мен сандарды пайдаланып орындаған жазуды айтады. Амалдың нәтижесін «қосынды» және «айырма» деп атамай, «қосындының мәні» және «айырманың мәні» деп атаған жөн. Сонда математикалық терминдерді қолдануда бірізділік сақталады, яғни «өрнек», «қосынды» және «айырма», «өрнектің мәні» - «қосындының мәні» және «айырманың мәні» терминдері мағыналық тұрғыдан алғанда бір–бірінен туындайтын болады [2].

Бастауыш сыныптарда қарапайым өрнек (екі санның қосындысы, айырмасы, көбейтіндісі, бөліндісі) және күрделі өрнектер (көбейтіндімен санның қосындысы, қосынды мен санның көбейтіндісі, т.б) туралы ұғым қалыптастырылады.

Санды өрнектермен жүргізілген жұмыстардың табиғи жалғасы ретінде 1 сыныпта 3-ші тоқсанның соңында **әріпті өрнек** жайында түсінік қалыптастырылады. Мұнда құрамында бір ғана әріп болатын әр алуан қосындылар мен айырмалар құруға, әріптің берілген мәндерінде, олардың мәндерін табуға, оларды оқуға және жазуға қатысты білік пен дағдылардың негізін қалаумен шектелу көзделеді.

Сандарды салыстыру – заттардың екі тобын алып, яғни көрнекілікке сүйеніп, қай топта заттардың артық, кем немесе сонша екенін анықтаумен байланыстырылады және салыстырудың нәтижесі сәйкес сандардың және қатынас таңбаларының (“>”, “<”, “=”) көмегімен жазылып көрсетіледі, ал шыққан жазулар сәйкес теңдік немесе теңсіздік деп аталатыны айтылады. Әрі қарай қосу мен азайту амалдарының және теңдік таңбаларының көмегімен орындалатын жазулардың да теңдік болатыны айтылады. Әрдайым теңдік немесе теңсіздік құру көрнекілікке сүйеніп жүзеге асырылады. Теңдік немесе теңсіздік құру, оқу және жазу қатар қарастырылады, сонымен қоса әр жаңа санның енгізілуіне орай біртіндеп күрделене береді және тиянақтала түседі.

Теңдеу – құрамында әріпті өрнек болатын теңдік түрінде енгізіледі және сол теңдікті тура санды теңдікке айналдыратын әріптің мәнін табу деп есептеледі. Бастауыш мектептің математика сабағында теңдеу әріпті қамтитын теңдік ретінде түсіндіріледі. Теңдеуді шешу дегеніміз – әріптің қандай мәндерінде теңдеу дұрыс теңдікке айналатынын білу. Математиканың бастауыш курсына теңдеулерді енгізудің мақсаттарының бірі жалпы білім беретін мектептің бастауыш және орта буыны арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету болып табылады [3, 35 б.].

Оқушылардың алгебралық материалды меңгеру процесін ұйымдастыру келесі ережелерге негізделген:

– алгебралық ұғымдар бастауыш мектептің математика курсына арифметикалық материалды оқумен тығыз байланыста енгізіледі және оның мазмұнына қарай дамытылады;

– алгебралық материалды бастапқы математика курсына енгізу, ең алдымен, мектеп оқушыларының абстрактілі ойлауын қалыптастыруға және сол арқылы олардың арифметикалық сұрақтарды меңгеру деңгейін арттыруға ықпал етуі керек [3,8 б].

Мақала бастауыш мектеп математикасындағы алгебралық ұғымдар және оны оқыту әдістемесінің ғылыми-теориялық негіздерін және оқыту барысында қолданылатын әдіс – тәсілдерді айқындауға бағытталған болатын. Осының негізінде Павлодар қаласының №2 жалпы орта білім беру мектебінде тәжірибелік жұмыс жүргізілді. Тәжірибе барысында 3 сынып өткен оқу жылында, осы сынып биыл 4 сыныптарға алгебра элементтерін оқытуда қолдануға болатын әдіс – тәсілдер құрастырылды. Бұл әдіс – тәсілдердің негізгі мақсаты алгебра элементтері бар есептерді сыныптың жартысынан көп оқушылардың жылдам әрі дұрыс шығара алу қабілеттерін арттыру. Сонымен қоса, оқушыларды таутлықта бірлесе жұмыс істеуге бағыттау.

1. «Бинго»

Шарты: оқушыларға 5x3 шаршысында әртүрлі сандар орналасқан парақ беріледі. Power Point бағдарламасы арқылы есептер кезек кезек көрсетіліп отырады. Оқушылар жылдамдыққа ол есептерді шығарып, бинго парағындағы санға сәйкес келсе бірден белгілеп отырады. Бинго парағының кез келген жолын қай оқушы бірінші болып жылдам белгілесе, сол оқушы жеңімпаз атанады.

Ескерту: сыныпта тыныштық сақталуы қажет.

1 – ші нұсқа

25	49	60	14	38
24	52	30	45	18
63	10	40	56	27

2 – ші нұсқа

24	27	30	10	56
25	52	63	27	49
60	14	40	38	18

- 1) $5 \times 5 = 25$
- 2) $40 + (3 \times 3) = 49$
- 3) $90 - 30 = 60$
- 4) $28 : 2 = 14$
- 5) $(5 \times 7) + 3 = 38$
- 6) $30 - 6 = 24$
- 7) $(25 \times 2) + 2 = 52$
- 8) $10 + 10 + 10 = 30$
- 9) $9 \times 5 = 45$
- 10) $(2 \times 10) - 2 = 18$
- 11) $(6 + 3) \times 7 = 63$
- 12) $50 : 5 = 10$
- 13) $80 - (20 \times 2) = 40$
- 14) $112 : 2 = 56$
- 15) $30 - 3 = 27$

2. «Кім жылдам?!»

Шарты: Әр қатарға 0 – ден 9 – ға дейінгі сандар беріледі. Ол сандар әр оқушыға бір-бірден келетіндей бөлінеді. Мұғалім оқушыларға өрнектер оқыйды, балалар өрнектің мәнін жылдам есептейді. Өрнектің мәніне сәйкес қай оқушыда немесе оқушыларда сол сан болса тақтаға жылдам жауабын қою керек. Әр дұрыс жауапқа қатарға 1 ұпайдан беріледі. Ең көп ұпай жинаған қатар жеңімпаз атанады.

- 1) $6 \times 6 = 36$
- 2) $45 - 15 = 30$
- 3) $25 \times 2 = 50$
- 4) $58 : 2 = 29$
- 5) $(63 - 3) : 10 = 6$
- 6) $(20 \times 3) + 9 = 69$
- 7) $100 : 100 = 1$
- 8) $100 + 78 = 178$
- 9) $125 : 25 = 5$
- 10) $100 : 25 = 4$
- 11) $152 : 2 = 76$
- 12) $16 \times 3 = 48$

3. «Кім тапқыр?»

Шарты: Сынып 3 топқа бөлінеді. Әр топқа 0 – ден 9 – ға дейін 2 жұп сандар және +, -, ×, :, =, (,) таңбалары беріледі. Мұғалім тақтаға сандар іледі, топтар сол сан шығатындай сандарды және таңбаларды

қолданып жылдамдыққа есептер құрастырады. Қай топ бірінші болып есептерді дұрыс әлі жылдам құрастырса сол топ жеңімпаз болады.

Сандар: 63, 46, 36, 10, 25, 2, 48, 77, 89, 100.

4. «ВЕЕР»

Шарты: Қағазды веер пішінінде бүктеп, бірінші оқушы бір бөлігіне теңсіздік жазып шығады, екінші оқушы екінші бөлігіне дұрыс таңба қойып, жауап жазып тапсырады.

5. «Иә. Жоқ»

Шарты: Интербелсенді тақтада оқушыларға мәнімен есептер көрсетіледі. Егер есептің мәні дұрыс көрсетілген болса оқушылар «Иә» жазуы бар карточканы, ал егер жауап қате болса «жоқ» жазуы бар карточканы жоғары көтереді.

Есеп	Иә	Жоқ
$63 : 7 < 55 : 5$	+	
$(18 + 2) \times 2 = 40$	+	
$20 : (2 \times 2) = 4$		+
$70 + 51 = 121$	+	
$90 : (5 \times 9) = 5$		+
$36 > 30 < 29$		+
$66 \text{ мин} > 1 \text{ сағ} 5 \text{ мин}$		

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Крыжановская Е.В. Изучение элементов алгебры на уроках математики в начальной школе/ Актуальные проблемы теории и практики начального образования: материалы студенческой научной конференции (24 апреля 2019 г., Луганск). – Луганск: Книта, 2019. – 272 с.
2. Оспанова. Т, Құрманалина. Ш, Құрманалина. С «Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі» - Астана: Фолиант, 2010ж. – 292б
3. Кузьминова, В. И. Элементы алгебры в курсе математики начальных классов [Текст]: учебно-методическое пособие / В. И. Кузьминова; ГОУ ВПО «Соликамский государственный педагогический институт». – Соликамск: СГПИ, 2011. – 48 с. – 100 экз.
4. Ақпаева. Ә.Б, Лебедева. Л.А, Мыңжасарова. М.Ж, Лихобабенко. Т. В. «Математика» –1 сынып, 1, 2бөлім, Алматыкітап баспасы, 2021ж.
5. Ақпаева. Ә.Б, Лебедева. Л.А, Мыңжасарова. М.Ж«Математика» –2 сынып, 1, 2, 3, 4бөлім, Алматыкітап баспасы, 2019ж.
6. Ақпаева. Ә.Б, Лебедева. Л.А, Мыңжасарова. М.Ж, Лихобабенко. Т. В. «Математика» –3 сынып, 1, 2,3, 4бөлім, Алматыкітап баспасы, 2018ж.
7. Ақпаева. Ә.Б, Лебедева. Л.А, Мыңжасарова. М.Ж, Лихобабенко. Т. В. «Математика» –4 сынып, 1, 2, 3, 4бөлім, Алматыкітап баспасы, 2020ж.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің
студенті **А.М. Сегизаева**

Ғылыми жетекші: педагогика ғылымдарының магистрі,
оқытушы **А.К. Валиева**

Аңдатпа. Бұл мақалада бастауыш сыныптың оқу жетістіктерін бағалау - болашақ білім сапасын қалыптастыруда шешуші рөл атқаратыны туралы айтылған. Бастауыш сыныптардың оқу жетістіктерін бағалау - бұл балалардың білім деңгейін талдау және бақылау процесі. Зерттеу нәтижелері бастауыш сыныптардың оқу жетістіктерін бағалауда жеке білім беру бағдарламаларын жасау, ресурстарын тиімдірек пайдалану және оқушылардың үлгерімін жүйелі бақылау арқылы жақсартуға болатынын көрсетті.

Түйін сөздер: бастауыш сынып, білім, сапа, бағалау, оқу жетістіктері, тестілеу.

Аннотация. В данной статье говорится о том, что оценка учебных достижений начальных классов - играет решающую роль в формировании качества будущего образования. Оценка учебных достижений начальных классов - это процесс анализа и контроля уровня знаний детей. Результаты исследования показали, что оценка учебных достижений начальных классов может быть улучшена за счет разработки индивидуальных образовательных программ, более эффективного использования своих ресурсов и систематического мониторинга успеваемости учащихся.

Ключевые слова: начальный класс, образование, качество, оценка, учебные достижения, тестирование.

Annotation. This article says that the assessment of educational achievements of primary schools plays a crucial role in shaping the quality of future education. Assessment of educational achievements in primary school is the process of analyzing and monitoring the level of knowledge of children. The results of the study showed that the assessment of educational achievements of primary classes can be improved through the development of individual educational programs, more efficient use of their resources and systematic monitoring of student academic performance.

Keywords: elementary grade, education, quality, assessment, academic achievements, testing.

Әлем тәжірибесі көрсеткеніндей, кез-келген мемлекеттің әлеуметтік экономикалық дамуы сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Осы орайда Қазақстанды әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына енгізуде білім беру ісі басты құрал болып табылады. Ол үшін отандық білім жүйесін халықаралық білім кеңістігінде және еңбек нарығы бәсекелестігін қамтамасыз ететін білім сапасының дәрежесіне жеткізу шарт. Оқушының оқу жетістігі білім саласындағы мемлекеттік саясат негізінде

нормативті – құқықтық актілерде негізделген. Әсіресе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Жалпы орта білім мазмұны және жүйесі Тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының білімді дамыту Тұжырымдамасында нақтыланған [1].

Бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау үшін әртүрлі әдістер мен құралдар қолданылады. Осындай әдістердің бірі - тестілеу. Тестілеу - оқу материалын игеру деңгейін анықтауға және білім алу процесін түзетуді қажет ететін проблемалық мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі тәжірибеде кез келген пәнде тестілеу әдісі тиімді әрі пайдалы, нақты педагогикалық өлшемнің бірі болып тұр.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау кезінде тестілеуді қолдануда алға жылжу үшін жаңа форматты қолдану қажет. Компьютерлендіру дәуірінде ақпараттық технологиялар көмекке келеді. Білім сапасын бағалауда компьютерлік тестілеу бірқатар артықшылықтарды қамтамасыз етеді: әртүрлі тест түрлерін, ақпаратты ұсынудың жаңа формаларын (мәтін, графика, дыбыс) пайдалану, жұмысты тексеру және нәтижелерді жүйелеу процесін толығымен автоматтандырады. Дұрыс құрастырылған тест оқытылатын пәнге деген қызығушылықты арттырады, материалды меңгеру деңгейін жылдам диагностикалауға көмектеседі, оқу уақытын үнемдейді, соның ішінде білімді бақылаудың қашықтан түрін пайдалануға мүмкіндік береді [2, 147 б].

Сондықтан оқу орындарында бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалауда компьютерлік тестілеуді қолдану кеңінен таралуда. Бұл мұғалімдерге өз оқушыларының білімін тиімді бақылауға көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар оқу процесін оқушылардың өздері үшін қызықты етеді.

Нәтижелерді автоматтандыру және жүйелеу мүмкіндігінің арқасында мұғалімдер оқушылардың әлсіз жақтарын тез анықтап, соған сәйкес білім беру бағдарламасын реттей алады. Сонымен қатар, тестілеудің әртүрлі формаларын қолдану, мысалы, бірнеше таңдау, ақиқат/жалған, сәйкестік және т.б. тесттерді нақты оқу мақсаттарына және материалдың күрделілік деңгейіне сәйкес келтіруге мүмкіндік береді.

Осылайша, компьютерлік тестілеу мұғалімдер мен оқушыларға оқуда жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесетін тиімді құрал болып табылады.

Оқу жетістіктерін бағалаудағы компьютерлік тестілеудің түрлері:

- интерактивті және адаптивті тесттер құруға, нәтижелерді талдауға және есептер шығаруға мүмкіндік беретін арнайы бағдарламалық жасақтаманы қолдана отырып тестілеу;

- оқушылар өздеріне ыңғайлы уақытта қашықтықтан тест тапсыра алатын онлайн-платформаларды қолдана отырып тестілеу;

- виртуалды шындықты қолдана отырып тестілеу, мұнда оқушылар имитацияланған білім беру ортасына еніп, олардың білімі мен дағдыларын тексеретін сынақтардан өте алады;

- оқушылар ойын форматында тест тапсыра алатын технологиялар арқылы тестілеу, бұл процесті қызықты әрі тартымды етеді [3, 74 б].

Бастауыш сыныптарда электронды тестілеу арқылы оқу жетістіктерін бағалау үшін білім беру платформалары жиі қолданылады.

Білім беру платформасы – белгілі бір шарттарда пайдаланушыларға ұсынылатын оқу материалдарының банкін міндетті түрде қамтитын интернет-ресурс. Бұл платформалардың мақсаты – цифрлық технологиялар арқылы жоғары сапалы білім беру.

Оқыту процесінде білім берудің онлайн платформаларын қолдану мынадай мүмкіндіктер береді:

- онлайн режимінде тесттер мен викториналарды құру және басқару;

- сұрақтардың әртүрлі форматтарын қолдау, соның ішінде бірнеше нұсқаларды таңдау, сәйкестендіру, және т.б.;

- тест нәтижелері автоматты түрде бағаланады, бұл мұғалімдердің уақытын үнемдейді;

- оқушылардың үлгерімі туралы есептерді шығару және олардың әлсіз жақтарын анықтау мүмкіндігі;

- тест нәтижелеріне негізделген жаттығулар мен ұсыныстарды жекелендіру [4, 23 б.].

Бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау кезінде қолдануға болатын ең танымал платформалар – «Google Forms», «Madtest», «Kahoot», «Socrative», «LearningApps», «Quizizz», «Quizlet», «Online Test Pad», «ClassMarker».

Бастауыш мектепте математика пәнінен оқушылардың оқу жетістіктерін тексерудің қызықты бір түрі - «Kahoot» қолданбасын пайдалану.

Kahoot – интерактивті тапсырмаларды жасау үшін жарқын, қарапайым, тегін қызмет түрі. Бұл сервисті сыныпта әртүрлі викториналарды, пікірталастарды, тестілер мен сауалнамаларды өткізу үшін және білім алушыларды жылдам тексеру мақсатында қашықтықтан оқыту кезінде қолдануға болады [5].

Кahoot платформасының бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалауда беретін мүмкіндіктері:

- Әртүрлі жастағы балаларға кез келген тақырыпқа дайын викториналарды қолданады.

- Есептік жазбада қысқа уақыт ішінде сауалнамалар жасау және өңдейді.

- Сұрақтардың әртүрлі түрлерін біріктіреді (пазлдар, бірнеше дұрыс жауаптары бар тесттер, ашық сұрақтар, реттілік және т.б.).

- Тесттерді қашықтықтан немесе сыныпта «осында және қазір» режимінде балалар экранда сұрақты көргенде және телефон немесе компьютер арқылы дереу жауап бергенде өткізеді.

- Сайтта жылдам жауаптар үшін бонустық режим бар. Сайыс режимі оқушылардың қызығушылығын арттырады.

- Нәтижелерді диаграммалары бар есеп түрінде алуға болады. Әр оқушының жеке үлгерімін және сыныптың жалпы үлгерімін көруге болады. Балалардың өздері де арнайы кесте арқылы оқу үлгерімін бақылай алады. Ал мұғалім автоматты түрде қорытындылаудың арқасында уақытын үнемдейді.

Зеттеуімізді тәжірбие жүзінде Павлодар қаласының №2 жалпы орта білім беру мектебінің 1 «А» сыныбында математика сабағында қолдандық. Ең алдымен, сыныптағы 20 оқушының білім деңгейін анықтап алдық. Оқушылардың білім деңгейін бағалау кезінде дәстүрлі тестілеуді қолдандық.

Тақырыбы: Қайталау есептер.

1.Төмендегі мәтінді «Есеп» деуге бола ма?

Би үйірмесіне 8 қыз және одан 3-еуі кем ұл бала қатысады.

А) иә Ә) жоқ

2.Азайғышы 7 болатын теңдікті тап.

А) $9 - 7 = 2$ Ә) $5 + 2 = 7$ Б) $7 - 2 = 5$

3. $5+3$ өрнегінің мәнін тап.

А) 2 Ә) 8 Б) 3

4.Тура теңсіздікті тап.

А) $10 > 6$ Ә) $9 > 10$ Б) $5 = 5$

5.Тиісті санды тап. $9 - 8 = 0 +$

А) 1 Ә) 2 Б) 3


6. $6+4$ өрнегі нешеге тең.

А) 10 Ә) 8 Б) 2

7. Мәні 4-ке тең өрнекті тап.

А) $4 + 4$ Ә) $6+2$ Б) $6-2$

Жоғарғы деңгей – 3 (15%); орташа деңгей – 9 бала (45%); төмен деңгей – 8 бала (40%).



1-сурет - Анықтау тестінің нәтижесі

Содан кейін «Санды және әріпті өрнектер» тақырыбын өткен соң оқушылардың сол тақырып бойынша жетістіктерін бағалау кезінде Kahoot онлайн қосымшасын пайдаландық. Яғни, тест тапсырмаларын дайындап, Kahoot арқылы оқушыларға берілген сұрақтарға тез әрі оңай жауап беруге мүмкіндік беріліп, жарыс әдісін пайдалана отырып, тақырыпты бекіттік [6, 50-б.].

1. Әріпті өрнекті тап.

A) $b+32$ Ә) $40-20$ Б) $7+3$

2. Санды өрнекті көрсет.

A) $c-50$ Ә) $a+9$ Б) $60-30$

3. 100-а өрнегінің мәнін тап. Мұндағы $a=50$

A) 10 Ә) 50 Б) 70

4. 40 пен c -ның қосындысын жаз:

A) $40+c$ Ә) $c+40$ Б) $40-c$

5. Салыстыр: $70-1 * 70+1$

A) $>$ Ә) $<$ Б) $=$

6. Бос орында қандай сан тұрады? $80+ \square 100$

A) 10 Ә) 20 Б) 30

7. $c+90$ өрнегінің мәні нешеге тең. Мұндағы $c=10$

A) 100 Ә) 90 Б) 10


Жоғарғы деңгей – 4 (20%); орташа деңгей – 11 бала (55%); төмен деңгей – 5 бала (25%).



2-сурет - Қалыптастыру тестінің нәтижесі

1-кесте - 1- сынып оқушыларының тест нәтижелерінің салыстырмалы кестесі


Даму деңгейі	Анықтау тесті (Дәстүрлі)	Қалыптастыру тесті (Kahoot)
Жоғары	15%	20%
Орташа	45%	55%
Төмен	40%	25%



3-сурет - 1- сынып оқушыларының тест нәтижелерінің салыстырмалы диаграммасы

Сонымен, теориялық бөлімде айқындалған мәліметтерге сүйеніп өткізген тәжірибеге қатысақан 1-сынып оқушыларыны қалыптастыру кезеңіне карағанда анықтау тестінде танымдық белсендіктерінің төмен даму деңгейін көрсетті. Ал, қалыптастыру тестінде танымдық белсендіктерінің жоғары деңгейін көрсетті.

Сабақ соңында сынып ішінде 20 оқушының арасында сауалмана өткізіліп, оқушылардан қай тест түрі қызық әрі ұтымды болғаны талқыланды.



4-сурет - Оқушылардан алынған сауалнама нәтижесі

Байқап отырғанымыздай, оқушылардың 85%-ына Kahoot платформасын қолдану арқылы өткізілген тест көбірек ұнайтынын байқадық. Бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалауды өткізу мұғалім тарапынан әдістемелік шеберлікті, үлкен фантазияны талап етеді.

Бастауыш сыныпта оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда Kahoot қосымшасын қолдану мұғалімге өз өмірін жеңілдетуге және өзі мен сынып арасындағы кері байланысты жақсартуға мүмкіндік беретінін анықтадық. Балалар үшін бұл қосымша дәстүрлі тестілеуден үзіліс жасап, оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып сұрақтарға жарыс түрінде жауап берулеріне мүмкіндік береді.

Барлық жағдайларды ескере отырып, бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау мектепте компьютерлік тестілеуді математика сабақтарында қолдану білім алушылардың танымдық қызығушылығын жандандырып, оқу қызметін саралауға мүмкіндік береді, шығармашылық қабілеттерін дамытады, ақыл-ой белсендігін ынталандыратыны анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2011. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. Каменкова Н. Г. Учет учебных достижений младших школьников как средство развития самооценки [Текст] / Н. Г. Каменкова // Герценовские чтения. Начальное образование. –2014, № 1 – с. 147 – 152
3. Македонская, Е.П. Интерактивная игра как способ усвоения и проверки знаний / Е.П. Македонская, П.Д. Македонский. Преподаватель года 2017: сборник статей Международного научно-практического конкурса. Пенза, 2017. – С. 74-78.
4. Кенжебаева, К. Т. Оқушылардың білім, білік дағдыларын қалыптастырудың тиімді платформалары [Текст] / К. Т. Кенжебаева // Учебно-инновационные технологии. - 2022.-№1. - С. 23-25
5. https://ustaz.kz/materials/word/kahoot_qosymsasyn_oqy_procesinde_qoldany_tii_mdiligi_171595.html
6. Математика. 2-бөлім: Жалпы білім беретін мектептің 1 сыныбына арналған оқулық / Ақпаева А.Б., Лебедева Л.А., Мыңжасарова М.Ж., Лихобабенко Т.В. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2021. - 50 б.

МЕХАНИЗМЫ ИНДИВИДУАЛИЗАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИИ

Спивакова Полина Павловна

студент Павлодарского педагогического университета им Әлкей Марғұлана, г. Павлодар,

Научный руководитель: Алибаева Ж.Е.

PhD, преподаватель-исследователь, г. Павлодар

Аннотация. *Инклюзивное образование – одна из актуальных и сложных проблем современности. По причине как особенностей психофизического развития детей с ограниченными возможностями здоровья (ООП), так и наличия разного рода барьеров в образовательной среде, эти дети смогут освоить образовательную программу только при создании специальных образовательных условий. Одним из условий обеспечения включенности обучающихся с ООП в образовательную среду и достижения результативности, по мнению автора, является ее индивидуализация.*

Ключевые слова: *инклюзия, среда, барьер, включение.*

Аннотация. *Инклюзивті білім беру-қазіргі заманның өзекті және күрделі мәселелерінің бірі. Мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық даму ерекшеліктеріне (ОР) және білім беру ортасында әртүрлі кедергілердің болуына байланысты бұл балалар арнайы білім беру жағдайларын жасаған кезде ғана білім беру бағдарламасын игере алады. Автордың пікірінше, ОР бар білім алушылардың білім беру ортасына қосылуын қамтамасыз ету және нәтижелілікке қол жеткізу шарттарының бірі оны даралау болып табылады.*

Түйінді сөздер: *инклюзия, қоршаған орта, кедергі, қосу.*

Annotation. *Inclusive education is one of the urgent and complex problems of our time. Due to both the peculiarities of the psychophysical development of children with disabilities (OOP) and the presence of various barriers in the educational environment, these children will be able to master the educational program only if special educational conditions are created. One of the conditions for ensuring the inclusion of students with OOP in the educational environment and achieving effectiveness, according to the author, is its individualization.*

Keywords: *inclusion, environment, barrier, inclusion.*

Сегодня проблема инклюзивного образования приобретает новые исследовательские ракурсы, оставаясь сложной и недостаточной решенной. Для успешного включения обучающихся с ООП в инклюзивную образовательную среду очевидна необходимость существенной трансформации всех ее аспектов, что может быть осуществлено только на серьезной научной основе.

Инклюзивное образование детей с ООП – это реалии сегодняшнего дня и ближайшей перспективы. Очень важно понимать, что целью и задачами организации инклюзивного образования является обеспечение равного доступа к образованию для всех обучающихся с учетом разнообразия их особых образовательных потребностей и индивидуальных возможностей. Этот процесс направлен на достижение детьми с ООП образовательных результатов, сопоставимых с результатами их сверстников с условно нормативным развитием.

По причине как особенностей психофизического развития детей с ООП, так и наличия разного рода барьеров в образовательной среде, эти дети смогут освоить образовательную программу только при создании специальных образовательных условий. Эффективность этих условий определяется их соответствием особенностям индивидуаль-

ного психосоциального развития обучающихся с ООП и определяемых этим особенностями вариантами индивидуальных образовательных маршрутов.

В качестве условия обеспечения включенности обучающихся с ООП в образовательную среду и, соответственно, достижения доступности и качества образования, по нашему мнению, выступает ее индивидуализация. В связи с этим актуализируется фундаментальная задача современной педагогической науки, связанная с теоретико-методологическим и эмпирическим анализом педагогических механизмов и способов индивидуализации на уровнях начального общего и основного общего образования обучающихся с ООП. Под индивидуализацией мы понимаем процесс существенных для эффективного решения задач воспитания и обучения трансформаций образовательной среды на основе учета особых образовательных потребностей обучающихся с ООП.

Процесс индивидуализации способен привести к действенным преобразованиям традиционной образовательной практики, к достижению необходимых для продвижения инклюзии изменений. Однако несмотря на значительные усилия, предпринимаемые педагогами в отношении включения обучающихся с ООП, следует отметить, что далеко не всегда удается в достаточной степени адаптировать образовательную деятельность к потребностям обучающихся. Нередко педагоги, в своем большинстве декларируя важность индивидуализации в работе с детьми с ООП в инклюзивной практике, пытаются достичь ее привычными, неинклюзивными способами, используют отдельные разрозненные попытки так или иначе изменить свои годами наработанные действия или имитируют индивидуализацию. В результате создается противоречие содержательно-смысловых и инструментальных аспектов их профессиональной деятельности, что придает ей бессистемность и непоследовательность, искажая сущность инклюзивного образования, снижая толерантность и продуцируя конфликты ожиданий (самих педагогов, родителей, обучающихся).

Таким образом, в образовательной среде появляются разного рода барьеры, препятствующие достижению качества инклюзивного образования. Речь идет не только о недостаточной физической доступности пространства, но и о барьерах включения ребенка в образовательную среду, удержания в ней и достижения им высоких образовательных результатов, как академических, так и социальных, на основе учета особенностей его индивидуального психо-социального развития.

Индивидуализация образовательной среды как важное условие достижения качества инклюзивного образования не только состоит в применении индивидуализированных форм и приемов обучения, но и требует трансформации и установления взаимосвязи всех ее компонентов.

В исследованиях А. В. Хуторского [1], В. А. Ясвина [2] и др., посвященных изучению структуры образовательной среды, авторы выделяют три основных компонента: социальный, материальный и содержательный.

Анализ подходов И.А. Коробейникова, Т.В. Кузьмичевой [3], Т.А. Соловьевой [4] и других авторов к проблеме индивидуализации позволяет нам представить ее сущность как проектирование и применение системы педагогических инструментов, позволяющих создавать уникальное сочетание ресурсов образовательной среды, которые смогут обеспечить объективацию и развитие потенциальных возможностей обучающегося как субъекта деятельности на основе дифференциации образовательных маршрутов.

Важную научную задачу исследования мы видим в теоретико-методологическом обосновании механизмов такой дифференциации, которые позволят операционализировать процесс индивидуализации образовательной среды для обучающихся с ООП. На мой взгляд, такие возможности создает средовой и интегративный подходы.

Средовой подход в образовании (Ю. С. Мануйлов [5], В. И. Слободчиков [6] и др.) рассматривает среду как источник социокультурного опыта. Она выступает не только окружением человека, но, прежде всего, сферой проявления и формирования его активности, обладающей комплексом «влияний и условий», которые образуют структуру образовательной среды.

Структурные компоненты образовательной среды образуются ее ресурсами (Ю. А. Афонькина [7], С. Н. Гайдукевич [8]). С точки зрения включения обучающихся с ООП в образовательную среду, на мой взгляд, следует вы- делить методические (дидактические, информационные, диагностические, коррекционно- развивающие), организационные (информационные, инфраструктурные, дисциплинарные) и социальные (смысловые и операциональные) ресурсы, раскрывающие ее компоненты с точки зрения индивидуализации.

Для обеспечения индивидуализации образовательной среды эффект имеют не ресурсы как таковые, а их разнообразие, от чего зависит влияние среды на личность: позитивное – при их широте и негативное – при их сужении. Также важным моментом является упорядочивание ресурсов в соответствии с образовательными целями

и их «приближение к ребенку» путем целесообразной организации его образовательной деятельности. В практической плоскости это проявляется в использовании индивидуализированных способов организации образовательной среды и создании средовых комплексов, объединяющих ресурсы в разном сочетании с учетом образовательных потребностей обучающегося с ООП. Взаимодействие ресурсов друг с другом, вариативность их сочетаний делает образовательную среду открытой, гибкой, саморегулирующейся и позволяет преодолеть жесткую директивность всех компонентов образовательной деятельности, образуя существенные препятствия к включению обучающегося с ООП, что позволяет ему достигать высоких образовательных результатов. Тем самым обеспечивается эффективное управление индивидуализацией образовательного процесса.

В трансформации образовательной среды с целью включения ребенка с ООП ключевая роль отводится активности всех заинтересованных лиц – ребенка, педагогов, родителей, которая является проявлением субъектной активности личности, приобретая особое значение в инклюзивном образовании, поскольку оно в современной ситуации, как подчеркивают А.А. Баранов и А.С. Сунцова [9], характеризуется неустойчивостью, значительной неопределенностью смысловых, содержательных и технологических компонентов. Неотъемлемая составляющая образовательной среды представлена системой отношений ее субъектов, реализующихся в ней посредством деятельности и общения, характеризующихся эмоциональной близостью педагога к детям и обеспечением поддерживающих практик, что является важным условием подлинной инклюзии.

Исходя из того, что в условиях инклюзивного образования трансформации образовательной среды являются предметом усилий многих специалистов школы, в качестве важного методолого-теоретического похода к определению механизмов ее индивидуализации выступает интегративный подход, раскрывающий способы взаимодействия педагогов на всех этапах психолого-педагогического сопровождения обучающихся с ООП (Т. В. Кузьмичева [10]). Уход от автономности в целях, задачах, способах коррекции, акцент на продуктивную совместную работу, согласованное и конструктивное сотрудничество, взаимодействие и профессиональная взаимопомощь педагога и специального психолога в работе с обучающимся является основной идеей проведенного автором исследования. При совместном осуществлении диагностического этапа психолого-педагогического сопровождения детей с ООП теоретические знания и практические умения педагогов, специальных педагогов, логопедов и психологов

позволяют им максимально точно выявить особенности индивидуального психосоциального развития обучающегося; установить иерархию имеющихся у ребенка трудностей обучения, обобщить и интерпретировать полученную информацию.

На этапе проектирования совместной деятельности в области сопровождения детей с ООП педагоги осуществляют процесс перевода диагностических данных о ребенке в педагогические задачи; вносят изменения в адаптированные основные образовательные программы, индивидуальные образовательные маршруты; отбирают методический материал для реализации поставленных задач.

Совместная реализация практического этапа предполагает осуществление педагогами и психологом мониторинга динамики индивидуального психосоциального развития ребенка в специально созданных образовательных условиях и своевременное внесение коррективов в индивидуальный образовательный маршрут ребенка. Взаимодействие специалистов (учителей, психологов, спец педагогов, логопедов) основано на решении новых профессиональных задач и инструментов индивидуализации образовательной среды как составляющих процесса проектирования вариативного образовательного маршрута ребенка с ООП на основе учета его особых образовательных потребностей, индивидуальных возможностей и совокупности средовых ресурсов.

Объединяющим аспектом в рассмотрении проблемы индивидуализации образовательной среды с позиции средового и интегративного подхода является субъектность. В отечественной психолого-педагогической науке сложилось представление о том, что субъектность проявляется в способности человека осуществлять преобразования своей жизнедеятельности, оценивать эффективность способов своей активности, своей деятельности, осуществлять самоконтроль процесса и результата деятельности и ее саморегуляцию. Данные характеристики позволяют утверждать, что с позиции субъектности механизмом индивидуализации образовательной среды выступает рефлексивный анализ всех структурных компонентов своей деятельности: педагогом – профессиональной, обучающимся – учебной, родителями – воспитательной, посредством чего приобретает и осмысливается опыт, становясь основой для прогнозирования развития самого себя и среды. Так, в условиях инклюзивного образования предметом рефлексии педагога выступает влияние изменяемых им условий образовательной среды на динамику психосоциального развития обучающегося с ООП, что демонстрирует степень

удовлетворения его особых образовательных потребностей на основе дифференциации таких условий.

При изучении проблемы индивидуализации актуализируется категория субъектности, заложенная С. Л. Рубинштейном [11]. Ценности как смысловые основания субъектной активности фиксируются в способах деятельности участников образовательного процесса, являясь первичными по отношению к ее операционально-технологической стороне. С точки зрения субъектности (включенности) человек является не продуктом среды, а образует с ней диалектическое единство, изменяясь и изменяя образовательную среду. Многие барьеры инклюзивного образования связаны с тем, что так или иначе влияет на изменения среды педагог, а ребенок только пассивно «потребляет» созданные для него ресурсы, его роль в средовых трансформациях минимальна.

Итак, в свете проанализированных методолого-теоретических подходов в качестве механизмов индивидуализации образовательной среды следует выделить создание средовых комплексов, рефлексивный анализ всех компонентов деятельности, продуктивное взаимодействие специалистов на всех этапах психолого-педагогического сопровождения обучающихся с ООП. Индивидуализация образовательной среды возможна только при условии, что она будет изменяться педагогами в соответствии с тонкой и точной дифференциацией образовательных потребностей ребенка, проявляющейся в особенностях индивидуального психосоциального развития.

Список литературы

1. Хуторской А. В. Принцип человекообразности в инклюзивном образовании // Вестн. Ин-та образования человека. 2019. No 1. С. 6–17.
2. Ясвин В. А. Образовательная среда от моделирования к проектированию. 2-е изд., испр. и доп. М.: Смысл, 2001. 366 с.
3. Коробейников И. А., Кузьмичева Т. В. Освоение профессиональных компетенций будущими педагогами и психологами в ходе совместной подготовки в вузе // Высшее образование в России. 2019. Т. 28. No 6. С. 97–106.
4. Соловьева Т. А. Системный подход к организации включения младших школьников с ограниченными возможностями здоровья в общеобразовательную среду: дис. ... на соискание ученой степени доктора педагогических наук: 13.00.03. М., 2018. 372 с.
5. Мануйлов Ю. С. Средовой подход в воспитании. 2-е изд., перераб. М. – Н. Новгород: Ун-т Рос. акад. образования, 2002. 155 с.
6. Слободчиков В. И. Образовательная среда: реализация целей образования в пространстве культуры // Новые ценности образования. М.: Педагогика, 1995. 422 с.

7. Афонькина Ю. А. Повышение ресурсности социальных сред для независимой жизни людей с инвалидностью: моногр. Красноярск: Научно-инновационный центр, 2019. 94 с.
8. Гайдукевич С. Е. Средовой подход в инклюзивном образовании // Инклюзивное образование: состояние, проблемы, перспективы. Минск: Четыре четверти, 2007. С. 34–46.
9. Баранов А. А., Сунцова А. С. Развитие субъектной позиции студентов в процессе стажерской практики в инклюзивной школе // Образование и науки. 2020. Т. 22. № 2. С. 29–52.
10. Кузьмичева Т. В. Индивидуализация образования младших школьников с ЗПР как предмет профессионального диалога будущего учителя и специального психолога // Вестн. Череповецкого гос. ун-та. 2019. № 4 (91). С. 177–187.
11. Рубинштейн С. Л. Основы общей психологии. СПб.: Питер, 2000. 712 с.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРАПАЙЫМ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

А.Д.Суенова

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар Педагогикалық университетінің
студенті, Павлодар қ.*

Р.Х.Кошкимбаева

*Ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы-
сарапшы, Павлодар қ.,*

***Аңдатпа.** Бұл мақала мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық түсініктерін қалыптастыру жолдары жайлы айтылған. Қарапайым математика түсініктері ерте жасстан бастау алады, яғни кеңістікті бағдарлау жүрейді деп жүрген баладан басталады. Мектепалды топтарында бес бағдарламасы бойынша жүзеге асады. Олар: сан мен есеп, көлем, пішін, кеңістік, уақыт. Мектеп жасына дейінгі балаларға қарапайым математика түсініктерін арнайы психологтар мен мамандар зерттеген.*

***Кілтті сөздер:** сан, ұғым, көлем, кеңістік, уақыт, есеп, пішін.*

***Аннотация.** В данной статье говорится о направлениях повышения математического понимания детей дошкольного возраста. Простые математические понятия начинаются в раннем возрасте, то есть с ребенком, который думает, что разум — это сердце. В дошкольных группах по пяти программам их более сотни. Это: число и расчет, объем, форма, пространство, время. Специальные психологи и специалисты изучали понятия простой математики для детей до школьного возраста.*

***Ключевые слова:** число, понятие, объем, пространство, время, расчет, форма.*

***Abstract.** This article discusses directions for increasing the mathematical understanding of preschool children. Simple math concepts begin at an early age, that is, with a child who thinks that the mind is the heart. There are more than a hundred of them*

in preschool groups in five programs. These are: number and calculation, volume, shape, space, time. Special psychologists and specialists studied the concepts of simple mathematics for children up to school age.

Key words: *number, concept, volume, space, time, calculation, form.*

Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру әдістемесі пәні педагогикалық ғылым жүйесінде мектеп жасына дейінгі балаларды математиканы қабылдауға және меңгеруге дайындауға, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыруға көмектеседі. Мектепке дейінгі педагогикадан шыққан соң қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру әдістемесі жеке ғылыми және оқу саласы болып келеді.

Қарапайым математика әдістемесінің міндеттері өте кең:

әртүрлі жастағы балаларда сан туралы білім, кеңістік пен уақытты бағдарлауға үйрету, т.б түсініктерін қалыптастыру деңгейінің дамуына ғылыми негізделген бағдарламалық талаптар қояды;

-Баланы балабақшада дайындауда мектепте математиканы меңгеруге негізгі материалдың мазмұнын анықтау;

-практикаға тиімді дидактикалық құралдарды, әдістер мен математика түсініктерін қалыптастыруда түрлі формаларды жобалау және еңгізу;

-Балабақшада берілетін негізгі математикалық түсініктерді мектепке берілетін түсініктермен сабақтастығын орындау;

-Мектепке дейінгі тәрбие беру жүйесінде құзыретті маман даярлау мазмұның жобалау;

-Ата-аналарға жанұяда қарапайым математикалық түсініктерін дамытуда ғылыми негізделген әдістемелік нұсқаулар жобалау [1.12].

Бала ерте жастан бастап-ақ нәрселердің жиынтығын, дыбыстардың, қозғалыстардың жиынын әр түрлі анализаторлар арқылы (көру, есту және т.б.) қабылдай отырып, олармен танысады, бұл жиынтықтарды салыстырады, оларды бір-бірінен саны жағынан айырады.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті барысында бала жиындардың теңдігі мен теңсіздігін көрсету әдістерін меңгереді, санды сандық сөзбен атауды үйренеді. Алдымен элементтердің белгісіз мөлшері туралы, ал сонан соң бүтін бір бірлік түріндегі жиын туралы түсінік қалыптасады. Осы негізде жиындарды салыстыруға және ондағы элементтердің санын барынша дәл анықтауға деген талпыныс өседі; бірте –бірте бала есептеуге дағдыланады және сан ұғымын меңгереді. Мұның бәрі ересектердің басшылығымен және өзіндік оқу ойындық сипаты бар практикалық әрекеттер үстінде іске асады [2.8].

Бала, сондай-ақ нәрселерді мөлшеріне, түсіне, формасына, кеңістікте орналасуына және басқа белгілеріне қарай ерте-ақ ажырата бастайды. Ол үлкендерге еліктеп, дөрекі түрде нәрселерді өлшеуге әрекеттенеді, алдымен біреуін екіншісіне беттестіріп, сонан соң көзмөлшермен және шартты түрде қабылданған өлшеуіштің көмегімен өлшейді.

Сонымен, балалар сезімге әсер ету арқылы қабылдауға сүйене отырып, әр түрлі шамаларды ғана танып –біліп қоймайды, сондай-ақ өз ұғымдары мен түсініктерін соған сәйкес атаулармен, мысалы, көп-аз (саны жағынан), кең-тар, биік-аласа, қалың жұқа және т.б. осы сияқты сызықтық ауытқушылықты жалпы көлем ауытқушылығынан (артық-кем, үлкен-кіші) айыра отырып, сөзбен дұрыс бере білуге алғы шарттар жасалуда.

Бала өз бетімен жүре бастасымен –ақ кеңістікпен және заттар арасындағы кеңістіктік қатынастармен әсерлі түрде танысады: ол өзін қызықтырған затқа не жақындай түседі (еңбексіз емес), не одан аулақтай бастайды. Бір нәрсе баланың дәл алдында тұрса, басқалары оның артында немесе оң жағында не сол жағында тұрады. Оқыту баланың жақын- алыс және басқа сол сияқты сөздердің мағыналарын ерте меңгеріп алуына мүмкіндік жасайды. Бала практикада нәрселердің кеңістікте орналасуын өзі де бағдарлай алады, ал ересектердің басшылығында алдымен нәрселерді өзіне қатысты, кейін оның басқа нәрселерге қатысты орналасқан жерін сөзбен анықтап беруге үйренеді (қуыршақтың оң жағындағы –қонжық, ал сол жағында –қоян).

Біртіндеп балада әлі де өте нақты болмаса да жақын және алыс кеңістіктер туралы қарапайым түсініктер пайда болады (ол өзі қыдырып жүрген бақ-жақын, ал папасының жұмысы -өте алыс).

Осы сияқты нақты түсініктерге сүйене отырып, өз тәжірибесі мен ересектердің оқытуы нәтижесінде бала біртіндеп кеңірек жалпылауға дейін келеді: мектепке дейінгі ересек жастағыларға кеңістіктің өлшемі уақыт бола бастайды («Қара теңіз сондай алыс, оған поезбен немесе самолетпен ұшып бару керек»).

Кішкентай бала нәрселермен әрекет ете отырып, олардың кеңістіктік қатынастарын ерте түсіне бастайды: ол қол орамалды қалтасына салды, қуыршақты столға жақын әкеліп отырғызды, қонжықты диванның үстіне қойды. Өзі папасы мен мамасының ортасына барып отырды, пальтоны киім ілгіштен алды және басқа. Балалар өздерінің айналасындағылардан заттардың арасындағы кеңістік қатынастарды білдіретін көмекші сөздер мен үстеулерді үйреніп алады, алайда бұл көмекші сөздер мен үстеулердің

жалпыланған мағынасы олардың ерекше назар аударарлық нәрсесі болады, ал мәнін түсінуі тек оқу нәтижесінде іске асады [3.4]

Балалар мен ересектер өмірінің бүкіл тәртібі балада уақытқа тән сезімдерді қалыптастыруға және соған сәйкес кеш, ерте, қазір, кейін деген сөздерді пайдалана білуге алғы шарттар болып табылады. Уақытты білдіретін бұл сөздік сәби жастан мектеп жасына дейінгі аралықта баланың адамдармен қарым-қатынасы мен әрекеті процесінде күшті қарқынмен өседі. Бала кеше, бүгін, ертең деген сөздердің мәніне қызыға бастайды, мұның өзі ересек адамның балаға уақыттың өтпелілігін, ұзақтығын, кезеңділігін таныстыруға, яғни «уақытты сезіне біледі» дамытуға мүмкіндік береді.

Бала математика жағынан жетілуі үшін, оның жиын мен сан жөніндегі, шама, форма, уақыт және кеңістік жөніндегі барлық түсініктері мен ұғымдары белгілі бір жүйеде, бірізділікте болуының маңызы өте зор. Н.К. Крупская: «математика – бұл ұғымдар тізбегі: оның бір үзбесі түсіп қалса, одан арғысы түсініксіз болады», - деген еді [4.28].

Біздің зерттеуіміздің өзекті мәселесі мектепке дейінгі кезеңнен оқыту арқылы танымдық белсенділігін дамытудың жолдарын қарастыруда. Ұлы ғалымдар Әл-Фараби, Я.А.Коменский, Г.Пестолочи, А.Дистерверг, К.Д.Ушинский, Ы.Алтынсарин оқытудың негізінде балалардың ақыл-ойын арттырудың, танымдық белсенділігін дамытудың жолдарын тұжырымдаған.

Мектептегі оқушылардың танымдық әрекеттерінің түрлерін психолог, педагогтар еңбектерінде Б.Г.Ананьев, Ю.К.Бабанский, И.А.Лернер, Л.В.Занков, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, В.В.Давыдов, Н.Ф.Талызина және т.б. зерттеу объектісіне қарай жүйелі талданған [5].

Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастырудың маңызы Мектепке дейінгі балалардың ақыл - ой, дене, адамгершілік, эстетикалық тәрбиесі жөніндегі психологиялық, педагогикалық зерттеу нәтижелері осы кезеңдегі балалардың қабылдау мүмкіндіктері мол екенін дәлелдейді.

Ата-аналардың, тәрбиешілердің басшылығымен баланың өмірлік тәжірибесі нығайып, адамгершілік, мінез - құлық әдеті жөніндегі қарапайым дағдылары жетіле бастайды, айналадағы адамдарға қарым - қатынасы қалыптасады. Мектепалды даярлық топтарында тәрбиелеу бағдарламаларында баланы мектепке дайындау жөніндегі негізгі міндеттер атап көрсетілген. Сол міндеттердің ішінде балаларға математикалық алғашқы ұғымдарды қалыптастыру қарастырылған. Мектепалды даярлық топтарында балалар математика жөнінде нені білуі тиіс?

Бағдарлама негізінен 5 тараудан тұрады.

1. Сан және есеп. Мектеп жасына дейінгі баланың математикалық білімге қабілеті ерекше болады. Оның санауды үйренгісі, сандарды білгісі келеді, мысалдар мен есептерді шығаруға талпынады. Бұл кезеңде баланың оқуға икемділігіне орай танымдық есептерді ұғына білу қабілетін одан әрі жетілдіре түсудің маңызы зор. Балалар дидактикалық ойындар арқылы түрлі жаттығуларды орындайды. Мектепке даярлық топтарында балалар 10 - ға дейін тура және кері санау, есептеу материалдарын пайдаланып, ауызша қосу, азайту сияқты арифметикалық амалдарды орындай білуі, сандарды салыстыру, тең емес топтардан қалай теңдік жасауға болатынын, сандардың реттік қатары мен цифрларын тану, санның бірліктерден және өзінен кіші екі саннан тұратынын, көрсетілген сан бойынша заттарды санап алуға, заттарды тең екі және төрт бөлікке үйренеді. Сандарды салыстыра отырып, көп – аз, біреу, қанша болса сонша ұғымдарын үйренеді.

2. Көлем. Әртүрлі шама өлшемдері бойынша заттарды салыстыруға үйрету. Заттардың ұзындығы, жалпақтығы, биіктігі, қалыңдығы жағынан салыстыра біліп, олардың көлемдік өзгерістерін түсінуі және оны сөзбен айтып бере білуі керек. Мысалы: мынау жалпақ, биіктеу, ұзарды сияқты ұғымдарды, заттарды бір - бірімен салыстыру, шартты өлшеуіштің көмегімен және көзбен мөлшерлеу арқылы үйренеді. Сусымалы және сұйық заттарды өлшеуге дағдыланады.

3. Форма. Мұнда геометриялық пішіндер төртбұрыш, үшбұрыш, шаршы, дөңгелек, сопақша және көпбұрыштармен таныстыру. Қоршаған ортадан өздеріне таныс геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды көре білуге, геометриялық пішіндерден әртүрлі бейнелер құрастырып, қандай пішіндер құрастырғанын атап айта білуге үйренеді.

4. Кеңістікті бағдарлау. Кеңістікті бағдарлау тапсырмалары заттың қалпын өзіне қатысты жағынан да, мысалы: менің алдымда Қанат, менің сол жағымда стол тұр және өзгелерге қатысты жағынан да мысалы: Қанаттың оң жағында Самат отырады, аюдың қасында қоян тұр, шкафтың үстінде доп тұр деп анықтауға және қоршаған заттардың арасындағы өзінің орнын да анықтауға үйренеді.

5. Уақытты бағдарлау. Балалардың уақыт туралы түсініктерін ойын, әңгіме, оқу қызметі үстінде табиғи белгілерге сүйене отырып, үйренуге болады. Таңертен, түс, кеш, түн ұғымдарын түсініп, дұрыс қолдануы, жыл мезгілдерінің ретін білуі, оларды өзіне тән белгілері бойынша айыра білуі, күн, апталарын ретімен атау, бүгін қай күн, кеше қай күн, ертең қай күн болатынын, ай аттарын айта білуге үйрету.

Халқымызда бала тәрбиесіне арналған алуан түрлі ауыз әдебиетінің үлгілері бар. Балаларды санай білуге үйрететін, зейінін дамытатын жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар, әзіл есептер баланы қызықтырып, көңіл - күйін көтеріп, қуанышқа бөлейді. Әдемі машықтар, жақсы ұйқастар бәрі де балаға әсер беріп, қиялық қанаттандырады, ойлауын дамытады. Бала жүрегіне жақын «Қуырмаш», «Саусақ санау», «Бес саусақ», «Бір қазан сүт» ойындарын ойната отырып, баланың көңілін көтеріп, жағымды көңіл - күй қалыптастырады. Саусақтардың халықтық тұрғыдағы атауларын үйрете отырып, оларды санауға үйретеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар оқытудың жарыс, ойын, есеп құрастыру және шешу, затты іздеп табу секілді көптеген тәсілдерін құлшына орындайды. Бұл ретте сандарды қалыптастыруға «Кім тез табады?», «Не өзгерді?», «Кімнің орны?», геометриялық пішіндерді қалыптастыруға «Сыңарын тап», «Өз үйіңді тап», «Алтын сандық», «Қандай пішінге ұқсайды?», кеңістікті бағдарлауға «Барлаушылар», «Саяхатшылар», «Ойыншық қайда тұр?», «Қоян қайдан келеді?», уақытты бағдарлауға «Апта», «Бұл қай кез?», «Кім шапшаң?», көлемді қалыптастыруға «Кімнің үйі биік?», «Қайсы жол ұзын, қайсы жол қысқа?», логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға «Аспанда 5 балық ұшып жүр, екі балық жерге қонды. Аспанда неше балық қалды?» немесе «Сиырда 5 мүйіз, ешкіде 5 мүйіз қосқанда барлығын болады қанша мүйіз» - деген сияқты дидактикалық ойындар мен есептерді пайдаланып, оқу қызметі жапсыру, мүсіндеу, құрастыру, сурет, тіл дамыту, айналамен таныстыру пәндерімен байланыстыра өткізсе балаларға тәрбие және білім беру нәтижелері болар еді. Математика оқу қызметінде балалардың ой - өрісін кеңейтуді, танымдық белсенділіктерін дамытуды көздеп отырамын. Күнделікті оқу материалдарын оларға айналадағы таныс нәрселермен, құбылыстармен салыстыра түсіндіруді тиімді санаймын. Балаларға 1 - ден 10 - ға дейінгі сандарды өткенде заттарды, топтап салыстыру арқылы санауға машықтандыруды мақсат еттім. Сандардың атауларын, реттерін, цифрларын меңгертуде түрлі әдістер қолданып отырдым. Санауға үйреткенде сан бірліктерден тұратынын мысалдар арқылы түсіндірдім. Мысалы: тақтаға шақырылған 5 баланың әрқайсысының қолына бірінші балаға – 1 саны, екінші балаға – 2 саны, үшінші балаға - 3 саны, төртінші балаға – 4 саны, бесінші балаға – 5 саны жазылған карточка беріп, карточкада көрсетілген санға сәйкес алма саны салынған суреттер таратылады. Соған қарап, балалар санның неше бірліктен тұратынын аңғарады[6].

Қорыта келе, мектеп жасына дейінгі балаларға қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру барысында, мектеп табалдырығын тұңғыш аттағалы жатқан баланың математикадан жеткілікті білім қоры, қабілеті мен икемділігі болғаны жөн. Баланың мұндай қабілетін қалыптастыру оның келешекте жақсы оқып, жан - жақты жетілуіне негіз болады.

Пайдаланылған әдебиет тізімі

1. Т.В.Кудрявцев, А.М.Матюшкин Детская психология.
2. Леушина А.К. Формирование элементарных математических представлений у дошкольников. - М., 1996.
3. И.В.ДубринаПреемственные связи ДОУ, школы и родителей будущих первоклассников. Методическое пособие. -М., 2006., - 29с.
- 4.Е.И.Кравцова Ребенок и общество. - М. 2003.,- 25-27б.
5. В.С.Мухина, Детская психология.
6. Н.Айғабылов Қазақ мектебі үшін мектепке дейінгі балаларды оқытуды өзіндік әдістемелік жүйесін жасауға

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БОЙЫНДА ІЗГІЛІК ҚАСИЕТТЕРІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

педагогика жоғары мектебінің магистранты,

А.Е. Сыздықбекова

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент, Әлкей Марғұлан атындағы

Павлодар педагогикалық университетінің профессоры,

Б.М. Жапарова

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті

Аннотация. Ұсынып отырған мақалада бастауыш сынып оқушыларының бойында ізгілік қасиеттерін қалыптастыру қарастырылады. Сонымен қатар, мақалада ізгілік, адамгершілік, қайырымдылық, сыйластық, әдептілік қасиеттерінің мазмұны ашылған. Автор мақаласында бастауыш сынып оқушыларының бойында ізгілік қарым-қатынас қасиеттерін қалыптастыру үшін қазақ тілі және әдебиеттік пәндерін қолданған.

Кілт сөздер: ізгілік, сыйластық, қайырымдылық, тәрбие, халық ауыз әдебиеті.

Аннотация. В статье рассматривается формирование добродетелей у учащихся начальных классов. Кроме того, в статье раскрывается содержание добродетелей, нравственности, милосердия, уважения, порядочности. В статье автора для формирования гуманизма у учащихся младших классов использовались казахский язык и литературные предметы.

Ключевые слова: добродетель, уважение, благотворительность, образование, фольклор.

***Annotation.** The article examines the formation of humanism among primary school students. In addition, the article reveals the content of humanism, morality, mercy, respect, and decency. In the author's article, the Kazakh language and literary subjects were used to develop humanism among primary school students.*

***Key words:** virtue, respect, charity, education, folklore.*

Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғылымдық коммуникациялық желілерге шығу», - деп білім беру жүйесін әрі қарай дамыту міндеттері көрсетілген [1].

Бүгінгі кезеңде біздің халқымыздың тарихында, әдебиетінде, мәдениетінде, білімінде педагогикалық озық идеялар молынан кездеседі.

Әлемнің негізгі тірегі – адам. Егер адамның ақыл, ой-парасаты дұрыс жетілсе, ол дамып, өсіп өркендей алады. Бақытты болу, өз өмірін жақсарту білімге байланысты. Білімділік – ізгіліктің сипаты. Жалпы адамзаттық құндылықтар, яғни денсаулық, махаббат, әсемдік, өмір, білімділік, жұмыс, кәсіп бәрі адамның даму кезеңіндегі тұрақты құндылықтары болып табылады.

Адам баласы қоғамда, өмірде, ұжымда өзінің ізгілікті қасиеттерімен, адалдығымен, қайырымдылықпен көрінеді. Ізгілікті қасиеттер адамдардың қарым-қатынасынан және іс-әрекетінен шығады. Ізгілікті құндылықтарға достық, адамгершілік, қайырым-дылық, сабырлық, мейірімділік, төзімділік, имандылық жатады.

Зерттеуімізге байланысты «ізгілік» ұғымының мәнін ашу үшін сөздіктер мен ғылыми еңбектерге тоқталамыз.

Этикалық сөздікте «ізгілік» (латын тілінде *humanus* – адамшылық) дүниетаным ұстанымы боп көрсетіліп, «оның негізіне адамның мүмкіндігінің шексіздігіне, өзін-өзі дамыту қабілеттілігіне деген сенім, ерік бостандығы мен абыройын қорғау, адамның барлық сұраныстарын қамтамасыз ету қоғамның түпкілікті мақсаты деген идея жатады» [2] делінген.

Ізгілік (лат. *Humanitas* – адам табиғаты) – адамның еркін ойлауының әр түрлі көріністерімен байланысты; оған сәйкес еркіндікті, адамның индивидуалдық дамуын уағыздайды [3].

Философиялық тақырыптық сөздікте «ізгілік» адам баласының өз өмірінің мәні мен түрін анықтауға құқы және міндеттемесі бар екенін

танытатын демократикалық, этикалық өмірлік ұстаныи ретінде анықталған [4].

Ғалым К.А. Абдреимова өз еңбегінде «ізгілік – адамды ізгілікті қарым-қатынасқа қоғамның жалпы адамзаттық құндылықтарын бағалауға, дүниені және өзін-өзі танып-білуге, түсінуге, үнемі дамытуға ықпал жасайтын, ынталатындыратын күш» [5] деп жазған.

Ұлы ойшыл, ақын Қожа Ахмет Яссауи еңбектерінде имандылық, ізгілік туралы:

Ғаріп, пақыр, жетімдерді басын сипап,
Діні қатты халайықтан қаштым міне,
Қайда жүрсең көңілі жұмсақ, сыпайы болғыл,
Көре қалсаң мүсәлірді сырлас болғыш [6], - деп аяушылық, қайырымдылық, жаңашырлық, мейірімділік жасау бұл ізгіліктің негізі екені анықтайды.

Халқымыздың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының туындылары жалпыадамзаттық құндылықтарға толы. Ол адамдықтың биік деңгейін имандылықпен өлшеген. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде адамның бойындағы ізгі қасиеттер сипатталған.

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрседен асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер малшашпақ
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз [7].

Оның туындыларының негізгі тақырыбы моральдық мәселелер болды. Еңбекке, оқуға көңіл бөлмей, тек күнде қыдырумен өткізген жастарға:

Осындай сидаң жігіт елде мол ақ,
Бәрі де шаруаға келеді олақ.
Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,
Бар өнері қу борбай сымпас шолақ], - деп айтады.

Қара сөздерінде де ізгілік, адамгершілік туралы жазған. «Он жетінші» қара сөзінде адамгершілік, парасаттылық, еңбекқорлық, қайырымдылық, имандылық сияқты ізгі қасиеттер сипатталған.

Осы көрсетілген түсініктемелер бойыншы «ізгілік» - адам бойында қалыптасқан адамгершілік, имандылық, қайырымдылық, сыйлас-

тық, сенімділік құндылықтарын қамтитын философиялық мәні бар, адамның басқалармен, қоғаммен қарым-қатынасындағы мінезін реттеп отыратын дүниетаным.

Ізгілік қасиетін қалыптастыруда ең маңызды құралы – халық ауыз әдебиеті. Халық ауыз әдебиетінің ішіндегі ең жақыны оқушыларға ертегі болып саналады. Ертегілердің тәрбиелік мәні зор. Ертегі арқылы оқушылар қоршаған ортамен танысады, халықтың әдептілік және әдемілік туралы ұғымдармен танысады, салт-дәстүр, әдеп-ғұрып туралы түсініктерді алып, ізгілік тәрбиесі қалыптасады. Қазақ халық ертегілері мейірімділікке, ізгілікке, адамгершілікке, адалдыққа, еңбек сүйгіштікке, достыққа, тазалыққа үйретеді. Отан сүйгіштікке тәрбиелейді. Жамандықтан, өтіріктен, қулықтан аулақ болуға тәрбиелейді.

Зерттеп отырған оқулықтарда қазақ халық ертегілеріне бірнеше тапсырмалар бар. Мысалы: қазақ тілі, 36-жаттығу [8].

Берілген суреттер бойынша Алдаркөсе туралы әңгімелеп көр.




Осы ертегіге байланысты оқушыларға ізгілікке байланысты сұрақтар қойылады.

Оқыту үдірісінде бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыру үшін өз ататектерін зерттеу жөнінде қосымша шығармашылық үй тапсырмаларын береміз. Ең бірінші олардың отбасындағы ізгілікті қарым-қатынасты қалыптастыру үшін сұрақтар қоямыз


1. Сіз ата-анаңызды тыңдайсыз ба?
2. Анаңызға қалай қуаныш сыйлайсыз?
3. Неліктен үлкендерді сыйлау керек?
4. Неліктен кішілерге көмектесу керек?
5. Сенің отбасындағы міндетін қандай?
6. Сенің отбасында қандай салт-дәстүр бар?

1-тапсырма. Сурет бойынша әңгіме құрастыр.



2-тапсырма. Өз туыстарының есімдерін ата.

3-тапсырма. Ататек ағашын толтыр.



4-тапсырма. Өз тегіңізге елтаңба жасау.

Енді ізгілік қарым-қатынасты қалыптастыру үшін Отанға, тілге деген құрметті арттыру керек. Ол үшін келесідей тапсырмалар береміз.

4-тапсырма. Өлеңді тыңда.

Отан туралы

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем.

Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
Бәрі маған: «Отан!» деп сыбырлаған

Жаным менің,

Кеудемді жарып шық та,

Бозторғайы бол оның шырылдаған!

Отан!

Отан!

Бәрінен биік екен.

Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.

Отанды сүймеуің де күйік екен,

Отанды сүйгенің де күйік екен [9]...

Келесідей сұрақтар қоямыз.

- Біздің Отанымыз? (Қазақстан)

- Ал енді осы Қазақстан қандай ел? (тәуелсіз, егеменді)

- Еліміз егемендігі қашан алды? (1991 ж 16 желтоқсан)
- Отанымыздың астанасы қай қала? (Астана)
- Еліміз несімен айбатты?(Елтаңба, әнұран, туымен)
- Еліміздің болашығы-.....(жастар).

Қорытынды

Данное исследование было проведено под руководством научного руководителя, кандидата химических наук, доцента Еркибаева Меруерт Куандыковна, чья профессиональная экспертиза и научное видение существенно обогатили данный проект.

В контексте глобальных экологических вызовов, таких как изменение климата, загрязнение окружающей среды и истощение природных ресурсов, актуализируется вопрос об обновлении и углублении экологического образования в школах. Экологическое просвещение играет важную роль в формировании у молодого поколения не только глубоких знаний, но и личной ответственности за состояние окружающей среды. В этом контексте особенно значимым становится вопрос интеграции экологических аспектов в различные учебные дисциплины, включая химию, что позволяет не только расширить и углубить знания учащихся, но и сформировать у них практические навыки решения реальных экологических проблем.

Важность интеграции экологического образования в курс химии обусловлена тем, что химия занимает центральное место в изучении природных процессов и взаимодействий, а также в разработке технологий, как благоприятных, так и вредных для окружающей среды. Понимание химических процессов и их влияния на экологию позволяет учащимся осознать масштабы и серьезность современных экологических проблем и способствует формированию ответственного отношения к природным ресурсам и устойчивому развитию.

Цель данного исследования заключается в разработке и оценке эффективности практических занятий по химии, интегрированных с экологическим образованием для старших классов. Исследование направлено на выполнение следующих задач: анализ современного состояния и потребностей экологического образования в школьных курсах химии, разработка методических подходов и учебных материалов, направленных на интеграцию экологических аспектов в обучение химии, и оценка влияния разработанных занятий на экологическое сознание и практические навыки учащихся.

В рамках современного экологического образования важную роль играет интеграция экологических аспектов в различные учебные дисциплины, в том числе и в химию. Исследование Бакрадзе и Карповой демонстрирует, что практико-ориентированные занятия по химии могут значительно повышать интерес учащихся к предмету, улучшать качество знаний и формировать у учащихся навыки экологического мониторинга и анализа. Авторы подчеркивают, что использование учебных инструментов, таких как pH-метры, в практических занятиях позволяет не только проводить анализ на местности, но и способствует развитию умения применять теоретические знания на практике. Отмечается, что через химический эксперимент и последующие дискуссии формируется глубокое понимание взаимосвязи химии с

экологическими проблемами, что ведет к формированию у учащихся ответственного отношения к окружающей среде.

Однако, несмотря на высокую эффективность и значимость такого подхода, в литературе также обсуждаются трудности, связанные с его реализацией в образовательном процессе. К ним относятся необходимость обновления учебных программ, подготовка учителей, а также разработка и адаптация учебно-методических материалов, что требует значительных ресурсов и времени.

В дополнение к этому, концепция программы формирования экологической культуры, представленная Алексеевым, подчеркивает комплексный подход к экологическому образованию, включающий не только обучение, но и формирование у учащихся ценностных ориентаций и активной жизненной позиции. Этот подход предполагает вовлечение учащихся в реальные экологические проекты, что способствует не только глубокому пониманию экологических проблем, но и развитию навыков критического мышления и решения проблем.

Таким образом, анализ литературы показывает, что вопрос интеграции экологического образования в курс химии является актуальным и перспективным направлением. Однако для его успешной реализации требуется решение ряда методических, организационных и педагогических задач. Пробелы в существующих исследованиях заключаются в необходимости более детального изучения эффективности конкретных методик и подходов, а также в разработке учебно-методических комплексов, адаптированных под потребности современного экологического образования. Данная статья стремится заполнить эти пробелы, предлагая новые подходы к интеграции экологических аспектов в обучение химии и оценку их влияния на экологическое сознание и навыки учащихся.

Методология

Исследование основывается на интеграции экологических аспектов в обучение химии среди старшеклассников через практико-ориентированные занятия. Эти занятия включают:

1. Экологический мониторинг и анализ. Учащиеся проводят мониторинг и анализ экологической ситуации в локальной среде с использованием учебных РН-метров для определения кислотности воды и почвы, а также цифровых измерителей температуры

2. Химические эксперименты с экологическим акцентом. Проведение экспериментов, направленных на изучение безопасного и экологически осознанного обращения с химическими веществами и их воздействия на окружающую среду.

3. Дискуссии, дебаты и ролевые игры. Организация дискуссий и ролевых игр по актуальным экологическим вопросам, где учащиеся могут анализировать и предлагать решения экологических проблем.

4. Применение теоретических знаний на практике. Занятия, направленные на формирование умения применять теоретические знания химии для решения практических экологических задач.

Методы оценки эффективности:

- Опросы и анкетирование для измерения изменения уровня экологической осведомленности и мотивации учащихся.

- Тестирование для оценки прироста знаний по химии и экологии до и после проведения практических занятий.

- Наблюдения за участием учащихся в занятиях и их активностью в дискуссиях и практических заданиях.

- Анализ проектов и экспериментов, выполненных учащимися, для оценки их способности применять знания на практике.

Результаты

Исследование показало значительное повышение уровня понимания и интереса учащихся к экологическим проблемам через призму химии. Применение практико-ориентированных занятий, включая экологический мониторинг и анализ с использованием учебного РН-метра, а также химические эксперименты с экологическим акцентом, способствовало углублению знаний учащихся не только в области химии, но и в понимании экологических взаимосвязей.

Анализ данных, полученных в ходе исследования, выявил, что учащиеся продемонстрировали повышенный интерес к рассматриваемым темам и активно участвовали в дискуссиях, дебатах и ролевых играх. Это указывает на то, что интеграция экологических аспектов в курс химии способствует не только улучшению понимания предмета, но и формированию осознанного отношения к окружающей среде.

Кроме того, учащиеся продемонстрировали значительное улучшение в способности анализировать и предлагать решения экологических проблем, что свидетельствует о развитии критического мышления и прикладных знаний. Практические задания, такие как экологический мониторинг и анализ экологической ситуации, позволили учащимся применить теоретические знания на практике, что повысило их мотивацию к обучению и участию в экологических проектах.

Результаты тестов до и после проведения серии практических занятий показали значительный прирост знаний учащихся по химии и экологии, подтверждая эффективность интегрированных учебных подходов. Опросы и анкетирование выявили повышение уровня эколо-

гической осведомленности и интереса к проблемам окружающей среды среди учащихся.

Таким образом, исследование подтверждает гипотезу о том, что интеграция экологического образования в курс химии в старших классах через практико-ориентированные занятия способствует не только повышению качества знаний по химии, но и формированию у учащихся осознанного отношения к экологическим проблемам и мотивации к их решению.

Результаты исследования подтвердили эффективность интеграции экологических аспектов в обучение химии для старших классов через практико-ориентированные занятия. Учащиеся не только демонстрировали улучшенное понимание химических процессов и их связи с экологическими проблемами, но и проявляли повышенный интерес и мотивацию к изучению экологических вопросов. Это указывает на значительное влияние предложенной методики на экологическое сознание учащихся.

Практическая ориентация занятий, включая экологический мониторинг и химические эксперименты, способствовала не только глубокому усвоению теоретических знаний, но и развитию умений применять их на практике для решения реальных экологических задач. Вовлечение учащихся в активную деятельность, такую как дискуссии и ролевые игры, позволило им развивать критическое мышление и формировать собственную позицию по отношению к экологическим проблемам.

Основываясь на анализе данных, можно сделать вывод, что предложенная методика является эффективной с точки зрения повышения осведомленности об экологических проблемах и способствует формированию у учащихся глубокого понимания важности экологической ответственности. Исследование также подчеркивает необходимость дальнейшего развития и адаптации методических подходов к экологическому образованию в контексте школьной программы по химии, что способствует формированию у учащихся комплексного взгляда на экологические проблемы и устойчивое развитие.

Таким образом, интеграция экологического образования в курс химии через практико-ориентированные занятия представляет собой мощный инструмент для развития экологической грамотности и сознательного отношения к окружающей среде среди старшеклассников.

Исследование демонстрирует значительный потенциал интеграции экологических аспектов в курс химии, что способствует повышению экологического сознания учащихся. Дальнейшее развитие и

улучшение экологического образования в курсе химии могут быть достигнуты через следующие направления:

1. Разработка междисциплинарных проектов, которые объединяют химию с биологией, географией и другими предметами, чтобы предоставить учащимся комплексное понимание экологических проблем

2. Включение цифровых технологий в процесс обучения, таких как использование онлайн-платформ для симуляций экологических процессов и виртуальных лабораторий, что позволит учащимся взаимодействовать с материалом более глубоко и наглядно.

3. Организация практических выездных мероприятий для проведения реальных экологических исследований вне класса, что поможет учащимся лучше понять влияние человека на окружающую среду и важность сохранения природы.

4. Разработка и внедрение специализированных учебно-методических комплексов, ориентированных на экологическое образование в рамках курса химии, с подробными методическими рекомендациями для учителей.

5. Проведение профессиональных развивающих программ для учителей, направленных на повышение их компетенций в области экологического образования и работы с новыми методиками и технологиями.

6. Вовлечение учащихся в реальные экологические проекты и инициативы, такие как программы по переработке отходов, озеленению и сохранению биоразнообразия, что позволит им применять полученные знания на практике и способствовать формированию активной гражданской позиции.

Для дальнейших исследований предлагается оценить долгосрочное влияние интегрированных экологических программ на поведение и жизненные принципы учащихся, а также изучить возможности расширения подобных программ на другие предметы и учебные курсы. Также важно исследовать вопросы адаптации данных подходов для разных возрастных групп и типов образовательных учреждений, чтобы сделать экологическое образование более доступным и эффективным.

Литература

1. Иноземцева Е.В. Экологическое воспитание на уроках химии. <https://moluch.ru/archive/77/13236/>
2. Бакрадзе Н.Ю., Карпова Ю.Г. Возможности интеграции экологического компонента в процесс химического обучения и воспитания (на примере среднего профессионального образования).

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖҮЙЕСІН КІРІСТІРУ

Бақытжан Ж. Д.

*Павлодар қаласы, Павлодар педагогикалық университетінің
студенті,*

Ельтинова Р.А.

*ғылыми жетекші: Павлодар қаласы, Павлодар педагогикалық
университетінің информатика білім беру бағдарламасының
басшысы, информатика мамандығы бойынша жаратылыстану
ғылымдарының магистрі*

Аннотация: *Мақалада білім беру процесіне жасанды интеллектті енгізу мәселесі қарастырылған. Сабақта жасанды интеллект құралдарын қолдану артықшылықтары. Жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып оқушыларды оқыту. Мұғалімдерге арналған Magic Tools платформасы.*

Түйін сөздер: *(Инновация, жасанды интеллект, даралау, бейімделу жаттығулары, жеке көзқарас, Сиқырлы құралдар).*

Аннотация: *Статья посвящена внедрению искусственного интеллекта в образовательный процесс. Рассматриваются преимущества использования искусственного интеллекта на уроке. Обучения с использованием технологий искусственного интеллекта. Рассмотрен платформа для учителей Magic Tools.*

Ключевые слова: *(Инновация, искусственный интеллект, персонализация, адаптивное обучение, индивидуальный подход, Magic Tools).*

Abstract: *The article is devoted to the introduction of artificial intelligence into the educational process. The advantages of using artificial intelligence in the classroom are considered. Learning using artificial intelligence technologies. A platform for teachers of Magic Tools is considered.*

Keywords: *(Innovation, Artificial Intelligence, Personalization, Adaptive learning, Individual approach, Magic Tools).*

Қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің бірі- білім беру процесін жүйелеу. Технологиялардың қарқынды дамуына байланысты, оқыту формаларының дұрыс тандалуы басты мәселе болып табылады. Білім беру процесіне инновациялық технологияларды қолдану, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізу. Мұғалімнің шығармашылық жұмысы көптеген әсерлерді, өмірлік тәжірибені пайдалануды, жаңа ақпараттарды іздеуді және әрекет

құралдарын меңгеруді талап етеді. Көптеген педагогтар атап өткендей, шынайы шығармашылық кішігірім құралдар арқылы үлкен нәтижелерге жеткенде көрініс табады.

Заманауи педагогикалық теория мен тәжірибені талдау арқылы, әрбір мұғалімнің жұмысында, шебер болуға ұмтылатын, қайталанатын түрлі дағдылардың бар екенін анықтауға болады. Мұғалімдердің шығармашылық қабілеттерін дамытудың бір жолы - бұл өздерінің күнделікті тәжірибелерінен алынған әсерлерді жаңа оқыту әдістерімен байланыстыру. Оның бірі- жасанды интеллект (ЖИ). Білім беру процесіне жасанды интеллект жүйесін кірістіру үлкен еңбекті талап етеді. Жасанды интеллект қазіргі таңда жаңа инновациялық құралдардың бірі болып саналады. Жасанды интеллект адамға тән дағдыларды жаңғырту мақсатында әзірленген бағдарламалар кешені. Жасанды интеллект қолдану арқылы әртүрлі мәселелерді шешу, жоспарлаумен айналысу, өз білім қорын толықтыру, олармен жұмыс барысында қойылған міндеттерді орындау тәсілін жақсарту мүмкіндігі жоғары.

Жасанды интеллектті қолдану салаларын зертеп қарасақ, білім беру процесінде жасанды интеллектті қолдану жүйесі артта қалып отыр, осыған орай, білім беру процесіне жасанды интеллектті кірістіру курстарын ұымдастыру қажет. Мұғалім мен оқушылар арасында байланысты нағайту, заманауи технологияларды қолданып, сабақ өткізу. Жасанды интеллектті оқыту жүйесінде қолданудың басты басты мақсаты-оқушылармен мұғалімдердің жұмысын тиімді етіп жоспарлау.



Жасанды интеллектті қолданудың бір мысалы- жұмыс пен үй тапсырмасын тексеруді автоматтандыру. Машиналық оқыту мен нейрондық желілерге негізделген жүйелер студенттердің жұмысын талдауға және бағалауға қабілетті, бұл тезірек және объективті тексеруді қамтамасыз етеді. Бұл мұғалімдерге білім беру процесінің

шығармашылық аспектілеріне назар аударуға мүмкіндік береді. Жасанды интеллектті білім беру процесінде қолдану арқылы, келесі мәселелерді шешуге болады, олар:

Адаптивті оқыту: тиімді жағы, бұл әр оқушының жеке үлгерімін бақылауға көмектеседі.

Адаптивті оқыту - әр студентке жеке көзқарасына, қызығушылығына негізделген инновациялық тәжірибе. Студент пен оның үлгерімі туралы деректерді талдайтын жасанды интеллектті қолдана отырып, жеке білім беру маршруттары автоматты түрде құрылады. Бұл оқудың қарқынын, күрделілігі мен мазмұнын жекелеуге мүмкіндік береді. Әр оқушының қажеттіліктері мен қабілеттері ескеріледі.

– Жеке оқыту: оқыту әр оқушының қажеттіліктеріне байланысты.

– Автоматты бағалау: жасанды интеллект арқылы автоматты бағалау жүйесі қалыптасады.

– Аралық оқыту: өткен материалды тиімді бекітуге мүмкіндік береді.

– Аналитика және оңтайландыру: жасанды интеллект студенттердің үлгерімі туралы деректерді талдауға, трендтерді анықтауға және трендтерді болжауға мүмкіндік береді, бұл білім беру стратегиялары мен жоспарлауды жақсартуға көмектеседі.

– Сабақ кестені оңтайландыру: студенттер мен оқытушылардың қалауын ескере отырып, қақтығыстарды азайту және тиімділікті арттыру арқылы сабақ кестесін оңтайландыра алады. Ең бастысы мұғалімдердің уақыттарын үнемдеуге басты роль атқарады.

Осылайша, білім беруде жасанды интеллект пен бейімделген оқытуды енгізу жоғары оқу орындарындағы білім беру процесінің жетілдіру үшін жаңа перспективалар ашады. Бұл білім беру технологиялары тиімдірек және жекелендірілген оқыту жолдарын жасауға мүмкіндік береді. Білім беру процесіне жасанды интеллектті қарқынды енгізудің негізгі себептері: ЖИ оқыту процесін тиімді және оқытушы мен тәрбиеші үшін ыңғайлы етуге көмектеседі. Көптеген онлайн ойындар мен жаттығулар жасанды интеллектпен жұмыс істейді. Білім беру ресурстары адамның қатысуынсыз жүзеге асырылады: чат-боттар сұрақтарға жауап береді. Қазіргі таңда жасанды интеллект ресурстары өте танымал. Жасанды интеллект (ЖИ) платформалары - бұл ЖИ негізіндегі қосымшаларды құруға, орналастыруға және басқаруға арналған құралдар, кітапханалар, алгоритмдер мен қызметтер жиынтығы. Мұғалімдерге арналған платформаның бірі - «Magic Tools».

Magic tools платформасы- мұғалімдерге, оқушыларға оқу процесін жақсарту, тиімді және нәтижеге жету үшін арнайы әзірленген инновациялық құрал. Жасанды интеллект платформасы келесі мүмкіндіктерді ұсынады:

- Интерактивті оқыту тапсырмалар мен материалдар: Magic Tools платформасы бейне сабақтарға, интерактивті тапсырмаларға, викториналарға, ойындарға, сабақ жоспарын құруға және т.б. қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл сабақтарды оқушылар үшін қызықты әрі тиімді өтуіне көмектеседі.

- Чат-боттар: жасанды интеллект платформасында ChatGPT сияқты, деректерді талдауға арналған жүйе орнатылған.

- Жеке оқыту: платформа мұғалімдерге әр оқушының жеке қажеттіліктері мен дайындық деңгейін ескере отырып, жеке оқу жоспарлары мен материалдарын жасауға мүмкіндік береді. Бұл оқу процесін оңтайландыруға және оқу үлгерімін арттыруға көмектеседі.

- Аналитика және бағалау құралдары: Magic Tools мұғалімдерге оқушылардың үлгерімін бақылауға, олардың үлгерімін талдауға және Оқу материалдары мен әдістемелерінің тиімділігін бағалауға арналған құралдарды ұсынады. Бұл білім беру процесін жақсарту туралы неғұрлым негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

- Бірлескен оқыту жүйесі: платформа мұғалімдер мен студенттер арасындағы, сондай-ақ студенттер арасындағы әлеуметтік өзара әрекеттесуді қолдайды. Бұған оқу материалдарын талқылау, тапсырмаларды бірлесіп шешу, сондай-ақ жобаларды бірлесіп орындау мүмкіндіктері кіреді.

- Басқа білім беру құралдарымен біріктіру: Magic Tools электрондық оқулықтар, оқытуды басқару жүйелері, вебинарлар және т.б. сияқты басқа білім беру технологиялары мен платформаларымен оңай біріктіріледі. Бұл неғұрлым толық және келісілген білім беру ортасын қамтамасыз етеді.

Сонымен қоса, жасанды интеллект платформаларда арнайы-интеллектуалды тьюторлар бар. Интеллектуалды тьюторлар: ЖИ жүйелері виртуалды тьюторлар ретінде әрекет ете алады, оқушыларға белгілі бір пәндерді үйренуге көмектеседі және жеке ұсыныстар мен түсініктемелер береді. Жасанды интеллектке (ЖИ) негізделген интеллектуалды тьюторлар қазіргі білім берудің ажырамас бөлігіне айналды. Бұл технологиялық платформалар материалдарды әр оқушының жеке қажеттіліктері мен білім деңгейіне бейімдеу үшін машиналық оқыту алгоритмдерін қолдана отырып, оқытудың ерекше және жекелендірілген тәсілін ұсынады.

Білім беру процесіне қолданылатын немесе енгізілетін платформа түрлері

- 1) " ақылды көмекшілер "(Apple Siri, Amazon Echo);
- 2) өзін-өзі оқытатын ЖИ-жоғары интеллектуалды профиль жүйелері (Wolfram Research ұсынған Wolfram Alpha);
- 3) өзін-өзі оқытатын ойын ЖИ жүйелері (GoogleAlphaGo);
- 4) білім беру ЖИ-жүйелері (AIEd):
 - * онлайн курстар (Coursera, UdaCity);
 - * қашықтықтан бағалау Құралдары (Duolingo, ProctoredU);
 - * ақпараттық көмекшілер (AutoTutor);
 - * МИОК-мультимедиялық интерактивті білім беру курстары (TeachPro).

Қорытындылай келе, жасанды интеллект жекелендірілген және тиімді оқу тәжірибесін ұсыну, ресурстарды бөлуді оңтайландыру және білімге қол жетімділікті жақсарту арқылы білім беру процесінде төңкеріс жасай алады. Жасанды интеллект дамып келе жатқандықтан, оқытушылар, мекемелер мен саясаткерлер үшін оның әлеуетін пайдалану және оны жүзеге асыру жауапты, этикалық және студенттерге де, оқытушыларға да пайдалы болуы үшін жұмыс істеу маңызды. Білім берудегі жасанды интеллекттің болашағы революциялық өзгерістер мен білім беру жүйелерін дамытудың жаңа мүмкіндіктерін уәде етеді. Жеке оқытуды, интеллектуалды тьюторларды, виртуалды шындықты және басқа да көптеген технологияларды. Мұғалімнің жұмысын тиімді ету үшін білім беру процесіне жасанды интеллекті енгізуді талап етеді. Жасанды интеллект ақпараттық технологиялар, денсаулық сақтау, қаржы, автомобиль өнеркәсібі және т.б. сияқты көптеген басқа салаларда кеңінен қолданылғанымен информатика олардың арасында жетекші болып қала береді, өйткені көптеген басқа салалар инновацияға тәуелді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Чулюков В.А. Основы искусственного интеллекта [Мәтін]: учеб. пособие // В.А. Чулюков. - Воронеж: Изд-во ВГПУ, 2005. - 304 б. 2 Зеер Э.Ф., Крежевских О.В. Концептуально - теоретические основы персонализированного образования [Мәтін] // Э.Ф.Зеер, О.В. Крежевских. - Образование и наука. Том №24(4) 2022. -15 б. (<https://doi.org/10.17853/1994-5639-2022-4-11-39>)
2. Зеер Э.Ф., Крежевских О.В. Концептуально - теоретические основы персонализированного образования [Мәтін] // Э.Ф.Зеер, О.В. Крежевских. - Образование и наука.
3. Грязнов, С. А. Образование и цифровая этика новой эпохи / С. А. Грязнов. – Текст : непосредственный // Инновации в образовании. – 2021. – № 2. – С. 88-95.
4. Герова, Н. В. Анализ возможностей применения сквозной цифровой технологии «Искусственный интеллект» в контексте учебной деятельности. –

Текст : непосредственный // Наука о человеке: гуманитарные исследования. – 2023. – Т. 17, № 3. – С. 122-130.

5. Елшанский, С. П. Школа будущего: может ли искусственный интеллект обеспечить когнитивную эффективность обучения? / С. П. Елшанский. – DOI 10.17223/15617793/462/23. – Текст: непосредственный // Вестник Томского государственного университета. – 2021. – № 462. – С. 192-201.
6. Евстигнеев, М. Н. Компетенции педагога иностранного языка в условиях интеграции технологий искусственного интеллекта. – Текст : непосредственный // Иностранные языки в школе. – 2023. – № 3. – С. 88-96.

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТҮСІНІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА КӨРНЕКІ ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ ТӘСІЛДЕРІ

К.С.Батталова

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық
университетінің, 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: М.К.Омаров
аға оқытушы*

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты қазіргі мектептерде география сабақтарында географиялық түсініктерді қалыптастыруда тиімді көрнекі оқыту құралдарын қолдану жолдарын зерттеу. Зерттеу нысаны: мұғалімнің өзі жинақтаған көрнекі оқыту құралдарын қолдана отырып, сабақта оқытушы мен оқушының бірлескен қызметі болып табылады.

Түйін сөздер. Көрнекі құралдар, география сабағы, оқу-әдістеме, оқыту құралдары.

Аннотация. Цель статьи изучить способы применения эффективных наглядных средств обучения в формировании географических представлений на уроках географии в современных школах. Объектом исследования является: совместная деятельность преподавателя и ученика на уроке с использованием средств наглядного обучения, накопленных самим учителем.

Ключевые слова. Наглядные пособия, урок географии, учебно-методическое пособие, средства обучения.

Annotation. The purpose of the article is to study the ways of using effective visual learning tools in the formation of geographical representations in geography lessons in modern schools. The object of the study is: the joint activity of a teacher and a student in a lesson using visual learning tools accumulated by the teacher himself.

Keywords. Visual aids, geography lesson, teaching aid, teaching tools.

Мектептегі ең қажетті пәндердің бірі – қоршаған орта туралы тұтас идеяны қалыптастыруға ықпал ететін география пәні болып табылады. Мазмұны бойынша география ғылымының негіздерін көрсететін географияны оқыту табиғатты, қоғамды және олардың өзара

әрекеттесу пәнін зерттеудің кешенді тәсілімен басқа пәндерден ерекшеленуі, экологиялық оқыту мақсаттарына қол жеткізу және оқушыларды мектептегі оқытудың барлық деңгейлерінде тәрбиелеу үшін айтарлықтай әлеуетке ие.

Мектепте географияны оқыту маңызды білім беру және тәрбиелік мәні бар болып табылады. Географияны оқыту тек географиялық білімді ғана емес, сонымен қатар мектепте негіздері оқытылмайтын ғылымдардың басқа салалары бойынша білім береді, оқушылардың экономикалық дайындығын қамтамасыз етеді, оқушылар экономика, оның салалары, ұйымдастыру формалары, табиғи ресурстар, әлемдік экономика туралы тұтас түсінік алады. Мектеп географиясындағы табиғи ресурстар мен жағдайлар оларды экономикада пайдалану мүмкіндігі тұрғысынан қарастырылады.

Жалпы білім беретін мектептің оқу-материалдық базасын жақсарту – оқу-тәрбие үрдісінің деңгейін арттырудың негізгі шарттарының бірі. Оқу құрал-жабдықтары сабақтың ажырамас бөлігіне айналды, өйткені онымен жұмыс істеу оқушылар үшін жаңа білімнің қайнар көзі және оқытылатын материалды меңгеру, жалпылау және қайталау құралы болып табылады. Географияны оқыту әдістемесінде оқу құрал-жабдықтарын сабақта пайдаланудың әртүрлі әдістері жасалған.

Заманауи оқыту құралдары білім мен дағдыларды қалыптастырудың қайнар көзі болып табылады. Оларға көрнекі құралдар, оқулықтар, оқу-әдістемелік кешен, құрал-жабдықтар, зертханалар жатады. «Қазіргі заманғы оқыту құралдары» түсінігі басқа компоненттермен бірге оқу процесінің құрамдастарының бірін белгілеу үшін қолданылады. Оқыту құралдары мұғалімнің ақпараттық және басқару функцияларын жүзеге асыру үшін өте қажет. Олар оқушылардың танымдық процестерін дамытуға және қолдауға, оқу материалдарды қабылдауын жақсартуға көмектеседі. Олар оны қол жетімді етеді және зерттелетін құбылыс туралы ең нақты ақпаратты береді. Олар өзіндік жұмысты күшейтіп, оны жеке қарқынмен орындауға мүмкіндік береді [1, 49 б].

Мектепте оқытылатын пәндердің ішінде біз географияны қызықты және онда көрнекі құралдар көбірек қолданылады деп айтсақ болады. Пәннің мазмұны осы құралдарды қолдану үшін әдістемелік мүмкіндіктердің кең спектрін жасайды [2, 97 б].

Оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту құралдарының бірі – көрнекілік. Географияны оқыту үдерісінде көрнекіліктер ерекше орын алады және біріншіден, оқушылардың сабақта жұмыс істеуге деген қызығушылығын тудырса, екіншіден, географиялық ой-

пікірлерді ойдағыдай қалыптастырып, күрделі мәселелерді зерттеуді жеңілдетеді. Сонымен қатар, көрнекі құралдар оқушылардың назарын жеке мәселелерге аударуға мүмкіндік береді [3, 352 б].

География сабақтарында көрнекі оқу құралдарын қолдану мектептегі география курстарының мазмұнының ерекшелігімен анықталады. Бұл жөнінде Н.Н.Баранский былай деп атап көрсетті: «Оқу пәндерінің ешқайсысы география сияқты көрнекі құралдарды пайдалануды қажет етпейді, сонымен бірге, география сияқты оқытудың көрнекі әдістерін қолдану үшін пәндердің ешқайсысы қолайлырақ сала болып табылмайды. Бұл география зерттейтін барлық нәрсенің қарапайым себебі... бұл ұғымдардың барлығы абстрактілі емес, нақты, біздің тікелей қабылдауымызға қолжетімді» [4, 347 б].

Көрнекілік әдісін қолданудың бірнеше алғы шарттары бар.

1. Мұғалім оқушыларға әртүрлі көрнекі құралдармен жұмыс істеу тәсілдерін меңгерту қажет.

2. Оқушыларға көрнекі құралдарың немесе нақты нысандарды пайдалану арқылы қоршаған ортаны түсінуге дағдыландырудың арнайы тәсілдерін меңгерту керек.

3. Әрбір жаңа білім көздерін өткенде ол арнайы оқып үйрену нысаны болуы тиіс. Мұғалім оқушыларға оларды меңгерудің ережелері мен меңгеру тәсілдерін үйретуі тиіс [5, 67-68 б].

Мектептегі географиялық білім берудің міндеті – оқушыларға географияның әртүрлі салаларында теориялық және практикалық білім беру ғана емес, сонымен бірге бұл білімді өз бетімен алуға үйрету. Осы орайда көмекші ретінде қарапайым мектептегі география оқулығы қызмет ете алады.

Қазіргі жаңа оқулықтар оқушылардың географиялық мәдениетін қалыптастырады, ол географиялық білім мен дағдыларды, географиялық ойлау мен географияның нақты тілін қамтиды, әлемнің жарқын және есте қалатын ғылыми бейнесін жасайды [10, 180 б].

Қазіргі оқушыларды назарын аудару қиын болғандықтан мұғалім сабақтарына балалардың зейін қоюы үшін, көрнекі құралдарды қолданады. Аудио-визуалды көрнекілерді қолданып сабақ өткізгенде, оқушылар ақпараттың 20% есіне сақтайды. Келесі тиімді әдістердің бірі ол – көрсетілім, мұғалімнің оқушыларға тәжірибиені сабақта көрсетуі мен тақырыпқа байланысты карта, макет, жобалармен жұмыс жасауынан оқушы сабақты жақсы түсінеді. Мысалы: оқушылармен бірге кәсіпорындарға экскурсияға барып, жұмыс барысымен таныстыру кезінде оқушы барлығын көзбен көріп, сол кәсіпорындарындағы таныс емес заттарды білуге қызығушылықтарды арттады.

Сарамандық жұмыста берілген тапсырмаларды орындау үшін өнеркәсіп орындарына экскурсияға бару, мамандармен сұхбаттасу тәрізді жұмыстар жасалса, оқушының қызығушылығын арттады және білімді тезірек меңгереді. Оқушы мұғаліммен бірге немесе топпен тақырыпты талқыдан өткізсе, оқушы ақпараттың 50% есіне сақтайды екен. Оқушылар алған білімін өмірлік тәжірибеде қолданғанда, ақпараттың 75% есте сақтайды, сондықтан мұғалім ретінде тәжірибелік жұмыстардарға бас назар аударған жөн.

Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында интербелсенді тақтада түрлі тапсырмалар жасауға болады.

LearningApps.org – <https://learningapps.org/> [15] интербелсенді жаттығуларды құрастыруға арналған онлайн құрал. Сайтында оқушыларға түрлі тапсырмаларды құрастыруға болады сөзжұмбақ, сұрақ жауап және оқушыларға аудио – видео контент бойынша тапсырмалар құрастырады.

Genial.ly – <https://genial.ly> [16] Оқушыларға қызықты презентация, тапсырма құрастыруға және ойын түріндегі сұрақ-жауапты құрастыруға өте тиімді онлайн құрал.

Umaigra – <https://www.umaigra.com/> [17] білім алушыларға арналған интерактивті дидактикалық ойындарды құруға, жариялауға және орындауға арналған онлайн-құрал.

Әртүрлі сайттарды «тарсия», «quizizz», «kahoot», «learningApps.org», «Genial.ly», «Umaigra» т.б қолдану оқушылардың белсенділігін арттырып, сабаққа қызығушылығын оятады. Сұрақ оқушыларға қойылған кезде олар ойланады, әрбіріне жеке сұрақтан берілсе іздене бастайды, тіпті қате жауап берсе де дұрыс жауабы шыққан кезде оны есіне сақтайды.

Көрнекі оқыту әдістерін сабақта қолданбастан бұрын, бастапқы сабақтарды дәстүрлі оқыту түрі бойынша өткіздім. Екі оқыту түрін сабақта қолданып, тиімді оқыту тәсілдерімен жұмыс жасау үшін, оқушылардың нәтижесі бойынша салыстырдым. Тақырыпқа сай, қарапайым түрде сабақ өткіздім.

Бұл әдіс бойынша оқыту түрінде өткізілген сабақтың талдауы: Сабақтың басында оқушылардан үй жұмысын сәйкестендіру тапсырмасын жасады, алайда сабақтың басында оқушылардың назарын аударып, қызығушылықтарын ояту мақсатында ешқандай әдіс-тәсіл қолданылмауы, оқушының сабаққа белсенді қатыспауына бірден-бір әсер етті. Себебі, күнде жаңарып отыратын заманда оқушылардың назарын, зейінін бір нәрсе шоғырландыру қиын. Сыныптың жарты оқушылары ғана сабақта белсенді қатысты.

Сабақты оқушыларға интербелсенді тақта қолданып түсіндірген кезде, кейбір оқушылардан зерігу, қызығушылығының жоқтығын байқадым.

Сабақты түсіндіріп болғанан кейін, оқушыларға жаңа тақырыпқа қатысты тапсырмалар жасадым.

Сабақтың нәтижесінде 1 тапсырманы орындау кезінде 22 оқушының 4-5-уі ғана тапсырмаға ауызша жауап бере алды. 2 тапсырмада формула бойынша есептерді шығару кезінде оқушылардың оқулықтағы ақпараттарды қолдана алмауынан, тапсырмаларды орындағанда қателіктер жіберді.

Жаңа тақырыпты қайта, пысықтап, бекітуі үшін сұрақтарға жауап берді.

Сабақтың нәтижелі өтуінің басты кепілі сабақты дұрыс, жоспарлап ұйымдастыру.

Екінші сабақ көрнекі оқыту құралдарын қолдану арқылы өткізілді.

Жаңа тақырыпты өткізу кезінде қолданған көрнекі оқыту құралдары: Genially платформасы, интерактивті тақта, видеоматериал, Canva платформасында презентациясын сабақта қолдандым.

Сабақта қолданған көрнекі құралдар арқылы оқушылар сабаққа қызығушылық танытты. Көрнекі құралдарды қолданбай өткізген сабақпен салыстырғанда өте жоғары нәтижелер көрсетті. Нәтиже: оқушылар өзінің ойын еш қиындықсыз дәлелдерді қолданып жеткізуі, алған білімдерін өмірде пайдалану және басқалармен идея алмасу арқылы дұрыс шешім қабылдап, бағалауы.


Оқушылардың сабақтарды түрлі көрнекі оқыту құралдарын қолдану арқылы өткізу қызықты ма, жоқ па екендігін анықтау үшін сауалнама жүргізілді. 1 кестеден сауалнама нәтижелерін көре аласыздар. Нәтиже бойынша оқушылардың көрнекі оқыту құралдарымен сабақты өткізу көрсеткіштері жоғары дәрежеде екені анықталды.

1 кесте – Көрнекі оқыту құралдарын сабақтарда қолдану бойынша сауалнама нәтижесі

Сауалнама сұрағы	Әрқашан %	Кейде %	Мүмкін емес, %
Күнделікті география сабақтарында көрнекі оқыту құралдары қолданылады ма?	0	68	32
Сабақтарда көрнекі оқыту құралдарын қолдану қызықты ма?	72,7	18,2	9
Көрнекіліктер қолданған кезде сабақ түсінікті болады ма?	77,3	18,2	4,5


Өтілген тақырып бойынша қай сабақ оқушылардың есінде көбірек қалғандығын тексеру мақсатында сауалнама алынды. Сауалнамаға 8 «ә» сыныбының 22 оқушысы қатысты.

Сауалнама сұрағына «Күнделікті география сабақтарында көрнекі оқыту құралдары қолданылады ма?» сыныптың 68 % – кейде деп жауап берсе, 32 % мүмкін емес, ал 0 % әрқашан деп жауап берген еді.




1 сурет – Сауалнама сұрағына оқушылардың жауабы

Келесі сауалнама сұрағында «Сабақтарда көрнекі оқыту құралдарын қолдану қызықты ма?» болды, сауалнамаға сәйкес оқушылардың 18,2 % – кейде десе, 72,7 %–әрқашан, ал 9 % мүмкін емес деп жауап берді.



2 сурет – Сауалнама сұрағына оқушылардың жауабы

Келесі сауалнама сұрағында «Көрнекіліктер қолданған кезде сабақ түсінікті болады ма?» болды, сауалнамаға сәйкес оқушылардың 18,2 % – кейде десе, 77,3 %–әрқашан, ал 4,5 % мүмкін емес деп жауап берді.



3 сурет – Сауалнама сұрағына оқушылардың жауабы

Сауалнама нәтижелерін тексеру барысында, қарапайым әдістермен сабақ өткен кезде, сыныптың есінде жаңа тақырып мәліметтерінің біршама аз қалғандығын байқауға болады. Ал керісінше көрнекі оқыту құралдарын қолданып сабақ өткізген кезде, оқушылардың белсенділік танытқандығын көруге болады. Оқушылар «сабақты тиімді ұйымдастыру үшін қандай әдістерді қосар едіңіз?» деген сауалға қосымша ақпараттар, бейне материалдар, топтық жұмыстарды қосу керектігін айтты.

Сонымен, география сабақтарында түрлі көрнекі оқыту құралдарын қолдану арқылы сабақтарды өткізу тиімді екені анықталды. Осы арқылы оқушылардың пәнге деген, жаңа тақырыпқа деген қызығушылығын арттыруға болады. Оқушылар сабақ үстінде белсенділік танытуы, олардың сабақ оқуға деген құлшыныстарын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Буляккулова Д. Э., Нигматуллина А. М. Современные средства обучения, их классификация: Международный научный журнал «Вестник науки» №4, 2022. 49 с.
- 2 Сеидова Э.Я., Тахиров А.В. Средство обучения географии и их значимость в учебном процессе, 97-100 с.
3. Крутецкий, В.А. Психология. – / В.А. Крутецкий. - М.: Просвещение, 1980. – 352 с.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАСТЫҚ-ЖЫНЫСТЫҚ ҚҰРАМЫ (2017-2023 Ж.Ж.)

Габдуллова Н. Б.

А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің студенті, Қостанай қ.,

Ахметова Э. Б.

ғылыми жетекші: география магистрі, аға оқытушы, Қостанай қ.

Аннотация: Мақалада 2017-2023 жылдар аралығындағы Қазақстанның Қостанай облысындағы демографиялық жағдайы қарастырылған. Жеті жылдық көрсеткіш бойынша халықтың жастық-жыныстық құрамына статистикалық-аналитикалық талдау жасалған. Демографиялық жағдай күрделі: популяция құрылымындағы өзгерістерге туудың төмендігі және көші-қон әсер етеді.

Түйін сөздер: Қостанай облысы, жастық-жыныстық құрылым, табиғи өсім, туу коэффициенті, өлім-жітім коэффициенті, өмір сүру ұзақтығы, көшіқон.

Аннотация: В статье рассматривается демографическая ситуация в Костанайской области Казахстана за 2017-2023 годы. Проведен статистико-аналитический анализ возрастно-полового состава населения по семилетнему показателю. Демографическая ситуация сложна: на изменения в структуре населения влияют низкая рождаемость и миграция.

Ключевые слова: Костанайская область, возрастно-половая структура, естественный прирост, коэффициент рождаемости, коэффициент смертности, продолжительность жизни, миграция.

Abstract: The article examines the demographic situation in the Kostanay region of Kazakhstan for 2017-2023. A statistical and analytical analysis of the age and sex composition of the population was carried out according to the seven-year indicator. The demographic situation is complex: changes in the population structure are influenced by low birth rates and migration.

Key words: Kostanay region, age-sex structure, natural increase, birth rate, death rate, life expectancy, migration.

Халықтың жастық-жыныстық құрамын зерттеу мәселесі Қостанай облысындағы демографиялық жағдайды зерттеу тұрғысынан өзекті. Ол аймақтағы халық саны, туу коэффициенті, өлім-жітім коэффициенті, жастық-жыныстық құрылымы және көші-қон туралы ақпарат береді. Бұл тиімді жоспарлау, саясатты әзірлеу, білім беру, денсаулық сақтау және жұмыс орындарын құру және халықтың қартаюына дайындық үшін өте маңызды. Бұл құрылымды түсіну саясаткерлерге әртүрлі жас топтары мен жыныстардың қажеттіліктерін ескеретін мақсатты стратегиялар мен шешімдерді әзірлеуге және аймақтың тұрақты дамуына ықпал етуге мүмкіндік береді.

Халықтың жастық-жыныстық құрылымы оның демографиялық динамикасын, әлеуметтік дамуын және ресурстарды бөлуді түсінуде шешуші рөл атқарады. Бұл мақаланың мақсаты Қостанай облысы

халқының жастық-жыныстық құрамын анықтау, оның қоғам өмірінің әртүрлі аспектілеріне әсерін көрсету болып табылады [1].

Алға қойылған мәселе жинақтау және талдау; статистикалық - аналиталық талдау әдістеріне сүйене отырып зерттелді. <https://stat.gov.kz/> сайтында берілген статистикалық көрсеткіштер өңделіп, салыстырмалы талдау жасалды.

Қостанай облысы Қазақстанның солтүстігінде орналасқан және пайдалы қазба байлықтарымен, ауыл шаруашылығы өнімділігімен және мәдени мұрасымен танымал. Бұл елдің жетекші аймағы болғандықтан, оның халқының демографиясын түсіну тиімді жоспарлау мен саясатты әзірлеу үшін өте маңызды. Қазақстанның жалпы халық санының 4,2%-ын Қостанай облысының халқы алып жатыр. Қостанай облысы халық саны бойынша облыстар арасында 7 орында орналасқан. Қостанай қаласының халқы бойынша Қазақстанның басқа облыс орталықтарының арасында 9 орында тұр [2].

Қазақстанның солтүстік бөлігінде орналасқан Қостанай облысы демографиялық аспектіде айтарлықтай маңызға ие. Бұл мақалада 2017 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңдегі облыстағы демографиялық жағдай қарастырылады.

Жалпы халық санынан бастайық. 2017 жылдың басындағы мәліметтер бойынша, Қостанай облысында 879 134 адам өмір сүрген. 2023 жылғы 1 қаңтарындағы көрсеткіш бойынша 832 237 адамды құрады, ал 2024 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіш бойынша 829,998 адамды құрайды. Осылайша, аймақтағы халық санының азаюы туралы қорытынды жасауға болады [3].

Қостанай облысының 2017-2024 ж.ж. аралығындағы халық саны (мың адам, жылдың басына)



Диаграммаға сүйенсек Қостанай облысының демографиялық дамуы теріс болып, халық санының кемуімен сипатталып тұр. 2023 жылы 2017 жылмен салыстырғанда, халық саны 5,4%-ға немесе 46 900

адамға азайды. Бұл көрсеткішке бірнеше факторлар әсер етеді. Соның бірі, 2020 жылы басталған пандемия болып табылады. Жаңа мәліметтерге сүйенсек, 2024 жылы 1 қаңтарда халық саны 829 998 адамды құрайды. 2024 жылы 2023 жылмен салыстырғанда, халық саны 0,3%-ға немесе 2239 адамға азайды. 2017 жылдан бастап мәліметтерді сараптасақ, халық саны жылдан жылға азаюда. Қостанай облысында өлім-жітім 2020-2022 жылдары жоғары көрсеткішті көрсетті. 2022 жылы өлім-жітім 1000 адамға шаққанда 14,81 болды. Бұл көрсеткіш 2023 жылға қарай аздап төмендейді деп күтілуде [4].

Халықтың көші-қоны халық санына әсер ететін көрсеткіштердің бірі. Соңғы жылдары халықтың Қостанай облысынан еліміздің ірі қалалары мен басқа да өңірлеріне кетуі байқалады. 2023 жылғы қаңтар-маусым айларындағы статистика бойынша Қостанай облысынан 13 853 адам кетті. Оның ішінде сыртқы көші-қон 1 101 адамды құраса, ішкі көші-қон 12 752 адамды құрады. Бұл өмір сүрудің, жұмыс істеудің және білім берудің жақсы жағдайларын іздеуге байланысты. Қостанай облысының халқының халық тығыздығы бойынша 1 шаршы километрге 4,24 адамнан келеді.

Қостанай халқының 26,44%-ын жастар саны алып жатыр. Диаграммада Қостанай облысының жастардың жыныстық бөлінуі бойынша сандық сипатын көруге болады:



2017-2022 жылдары жастар бойынша деректер 14-28 жас тобында қалыптастырылды. 26.12.2022 жылғы өзгерістермен "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" ҚР Заңына сәйкес, жастар - 14 жастан 35 жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады. 2023 жылы 2017 жылмен салыстырғанда, жастар саны 16%-ға, яғни 35 045

адамға көбейді. Көптеген жастардың жұмыс күші мен экономикалық өнімділікті арттыруға мүмкіндігі бар. Диаграммада Қостанай облысы халқының жалпы және жыныстық бөлінуі бойынша орташа өмір сүру ұзақтығы көрсетілген [4].



Өмір сүру ұзақтығына денсаулық сақтау, таза суға қолжетімділік, тамақтану, өмір салты және медицина саласының дамуы сияқты әртүрлі факторлар әсер етеді. 2017-2023 жылдар аралығында өмір сүру ұзақтығы артты. 2020 жылы өмір сүру ұзақтығына коронавирус пандемиясы әсер етті. 2020-2021 жылдары пандемияға байланысты Қостанай облысы халқының өмір сүру ұзақтығы азайып, өлім-жітім коэффициенті артты. 2017 жылы өлім-жітім коэффициенті 1000 адамға шаққанда 10,14 құраса, 2021 жылы бұл көрсеткіш 14,12-ге өсті [4].


Қостанай облысы халқының жастық-жыныстық құрылымы білім беру мен дағдыларды дамытуға инвестициялардың маңыздылығын атап көрсетеді. Білім беру инфрақұрылымын, кәсіптік даярлықты және сапалы білімге қолжетімділікті жақсарту өңір жастарының экономикалық өсу мен әлеуметтік дамуға өз үлесін қосуға мүмкіндік бере отырып, олардың мүмкіндіктерін кеңейте алады.

Экономикалық жоспарлау үшін жұмыс күшінің жастық және жыныстық таралуын түсіну өте маңызды. Қостанай облысының тұрғындарын талдау белгілі бір жас топтарындағы гендерлік теңгерімсіздікті анықтады, бұл еңбек нарығына әсер етуі мүмкін. Гендерлік теңсіздікті жою және барлық жас топтарындағы ерлер мен әйелдер үшін тең мүмкіндіктерді ілгерілету теңдестірілген және өнімді жұмыс күшіне ықпал етуі мүмкін.

Аймақтың жас құрылымы негізінен жас тұрғындарды көрсетсе де, егде жастағы адамдардың көбеюін мойындау маңызды. Халықтың картаюына дайындық медициналық мекемелерге, гериатриялық қызметтерге және әлеуметтік қолдау жүйелеріне инвестицияларды қажет етеді. Егде жастағы тұрғындардың жоғары өмір сүру сапасын қамтамасыз ету ұрпақтар арасындағы әлеуметтік келісім мен үйлесімділікті сақтау үшін өте маңызды.

Қостанай облысының жас құрылымын талдау басты үрдістерді анықтауға мүмкіндік береді. Аймақ пирамидалық құрылымға ие, оның негізі кең, бұл салыстырмалы түрде 36-63 жас аралығындағы популяцияны көрсетеді. Бұл халықтың болашақ өсу әлеуетін және білім беру, денсаулық сақтау және жастардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктері сияқты қызметтерге деген қажеттіліктің артуын болжайды.

Қостанай облысының жастық-жыныстық құрамы (2017 ж., 2022 ж.)



Берілген пирамидалардың сандық сипаттары шамалас болып келеді. 2017 және 2022 жылдары 36-63 жастағы халық саны басым болды.

Қостанай облысындағы халықтың демографиялық құрылымы да өзгеріп отырғанын атап өткен жөн. Соңғы жылдары жастар санының көбеюі және егде жастағы халықтың үлесінің артуы байқалады. Бұл өлім-жітімнің жоғарылауы және көші-қон сияқты әртүрлі факторлардан туындайды. Жастар саны көбейгенімен 2022 жылы туудың төмендігі байқалды.

Облыста туу деңгейі төмен деңгейде қалып отыр. 2017 жылы туу коэффициенті 13,38 құрады. 2022 жылы туу коэффициенті 1000 адамға шамамен 12,42 құрады. Алдағы жылдарға арналған болжамдар бұл көрсеткіштің шамалы кемуін көрсетеді. Туу коэффициентінің кемуі облыстың табиғи өсіміне әсер етеді. Осылайша, 2017 жылы табиғи өсім 3,22 құраса, 2022 жылы табиғи өсім коэффициенті 1,77-ге кеміді [4].

Қостанай облысының туу коэффициенті (2018-2022 жж.)



Қостанай облысындағы демографиялық жағдай күрделі күйінде қалып отыр. Халықтың аз өсуіне қарамастан, халықтың құрылымы егде жастағы адамдардың пайдасына өзгеруде. Халықтың «қартаюы» демографиялық дағдарысқа әкелуі мүмкін. Демографиялық дағдарысқа экономикалық, әлеуметтік, саяси факторлар әсер етеді. Туу, өлім-жітім коэффициенті және көші-қон аймақтағы демографиялық өзгерістерге әсер ететін негізгі факторлар болып табылады.

Маңыздысы, бұл деректер мемлекеттік статистикаға негізделген және экономикалық даму, әлеуметтік бағдарламалар және мемлекеттік саясат сияқты әртүрлі факторларға байланысты өзгеруі мүмкін.

Қостанай облысы халқының жастық-жыныстық құрылымы саясаткерлер үшін құнды ақпарат береді. Саясатты әртүрлі жас топтарының қажеттіліктеріне сәйкес келтіру арқылы аймақ инклюзивті өсу мен әлеуметтік дамуға ықпал ете алады. Білім беруге, денсаулық сақтауға және екі жынысқа да жұмысқа орналасуға инвестициялаудың басымдығы тұрақты және гүлденген болашаққа ықпал етеді.

Қорытындылай келе, Қостанай облысы халқының жастық-жыныстық құрамын түсіну үшін негізделген шешімдер қабылдау жолындағы іргелі қадам болып табылады. Қостанай облысының жастық-жыныстық құрылымын зерделеу өңір өмірінің әртүрлі аспектілерін неғұрлым тиімді жоспарлауға және оны дамыту жөнінде негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Демографиялық динамиканы мойындай отырып, үкімет аймақтың бірегей мәселелерін шешудің мақсатты стратегияларын жасай алады және оның демографиялық әлеуетін барлық тұрғындардың игілігі үшін пайдалана алады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Нүсіпова Г.Н. Халықтар географиясы: Оқулық. – Алматы: «Экономика», 2011. – 214 б.
2. Global Challenges for Global Science III. // Ахметова Э.Б., Баймаганбетова К.Т., Атасой Э. Қостанай қаласының халық санын талдау және болжау. – Bursa Uludağ Koleji, October 04, 2023. – 226 p. (multilanguage).
3. <https://www.gov.kz/memleket/entities/kostanay/documents/details/465129?lang=ru>
4. <https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/demography/>

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ДИФФЕРЕНЦИРОВАННОГО ПОДХОДА В ПРАКТИКЕ РАБОТЫ УЧИТЕЛЯ ХИМИИ

Жараспаев А.С.

студент Павлодарского педагогического университета им. Әлкей Марғұлан, г. Павлодар

Ачкинадзе О.С.

научный руководитель: кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, г. Павлодар

Аннотация. В статье рассмотрена роль дифференцированного подхода как средство для формирования предметных и общеучебных умений школьников в ходе организации самостоятельной работы при обучении химии. Подчеркнута важность активизации познавательной деятельности обучаемых с учетом уровней мыслительных действий, определенных психологами. Автор показывает возможность групповой работы учащихся, основанной на внутренней дифференциации в процессе обучения химии, позволяющей развивать самостоятельное мышление детей с разным уровнем общеучебных умений.

Abstract. The article considers the role of differentiated approach as a means for the formation of subject and general academic skills of schoolchildren in the course of organizing independent work when teaching chemistry. The article emphasizes the importance of activation of cognitive activity of students taking into account the levels of thinking actions defined by psychologists. The author shows the possibility of group work of students, based on internal differentiation in the process of teaching chemistry, allowing to develop independent thinking of children with different levels of general learning skills.

Андамна. Мақалада химияны оқытуда өзіндік жұмысты ұйымдастыру барысында оқушылардың пәндік және жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыру құралы ретінде сараланған тәсілдің рөлі қарастырылады. Психологтар анықтаған ақыл-ой әрекеттерінің деңгейлерін ескере отырып, студенттердің танымдық белсенділігін арттырудың маңыздылығы атап өтілді. Автор химияны оқыту процесінде ішкі саралауға негізделген оқушылардың топтық жұмыс істеу мүмкіндігін көрсетеді, бұл жалпы білім беру дағдыларының әртүрлі деңгейлері бар балалардың тәуелсіз ойлауын дамытуға мүмкіндік береді.

Ключевые слова: познавательная самостоятельность, дифференцированный подход, уровни мыследеятельности, обучение химии.

Key words: *cognitive independence, differentiated approach, levels of thinking activity, chemistry teaching.*

Түйінді сөздер: *танымдық Тәуелсіздік, сараланған көзқарас, ойлау деңгейлері, химияны оқыту.*

Одной из главных задач обновленной системы образования Казахстана является подготовка молодых людей, обладающих компетенциями, позволяющими саморазвиваться, самостоятельно пополнять и применять свои знания, умения и навыки в быстро меняющихся условиях современного мира. Развитие самостоятельного мышления учащихся было и остается актуальной проблемой для учителей школ. Исследованию проблемы познавательной самостоятельности посвящено значительное количество как отечественных, так и зарубежных ученых, психологов, философов.

Зерттеу пәні. Қызылорда облысында емдік қасиеттері бар өсімдіктері

Зерттеу нысаны. Қызылорда облысының емдік қасиеттерін көрсететін өсімдіктер түрлеріне арнайы бағдарланған алуан түрлі флорасы.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Қызылорда облысына тән дәрілік қасиеттері бар өсімдіктерді жан-жақты зерттеу және құжаттау, олардың терапиялық әлеуетіне жарық түсіру және өңірдің бай ботаникалық әртүрлілігін ғылыми түсінуге ықпал ету.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

1. Қызылорда облысының жергілікті қауымдарында дәстүрлі білім мен этноботаникалық практикаға мұқият шолу жүргізу;

2. Өзінің емдік қасиеттерімен белгілі өсімдіктер түрлерінің тарихи және мәдени маңызын атап көрсете отырып, оларды сәйкестендіру және құжаттау;

Гипотеза: Қызылорда облысының алуан түрлі флорасы бірегей және әлеуетті құнды емдік қасиеттерге ие және өсімдіктердің жергілікті түрлерін зерттеу, әртүрлі ауруларға қарсы дәстүрлі құралдардың бай көзін ашады.

Зерттеу нысандары: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Аққұм ауылы ме Терезөзек ауданының тұрғын үйлердің аумағы:

1 аумақ: Ғанимұрат 65 (Сурет-1)

2 аумақ: Достық 29 (Сурет-2)

3 аумақ: Желтоқсан 37 (Сурет-3)



Сурет-1. Ғанимұрат 65 Сурет-2. Достық 29 Сурет-3. Желтоқсан 37
<https://maps.app.goo.gl/TjQGFw67x7FyTKA58>

Дәрілік өсімдіктердің таралуының маңызы зор, өйткені халықтың денсаулығы мен әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Қазақстанның оңтүстік бөлігінде орналасқан Қызылорда облысы түрлі дәрілік өсімдіктердің өсуін қолдайтын бірегей экожүйеге ие. Бұл шығарма Қызылорда облысының түрлі флорасында тереңдеп, дәстүрлі медицинада, биолуандықты сақтауда, экономикалық даму әлеуетінде осы өсімдіктердің маңыздылығын атап өтті.

Қызылорда облысы әрқайсысы өңірдің бай ботаникалық алуан түрлілігіне ықпал ететін даланы, шөлді және жартылай шөлді қоса алғанда, экожүйелердің алуан түрлілігімен сипатталады. Ыстық жазда және жұмсақ қыста сипатталатын бірегей климат әртүрлі дәрілік өсімдіктердің өсуі үшін тамаша ортаны қамтамасыз етеді.


Осылайша, Қызылорда өңірінің медициналық өсімдіктерін таксономикалық талдау өңірде кездесетін дәрілік мәнге ие өсімдіктердің әртүрлі өмірін түсінуде, жіктеуде және сақтауда шешуші рөл атқарады. Ол әр түрлі өсімдіктер тұқымдасының медициналық маңызын және олардың өңірлік медицинаға, әлемдік медицинаға және дәстүрлі медицинаға қосқан үлесін тану үшін ғылыми негізді қамтамасыз етеді.

Біз үш көшедегі дәрілік өсімдіктерді зерттедік, кесте 1 сәйкес.

Кесте 1. Қызылорда өңіріндегі дәстүрлі медициналық өсімдіктердің систематикалық көрсеткіштері

№, көше	Адыраспан	Жантақ	Жусан	Қалақай	Арша	Қорытынды
Ғанимұрат 65	17	15	24	8	27	91 (22,4%)
Достық 29	20	30	18	12	0	80 (19,7%)
Желтоқсан 37	13	26	0	0	7	46 (11,3%)
Қорытынды	50 (12,3%)	71 (17,4%)	42 (10,3%)	20 (4,9%)	34 (8,4%)	211

Зерттеу барысында ең үлкен көрсеткіш Ғанимурат 65 (22,4%) көшесінде болса, ең төменгі пайыздық көрсеткіш Желтоқсан 37 (11,3%) көшесінде болды. Диаграммадағы көрсеткіштерді сурет 4 сәйкес.



Сурет 4. Қызылорда өңіріндегі дәстүрлі өсімдіктердің систематикалық көрсеткіштерінің графикалық көрінісі

Қызылорда өңірінің флорасындағы өсімдіктерді дәстүрлі медицинада қолданылуына байланысты жіктелуін 2-кестеден көреміз.

Кесте 2 Қызылорда өңірінің фармацевтикалық медицинада қолданылатын өсімдіктердің систематикалық көрсеткіштері

№, көше	Жалбыз	Алое	Пияз	Долана	Шүйіншөп	Қорытынды
1	19	14	35	0	18	86 (21,8%)
2	0	0	0	5	10	15 (3,8%)
3	25	9	40	10	0	89 (22,5%)
Қорытынды	44 (10,8%)	23(5,7%)	5(18,4%)	5(4,9%)	28 (6,9%)	185

Жалпы дәстүрлі медицинада кездесетін өсімдіктің саны -211 құрайды. Соның ішінде ең көп кездесетін түрі 2 көшедегі жантақ өсімдігі, ал аз таралған түрі 3 көшедегі арша екенін байқаймыз. Сурет 5 сәйкес.




Сурет 5. Қызылорда өңіріндегі фармацевтикалық медицинада қолданылатын өсімдіктердің систематикалық көрсеткіштерінің графикалық көрінісі

Кесте 3. Қызылорда өңіріндегі дәстүрлі және фармацевтикалық медицинада кездесетін өсімдіктердің жалпы көрсеткіштері

№, көше	Адыраспан	Жантақ	Жусан	Қалақай	Арша	Жалбыз	Алоэ	Пияз	Долана	Шүйіншөп
1	17	15	24	8	27	19	14	35	0	18
2	20	30	18	12	0	0	0	0	5	10
3	13	26	0	0	7	25	9	40	10	0
Қорытынды	50 (12,3%)	71 (17,4%)	42 (10,3%)	20 (4,9%)	34 (8,4%)	44 (10,8%)	23 (5,7%)	75 (18,4%)	15 (4,91%)	28 (6,9%)

Зерттеу барысында Қызылорда өңіріндегі өсімдіктердің ең үлкен көрсеткіші-пиязда (18,4%), ал ең кіші көрсеткіші-қалақай мен доланада (4,9%). Оның көрсеткіштерін сурет 6 да көруге болады.



Сурет 6. Салыстырмалы көрсеткіштер

Қызылорда өңірінің флорасындағы дәрілік өсімдіктердің негізгі систематикалық топтарының арақатынасы 1-кестеде көрсетілгендей негізгі екі бірегей топқа жітелген: Дәстүрлі медицина, Фармацевтика өнеркәсібі. Олардың жалпы мөлшерлік арақатынасы диаграммада көрсетілгендей екі үлкен бағытта қарастырылып отыр. Жалпы жаһандық мәнге ие медициналық өсімдіктер бағытына сәйкес дәстүрлі медицинада қолданылатын дәрілік өсімдіктердің пайыздық арақатынасы - 24,0% құраса, Фармацевтика өнер кәсібінде қолданылатын дәрілік өсімдіктердің пайыздық құрамы – 38,7%, ал Экологиялық емдеу саласында қолданылатын дәрілік өсімдіктердің пайыздық арақатынасы –37,3% құрап отыр.


Ал, аймақтық мәнге ие бағыты бойынша жалпы пайыздық арақатынастың 37,2%-ы дәстүрлі ем саласына тиесілі болса, 35,8%-ы фармацевтика өнеркәсібіне тиесілі, ал қалған 26,9%-ы экологиялық емдеу саласына тиесілі екенін көруімізге болады.

Сонымен қатар, Қызылорда өңірінің территориясында Орта Азия флорасының барлық негізгі тұқымдас түрлері кездеседі десе де болады, бірақ медициналық мәнге ие өсімдіктерде Орта Азияның басқа да елдерінен өзіндік айырмашылыққа ие. Оған бірден бір себеп – өңірдің климаттық жағдайы. Қызылорда өңірі негізінен шөлейтті зона болғандықтан өсімдіктердің, солардың қатарында дәрілік мәнге ие өсімдіктердің де негізгі таралуы осы климаттақ сай қалыптасқан түрлері болып келеді. Біз оны кесте-4 тен көруге болады.

Кесте 4. Қызылорда облысы флорасының дәрілік өсімдік тұқымдастарындағы туыстар саны.

№	Тұқымдастар	Түрлердің саны	Жалпы түр санынан % мөлшері
1	Rhaponticum carthamoides	25	37,31%
2	Astragalus membranaceus	14	20,89%
3	Nitraria sibirica	9	13,43%
4	Artemisia deserti	9	13,43%
5	Ephedra distachya	7	10,44%
6	Glycyrrhiza glabra	6	8,95%
7	Calendula officinalis	6	8,95%
8	Achillea millefolium	5	7,40%
9	Salvia officinalis	3	4,44%
10	Tamarix ramosissima	2	3,00%

Зерттеу барысында ең төмен пайыздық көрсеткішті-Rhaponticum carthamoides (37,3%) аспаса, ең кіші көрсеткішті- Tamarix ramosissima (3%) алды. Оның графикалық көрінісін сурет 5 дан көруге болады.



Сурет 5. Қызылорда облысы флорасының дәрілік өсімдік тұқымдастарындағы туыстар санының графикалық көрінісі

Жалпы тексеріліп отырған территорияда 10 тұқымдас 2-ден 25 түрге дейін, 8 тұқымдас 11-ден 24 түрге дейін, 20 тұқымдас 4-ден 7 түрге дейін, 46 тұқымдас 3-тен 1 түрге дейін біріктіретіндігі анықталды.

Сонымен Қызылорда облысының флорасы дәрілік өсімдіктердің түрлері санының аздығымен сипатталады. Жалпы зерттеліп отырған территория флористикалық спектрі бойынша Орталық Азияның шөлейтті зонасындағы басқа аудандарынан аса ерекшеленбейді.

Өсімдіктердің әртүрлілігін зерттеу оларды халық медицинасында дәстүрлі пайдаланумен бірге флора мен мәдени тәжірибелер арасындағы серпінді өзара байланысты терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл салыстырмалы талдау денсаулық сақтау мен сақтауға неғұрлым кешенді көзқарасқа ықпал ете отырып, тұрғылықты халықтардың ғылыми білімі мен даналығын біріктіру үшін негізді қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстанның өсімдіктері мен жануарлары» Б. Мұханов, Т. Мұсақұл, Н. Суворов, Алматы 2016 ж, 46-47 б.б.
2. Асанов К.А., Линьков А.А., Джумабаев П.М. Дендрарий Юга Казахстана. Чимкент, 2014.-43 с.
3. Ә.Әметов. Ботаника. Алматы: Дәуір, 2003, 512 стр.
4. Ә.Іскендіров. Қазақстанның дәрілік өсімдіктері. – Алматы: Қазақстан, 2012. – 188 бет.

5. Доспехов Б.А. Методика полевого опыта. Москва, “Агропромиздат”, 2015 г.
6. Дүйсенбеков Ә. Суармалы гектарлар. Алматы “Қайнар”, 2017 ж.
7. Сихымбаев Ә.Е., Керімбекова Т.Қ., Сихимбаева С.М. Оңтүстік Қазақстан облысындағы интродукцияланған өсімдіктер. Оқу-әдістемелік құрал. - Шымкент, 2015.-316.
8. Цицина С.Н. Лекарственные растения. Алма –Ата: Наука. 2011.-143 с.

КЛЮЧЕВЫЕ КОМПЕТЕНЦИИ И НАВЫКИ STEM-ПЕДАГОГА

Халықов С. Қ.

магистрант 1 курса ОП Информатика, Павлодарский педагогический университет имени Ә. Марғұлан, г. Павлодар,

Мухамедиева К. М., Нургазина Г. Ш.

научные руководители: PhD, ассоциированный профессор, г. Павлодар.

Аннотация: қазіргі заманғы білім беру педагогтар алдында, әсіресе ғылым, технология, инженерия және математика (STEM) салаларында жаңа міндеттер қойылады және сәтті STEM білім беру үшін техникалық дағдылардың ғылыми білімдерінің әртүрлі аспектілерін білім беру жүйесіне тиімді біріктіре алатын, білікті және құзыретті педагогтарды қажет етеді.. Бұл мақала STEM мұғалімдеріне қажет негізгі құзыреттерді сипаттайды.

Кілтті сөздер: STEM, мұғалім, құзыреттер, оқыту, білім беру.

Аннотация: современное образование ставит перед педагогами новые задачи, особенно в области науки, технологии, инженерии и математики (STEM), и для успешного STEM-образования требуются квалифицированные и компетентные педагоги, которые могут эффективно интегрировать различные аспекты научных знаний технических навыков в учебный процесс. В данной статье описываются ключевые компетенции, необходимые STEM-педагогам.

Ключевые слова: STEM, педагог, компетенции, обучение, образование.

Abstract: modern education presents educators with new challenges, particularly in the fields of science, technology, engineering, and mathematics (STEM), and successful STEM education requires qualified and competent teachers who can effectively integrate various aspects of scientific knowledge and technical skills into the learning process. This article describes the key competencies necessary for STEM educators.

Keywords: STEM, educator, competencies, teaching, education.

Компетенции – это набор знаний, навыков, способностей и качеств, которые позволяют человеку эффективно выполнять определенные задачи или функции. Компетенции могут быть различными в зависимости от области деятельности или профессии. Ключе-

вые компетенции, необходимые STEM (наука, технологии, инженерия и математика) – педагогам STEM-образование направлено на формирование у педагогов широкого спектра компетенций.

В ходе проведения научно-исследовательского обзора литературы нами хотелось бы выделить работы следующих авторов, предлагающих перечень компетенции, которыми должен владеть педагог STEM направления.

Группа исследователей под руководством Файрузы Сабировой считают, что компетенции STEM-педагога включают в себя постановку и определение проблем, разработку и использование моделей, анализ и интерпретацию данных, творческое мышление, общение и сотрудничество [1]. Выделяются следующие ключевые компетенции:

– Коммуникация и сотрудничество: студенты учатся эффективно общаться и работать в команде, что необходимо для успешного выполнения сложных задач и проектов.

– Критическое мышление, решение проблем и принятие решений: важно, что учащиеся и педагоги развивают способность критически анализировать информацию, находить решения сложных проблем и принимать взвешенные решения.

– Креативность и инновации: развитие творческого мышления становится все более важным в современном мире. Учителя учатся генерировать новые идеи, находить нестандартные решения и применять их на практике в процессе обучения.

– Анализ данных: понимание и работа с данными становятся все более важными в современном информационном обществе. Учителя учатся анализировать данные, проводить исследования и делать выводы на основе полученных результатов.

– Цифровое мышление: педагоги развивают цифровые навыки и инструменты для эффективного использования информационных ресурсов и решения проблем в цифровой среде.

– Концептуализация: способность формулировать и структурировать свои мысли и идеи является ключевым навыком для достижения успеха в науке и технике.

Научные исследователи из Тайваня [2] в своих исследования по измерению восприятия учителей для устойчивого развития STEM-образования предложены ключевые компетенции, связанные с карьерой в STEM и ряда возникших проблем в процессе их реализации.

Авторами были предложены ключевые компетенции STEM, которые включают в себя:

– Навыки, связанные с карьерой в STEM: навыки, необходимые для успешной карьеры в STEM, включая знание основных принципов и методов науки, технологии, инженерии и математики.

– Критическое мышление: важным аспектом STEM-образования является развитие у педагогов способности критически анализировать информацию, выделять ключевые аспекты и принимать обоснованные решения.

– Аутентичное решение проблем: педагоги учатся сталкиваться с реальными проблемами решать их в процессе обучения.

– Сотрудничество: работа в команде - важный компонент STEM-образования, поскольку многие проекты и задачи требуют совместной работы для достижения успеха. Такие сотрудничества как педагог и ученик или педагог и обучающиеся.

– Инженерная компетентность: способность проектировать, строить и тестировать модели и решения.

В реализации этих компетенций возникшие сложности. Такие как:

– Поиск идей: нередко учителя испытывают трудности с поиском идей для проектов и исследований, требующих подлинного решения проблем.

– Расширение знаний в области STEM: учителям необходимо расширять свои знания по различным субдисциплинам STEM, что может быть непросто.

– Дополнительное учебное время: материалы и оборудование, используемые в STEM-классах, часто дорогостоящие могут потребовать дополнительного финансирования и времени на подготовку уроков.

Согласно Золлману(2012), комплексная STEM-грамотность включает в себя три уровня понимания: содержание дисциплины, потребности, а также когнитивную, аффективную и психомоторную сферы обучения [6]. Кроме того, комплексная STEM-грамотность включает в себя ряд стратегий мышления, в том числе конструкторское мышление, вычислительное мышление, математическое мышление, критическое мышление и научное исследование. Для учителей средних классов важно расширять и поддерживать содержание дисциплин, а также устанавливать междисциплинарные связи, использовать цифровые технологии и интегрировать несколько целей STEM.

Одним из важных аспектов в организации процесса обучения в STEM направлении это методика преподавания.

Научные исследователи университета штата Иллинойс в методы преподавания STEM включают использование аутентичного содер-

жания, проблем и практических технологических инструментов для решения задач. Комплексная STEM-грамотность включает в себя различные уровни понимания и мышления, такие как конструктивное мышление, вычислительное мышление и критическое мышление [3].

По методике Меррилла(2009) в основе STEM-образования лежат два ключевых принципа:

1) Аутентичное содержание и проблемы: при таком подходе в процессе обучения используются реальные проблемы и сценарии из реальной жизни. Учащиеся используют практические, технологические инструменты и процедуры для решения этих проблем, тем самым углубляя понимание материала и совершенствуя свои навыки.

2) Использование практических технологических инструментов: STEM-образование включает демонстрацию недорогих моделей интегрированной деятельности по проектированию и созданию STEM. Это помогает повысить самооценку учителей и подготовить их к интегрированной STEM-грамотности [4].

Проанализировав научную литературу мы для себя выделили, что STEM-педагог играет важную роль в обучении студентов современным научным и техническим концепциям и должен обладать следующими ключевыми компетенциями:

– Глубокие знания в STEM областях: Хороший STEM педагог должен иметь качественные знания в областях науки, технологий, инженерии и математики, а также умение объяснить их студентам простым и понятным способом.

– Умение стимулировать интерес: Эффективный педагог должен быть способен пробудить интерес учеников к STEM-дисциплинам. Это может включать использование интерактивных методов обучения, демонстраций, экспериментов и прочих педагогических техник.

– Умение применять технологии в обучении: STEM педагог должен быть в курсе современных технологий и уметь их применять в образовательном процессе. Это включает использование компьютерных программ, интерактивных устройств, робототехники и других инструментов.

– Развитие навыков решения проблем и критического мышления: Педагог должен помогать ученикам развивать навыки анализа, критического мышления, самостоятельного исследования и решения проблем, что является важной частью STEM-образования.

– Способность к коллаборации и коммуникации: Важным навыком для STEM педагога является умение эффективно

коммуницировать с учениками, коллегами и родителями, а также способность к сотрудничеству в команде.

– Стремление к постоянному обучению и самосовершенствованию: Поскольку область STEM постоянно развивается, хороший педагог должен быть готов к постоянному обучению, изучению новых методов и технологий, а также к самосовершенствованию как специалиста и педагога.

Таким образом, современные STEM-педагоги должны обладать широким спектром компетенций, включая знание предмета, а также умение интегрировать различные аспекты STEM в учебный процесс. Развитие таких компетенций - ключ к успешному образованию, которое готовит учащихся к вызовам современного мира и вооружает их навыками, необходимыми для успешной карьеры и личного развития.

Подготовка педагогов к решению этих задач требует систематического подхода к обучению и развитию навыков, а также постоянного обновления и совершенствования методов преподавания и оценки.

Список использованных источников

1. Fairuza Sabirova, Marina Vinogradova, Anastasia Isaeva, Tatiana Litvinova, Sergey Kudinov, Professional Competences in STEM Education // International Journal of Emerging Technologies in Learning – 2020. – Т. 15, № 14. DOI: <https://doi.org/10.3991/ijet.v15i14.13527>
2. NGUYEN Thi To Khuyen NGUYEN Van Bien Pei-Ling Lin Jing Lin, Measuring Teachers' Perceptions to Sustain STEM Education Development // Approaches to Embedding Sustainability in Teacher Education. – 2020. – Т. 12, № 4. DOI: <https://doi.org/10.3390/su12041531>
3. Laurie O. Campbell, Nicole Damico, Investigating an Instructional Model for Integrated STEM in Teacher Education. // Journal of STEM Teacher Education – 2023. – Т. 58, № 1. DOI: <https://doi.org/10.61403/2158-6594.1512>
4. Nguyen Thi Thu Thuy, Nguyen Van Bien, Duong Xuan Quy, Fostering Teachers' Competence of the Integrated STEM Education. // Jurnal Penelitian dan Pembelajaran – 2020. – Т. 6, № 2. DOI: <http://dx.doi.org/10.30870/jppi.v6i2.6441>

**БЕЙІМДЕЛЕТІН ДЕНЕ
ШЫНЫҚТЫРУ, СПОРТ
ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС: ЖАҒДАЙЫ,
МӘСЕЛЕЛЕРІ, БОЛАШАҒЫ**

**АДАПТИВНАЯ ФИЗИЧЕСКАЯ
КУЛЬТУРА, СПОРТ
И РЕКРЕАЦИЯ: СОСТОЯНИЕ,
ПРОБЛЕМЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ**

РОЛЬ ТЕКСТИЛЬНОЙ ПРОДУКЦИИ В ПРОДВИЖЕНИИ БРЕНДА ВЫСШЕГО УЧЕБНОГО ЗАВЕДЕНИЯ

В.Е. Абикенова

*студент Павлодарского педагогического университета
имени Элкей Маргулан, г. Павлодар*

Алинова Г.С.,

*научный руководитель: магистр профессионального
обучения, г. Павлодар*

Аннотация. Авторлар Элкей Марғұлан атындағы ППУ мысалында жоғары оқу орнын брендтеу қажеттілігі туралы қорытындыға келеді, өйткені бренд жоғары оқу орнын мақсатты аудитория арасында стратегиялық дамытуға және ілгерілетуге ықпал етеді. ЖОО өзінің брендтеу жүйесін түзетуі қажет.

Университет брендінің көрнекі компоненттері - логотип, фирмалық түс, тоқыма өнімдері қарастырылады. Тоқыма брендті өнімдерінің негізгі түрлері бойынша ұсыныстар әзірленді.

Түйінді сөздер: бренд, жоғары оқу орны, тоқыма өнімдері.

Аннотация. Авторы на примере ППУ имени Элкей Марғұлан приходят к выводу о необходимости брендирования вуза, поскольку бренд способствует стратегическому развитию и продвижению вуза среди целевой аудитории. Вузу необходимо скорректировать свою систему брендирования.

Рассматриваются визуальные составляющие бренда вуза - логотип, фирменный цвет, текстильная продукция. Разработаны предложения по основным видам текстильной брендовой продукции.

Ключевые слова: бренд, высшее учебное заведение, текстильная продукция.

Annotation. Using the example of the Alkey Margulan Pedagogical University, the authors conclude that it is necessary to brand the university, since the brand contributes to the strategic development and promotion of the university among the target audience. The university needs to adjust its branding system.

The visual components of the university brand are considered - logo, corporate color, textile products. Proposals have been developed for the main types of textile branded products.

Keywords: brand, higher education institution, textile products.

Рост конкуренции на рынках труда и образовательных услуг, широкое использование современных информационных технологий и средств коммуникаций побуждают высшие учебные заведения к поиску новых способов повышения конкурентоспособности и создания конкурентных преимуществ. Сегодня происходят значительные изменения в самом понимании образования. Университеты стали конкурентами на рынке образовательных услуг, где ведут активную борьбу за каждого студента, которые, в свою очередь, сегодня могут называться клиентами вузов. Каждый вуз стремится быть более привлекательным для своей целевой аудитории - абитуриентов,

студентов, работодателей, сотрудников, преподавателей. Решение этой задачи связано с созданием и поддержанием запоминающегося образа и бренда вуза.

Мнение представителей целевой аудитории об образе вуза формирует его имидж. Все составляющие образа (местоположение, название, миссия, фирменный стиль, логотип, история, легенды, выдающиеся личности, сайт и другие атрибуты) необходимо использовать так, чтобы вуз был привлекательным, вызывал интерес у целевых групп и побуждал их к определенным действиям. Если своевременно не заниматься имиджем вуза на постоянной основе, то у целевых аудиторий все равно сформируется собственное восприятие вуза и его услуг, и не факт, что оно будет положительным. Создание и поддержка бренда вуза с целью завоевания новых долей рынка и укрепления своих позиций среди целевой аудитории является неотъемлемой частью стратегии высшего учебного заведения.

Актуальность нашего исследования заключается в необходимости определения эффективных способов формирования бренда высшего учебного заведения в условиях изменения рыночной ситуации в современном образовательном пространстве.

Цель нашего научно-практического исследования – выявление особенностей формирования и продвижения визуальных составляющих бренда ППУ имени Элкей Марғұлан.

Согласно Американской ассоциации маркетологов, понятие «бренд» можно рассматривать как «... имя, дизайн, символ и другие внешние атрибуты, способствующие идентификации продукции или продавца» [1].

В настоящее время у Марғұлан университета есть руководство по бренду - guideline (made in appazov branding agency). Данное руководство – инструкция по использованию фирменных элементов – логотипа, цветов и шрифта. Руководство позволяет следить за соблюдением выработанных стандартов. Изложенные в руководстве правила помогут дизайнерам и полиграфистам сделать работу корректно и качественно.

В соответствии с руководством по бренду фирменными цветами ППУ являются бордовый, бежевый, голубой. Данные цвета доминируют в цвете фасада главного корпуса университета, в оформлении фойе, соцсетей Марғұлан университета.

Согласно психологии восприятия цвета бордовый цвет является показателем стабильности, уверенности. Бордовый считается изысканным цветом, показателем достатка и солидности.

Бежевый цвет символизирует комфорт и безопасность, ассоциируется с естественной нежностью и мягкостью. Цвет довольно нейтральный, и, в то же время располагающий и не гнетущий, элегантный.

Голубой в психологии считается цветом креатива. Доказано, что он активизирует мозговые центры, настраивая их на процесс обучения. Все оттенки голубого советуют использовать в учебных заведениях. Голубой считается цветом душевной чистоты, возвышенности, осознанности, ясности и интеллекта.

Использование текстильной продукции в продвижении бренда любой компании позволяет приблизить клиента к себе. Разрабатывая текстиль, аксессуары и другие приятные мелочи, облегчающие повседневную жизнь целевой аудитории и периодически используемые в быту, бренд проникает в его жизнь, становится ее частью.

Ненавязчиво, но регулярно напоминая о себе, вещи с логотипом вуза являются своего рода подсказкой, когда возникает выбор, в какой же вуз поступить? Все любят получать маленькие подарки. Человек, использующий текстильную продукцию Марғұлан университета, не только сам получит информацию, но и проинформирует окружающих, демонстрируя сувенир нашего вуза.

Задача рекламного сувенира, текстильной продукции – создание позитивного настроения, поэтому важно уделять внимание внешнему виду и качеству изготавливаемых изделий. Качественно выполненное изделие поможет установить доверительные отношения с целевой аудиторией, показать, как она важна для вуза. Добротная, хорошо сделанная текстильная продукция будет говорить о том, что в нашем вузе ответственно подходят к своей работе и предоставляют услуги или продукцию высокого уровня.

Текстильная продукция Марғұлан университета представлена следующими изделиями: толстовки, бомберы, футболки, бейсболки. Но в настоящее время у целевой аудитории нет возможности приобретения данной продукцией. Поэтому для поддержания бренда, имиджа вуза Марғұлан университета предлагается запуск магазина сувенирной продукции с логотипом вуза. Используя подобный ресурс, Марғұлан университет будет продвигать свой бренд как среди студентов, так и среди абитуриентов. Любая вещь, хранящаяся у человека дома, будь то шопер, кружка или игрушка, снова и снова напоминает ему о бренде. При этом университету не надо прилагать никаких усилий, чтобы увеличить свое влияние на рынке, повысить степень лояльности аудитории и ее объем. Тем более сами студенты, выпускники вуза демонстрируют заинтересованность в

обладании предметами с фирменной символикой МУ, однако, любой, кто захочет приобрести брендовую текстильную продукцию, столкнется с проблемой отсутствия их в наличии и невозможности приобретения. Уровень патриотизма и любви к своему университету у студентов Марғұлан университета высок. Поэтому необходимо создать такую сувенирную продукцию, которая будет отражать интересы современной молодежи, будет современной и модной. Кроме классических ручек, блокнотов, кружек, папок, можно разработать дизайн толстовок, сумок для ноутбуков, шоперов, чехлов для телефонов и т.д.

На протяжении двух лет ППС и студенты образовательной программы «Художественный труд, графика и проектирования» занимаются разработкой дизайна текстильной продукции. Разработаны дизайн, технология изготовления брендовой текстильной продукции Марғұлан университета. Уже изготовлен следующий ассортимент продукции с атрибутами Марғұлан университета: шоперы, фартук, сервировочные салфетки-ланчматы, вязаные игрушки с шевронами «Love Margulan University».

Шопер – нужная в повседневной жизни и практичная продукция для рекламы. Материалами для изготовления шоперов выбран практичный водо-, грязеотталкивающий материал. Украшением данной сувенирной продукции является вышитый логотип Марғұлан университета.

Сервировочная салфетка – ланчмат помимо своей практической направленности - защищать поверхность от горячей посуды и пятен – украшает стол и делает атмосферу уютнее. Сервировочная салфетка с логотипом Марғұлан университета круглой формы выполнена из фетра в технике гильоширования.

Для кулинарных поединков, на постоянной основе проводимых в Марғұлан университете, сшиты *фартуки и банданы* четырех цветов (по количеству Высших школ) с логотипом МУ из практичного водо-, грязеотталкивающего материала.

Для создания и поддержания запоминающегося образа и бренда Марғұлан университета для работников Центра обслуживания студентов изготовлены жилеты с использованием имиджевых элементов вуза.

На сегодняшний день в рамках курсового проекта по дисциплинам «Декоративно-прикладное искусство», «Технология изготовления швейных изделий» нами разработан дизайн, технология изготовления женского комплекта «Miss MARGULAN University»,

который состоит из платья и казахского национального головного убора *тақия*.

Казахский учёный, археолог, востоковед, историк, литературовед, искусствовед, доктор филологических наук (1946), академик Академии наук Н КазССР (1958), профессор (1960), заслуженный деятель науки КазССР (1961), основоположник казахстанской школы археологии и этнографии А.Х. Маргулан в своем трехтомном труде «Казахское народное прикладное искусство (том 1)» отмечает: «... казахи живут в мире орнамента. Окружающая действительность своеобразно опоэтизирована в гамме узоров. Утварь, посуда, оружие, одежды – все любовно покрывается орнаментом». [2]. В своей работе А.Х. Маргулан делит орнаментальные мотивы казахов на зооморфные, космогонические, геометрические, растительные и узоры, представляющие схематические изображения предметов бытового обихода.

В проектируемом женском комплекте «Miss MARGULAN University» растительные казахские орнаменты будут выполнены в одном из фирменных цветов **Марғұлан университета** – бордовом цвете.

Проектируемое платье и головной убор состоят из таких же деталей, как и у казахской национальной одежды, но в современном прочтении. В дальнейшем комплект будет надеваться студентами для встреч высокопоставленных гостей Марғұлан университета, на празднике Наурыз мейрамы и т.д.

Наш проект направлен на популяризацию Марғұлан университета среди населения региона, привлечение студентов для формирования бренда MARGULAN University, повышение уровня обучения студентов ОП ХТГиП, получение ими необходимых практических навыков изготовления брендовой текстильной продукции.

Таким образом, построение сильного и качественного бренда Павлодарского педагогического университета имени Әлкей Марғұлан поможет поднять его рейтинг, достичь качественно нового уровня лояльности целевой аудитории, студентов и сотрудников вуза, которые будут чувствовать себя частью большого единого бренда.

Список использованных источников

1. Общезыковой маркетинговый словарь [Электронный ресурс]. – режим доступа: <https://marketing-dictionary.org/>
2. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. – Алма-Ата: Өнер. – Т.1. 1986. – 256 с.

ҚАЗАҚТЫҢ АЙШЫҚТЫ ШИ ТОҚУ ҚОЛӨНЕРІ НЕГІЗІНДЕ ТҰЛҒАҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

С.Мурат

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық
университетінің студенті*

П.Н.Балташева

ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының магистрі

Аннотация. Жалпы адамзаттық құндылықтарды, тарихи тәжірибені, жасырларды қамтитын мәдени дәстүрлерді ескере отырып, білім мазмұнының жаңаруы, жаңа талаптар қоюда, ши тоқу өнерінің жасалу процесіне тән жағдайларды, идеялық-эстетикалық ерекшеліктерін, көркемдік сипаттарын айқындай тану аталмыш өнердің шынайы туындыларын саралай талдау негізінде тұлғаға эстетикалық тәрбие беру жолдары қарастырылды.

Түйінді сөздер: тұлға, тәрбие, талғам, ши тоқу, қолданбалы өнер

Аннотация. С учетом общечеловеческих ценностей, исторического опыта, культурных традиций, охватывающих века, были рассмотрены пути эстетического воспитания личности на основе дифференцированного анализа подлинных произведений данного искусства, выявления условий, идейно-эстетических особенностей, художественных характеристик, характерных для процесса создания шийтского искусства, предъявляющих новые требования, обновления содержания образования.

Ключевые слова: личность, воспитание, вкусы, ши ткачество, прикладное искусство.

Annotation. Taking into account universal human values, historical experience, cultural traditions spanning centuries, the ways of aesthetic education of a personality based on a differentiated analysis of authentic works of this art, identifying conditions, ideological and aesthetic features, artistic characteristics characteristic of the process of creating Shiite art, making new demands.

Keywords: personality, upbringing, tastes, shea weaving, applied art.

Халықтық өнер түрлерінің қай-қайсы да – жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруде аса ықпалды құрал. Тұлғаларға эстетикалық тәрбие беру өскелең ұрпақты жан-жақты әрі үйлесімді дамыту мақсатына қызмет етеді, сондықтан эстетикалық тәрбие беруге бағытталған жұмыстарда осы заманғы қоғам адамының бойынан табылуға тиіс адамгершілік ізгі қасиеттерге бағдар ұстанылады.

Тұлға бойындағы шығармашылық қабілетті дамыту – жүйелі де мақсатты түрде жүргізілуге тиіс педагогикалық процесс. Процестің жүйелілігі халықтық өнер негізіндегі шығармашылықты дамытуға арналған сабақтың барлық бөлігін, сондай-ақ, арнайы білім мен іскерлік дағдыларды қалыптастыру, көркем және тарихи-көркем елестетуді

дамыту және қойылған міндеттерді шығармашылықпен шешу ұстанымдарын қамтуы тиіс.

Эстетикалық тәрбие мен көркемдік білім беру тұлғалардың рухани дамуына көмектесе отырып, қоршаған орта әсемдігін тұтастай әрі толыққанды қабылдауға баулиды, тұлға бойында сұлулық пен жарасымға негізделген эстетикалық-көркемдік идеалдың қалыптасуына, сол идеалға қол жеткізуге қажетті іскерлік пен дағдыны жетілдіруге ықпал етеді.

Ұлттық тәрбие мен әсемдікке тәрбиелеуде, ізгілік пен сұлулық идеалдарын қалыптастыруда айрықша орын иеленетін халықтық өнер жас ұрпаққа ұлттық мәдениет пен халықтық даналық негіздерін дарытумен қатар, жалпы адамзаттық құндылықтар мәнін түсінуге, оларды қастерлеуге және өзінің рухани сұранысына лайық пайдалана білуге де үйретеді.


Бүгінде еліміз бойынша халық өнеріне деген үлкен қызығушылық байқалғанымен, әлеумет өмірінде халықтық дәстүрлі өнерге сұраныс айтарлықтай маңызды, эстетикалық тәрбие мен көркемдік білім беруде қуатты мүмкіндікке ие құрал болып табылатын халықтық өнер мен оның алуан түрлері, соның ішінде ұлттық қолданбалы қолөнердің маңызы зор. Халықтық өнерді жан-жақты зерделеу, оны тұтастай ел өмірінде, әсіресе, жас ұрпақ тәрбиелеу ісінде тиімді жолдарын айқындау бүгінгі уақыттың аса маңызды міндеттерінің бірі болып саналады. Бұл тараптағы біздің зерттеуіміз халықтық дәстүрлі өнердің бір түрі – ши тоқу өнеріне, оны мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарында жүйелі де нәтижелі пайдалану жолдарын айқындауға бағытталады [1, 15].

Халықтың сәндік қолданбалы өнерінде балалар ұғына алатын көрнекті де жарқын, әрі бейнелі үлгілер айтарлықтай жеткілікті. Тек бұл үлгілерді шеберлікпен таңдап ала білу керек. Халықтық сәндік-қолданбалы өнерін арқау еткен педагогикалық жұмыстардың басты мақсаты да осы мәселеге бағытталғаны жөн болмақ. Мектептердегі шиден көркем бұйымдар тоқу үйірмелеріндегі жұмыстарды жолға қою халықтық шығармашылықтың осы түрінің өзіндік ерекшеліктерін ескеруді, соған орай бірқатар шығармашылық, әдістемелік және практикалық мәселелерді шешуді талап етеді. Оның ең маңыздылары – шиді көркемдік құралы ретінде тану және өңдеу, шиден көркем бұйымдар жасаудың шығармашылық және технологиялық ерекшеліктері, оларды сабақ және тәрбие жұмыстарында нәтижелі пайдалану.

Ши тоқу өнерінің түп тамыры қолөнерлік еңбекте жатқаны анық. Біздің арғы ата-бабаларымыз өздерінің тұрмыстық-рухани қажеттіліктеріне орай, әр түрлі еңбек құралдарын әзірледі, өзінің тұрағын

жарасымды сәндеуге, тұтыну бұйымдарын әшекейлеуге ұмтылды, соған сәйкес, жіп есу, иіру, кестелеу, тоқу сияқты әрекеттермен айналысты. Бұл әрекеттердің қай-қайсы да өз деңгейінде белгілі бір көркемдік мақсаттардың шешім табуын қажетсінеді де түсінікті. Көркемдік мақсаттардың бірегейі эстетикалық әсемдік екені және түсінікті.

Бүгінде халықтық өнер бұйымдары өзінің бұрынғы тұрмыстық маңызынан айырылып, өнер туындысы, әсемдік үлгісі ретінде мұражайлар мен көрме залдарының игілігіне айналғанын да жоққа шығаруға болмайды. десек те, олардың пайдалылық (утилитарлық) қызметі толығынан өшкен жоқ, осы заманғы бұйымдарда жалғасын табуда. Бұл жағдайдың өзі ұлттық қолданбалы өнердің көркемдік маңыздылығы қазірде де төмендемегенін, іс тетігі осы өнерді жан-жақты дамытудың көзін табуда екендігін көрсетеді (1,2 сур.).



Сурет 1 – «Ғасырлар сыры» (шым ши) Сурет 2 – «Жылдамдақ» (шым ши)

Көркем еңбекке баулу сабақтарында пайдалануға болатын жергілікті материалдардың бірі – еліміздің барлық аймағында дерлік ұшырасатын жабайы дәнді ши. Шиді ата-бабаларымыз көне замандардың өзінде тұрмыс-тіршілігінде еркін пайдаланып, киіз үй бұйымдары, ши төсеніштер, құрт жаятын сөрелер т.с.с. дүниелер жасаған.

Бүгінде халықтық өнердің бір саласы – ши тоқу өнерінің арғы тегі мен алуан жанрлардағы ерекшеліктері жайына назар аударар болсақ, ши тоқудың әуел баста қарапайым тұрмыстық бұйым жасауға керекті еңбек ретінде қолданылғаны, ал ши бетіне алуан үлгідегі өрнек-нақыштар салып әшекейлеу, оған қажетті сан түрлі көркемдік әдіс-тәсілдердің шығуы, ши бетіндегі өрнек-нақыштардың өзінің жанрлық-

композициялық құрылымы жағынан біріне-бірі ұқсамайтын ерекшеліктер иеленуі күнделікті еңбектің көркем еңбекке ұласуы нәтижесінде пайда болғаны анық. Күнделікті еңбектің көркем еңбекке ұласуы бірден пайда бола қалатын процесс емес, ол шығармашылық қиял мен ойлаудан басталып, көркем нәтиже – өнер туындысына дейінгі аралықты қамтитын сан қилы әрекеттердің бір-біріне ұштасуы арқылы жүзеге асатын жағдай. Сол себепті бұл тұрғыдағы танымдық ізденістердің бағыты да алуан түрлі – ши тоқу өнерінің өзіндік белгілері мен дәстүрлері, бейнелеу құралдары мен амал-тәсілдері, педагогикалық-дидактикалық мүмкіндіктері, тәрбиелеушілік қуаты, ши тоқу өнерін дамыту жолдары т.с.с. мәселелер болуы да заңдылық.

Қалай болғанда да, өскелең өміріміздің талғампаз талаптарына жауап бере алатын халықтық өнер түрлерінің бірі ши тоқу өнері болып табылатыны анық. Бұл орайда біздің алдымызда тұрған сауалдардың бірі – ғасырлар бойына халық шеберлерінің тынымсыз еңбегі мен толассыз ізденістері арқылы өзіндік айырым-белгілері қалыптасып, жасалу технологиясы толықтай жүйеленген ши тоқу өнерінің шеберлік дәстүрлерін мейлінше толық игеру және қазіргі уақыттың көркемдік талаптарына сай дамытуға байланысты. Мәселенің мәніне жету үшін айрықша назар аударуды қажетсінетін тұстар бар. Олар:

- біріншіден, халқымыздың дәстүрлі ши тоқу өнеріндегі педагогикалық-шығармашылық мүмкіндіктерді айқындай тану, эстетикалық талғамы жоғары ұрпақ тәрбиелеудегі маңызын түсіне білу, ол үшін осы өнердің даму тарихы мен болашағына ортақ белгілерді жүйелі түрде талдау;

- екіншіден, ши тоқу өнерінің өзіндік ерекшеліктеріне, жасалу және сақталу жағдайларына, халықтық тәрбиелік сипаттардың басымдығына баса көңіл қою.

- үшіншіден, халық мұрасындағы ши тоқу өнерінің дәстүрін, кейінгі кезеңдерде жетілген жаңа қырларын дәйектей дәлелдеу; Себебі бүгінде ұлттық дәстүрлі қолөнерінің тәрбиелік мүмкіндіктерін, тәжірибесі мен даму бағыттарын түпкілікті зерттеу кезек күттірмейтін міндет болып отыр.

- төртіншіден, ши тоқу өнері тек халықтық өнер тарихының бір тармағы болып қана қалмай, бүгінгі педагогикалық тәрбие саласында жас ұрпақтың көркемдік дамуына айрықша үлес қосуға толық қабілетті халықтық өнер ретінде пайдаланылуы қажеттігі.

Халқымыздың көркемдік дамуында өзіндік ерекшеліктерімен айшықталатын ши тоқу өнерінің көп жанрлы, алуан нақышты әрі түр-түстерге мейлінше бай болуы қазақ халқының рухани мәдениетінің айрықша бір сипаты болып табылады [1, 84].

Қазіргі таңда ұлттық үлгідегі рухани мәдениетті жан-жақты дамытуға мүдделілік танытылып отырғанда, халық өнерінің бір саласы – ши тоқу өнерінің тұлғаларды өнер өріне жетелеуде, олардың шығармашылық талабын ұштап, эстетикалық-гуманистік бағыты айқын ұлттық тәрбие беруде теңдессіз мүмкіндікке ие екендігін жоққа шығара алмасымыз анық.

Ши тоқу өнерінің көркем шығармаларын тереңдей зерттеу халықтық өнер теориясы мен тарихын жүйелей тану үшін ғана қажет емес, жалпы әлеуметтік санаға серпіліс беру үшін, жас ұрпақтың ұлттық қасиеттерді, халықтық өнер құдіретін, дәстүрлерін бойға дарытуына, хас өнерден эмоциялық-эстетикалық ләззат алу дағдылары мен шығармашылық қабілетін дамытуына қызмет ету үшін де аса қажет (1- кесте).

Халықтық шығармашылықтың бірегей үлгісі – көркем ши тоқу өнерін жете зерттеп, жетілдіру, атадан балаға мирас болып келе жатқан өнерді жалғастыру бізге кедергі жасамайды, қайта көркемдік өрісімізді кеңейтіп, көркем шығармашылықтың өркендей дамуына көмектеседі. Бұл орайда халқымыздың ши тоқу өнерінің дәстүрі мен көркемдік тәжірибесі теңдесі жоқ бай қазына. Тек оны шебер пайдалана білу керек. Халық шеберлерінің дәстүр-тәжірибелерінен үйрене отырып, ши тоқу өнерінің көне үлгілерін жаңаша жаңғырту керек.

Кесте 1 – Ши тоқу өнерінің тәрбиелік мүмкіндіктері мен маңызы

ши тоқу өнерінің ерекшеліктері	ши тоқу өнерінің тәрбиелік мүмкіндіктері	ши тоқу өнерінің тәрбиелік маңызы
1	2	3
материалдары: ши, жүн, бояу т.с.с. табиғи материалдар	- халықтық өнердің табиғи болмысын тану; - өнердегі табиғилықтың артықшылықтарын сезіну - халықтық өнердің табиғи негіздерін игеруге қалыптасу; - табиғи материалдарды көркемдік мақсатқа пайдалана білу іскерлігіне үйрену	<i>ұқыптылық, ұтымдылық, үнемшілдік</i> сияқты тұлғалық қасиеттердің қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді
құрал-жабдықтары: ши тоқу станогы, ине, жіп, біз, қайшы, пышақ т.с.с.	- халықтық көркем өнердің еңбекпен сабақтастығын тану - еңбек пен көркем шығармашылықты ұштастыруға дағдылану	<i>еңбекқорлық, шығармашылдық</i> сияқты тұлғалық қасиеттердің қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді

іс-әрекеттер: жіп иіру, есу, баяу, кестелеу, тоқу	- еңбексүйгіштікке, икемділікке, шыдамдылыққа баулу іскерлік дағдыларына қалыптасу; - көркем еңбек үдерісін жүйелі жүргізуді меңгеру	<i>шыдамдылық, ынталылық</i> сияқты тұлғалық қасиеттердің қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді
әдістері: -бейнелеу -безендіру	- көркемдік-эстетикалық талғампаздыққа бейімдеу көркем шығармашылық түрлерін таңдай білуге қалыптасу	<i>шығармашылық еркіндік,</i> <i>қиял байлығы, ойлау</i> <i>бейнелілігі</i> сияқты тұлғалық қасиеттердің қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді
тәсілдері: - көркем суреттер салу -ою-өрнектер мен геометриялық фигуралар салу	- көркем бейне жасауға қалыптасу абстрактілі бейне жасауға дағдылану көркемдік негіздерін шығармашылықпен қолдана білу іскерлігін меңгеру	<i>мәдени дәстүрлерді</i> <i>құрметтеу, мәдениеттердің</i> <i>тарихи сабақтасстығының</i> <i>әлеуметтік маңыздылығын</i> <i>ұғыну және саналы түрде</i> <i>түсіну</i> т.с.с. қасиеттердің қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді
нәтиже	- өнер негізін табиғаттан іздеуге, табуға үйрету - еңбекті шығармашылыққа ұластыруға дағдыландыру - көркем шығармашылықта табиғи шынайылыққа баулу - көркемдік- шығармашылық еңбек іскерліктерін қалыптастыру	

Ши тоқу өнері – көптеген өзгешеліктерімен ерекшеленетін рухани әлем. Бір ғана өнері түрінде біріне бірі ұқсамайтын ерекшеліктердің болуы – халықтық дәстүрдің байлығының айғағы. Халықтық дәстүр иесі – қай кезде де халық ортасынан шыққан шеберлер. Халық шеберлері жасаған бұйымдардың аса құндылығы – ескіден жеткен көнелігінде ғана емес, шебер де нәзік күрделі өрнектердің бірегейлігінде. Шеберлік қиюын тауып үндескен өрнектердің бірін бірі қайталамайтын шешімінде.

Өрнек атаулының ажары, көнермес көркі – шығармашылық шеберлікте, қайталанбас бояулар мен түр-түстерде, бедермен берілген бейнелерде, ұрымтал шешімде, батыл тұжырымда. Бұл – хас шебердің, айрықша дарынның ғана қолынан келетін іс. Ал дарын иесінен тәлім

алу, олардың шеберлік қырларын игеру – халық мұрасын ұрпақ игілігіне жаратуға бейілді қауымның ұдайы ескеруі қажетті шарттарының бірі.

Бұл күндері ши тоқу өнерін сол бұрынғы ғасырларда қалыптасқан өз мақамымен (технологиясымен) жасайтын өнер иелері өте сирек ұшырасады. Бұл жағдайдың өзі ежелгі дәстүрді ұстанушы шеберлердің шеберлік тәсілдерін мүмкіндігінше таяу арада игеру және кең ауқымда үйрету қажеттігін міндеттейді. Ши тұлға шеберлердің қолынан шыққан көркем дүниелердің туу процесіне, сақталу заңдылықтарына неғұрлым тереңдей дендеудің тағы бір қажеттілігі халық өнерінің көне қалпын бағдарлауға, халық мұрасының ұмыт болған тәсілдерін қалпына келтіруге мүмкіндік беруімен айқындалады.

Қорыта айтқанда, ши тоқу өнері өзінің жалпы болмысында күрделі қолданбалы өнер, оған тән шығармаларда көп жағдайда ою-өрнек өнерінің түрлі үлгідегі элементтері (жеке бөлшектері) тұтастық тауып отырады. Осы ерекшеліктердің байыбына бару халқымыздың түрлі тарихи дәуіріндегі өнері мен салтынан неғұрлым терең мағлұматтар алуға жәрдемдеседі. Сол себепті де ши тоқу өнерінің өнертану, этнография, тарих ғылымдары тараптарынан зерттелуі де, педагогикалық ғылымдар тұрғысынан зерттелуі де аса құптарлық жұмыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тулегенова К. Р., Есиркепова М. Н., Дуйсенова М.С. Қолөнер - өшпес мұра: көмекші оқу құралы / К. Р. Тулегенова, М. Н. Есиркепова, М.С. Дуйсенова. - Алматы: ССК. 2018. -184 б.
2. Ортаева Б.Т. Болашақ еңбек пәні мұғалімдерін оқушыларды қолөнерге баулуда педагогикалық бағыттылықты жүзеге асыруға даярлаудың дидактикалық шарттары. Пед. ғыл. канд. дисс. автореф. – Шымкент, 2002. -26 б.

ҰЛТТЫҚ СТИЛЬДЕГІ АКСЕССУАРЛАР: ДӘСТҮРЛІ ОЮ – ӨРНЕКТЕР ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Әжімхан А.С.

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті
студенті, Павлодар қаласы,*

Даулетова И.Г.,

*Ғылыми жетекшісі: Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар
педагогикалық университеті оқытушысы, Павлодар қаласы*

Аннотация: Бұл мақалада дәстүрлі қазақ ою-өрнегінің элементтерін пайдалана отырып, заманауи аксессуарларды жасау үдерісін зерттеу ұсынылған. Жасалу жолдарының негізгі кезеңдері сипатталған, соның ішінде материалдарды таңдау (мысалы, фанера, акрил бояулары, эпоксидті шайыр), графикалық бағдарламалық жасақтаманы қолдана отырып дизайн жасау және лазерлік машинада дайындамалар жасау. Сондай-ақ, қазақ мәдениетіндегі ұлттық аксессуарлардың маңыздылығы және олардың дәстүрлі киім мен заманауи аксессуарлардың элементтері ретінде өзекті қолданылуы қарастырылды.

Түйінді сөздер: түйреуіш, қазақ ою-өрнегі, дәстүрлі мәдениет, заманауи дизайн, материалдар мен құралдар, лазерлік кесу, эпоксидті шайыр

Аннотация: В данной статье представлено исследование процесса создания современных брошей с использованием элементов традиционного казахского орнамента. Описаны основные этапы производства, включая выбор материалов (таких как фанера, акриловые краски, эпоксидная смола), создание дизайна с использованием графического программного обеспечения и изготовление заготовок на лазерном станке. Также рассмотрено значение национальных брошей в казахской культуре и их актуальное применение как элементов традиционного костюма и современных аксессуаров.

Ключевые слова: брошь, казахский орнамент, традиционная культура, современный дизайн, материалы и инструменты, лазерная резка, эпоксидная смола

Abstract: This article presents a study of the process of creating modern brooches using elements of traditional Kazakh ornament. The main stages of production are described, including the selection of materials (such as plywood, acrylic paints, epoxy resin), the creation of a design using graphic software and the production of blanks on a laser machine. The importance of national brooches in Kazakh culture and their actual use as elements of traditional costume and modern accessories are also considered.

Keywords: brooch, Kazakh ornament, traditional culture, modern design, materials and tools, laser cutting, epoxy resin

Бүгінгі зергерлік бұйымдар әлемі шығармашылық пен өзін-өзі көрсетудің шексіз мүмкіндіктерін ұсынады. Түйреуіштер осы әлемнің ең мәнерлі элементтерінің бірі бола отырып, киімді безендіріп қана қоймай, мәдени дәстүрлер мен тарихты жеткізеді. Бұл мақалада біз дәстүрлі ою-өрнектер заманауи технологиялармен түйісетін ұлттық қазақ стиліндегі брошьтар жасау процесін қарастырамыз. Біздің зерттеуіміз осындай зергерлік бұйымдарды жасаудың дизайн ерекшеліктері мен технологиялық аспектілерін анықтауға бағытталған. Бұл мақала зергерлік өнер контекстінде дәстүрлі және заманауи арасындағы байланысты жақсырақ түсінуге көмектеседі деп үміттенеміз.

Зерттеу нысаны: бұл зерттеу жобасы дәстүрлі үлгілер мен заманауи технологияларды пайдалана отырып, ұлттық қазақ стиліндегі түйреуіштер жасау процесін талдауға бағытталған.

Зерттеу әдістері:

Әдеби дереккөздерді талдау: Біз қазақ мәдениетімен, дәстүрлі ою-өрнектермен және түйреуіш жасау әдістерімен байланысты академиялық әдебиеттер мен интернет ресурстарына шолу жасалды.

Брошь түрлерін зерттеу: дизайнның негізгі сипаттамалары мен тенденцияларын анықтау үшін ұлттық қазақ стиліндегі түйреуіш үлгілеріне талдау жүргізілді.

Эксперименттік зерттеулер: біз олардың тиімділігі мен эстетикалық нәтижесін бағалау үшін әртүрлі бояу және шайыр құю әдістерін қолдана отырып, фанерадан түйреуіштердің формасын жасауда практикалық эксперименттер жүргіздік.

Қазақ мәдениетінің дәстүрлі ою-өрнектері символизмге және терең тарихи тамырларға бай бірегей өнер болып табылады. Ою-өрнектер, мотивтер мен түстердің алуан түрлілігімен сипатталатын бұл ою-өрнек стилі қазақ халқының бай мәдени мұрасын бейнелейді. Ол қазақтың бірегейлігінің маңызды бөлігі болып табылады және дәстүрлерді сақтау мен беруде маңызды рөл атқарады.

Қазақ ою-өрнегі геометриялық фигуралар, өсімдіктер мен жануарлар өрнектері, рәміздер мен белгілер сияқты түрлі элементтерді қамтиды. Ою-өрнектің әр элементі қазақ халқының өмірі мен мәдениетінің маңызды аспектілерін бейнелейтін өзіндік ерекше символизмге ие.

Қазақ мәдениетінің ою-өрнектері тоқыма, ыдыс-аяқ сияқты түрлі тұрмыстық заттарды безендіру үшін, сондай-ақ сәулет құрылыстарын безендіру үшін қолданылады. Олар сондай-ақ ұлттық костюм мен халықтық қолөнердің маңызды элементі болып табылады.

Бүгінгі таңда қазақ мәдениетінің дәстүрлі ою-өрнектері өзектілігі мен сұлулығын сақтай отырып, өмір сүруді және дамуды жалғастыруда. Олар заманауи суретшілерді, дизайнерлерді және қолөнершілерді шабыттандырады және ұлттық мақтаныш пен мәдени мұраның символы ретінде қолданылады. Осы бай ою-өрнек мұрасын зерттеу және сақтау қазақстандық қоғам үшін, сондай-ақ біздің планетамыздың мәдениеттерінің алуан түрлілігін түсінуге және бағалауға ұмтылатын бүкіл әлем үшін маңызды міндет болып табылады.

Начальная стадия мутации начинается с потери верхних крайних нот. У мальчиков намечаются отдельные новые низкие ноты в малой октаве. Появляется неловкость и покашливание, охриплость и сипота при пении. Портится тембр, возникают тусклые ноты, голос грубеет, постепенно теряет легкость и звонкость. Интонация становится неустойчивой. Повышается голосовая утомляемость. При врачебном осмотре отмечается легкое воспаление в виде покраснения слизистой оболочки гортани и небольшого количества слизи на голосовых складках, вялость их смыкания [3].

В средней мутационной стадии, все явления прогрессируют. Усилившаяся охриплость и сипота, болезненные ощущения не только затрудняют пение, но и делают его в некоторых случаях невозможным. Значительно укорачивается диапазон детского голоса.

У мальчиков он может сокращаться до нескольких нот. Резко падает сила звука. Значительное укорочение диапазона и резкое падение силы звука являются самыми характерными признаками этого периода. Мальчики обычно поют очень тихо и осторожно, боязливо, невольно щадя свой голосовой аппарат, быстро утомляются. Голоса мальчиков ломаются. Они могут петь двумя голосами: детским и более низким, более близким по звучанию к мужскому голосу, делая резкие переходы от одного к другому. При этом голос срывается. Срыв голоса в разговорной речи у мальчиков бывает еще до мутации, так как разговорный голос переходит во взрослый раньше.

В этой стадии при ларингоскопии можно видеть значительные изменения в гортани: сильное покраснение слизистой оболочки гортани и голосовых складок, отечность в области черпаловидных хрящей (задняя стенка гортани), воспаление голосовых складок. Последние оказываются розовыми, покрытыми обильной слизью, иногда отечными, в состоянии несмыкания, особенно в заднем отделе, где видна треугольная щель. В этот период отмечается скачок в росте гортани и голосовых складок. Но резонаторные

полости заметно отстают от них. Формирование резонаторных полостей заканчивается позже мутации.

Для третьей, завершающей стадии, характерно постепенное увеличение диапазона и силы певческого голоса, его тембровое обогащение. Болезненные ощущения при пении понемногу исчезают, идет на убыль сипота и хрипота. Мальчики привыкают пользоваться новыми низкими нотами, целиком переходят на пение в тесситуре, свойственной мужскому голосу.

Диапазон голоса расширяется до октавы («ре» малой – «ре»¹), иногда и больше. В начале завершающей стадии мутации голоса мальчиков могут быть еще слабыми по силе и неопределенными по тембру. Бывает трудно отличить баритон от тенора.

Мутация в среднем длится около полутора лет. Продолжительность мутации подвержена значительным индивидуальным колебаниям, от нескольких месяцев до нескольких лет. Для этого периода характерен активный рост и изменение формы хрящей гортани, и увеличение массы голосовых мышц.

Педагог должен понимать, что в период мутации работа ведется без опоры на эстетические качества голоса, что физиологически

правильный звук может быть не привлекательным эстетически, но готовит голосовой аппарат к дальнейшей работе во взрослом режиме, необходимо объяснить это и подростку. Это еще одна причина, по которой занятия вокалом должны быть начаты в домутационный период – ученик должен доверять педагогу.

Наименьшим изменениям подвергаются мышцы, участвующие в производстве звука фальцетного регистра. Фальцетный режим похож у детей, женщин и мужчин. Как бы ни старался мальчик в домутационном периоде, он не сможет издать звук, совпадающий по тембру со звуком грудного регистра мужчины. Наоборот, взрослый мужчина, при хорошо развитом слухе и координации, без особого труда сможет симитировать звук фальцетного режима мальчика.

Таким образом, с большой долей приближения можно определить - фальцет не мутирует. Во время мутации рекомендуется не молчать, а продолжать занятия в фальцетном режиме, постепенно перенося имеющиеся защитные механизмы на формирующийся грудной регистр. Для работы в период мутации над голосом подростка очень важно знать, чего нельзя делать. Ответ на это дает концепция регистрового строения голоса. Известно, что наиболее сложным и опасным даже и для взрослого голоса является участок диапазона, где происходит наложение друг на друга по диапазону двух регистровых механизмов - грудного и фальцетного, т. е. нижний тетрахорд первой октавы. Мутация затрагивает прежде всего этот участок диапазона. Следовательно, следующая после рекомендации работы при помощи фальцетного регистра будет рекомендация избегать нижнего тетрахорда первой октавы. Это значит, что после фальцетной нагрузки преимущественно в верхнем тетрахорде первой и в нижнем тетрахорде второй октав (где и привык мальчик петь до мутации), работа должна идти преимущественно в малой октаве, насколько позволяет голос. Целесообразно использовать межрегистровый пороговый эффект, т.е. петь широкие интервалы в нисходящем движении - с фальцета - в грудной регистр через регистровый порог. Ширина интервала будет зависеть от уровня мутации: чем ниже может опуститься голос, тем шире может быть используемый интервал, вплоть до двух октав. Это значит, что исходный фальцетный тон будет находиться в верхнем тетрахорде первой октавы, а получаемый грудной - после скачка вниз - в верхнем тетрахорде большой. Далее можно применить дуодециму, дециму, октаву. С прохождением мутации и укреплением грудного режима работы гортани интервал должен сужаться далее: квинта, терция и, наконец, прима, т. е. пение одного тона поочередно фальцетом и грудным режимом так, чтобы разница в тембре и динамике была

минимальная. Это значит, что фальцет должен быть звучным, «оперным на дыхание», резонирующим в груди, а грудной звук должен быть мягким, воздушным, проточным, резонирующим в голове и по тембру приближаться к фальцету, т. е. становиться тем, что называют «микстом». Рекомендуется уделять на занятии 10-15 минут времени фальцетному пению. Это минимально необходимое время для набирания организмом определенной инерции. Набирает инерцию, прежде всего, мозг: тормозится речевой стереотип, раскручивается маховик певческого. Важно петь упражнения без усилий, не форсировать звук, пропевать все звуки без усиления или уменьшения звучности. Если ученик стесняется петь тонким голосом, нужно объяснить, что от того, как он будет петь в этот период, зависит его голос в дальнейшем. Можно привести в пример эстрадных исполнителей, которые поют фальцетом или часто используют фальцетный регистр: Владимир Пресняков, Витас, Григорий Лепс, Димаш. В связи со сложностью подбора репертуара в первые периоды мутации, можно исполнять свой репертуар, только на октаву выше.

По поводу, стоит ли петь во время мутации, в литературе и среди педагогов - практиков существует два мнения. Большое количество авторов и педагогов считает, что пение в переходный период следует прекращать совсем как мальчикам, так и девочкам. В работе И.И.Левидова говорится о возможности занятий с мальчиками в период мутации только в экспериментальных условиях. О возможности и целесообразности занятий в мутационный период можно найти в работах Е.Д.Малининой, Н.Д.Орловой, В.А.Богодурова, Н.Н.Добровольской, А.Г.Менанеби и других. Они указали, что существует значительное количество неопытных педагогов, которые неумело занимаются с детьми в этот период и губят голоса детей. По их мнению, им лучше совсем прекратить занятия с мутирующими учениками. Все авторы сходятся в одном - занятия возможны, если этим занимаются умело, с осторожностью. Необходимо бережно относиться к голосовому аппарату, который в период интенсивного роста нуждается в большем покое, его легко повредить. Поэтому, для поющих подростков устанавливается строгий режим. Он в данное время имеет решающее значение. Спокойное обращение с голосом содействует более быстрому его успокоению, появлению ровности звучания и новой тембральной окраски. Пение нужно ограничить по времени, подростки должны часто отдыхать, примерно через 3-5 минут, почти столько, сколько пели [4].

Режим занятий с детьми среднего (переходного) возраста строго индивидуален и строится в рамках 40-45 минутного урока, включая в себя:

1. Дыхательные упражнения - 3-5 минут (не просто, как регулировка, а как основа голоса; работа над ним носит сознательный характер).
2. Вокальные упражнения - 10 -15 минут
3. Разучивание новой песни - 10 минут. (Включая слушание и анализ).
4. Музыкальные “переменки” - 5-7 минут.
5. Повторение и закрепление выученных ранее произведений - 10 минут.

Если по звучанию голоса или ощущениям певца слышатся первые признаки усталости, то необходимо прекратить занятия пением, но не занятия вообще, так как недопустимо, чтобы ученик уходил с урока с усталым голосом.

Можно рекомендовать пение гамм сверху вниз, так как это способствует сохранению головного звука. Для лучшей интонационной устойчивости при первоначальном пении каждая ступень повторяется два раза. Не следует допускать у детей искусственной эмоциональности, подражания взрослым. Нужно внимательно следить за естественным, ненапряженным звучанием примарных тонов. Полезно пение гласных “о” и “у” и их сочетание “до - а”, “до - да”, “ду - да”. Осторожные, умелые занятия с мутирующими мальчиками являются лучшим способом охраны их вновь возникающего мужского голоса. Необходимо брать произведения с небольшим объемом, учитывая уменьшившийся диапазон, без яркой контрастной динамики. При выборе песни необходимо учитывать: доступность тесситуры, удобно расположенную мелодию в звучащей зоне голоса. Ни в коем случае нельзя допускать, чтобы ученики форсировали звук.

Совершенно недопустимо применение твердой атаки как постоянного приема звукообразования, поскольку это приводит к перенапряжению голосового аппарата. Нельзя злоупотреблять силой голоса. Большой запас воздуха и сильный напор выдоха дезорганизуют работу гортани. Также, не нужно злоупотреблять крайними звуками диапазона, в особенности верхними.

Приоритетными направлениями методических рекомендаций является:

- освоение фальцетного регистра, как основного рабочего в период мутации;

- освоение «регистрационного порога»;
- обучение воспитанника самоконтролю.

Этот период может быть особенно сложен для учеников, которые участвовали в концертных программах и конкурсах, т. к. в особенно острый период мутации эти виды деятельности прекращаются. В идеале, работать в содружестве с психологом, а иногда и с психотерапевтом, т. к. мутационный период, как и в целом, переходный возраст, часто сопровождается невротами, а также, психологическими особенностями данного периода:

- Повышенная чувствительность к оценке посторонних
- Предельная самонадеянность и категоричные суждения по отношению к окружающим
- Противоречивость поведения: застенчивость сменяется развязностью, показная независимость граничит с ранимостью
- Эмоциональная неустойчивость и резкие колебания настроения
- Борьба с общепринятыми правилами и распространёнными идеалами

Консультативная помощь должна осуществляться с привлечением родителей ребенка.

Учитывая все ранее изложенное, можно увидеть, что охрана голоса крайне необходима в работе с мальчиками в период мутации.

Мутационный период очень ответственен в обучении. Во время острых явлений мутации занятия надо прекращать. Во время спокойного протекания мутации занятия не только возможны, они вполне целесообразны и желательны, так как способствуют укреплению всего организма, быстрому и более равномерному прохождению мутации.

Следует использовать репертуар, специально рекомендованный для обучения в этом возрасте. Необходимо заботиться о неукоснительном соблюдении учащимися режима голоса. Чаще давать им отдых, не допуская усталости.

Профессия учителя – мать всех профессий на земле. Учитель, лишь передающий знания, неполноценен. В современную цифровую эпоху его легко заменяет компьютер. Подлинного педагога-наставника никакая машина заменить не сможет, поскольку он воспитывает Человека в человеке [5, С. 471]

Список использованных источников

1. Айтуарова А.М., Беленко О.Г., Кошкимбаева Р.Х., Жолдасова М.К.
2. «Психологические особенности детей старшего подросткового возраста» // Вестник КазНУ. Серия социологии и психологии. №3 (58). 2016. – С. 10-18.
3. Емельянов В.В. «О пубертате» [Электронный ресурс]: Фонопедический метод развития голоса. - Режим доступа: <https://fmrg.ru/theory/other-texts/o-pubertate>
4. 3. Вишневская М.А. Особенности вокальной работы с детскими голосами в мутационный период / Методическое пособие для педагогических работников. [Электронный ресурс]: Инфоурок. - Режим доступа: <https://tdshi.kursk.muzkult.ru/>
5. Методика преподавания вокальных дисциплин [Электронный ресурс]: smuimpich.ru
6. Лихолетов В.В., Абдуллин А.Г. Педагог и наставник – ключевые фигуры формирования образовательно-технологического суверенитета страны. Интеграция Образования. Т. 27. №3. – М, 2023. – 471 с.

ФОРМИРОВАНИЕ САМОРЕГУЛЯЦИИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Аттоу Р.А.

*магистрант Павлодарского педагогического университета
имени ӘлкейМарғұлан, г.Павлодар*

Ныгметова Б.Д.

*научный руководитель – кандидат филологических наук,
ассоц.профессор, г.Павлодар*

***Annotation.** One of the global problems in learning a foreign language at school is the problem of overcoming the communicative barrier. We analyzed the main components of students self-regulation, revealed and justified the necessity of creating certain pedagogical conditions to develop them.*

***Keywords:** self-regulation, communicative barrier, communicative competence, interactive teaching method, personality-oriented approach, motivation.*

***Аннотация.** Шетел тілін үйренудегі ағамдық мәселелердің бірі – коммуникациялық кедергіні шешу мәселесі. Бұл мақалада оқушылардың өзін-өзі реттеу түсінігін қарастырдық. Біз оқу өзін-өзі реттеу негізгі құрамдас бөліктерін талдадық, оларды дамыту үшін белгілі бір педагогикалық жағдайларды жасау қажеттілігін анықтадық және негіздедік.*

***Түйінді сөздер:** өзін-өзі реттеу, коммуникативтік кедергі, коммуникативтік құзыреттілік, интерактивті оқыту әдісі, тұлғаға бағытталған көзқарас, мотивация.*

***Аннотация.** Одной из глобальных проблем при изучении иностранного языка в школе является проблема преодоления коммуникативного барьера. В*

данной статье мы рассмотрели важность формирования педагогических условий для саморегуляции учащихся в целях успешного развития навыков иноязычной речи.

Ключевые слова: саморегуляция, коммуникативный барьер, коммуникативная компетенция, интерактивный метод обучения, личностно-ориентированный подход, мотивация.

Самостоятельная работа учащегося имеет весомое значение в обновленном содержании образования. Подтверждением тому является применение на уроках: приемов критического мышления, проектов, дифференцированного обучения и др. Эти методики имеют своей целью совершенствование активного мышления у обучаемых, а также: умение применения знаний на практике.

Одна из главных мотиваций при обучении – игра. Применение игр наряду с беседами, обсуждениями и дебатами на уроке английского языка, способствует более результативному обучению. Во время игровой деятельности учащийся преодолевает тревогу и зажатость. Ведь при проведении обычной беседы учащийся, чувствуя зажатость и стеснение, может и не принять участия в работе. В процессе игровой деятельности же у всех учащихся есть свои обязанности. Игровая деятельность заведомо предусматривает коммуникацию, заинтересованность, а также детальную отработку на практике учебного материала. При этом создаются условия для саморегулируемой деятельности учащихся.

На начальных уроках изучаемого раздела внимание уделяется внедрению и активизации тематических лексических единиц. Главной задачей этого действия является способствование совершенствованию навыков монологической и диалогической речей, проводимых в стиле конференций, бесед и т.д.

Овладение лексикой предусматривает следующие возможности:

- формирование коммуникативной компетентности учащихся (свободное общение и осознание услышанного английского текста);
- решение социальных, личностно-важных и практических задач;
- совершенствование навыков ситуативного общения в реальном времени (обыграть ситуативный диалог с преподавателем, будучи неподготовленным к нему);
- оценка и анализ своей работы, работы других учащихся и преподавателя на английском языке.

Завершающим этапом в данной работе будет являться ролевая игра с различными данными в ней ситуациями. Она включает в себя определенное число участвующих, которые ведут деятельность согласно поставленной проблеме. Все участвующие придерживаются своей манеры держаться, согласно истории, учитывая поведение и

других участвующих. Целью ролевой игры является решение проблемной ситуации. Таким образом, напрашивается вывод о том, что проблемно-ориентированный подход к обучению является эффективным способом развития учебной саморегуляции.

Проектная деятельность предусматривает творческий самостоятельный поиск, исполнительность и коммуникацию от участвующих. Она способствует естественному перенесению деятельности с выполнения заданий на высокую умственную работу в течение взаимодействия и коммуникации в творческой и креативной работе. Задачей преподавателя является настроить учащихся на деятельность, подобрать тему, обеспечить планирование, контролирование и рекомендации в лице единомышленника и партнера.

В процессе обучения иностранному языку перед преподавателем открываются возможности, позволяющие способствовать развитию любви к окружающему миру. Об этом говорит и обучение культуре, обычаям разных народов, а также, коммуникативный аспект изучаемого предмета.

В подтверждение этому, на уроках отбирается материал, содержащий исторические сведения. В дополнении к страноведческому материалу применяется наглядность в виде видеороликов, аудиороликов, что способствует развитию познавательного интереса обучаемых на уроке.

Урок английского языка будет восприниматься легче и казаться более занимательным, если будет включать в себя применение информационно-коммуникационных технологий на различных этапах урока (презентации с таблицами, схемами, картинками, видео во время тестов, speaking, listening и т.д.). Проектная деятельность получает положительную оценку от обучаемых, так как она предоставляет право выбора той формы работы, которая даст им возможность выразить себя. Она является связывающим звеном между обучающими, так как во время работы над данной деятельностью они согласовывают все действия друг с другом, начиная с составления структуры проекта и до работы над источниками, материалами, дискуссиями и приготовлениями необходимой наглядности. Право выбора темы, формы работы (презентации, доклады) и защиты проекта (индивидуальная работа, групповая работа) закрепляется за учениками. Традиционный обмен знаниями между преподавателем и учащимся сменяется содействием совершенствования умений самостоятельной работы учащегося, самоанализу и самооценке, что обеспечит нахождение новых методов преподавания и развитие образовательной системы.

Приведем примеры формирования учебной саморегуляции. Учащимся предлагается просмотр видеоматериала, где звучит клип. Им необходимо понять содержание песни. Преподавателю необходимо акцентировать внимание учащихся на лексику, прозвучавшую в песне. В ходе работы над лексикой преподаватель активно использует в качестве зрительной опоры презентацию с активной лексикой в качестве закрепления. В процессе упражнения разбираются слова песни по строчке и разбираются непонятные фразы, которые могли вызвать затруднения. Далее эти фразы закрепляются в других предложениях, чтоб они могли применить их в разных речевых ситуациях.

Также активно использовались гифки (анимационные картинки и изображения, с целью включения ассоциативной памяти, чтобы как можно больше запомнить слова. Отработав незнакомые слова песни, и разобрав её полностью, обучающиеся вместе с преподавателем приступают к исполнению песни под видео караоке, где зрительно ещё раз отрабатывается новая лексика.

Рассмотрим пример инсценировки ситуации из мультфильма: учащимся раздаётся распечатанный сценарий с ролями. После опроса учащихся о том, видели ли они этот мультфильм и слышали ли они об этом мультфильме, они высказали своё мнение о мультфильме, понравился ли он им или нет. Далее преподаватель демонстрирует учащимся отрывок, который будут инсценировать учащиеся. Мультфильм просматривали несколько раз.

Просмотрев первый раз, преподаватель ставил цель – ознакомиться с ситуацией для инсценировки. При втором просмотре преподаватель обратил внимание детей на лексику, употребляемую в сценке, и акцентировал внимание учащихся на произношении слов, на интонацию реплик, чтобы вслушивались в слова, визуально опираясь на слова и фразы в распечатанном варианте.

После просмотра видео, разбирали непонятные фразы (с опорой на электронную презентацию с фразами из мультфильма и с аналогичными фразами в другом контексте, чтобы они могли эти фразы применить в жизни; После каждой разобранный фразы учащиеся строили свои примеры с этими фразами).

Далее отработывалась ролевая игра. Сначала отработывалось чтение, затем произношение, а потом, когда произношение было усвоено, обращалось внимание на интонацию. Преподаватель предлагал учащимся представить себя в роли актеров. Периодически просматривалось видео, чтобы напомнить интонацию и прослушать, с какой интонацией персонажи говорят. Учащиеся старались повторить услышанное.

Далее учащиеся делились на группы, где они работали над инсценировкой и произношением слов. Затем представляли свою сценку, не просто говоря, но и изображая, используя разные предметы (парты, стулья), создавая себе атмосферу.

Предлагаем также метод «Word race – словесная гонка», где на одном слайде в презентации показаны два топика (две темы), глядя на которые учащиеся будут соревноваться друг с другом. Учащиеся предварительно разделены на команды, в каждой команде свой капитан. Необходимо за минуту назвать как можно больше слов на данную тему. Слова называются командами по очереди, если произошла заминка, то соответственно эта команда и проигрывает. В данном сценарии учащиеся развивают разные виды саморегуляции: эмоциональную, познавательную и мотивационную.

Интересно проводится выполнение презентаций на тему «Путешествия». Главная задача этого вида деятельности – это достижение процесса коммуникации. Ученики могут подготовить и презентовать работы, носящие страноведческий характер. Ученики под музыку презентуют достопримечательности, призывая путешествовать; задают вопросы о климате, культуре, населению, туризме другим учащимся.

Выполняются мини-работы (парная или групповая работы). Ученики будут являться учредителями учебных путешествий в Англию. Они снабжены необходимой информацией (сезон, количество дней, число туристов). Учредителям дается возможность организовать план проезда, участие в культурной жизни, экскурсии к достопримечательным местам. Ученики снабжены необходимой лексикой, формами выражения «согласие-несогласие», проработанными на занятии, которыми они могут и должны оперировать в течение работы над заданием. После того, как каждый член группы одобрил финальный вариант учебного путешествия, группы презентуют свои мини-работы другим группам. После показа и презентации всех мини-работ, группы начинают голосовать за наиболее выигрышный по их мнению. Голосование за собственную группу запрещается. В течение работы над этим заданием, учащиеся могут пользоваться интернет-ресурсами, готовить демонстрационный материал (плакаты, постеры) и т.д.

Как показала практика, данные методы обучения и языковые упражнения развивают учебную саморегуляцию, благодаря которой учащиеся повышают уровень коммуникативных навыков иноязычной речи.

Таким образом, в распоряжении творчески работающего учителя имеются большие резервы для стимулирования интереса учащихся к овладению иностранным языком и для развития коммуникативных умений и навыков.

Список использованной литературы:

1. Кузовлев В.П., Структура индивидуальности учащегося как основа индивидуализации обучения речевой деятельности. // Иностранные языки в школе, 1979, №1.
2. Рогова Г.В., Методика обучения иностранным языкам в школе. – Москва, Просвещение, 1991 г.
3. В.В. Сафонова. “Программы общеобразовательных учреждений: Английский язык – школа с углубленным изучением иностранных языков”. Москва “Просвещение” 2005г.

ӘУЕЗОВ ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ МӘНІ

Ахмолдина А.

Мақалада Мұхтар Әуезовтің балалар әдебиеті үшін, бала тәрбиесі үшін ерекше маңызы бар шығармалар жазғаны және ол әңгімелерде көтерілген өзекті мәселелер сөз болады. Мәселен, «Жетім» атты әңгімесінде қаңғып қалған Қасымның тағдыры шеберлігімен тебірене суреттелгені, ал «Көксерек» хикаясында адамдық мінез бен хайуандық қылықтың бір-бірімен астасуы көркем бейнеленгені зерделенген. Сонымен қатар, мұнда жазушы әңгімелеріне жүйелі түрде тоқталып, оларға тақырып аясына қарай талдау жасап, бастауыш не орта сыныптарда оқыту мәселесі де байыпталған.

Заманымыздың заңғар жазушысын Қазан төңкерісіне дейінгі жетім балалар тағдыры қатты толғандырған. Мұхтар мұндай төзімсіз жағдайларға жайбарақат қарай алмайтын. Олардың ауыр халдерін көріп, солармен бірге қайғырып, солармен бірге қатты тебірене түсетін. Сондықтан да ол «Жетім» атты әңгімесінде қаңғып қалған Қасымның тағдырына егіле отырып, оны дарынды шеберлігімен тебірене суреттеп берген. Бұл әңгімені жайбарақат отырып оқу өте қиын. Амалсыз көзіңе жас келеді. Әке-шешесінен жастайынан айрылып, әжесінің тізесін құшақтап қалған Қасым жарты жылдан соң, онымен де қоштасады.

«Әжетай мені неге тастап кеттің? Мені неге ала кетпедің, менің қаңғып қалғаным ба? Менің шынымен сорлы, шынымен жетім болғаным ба? деп зарлағанда, елдің сай-сүйегін босатып, кәрі-жастың жүрегін еріткен болатын», [1.] – деп суреттейді жазушы Қасымның қасіретін. Міне енді әжесінің кешкі мезгілде алдына алып, күпісіне

орап отырып, тербетіп айтатын сезімді қоңыр әні де жоғалды, өшті. Қасым бәрінен де айрылды. Қасымның тағдыры енді Иса мен оның ұрысқақ долы әйелі Хадишаға қарап қалды. Ол жалаң аяқ, жалаң бас, сидаң қағып қой бақты. Тезек терді. Кешкілікте малмен бірге бір арқа отын арқалап қайтса да Хадишаның қарғысы мен Исаның таяғын жеп өлексе болуға айналды. Қасымның бойын жетімсіреген жалғыздық пен дүниеге сенімсіздік, ешкімге жуымайтын жатбауырлық жайлады. Өйтпесіне шара жоқ, Қасымның әке-шешесінен, әжесінен қалған отыз шақты қой, он шақты ірі қараға ие болған Иса мен Хадиша дереу оларды таран-таражға түсіріп, шетінен құрта беруге асықты, «Әне бір көк саулық пен қарабас қойды соғымға жібереміз. Қасқа сиырды сойып, үй ішіне, бала-шағаға саудагерден пұл аламыз», [] – деп тегін түскен олжадай бөлісе бастады. Малын жайғап болған соң, енді Қасымның керегі жоқ, көжеге ортақ қылғанша деп, ұрып-соғып, аштан-аш қаңғытып жіберді.

Әңгімеде мал-мүлкін талан-таражыға түсіріп жетім еңбегін қанаған Иса мен Хадиша сияқты қатігез адамдардың типтік образы жасалған. Әсіресе күйеуін билеп, алған Хадиша Исаға айтқанын істете жүріп, Қасымның қаңғып кетуіне себепші болған.

Әке-шешесі мен әжесінің қабірін іздеп, тау-тасты аралап жүріп, күздің қара суығына ұрынған бала түн қараңғысында зәресі ұшып, көз жұмады.

М.Әуезовтің бұл уақытта жазылған шығармаларынан «Көксерек» хикаясын ерекше атаған жөн. Бұл ұзақ әңгіменің тақырыбы басқа әңгімелерінен оқшау көрінеді. Онда қолда өскен, асыранды Көксерек атты бөлтіріктің тарихы баяндалады. Құрмаш деген жас бала қасқырдың күшігін асырайды. Бөлтірік өсе келе қасқырдың табиғаты жеңіп, күндердің күнінде тағы тектестерінің үйіріне қосылып кетеді. Енді өзін өсірген ауылға маза бермей, малға тиседі. Көксеректің жыртқыштық мінезі қатал беріледі. Автор мұны ұтымды шағын деталь көмегімен жеткізеді: «Ін ішінен жат иіс сезіп, Көксерек басы мен кеудесін соғып «ыыр» етіп кішкене күйікті күшікті тістеп суырып шықты. Бұны істегенде ақ қасқыр арсылдап тап берген еді, Көксерек сонда да тоқтамай көк күшікті жерге жұлқып-жұлқып соғып, қабырғаларын кірт-кірт сындырып өлтіріп тастады». [1.] Өз күшігін аямаған Көксеректен адамға қайырым қайдан болсын. Ақыры Көксерек өзін асырап өсірген Құрмашты ат үстінен жұлып ап, өлтіріп кетеді. Әуезовтің «Көксерегі» атақты жазушы Джек Лондонның шығармаларымен тақырып жағынан үндес. Бұл кездейсоқ ұқсастық емес. Мұхтар Әуезов жер жүзі классикасын үйренуді ғана мақсат етпеген. Ол мұсылмандық Шығыс поэзиясының нәзира дәстүрін еске алып,

жаһанның ең керемет деген жазушыларымен өнер сынасып, қалам жарыстырып көрген. Бірақ тақырып болмаса, өзге жағынан қазақ жазушысының бұл шығармасы Дж. Лонданның «Ақ азуына» тіптеп ұқсамайды. «Көксерек» сюжеттік желісі өзгеше, айтары да басқа. Әуезов қасқырдың сүлдесінен мейірімсіз қарақшының тағылық мінезін таниды. Әуезов Дж. Лонданның «Ақ азуын» 1936 жылы қазақ тіліне аударғаны белгілі. Ал «Көксерек» одан кейін жазылған. [2.] Лондон шығармасын аударып отырып, өзінің атақты классиктен артық түспесе, кем түспейтін шығарма жазғанын мақтаныш еткен болу керек деп ойлайсың.

Мұхтар Әуезов өзінің атақты «Көксерек» повесінде, алдымен әр алуан жабайы жыртқыш азулы аңдардың мекен еткен жерлерін суреттеуден бастайды.

«Қара адырдың қарағанды сайы елсіз. Айналада қабат-қабат шұбар адырлар. Жақын төбелердің барлығын аласа боз қарағай, тобылғы басқан. Сай бойында май айының салқын лебі еседі. Бастары көгеріп, бүрленіп қалған қалың қарағай лебімен сыбдыр-сыбдыр қағып теңселіп, ырғалып қояды. Маңайдан жуалардың, жас шөптердің исі келеді. Ұзын кең өлкені қаптай басқан қарағанның ортасында терең, құр жар бар. Соның бас жағында итмұрынды қалың арасында қасқыр іні бар. Жақын елге мәлім ескі ін. Жазғы салымнан бері соны екі қасқыр келіп мекен етті...» [1.].

Әңгіменің композициясы мен сюжеті оқиғадан оқиға тудырып, тез өзгереді. Мұның өзі оқиғаның шапшаң дамуына себепкер болатыны байқалады. Оқиғаның шапшаң дамуы тыңдаушысын дегбірсіздендіріп, енді ие болар екен дегендей ойға қалдырады. Жаңа ғана екі інді мекен еткен екі қасқырдың енді бір сәтте балаларын қоректендіру үшін қозы әкеліп жеп жатқаны суреттелген: «...Қозы екі қомағай ауыздың кергісінде қан жоса болып дар-дар айрылды. Сырт-сырт етіп жас сүйек сынды. Қапаш-құпаш, қорқ-қорқ етіп, қомағай қанды ауыздар асайды. Тұмсығы мен бастары, мойын жүндері қып-қызыл болған қасқырдың жасыл көздері от шашады» [1.].

Мұның өзі жоғарыда айтқанымыздай оқиғадан оқиғаның тууын байқатады. Сөз зергері жыртқыш аңдар мекенін қалай әсерлі суреттесе, олардың ашқарак қомағайлығын одан да гөрі әсерлендіре түскен. Жан түршігерлік осындай көріністер жас оқушыларының еркін билеп, олардың төбе шаштарын тік тұрғызады. Жыртқыш аңдар мекені мен олардың күн көрісі бірден-ақ айқындалып, осы бір жанды көрініс жас өспірімдердің көз алдыда тұрғандай, жас қозыға жаны ашып, оқиғаға өздері де араласып кеткендей болады. Өйткені мұны да азсынғандай, соңынан бөлтірігінен айрылған екі қасқыр ашулы ызамен маңайдағы

елдерді күндіз-түні у-шу қылып, азан-казан етеді. Қойларын жаралап, қозыларын алып қашады. Өрістегі бұзауларды жарып, далада құлындаған биелердің бірнеше құлындарын жеп кетеді. «Мұнда күрделі екі мәселенің қатар тұрғаны балаларға ерекше әсер етеді. Оның бірі жыртқыш аңдар озбырлығы болса, екіншісі қазақ жерінің сұлу табиғаты мен қаймағы бұзылмаған ел байлығының сөз болуы. Жаратылыстың көркем көріністерін сондайлық әсерлі суреттеудегі сөз зергерінің мақсаты тек қана сол әсем көрініске зер салып қоюды ұқтыру емес, ол сонымен қатар одан эстетикалық нәр алып, соны сезіну, сондағы бар байлықты құрметтеу, қадірлеу жағына үйретуді көздейді. Жаратылыстағы көркемдік пен ондағы бар байлықты пай-далану үшін алдымен оны білу керектігін мегзейді. Мұның өзі түптеп келгенде өз өлкеңдегі бар байлықты құрметтеуге, соны қадірлеуге, сақтай білуге баулиды». [3. 44]

Әңгіме кейіпкері кішкене Құрмаштың асырап алған Көксерегі болғандықтан, сөз зергері оны әлі де айқындай түсу үшін бөрі бөлтірігі өз қасында тұрғандай, оны жетегінде ұстатқандай суреттейді: «...Жетілмей келе жатқан тісі ғана. Көксерек арлан еді. Сондықтан бұнының бойы биіктене береді. Әлі тұрқы шығып ұзарған жоқ. Барлық жүні кара-көк, жотасы күдірейіп, аузы омыртқа мен құйрығына шейін тұп-тұтас болып, күлдіреуіштей сүйірленген бір бітімі бар. Өзі ешкімге ізденіп соқтықпайды. Ит баласына заты қастай, жібімейді. Әлі күнге бір рет жадырап, ойнап көрген емес. Татулық жоқ, суық. Жалғыз-ақ атын біледі... Өскен сайын сызданып, суықтанып келеді»[1.].

Мұхтар бұл жерде жас организмнің жетілу жайын суреттей келіп, соған байланысты оның мінез өзгешеліктерінің, жыртқыш аңдар психологиясының бірден-бірге қалыптасу, өзгеру жолдарын аңғартып отырады.

Осының өзі қолға үйренген байырғы хайуанаттардан гөрі қолға үйренбеген азулы жыртқыш аңдарда болатын психологиялық өзгешеліктерді танытады. Оны жастайынан қанша бақса да, күтсе де, тіпті Құрмаш оны өзімен бірге қойнына алып жатса да, сызданып суықтана беруі жас оқушысын таң-тамаша етеді, ойға қалдырады. Көксеректің қолға үйренбеуі Құрмаш түгіл үлкен кісілердің өздеріне де ой тудырады. Ол жайында: «Түнде қозының құйрығын иіскелеп жүреді. Қойды үркіте береді. Түнде даланы жақсы көреді», [1.]— деген сияқты ауыл адамдарының күдіктері Көксеректің мінезіне байланысты туған. Осының себептерін білу де балалар үшін өмір танытарлық үлкен сабақ. Өйткені Көксеректің сыртқы портретінің әсерлі суреттелуінен азулы жыртқыш аңдардың жай ғана көрінісі емес, мұнда соның мінезі мен өсу процесінің дамуы көрініп отырады. Сонымен қатар бірден-бірге өріс

алып бара жатқан оқиға сюжеті әңгіменің ішкі құбылысын айқындай түседі. Осыған байланысты жас оқушы да Көксеректің алдағы тағдырын аса қызыға бақылап, әңгіменің бағытына, зер салады. Көксерек олар үшін әңгімедегі ең басты тұлға болып көрінеді. Екіншіден, «Көксерек» оқиғасының жетегіне де ере отырып, оқушы жаратылыс құбылыстарында болатын өзіне белгісіз әр алуан өзгешеліктерді байқайды. Кейіпкерлердің бастан кешірген бірталай қиыншылықтарына бірде сүйсініп, бірде күйініп отырады. Көксерек иесінен безіп, адырға шығып кеткендегі оның тағылық қылығын сөз зергері былай суреттеген: «...Қатты аяздан тұмсығының ұшы, азуы ашыға, шыдатпай тоңа бастайды. Табанынан өткен ызғар да аяқтарын қарып, қатырып барады. Қайта жорытып адырға шықты. Алғашқы рет амалсыздан кекке қарап аузын ашып, ышқынғанда ішінен зор дауыс шықты. Күтпеген дауыс. Көксеректің ең әуелгі ұлығаны осы еді. Қарлы, әлсіз адырды басына көтеріп дауыс салды. Тынбай ұзақ-ұзақ уақыт ұлиды...» [1.]. Шығарманың бұлай суреттелуі балаларды ойға қалдырады. Өйткені Көксеректің асырауға көнбеу себебі, күтімді керек етпеуі неге байланысты екені — олар үшін жұмбақ. Осының бәрі де оқиғаны бірден-бірге шиеленістіріп, ол шарықтау шегіне жеткенге дейін үрей тудырады.

«Қасқырды қалай бақсаң да, орман ішіне қарай жалтақтай береді» деген сияқты, Көксерек өзінің тағылық жолына түсіп, Құрмаштаи безіп кеткені, қолға үйренбеуі оның жаратылысы, өмір сүру жолы о баста солай бейімделгеніне байланысты екені енді жас өспірімдерге бірден-бірге айқындала береді. Оқушысын ойға қалдыратын бір жағдай — Құрмаш пен Көксерек арасындағы байланыс мәселесі. Жақсылықтан басқа еш нәрсе жасамаған Құрмашқа Көксерек кездесе қалса, ол қанша тағы болса да үйреткен адамына қауіп-қатер жасамас деген талас ой туады. Оқиғаның шешіміне жеткенге дейін осы ойдан арылмай отыратын оқушы Көксеректің пиғылын, оның тағылық әрекеттерін байқаумен болады. Әңгіменің ең үлкен түйіні осында.

Повесте оқиғаның болған жері әр жыл мезгілдерінде қандай жағдайда болғанына дейін, тіпті хайуанаттардың түс-таңбалары, оның мінез өзгешеліктеріне дейін айқын кәрініп, көз алдында тұрғандай рет-ретімен сипатталады. Ізіне түскен ауыл адамдарына әбден өшіккен Көксерек өзінің серігі ақ қасқырдан, оның бөлтіріктерінен айрылған соң, бұрынғысынан да бетер ашына түседі: «... Сонымен қуғын күні Көксерек түні бойы ақ қасқырдың ізіне түсіп жортып еді. Бір төбенің бойына келгенде иіс те, із де бітті. Серігінің иісі жоқ; оның орнына ет, адам иісі мол білінеді. Ағып ұйып қалған қан көрінеді. Азғана иіскелеп, бір рет жалап дәмін де көрді. Түн бойы көп ұлыды, таң атқанша жер

тарпып, шаң боратты, ыңырсыды, аунады. Ай астында әрлі-берлі сенделіп, көп аяндап жүрді. Қасыңда көлеңкесі ғана жүр еді. Тағы да жалғыз жортуылға түсті...» [1.]. Көксеректің ауыл үйде Құрмашпен бірге жүргендегі тағылық белгілері мен мінез өзгешеліктері бір түрлі суреттелсе, ал енді әбден кемеліне келіп, өсіп жетілгендегі нағыз жыртқыш аңдарға тән психологиясы мүлде бір басқа.

Бұдан ары жазушының шеберлігіне сүйсініп, оқиғаның жетегіне еріп, Көксеректің алдағы тағдыры немен аяқталатынына одан бетер қызығасың. Бірақ бұл қызығу көпке созылмайды: зор өкінішпен, қайғымен аяқталып, Құрмаштың трагедиялық өлімімен тынады. «Жаман адамды бақсаң, аузы-мұрныңды қан етеді. Жаман сиырды бақсаң, аузы-мұрныңды май етеді» дегеннің керін келтіріп, Көксеректің Құрмашты ат үстінен жұлып түсіріп, елсіз далада жеп кетуі естен қалмас қасіреттей мәңгілік ойда қалады. «Ит атасын танымас» деген осы да деп, еріксіз бармақ тістетіп, бас шайқатады[3.].

«Қураған-ай, неңді алып ем!.. Не жазып едім?.. Бауырына салып есіргеннен басқа не қып еді менің құлыным?!»—деген Құрмаштың әжесінің елді тегіс күңіреткен өксігі, Көксеректі басқа тепкені, қарсы алдында болып жатқан жанды көріністей көз алдыңнан кетпейді.

Оқиға желісі жас оқушыны қызыға тыңдатумен қатар, олардың ой-қиялының, өз пікірлерінің дамуына жол ашады. Кейіпкерлердің мінез-өзгешеліктерін, жаратылысын түсінуге баулиды.

Құрмаштың өлімі трагедиялық өлім болып аяқталғанмен, жас оқушының көңілінде жақсылықтан басқаны ойламаған аяулы адал жанның бейнесі қалады.

«Көксерек» повесі жасөспірімдерге өмір танытарлық осындай оқиғаларды суреттеп берумен қатар, оларға қазақ халқының ана тіліндегі бай мұра мен оның сұлу да көркем құрылысымен таныстырады, ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттырып, сөз байлығын молайта беруге жәрдемдеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. Әңгімелер. Алматы: Жалын, 1987.-176 бет.
2. Омаров Д. Ұлылар үндестігі.-Алматы: Санат, 1999.- 236 б.
3. Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. Алматы: Мектеп, 2003.-416 б.

КЕҢЕС ОДАҒЫНДАҒЫ ГУЛАГ ЖҮЙЕСІНІҢ ТАРИХЫ МЕН САЛДАРЫ

Н. Е. Аяпберген

Павлодар педагогикалық университетінің магистранты, Павлодар қ,

А.М. Садыкова

ғылыми жетекші: PhD доктор,

тарих ғылымдарының докторы, Павлодар қ,

Аңдатпа: «Кеңес Одағындағы ГУЛАГ жүйесінің тарихы мен салдары» атты мақалада ГУЛАГ-тың қоғамға тигізген әсері мен тарихи жағдайлары жан-жақты талданады. Автор бұл жүйенің пайда болуы мен дамуын, оның жеке өмірге және әлеуметтік динамикаға әсерін егжей-тегжейлі көрсетеді. Мақалада тарихшылар, психологтар мен әлеуметтанушылардың зерттеулері мен талдаулары берілген, бұл ГУЛАГ-тың кеңестік қоғамға қалай әсер еткенін және оның қазіргі заманға қалдырған мұрасын түсіну үшін құнды зерттеу болып табылады.

Аннотация: Статья "История и последствия системы ГУЛАГа в Советском Союзе" является глубоким анализом исторического контекста и влияния ГУЛАГа на общество. Автор подробно описывает происхождение и развитие этой системы, а также ее воздействие на индивидуальные жизни и общественную динамику. В статье представлены исследования и анализы историков, психологов и социологов, что делает ее ценным исследованием для понимания того, как ГУЛАГ оказал влияние на советское общество и какие последствия он оставил в наследии для современности.

Abstract: The article "The History and Consequences of the Gulag System in the Soviet Union" is an in-depth analysis of the historical context and the impact of the Gulag on society. The author details the origins and development of this system, as well as its impact on individual lives and societal dynamics. The article presents research and analyses from historians, psychologists and sociologists, making it a valuable study for understanding how the Gulag affected Soviet society and what effects it has left as a legacy for modernity.

Түйін сөздер: ГУЛАГ, Кеңес Одағы, репрессия, лагерьлер, тарих, саяси тұтқындар, жазалау жүйесі, ГУЛАГ құрбандары, идеология, салдары.

Ключевые слова: ГУЛАГ, Советский Союз, репрессии, лагеря, история, политические узники, карательная система, жертвы ГУЛАГа, идеология, последствия.

Key words: GULAG ,Soviet Union, repressions, camps ,history, political prisoners, punitive system, Gulag victims, ideology, consequences.

Кеңес үкіметінің кезінде орын алған жан түршігерлік тоталитаризмнің салқыншағы ретінде біз ГУЛАГ лагерьлер жүйесінің орнауын айта аламыз. Капиталистік буржуазияға қарсы болған коммунистік Карл Маркстің идеологиясымен, “Қызыл террор”, яғни таптарды жою, буржуа өкілдерін қоғамнан шығару немесе беделін түсіру науқаны орын алды. 1918 жылдан бастап, Кеңес үкіметі орнағаннан В.

И. Лениннің, Троцкидің және т.б. адамдар саясатта өзгертулер әкелді. Қазақстан территориясында одан шет қалмады, мысалы, деректерде 22 ГУЛАГ лагерь жүйесіне тиесілі Карлаг, Алжир, Степлаг, Дальлаг, Особлаг деген еңбекпен түзету колониялары орын салынды. Олар жалпы екіге бөлінді “ИТЛ”, “ИТК”. Біріншісі исправительно-трудовой лагерь болса, келесі исправительно-трудовая колония. Осы лагерьлер жалпы алғанда 1929 жылы құрылды.

Павлодар облысында Павлодарлаг, Панинлаг ЛО, Екібастұзда Дальлаг, № 11 Особлаг, Майкаин ЛО болды, осы лагерьлерде жалпы 8000 адамға жуық адам жұмыс жасаған. Дильмановтың айтуынша лагерьлердің пайда болуы периодтарға бөлінеді. 1-ші 1930-32, 2-ші 1933-34, 3-ші 1941-45, 4-ші 1946-56 жылдар аралығын қамтиды.

Жалпы Сталин кезеңінде 1937-38 жылдары 600 мыңнан аса адам ГУЛАГ лагерьлер жүйесіне орналастырылды. Ең басты мемлекет үшін саяси жақтас еместерді саясаттан алып тастау, келесіде солардың арқасында социализм құру. Еңбекпен өтеу 20-25 жылғы мерзімдерге дейін барған, ауыр жұмыстарға жұмсалған адамдар, көбі сонда жаман тұрғыдағы антисанитария, тамақ жетіспеу мен 12-сағаттық жұмыстардан қаза тапқан, және көп азаматтар атылған еді.

Екінші кезең деп Сталин қайтқаннан кейін кезең соңғы ГУЛАГ жүйелерінің уақыты деп қарастыра аламыз, Қазақстан территориясында 22-ден көп лагерьлер жүйесі болған деп тарихшылар жазады, бірақ ол хронологиялық жіті қараумен анықталуы тиіс, яғни Ұлы Отан соғысы кезеңінде орын алған кейбір лагерьлер Қазақстан территориясына уақытша көшірілген еді.

Атлас ГУЛАГа деген кітапта 1954 жылы Никита Сергеевич Хрущевқа берілген құжатта қанша адам қамалғаны қаншасы атылғаны көрсетілген. Осы кезеңде ЧВК, НКВД, ОГПУ деген халықты бақылайтын, жала жауып, мемлекетке кері әсер етушімен күрес жүргізу барысында, ату жазасына үкімсіз қарақ беретін ұйымдар болды.

Қазақстан аумағын зерттеу ХХ ғасырдың 30-х жылдарында интенсивті жүргізілді, оған себеп бүкіл Кеңес одағындағы шикізат бар жерлер аумағында лагерьлер жүйесі пайда болған. Осы шикізатты тұтқындар өндіріп, экономиканы жоспарлы межеге дейін өсіруді орындап отырған. Адам капиталы арқылы тез уақытта мемлекет дәрежесін көтеру жасалды. Келесі дәйектер, 1929-1930 жылдары Қарағанды ауданында геологиялық барлау жұмыстары кезінде ірі тас көмір ошағының бар екені мәлім болды. Тәжірибелі кокстау арқылы коксты дом пештеріне арнайы жасау іске асырылды. Сонымен 1931 жылы Қарағанды көмір алабы бүкілкенестік ауқымды құрылысқа айналды.

1934 жылы құрылған НКВД халықты күшпен басу құралы ретінде қолданылған, кейін экономикалық-шаруашылық функцияларды қамтыды. Қарағанды темір жолын салу кезінде 30-мың кәмпескеленген адамдар, еңбекпен өтеу лагерьлерінде жұмыс жасады. Қарағанды лагері НКВД бойынша 42 лагерь арасында 9-ы орында тұрған [1, 22 бет.]. Карлагты жалпы алғанда 800000 мың адам өтті. 1959 жылы өзгеріске ұшырады.

Лагерьлер жүйесінде өмір кешкен адамдар көптеген психо-эмоционалды қиындықтарды бастан өткерген. Оны біз мемуарлардан көре аламыз, адамның дофаминдік байланыстарын бұзғандықтан, өзіне қол жұмсау фактері де болған. Мысал келтіретін болсақ, «Известия» газетіне жолдалынған хаттың жолдарында. Қамаудаға Н.И.Иванов жазуы бойынша: «Там варварски отнимают человеческую жизнь. Ни один гитлеровец, американец в Корее и ни один первобытный варвар не подвергал человека экзекуциям, как над советскими заключенными в местах заключения... Ни один писатель и поэт не сможет описать это варварство, что происходит в советских лагерях». Осындай хаттарды зерттеу арқылы біз, документтерден бөлек адамдардың өз басынан өткергенін үкімет көздерінен айырмашық жағын ашып көруге болатынын білдік [2, 165 бет.].

1918 жылы Ленин қала манындағы адамдарды лагерьлерге «қауіпті», «сенімсіз» азаматтарды қамау жайлы қаулы жасады. Патша үкіметінің қоғамындағы таптары қолға түсті. Бірінші дүние жүзілік соғысқа белсене қатысқан азаматтарда, егерде тегін өзгертпей жүрсе немесе партияға қарсы деген әрекеттер жасаса көбінесе шеңнен алынып, армия қатарынан кететін. Ол өз кезегінде Ұлы Отан соғысы барысында сарбаздарды қайта даярлау кезінде, адам капиталының, яғни үлкен дәрежелі армия қолбасшыларының болмауына әкелді, қайта командирлерді жасақтауды мәжбүрледі.

1921 жылы 34 губернияда 84 лагерь жұмыс жасады. Сталин кезінде еңбекпен өтеу арқылы мемлекеттегі индустриализацияны көтермекші болды. 1941-50 жж. ГУЛАГ жүйесі едәуір экономикада орын алды. Лагерь жүйесі кезінде өзінің әдебиеті, жаман, жақсы адамдар бейнесін жасап шығарды. Жалпы әлеуметтік тұрғыда үлкен дақ қалдырды [3, 14 бет.]. Адамдардың бостандығы тапталып, еркін өмір сүре алу құқығын шектеген мемлекет, сонын есебінен халықтың өкіметтен қорқынышы туындады.

1918 жылы 2 қыркүйекте «Қызыл террор» құпия қаулысы шықты. «...Арестовать, как заложников, крупных представителей буржуазии, помещиков, фабрикантов, торговцев, контрреволюционных попов, всех враждебных советской власти офицеров и заключить всю эту

публику в концентрационные лагеря, установив самый надежный караул, заставляя этих господ под конвоем работать» [4, 7 бет.].

Архипелаг Гулаг кітабында Маркс пен Лениннің буржуазия машинасын бұзу керек, оның орнына шұғыл жаңа құру керек деген мақсат қойған. Біріншіден, армия құрылды, екінші полиция, және түрме салынды. Қазан төңкерісінен Владимир Ильич осы бойынша нақты жұмыс жасай бастады. 1917 жылдың желтоқсан айында мүлік тәркілеуін, түрмеге қамау, фронтқа жіберу және бүкіл заңға бағынбағандарды міндетті жұмыс деген жазаларды шығарады. Статистик Кургановтың зерттеуі бойынша 1917 жылмен 1959 жылдар аралығында соғыс есебінен қайтқандарды санамаса 67.000.000 адам деп жазады. Ол аштық, террористік ланкестік, лагерьлердегі өлім-жітімнің көбеюі, туу көрсеткішінің төмендеуі [5, 7-8 бет.].

Біздің зерттеуіміз ендігі таңда статистикалық сипатта өрбіді, Кургановтың мәліметтеріне сүйене келіп, өзіміздің КСРО-дағы болжамды көзқарасымызбен бөлісуді жөн көрдік. Қосымшадағы Кесте-1 ге көз жүгіртетін болсақ, біз, егерде I дүниежүзілік соғыс болмаған күнде, 1920-33 жылдардағы аштық, ГУЛАГ лагерьлер зындағы болмаған түрдегі болжамды статистиканы жасап отырмыз. 1914 жылдан бастап I-ші дүниежүзілік соғысқа дейінгі халық санын алып, келесі 45 жылда болған басты демографияның тоқырау жерлерін алып қарастырдық, нәтижесінде осындай мәліметтерге қол жеткіздік, ол, 45-жыл ішінде статистика бойынша, өлім-жітімді бірге алсақ 43 млн адам қосылған екен. Егерде үлкен демографиялық толқулар болмаған таңда, КСРО аумағында 1959 жылда 321 миллион адам өмір сүруі керек деген статистикалық қорытындыға келдік. Егерде біз 1959 жылғы санақтағы факт бойынша қарастыратын таңда, зерттеуіміз оң емес сальдоны көрсетеді. Ал болжам іс жүзінде болса, біз оң сальдоға келу керектігін аңғарамыз. Яғни +113,000,000 миллион адам Кеңес Одағында 1959 жылы өмір сүруі мүмкін еді деген ойға келдік.

Кесте-1. «КСРО халқының 1959 жылдағы болжамды оң сальдосы».

97 ж Санақ бойынша факт	1914 ж Санақ бойынша факт	1926 ж Санақ бойынша факт	1937 ж Санақ бойынша факт	1959 жыл Санақ бойынша факт	Өсу болжамды	Шамамен жылына өсу
126,411,73 6 адам	165,700,000 адам	147 000 000 адам	162 000 000 адам	208,800,000 адам	165+48 = 213 млн 1914 жыл = 45 жыл 1959 жыл 45 жыл *2,4 млн жылына = 108 млн, 108 + 213 млн адам= 321 млн 1959 мүмкін	Жылына +2,4 миллион
Өсуі немесе кемуі	+40,1 миллион	-18.000.000 адам	+15.000.000	+46 миллион		
Арасы жыл	17 жыл	12 жыл	11 жыл	22 жыл		

Кесте-2. «Басты демографиялық сальдонның төмендеу кездері мен адамдар саны»

Азамат соғысы	ГУЛАГ	Аштық	Ұлы Отан соғысы -	Қанша млн
-13,000,000 миллион	-800,000 мың	-8,000,000 миллион адам	-26,6 миллион	- 48,4 миллион
1918-23	1921-1953	1932-33	1941-45	

Қорытындылай келе, статистикамен зерттеуіміз бойынша КСРО-ның саясатының өз азаматтарының қатарын қатты азайтқаның көре аламыз. Және биліктің оппозициядан арылуын, жалпы қарама-қайшылықты таптық.

Сонымен қатар 2020 санақпен қарайтын болсақ КСРО 1959 жылдан 1991 жыл, 32 жыл ішінде тек, 72 млн адам ғана қосылған екен, жалпы есептесек ол, 384 ай. 32 жыл көбейтеміз 12 айға, 72 млн халықты біз бөлеміз 384 айға, онда 12 айда шамамен 187 500 адам туылады екен, өлімді санамасақ.

Яғни КСРО құлдырағаннан Орталық Азия мемлекеттерінде халық саны өсе батады, ал Ресей, Украина, Молдова, Литва және т.б. елдерде керісінше тенденцияны көреміз. Ол жағдай халықтардың көшуіне, соғыстар, конфликтарға, адамдардың әлеуметте қиын жағдайда өмір сүруіне байланысты деген қорытындыға келдік. Және отбасыларда КСРО кезеңідей 5-10 бала емес, 2-3 бала отбасына болу да әсер етеді, яғни әлемдік тенденция, қаржылық төменділік және т.б. факторлар деп қорытындылаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Калыбекова М. Ч., Кудайбергенова А. И. Концентрационные лагеря на территории Казахстана в 30-50-е годы XX века //Norwegian Journal of Development of the International Science. – 2019. – №. 35-3. – С. 21-24.
2. Иванова Г. М. ГУЛАГ в системе тоталитарного государства //Доклады Института российской истории РАН. – 1997. – №. 2. – С. 163-188
3. Эпплбаум Э. Гулаг. – Litres, 2015.
4. Ivanova G. et al. Атлас ГУЛАГа: Иллюстрированная история советской репрессивной системы //(No Title).
5. Солженицын А. Архипелаг ГУЛАГ, т. 2. - М.: ИНКОМ НВ, 1991 432 с.

ҚАМАР ҚАСЫМОВТЫҢ ШЕБЕРЛІГІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ: МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАР ӘЛЕМІНДЕГІ МӘДЕНИ МҰРА ЖОЛЫ

Бекенова Аружан Қуатқызы

Жетекшісі: Болат Құдайбергенұлы

Задание №2 Найдите или создайте МЕМ. Используйте эмоциональную составляющую речи: обращение к пользователю и приглашение к соучастию. Мем должен отражать основную идею-тему-цель предмета. Образец:

В качестве домашнего задания можно попросить придумать мемы. Шутки могут стать серьёзным заданием, а не просто поднять настроение ученикам. Выпускники с удовольствием выполняют такие задания. Ребятам предлагается несколько сервисов: 1) Mr-Mem - <https://mr-mem.ru/> сайт с большой коллекцией готовых шаблонов и возможностью добавить свой. Искать подходящий можно по тегам, да и действий никаких особых не потребуется: только вставить подготовленный текст. 2) Imgflip - <https://imgflip.com/> здесь помимо стандартных мемов можно создавать демотиваторы и гифки, это тоже полезные и смешные инструменты. 3) Meme-arsenal - <https://www.meme-arsenal.com/create/chose?type=comics> этот простой сервис пригодится в создании мемов-комиксов. Мемы насыщены разнообразной лексикой и грамматикой. Их можно использовать на этапе введения лексики, так и на этапе закрепления. Например, после изучения раздела «Лексика и фразеология. Лексикография» в 10 классе можно предложить учащимся серию мемов, где они должны заполнить

пропуски, используя новые слова. Можно применять игру слов («Играл на гитаре – проиграл»), оксюмороны, метафоры и переносное значение слов. Основа любого мема – это юмор. На узнаваемом ярком фоне в большинстве случаев задайте фразу-установку, а затем включите неожиданную концовку-кульминацию. Как же работает этот приём с лингвистическими мемами? Преподаватель демонстрирует несколько лингвистических мемов, а обучающиеся планируют какие языковые средства используются и для чего. Происходит развитие грамматической компетенции – умений и навыков передачи категориальных значений, понимание принципов построения синтаксических конструкций, знание фонетических, словообразовательных, орфографических и иных норм и правил, а также умение использовать их в практике. Ребята находят нарушения и сами создают собственные лингвистические мемы:

Развиваются стилистические компетенции – нахождение и анализ каламбуров, оксюморонов, метафор, интертекстуальных маркеров. Создание собственных мемов и анализ предложенных. При подготовке к ЕНТ по русскому языку можно психологической разгрузкой немного разнообразить урок при закреплении лексических понятий русского языка: фразеологизмы, синонимы и антонимы. Задания по лексике включены в часть 1 единого государственного экзамена по русскому языку. Можно подготовить заранее лингвистические задачи используя МЕМ.

Используя словарь, можно создать карточки с заданиями для выпускников. В качестве домашнего задания можно предложить варианты заданий для создания собственных Мемов.

Визуальный ряд на уроке русского языка стоит далеко не на последнем месте. Примеры сопровождаются картинками, с которыми они связаны напрямую, либо на ассоциативном, метафорическом уровне. В идеале сочетание примера и картинки порождает комический эффект или даёт повод задуматься. Заключение. Придя к выводу, можно сказать, что использование интернет-мемов на уроках – актуальный метод учебной деятельности в наше время. Данный подход позволяет педагогу лучше донести предлагаемый материал для ученика, повысить его заинтересованность, следовательно это положительно повлияет на его успеваемость. Работа по этой теме продолжается, итоговые результаты исследования будут отражены в дипломной работе по аналогичной теме.

Список использованных источников

1. Канашина С. В. Интернет-мем как медиатекст / С. В. Канашина. – Изв. Саратов. ун-та. Нов. сер. Сер. Филология. Журналистика. – 2019. – Т. 19. – Выпуск 1. 2.

[https://letidor.ru/obrazovanie/kak-memy-pomogayut-gotovit-shkolnikovk-
ege.htm](https://letidor.ru/obrazovanie/kak-memy-pomogayut-gotovit-shkolnikovk-
ege.htm)(дата обращения:31.05.2023). 3. Горошко Е. И. Интернет-коммуникация:
проблема жанра / Е. И. Горошко. – Жанры и типы текста в научном и медийном
дискурсе: межвуз. сб. науч. тр. – Выпуск 4. – Орел. – 2006.. 4. Громовая М. И.
Интернет-мем как лингвокультурема современного филологического анализа / М.
И. Громовая. – Одесса : КП ОГТ, 2015. – № 23. – 142 с. 5. Зиновьева Н. А.
Воздействие мемов на Интернет-пользователей: типология Интернет-мемов / Н.
А. Зиновьева. – Вестник экономики, права и социологии. – 2015. – № 1. – 391 с.
References

1. Kanashina S. V. Internet-mem kak mediatekst / S. V. Kanashina. – Izv. Sarat. un-ta.
Nov. ser. Ser. Filologiya. Zhurnalistika. – 2019. – Т. 19. – Vypusk 2.
[https://letidor.ru/obrazovanie/kak-memy-pomogayut-gotovit-shkolnikovk-
ege.htm](https://letidor.ru/obrazovanie/kak-memy-pomogayut-gotovit-shkolnikovk-
ege.htm)(data obrashcheniya:31.05.2023). 3. Goroshko E. I. Internet-kommunikaciya:
problema zhanra / E. I. Goroshko. – Zhanry i tipy teksta v nauchnom i medijnom
diskurse: mezhvuz. sb. nauch. tr. – Vypusk 4. – Orel. – 2006.. 4. Gromovaya M. I.
Internet-mem kak lingvokul'turema sovremennogo filologicheskogo analiza / M. I.
Gromovaya. – Odessa : KP OGT, 2015. – № 23. – 142 s. 5. Zinov'eva N. A. Vozdejstvie
memov na Internet-pol'zovatelej: tipologiya Internet-memov / N. A. Zinov'eva. –
Vestnik ekonomiki, prava i sociologii. – 2015. – № 1. – 391 s.

РАЗРАБОТКА И ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТВОРЧЕСКИХ ЗАДАНИЙ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ОДНОСОСТАВНЫХ ПРЕДЛОЖЕНИЙ

Кабиденова А. Г.

*студентка Павлодарского педагогического университета
им.А.Маргулана, г. Павлодар*

Суюнова Г. С.

Научный руководитель: доктор филологических наук, профессор

Аннотация: Теоретическая значимость статьи определяется углублением научно-методических аспектов вопроса о творческих заданиях как средстве развития у учеников когнитивных навыков. Практическая значимость заключается в возможности использования результатов работы, а именно творческих заданий по теме «Односоставное предложение» - в преподавании синтаксиса в школьном курсе русского языка.

Аннотация: Мақаланың теориялық маңыздылығы студенттердің танымдық дағдыларын дамыту құралы ретінде шығармашылық тапсырмалар мәселесінің ғылыми-әдістемелік аспектілерін тереңдету арқылы анықталады. Практикалық маңыздылығы жұмыс нәтижелерін, атап айтқанда «Бір мүшелі сөйлем» тақырыбы бойынша шығармашылық тапсырмаларды – мектептегі орыс тілі курсында синтаксисті оқытуда пайдалану мүмкіндігінде.

Annotation: The theoretical significance of the article is determined by the deepening of scientific and methodological aspects of the issue of creative tasks as a means of developing cognitive skills in students. The practical significance lies in the

possibility of using the results of the work, namely creative tasks on the topic "One-part sentence" - in teaching syntax in a school course of the Russian language.

Ключевые слова: творческое задание, предложение, русский язык, односоставное предложение.

Тірек сөздер: шығармашылық тапсырма, ұсыныс, орыс тілі, бір мүшелі сөйлем.

Key words: creative task, proposal, Russian language, one-part sentence.

Сегодня в мире, где все больше доминируют экраны и технологии, развитие творческих способностей у детей стало более важным, чем когда-либо. Обучение в классе часто упускает из виду важность обучения учащихся творческому мышлению. В результате учащиеся не являются реальными субъектами процесса обучения, снижается продуктивность урока, что препятствует достижению учебных целей преподавателем и учеником. В подобной ситуации применение творческих заданий разных уровней на уроках как нельзя лучше способствует развитию креативности учащихся, активизирует их учебную деятельность, увеличивает продуктивность занятий.

Чешский педагог-гуманист Я.А. Коменский в своем труде «Великая дидактика» подчеркивает важность применения разнообразных методов обучения. Он утверждает, что учитель должен учитывать обстоятельства и использовать все доступные пути для раскрытия познания. Согласно его дидактике, первоначальной задачей является внушение у школьников серьезной привязанности к предмету, демонстрация его превосходства и приятности. Из этого следует, что «Правильно обучать юношество- это не значит вбивать в головы собранную из авторов смесь слов, фраз, изречений, мнений, а это значит - раскрывать способность понимать вещи, чтобы именно из этой способности, точно из живого источника, потекли ручейки...» [1, с.68].

В исследованиях английского педагога и философа Джона Локка были высказаны рекомендации относительно форм обучения. Он предлагал использовать игровые формы обучения, внедрять книги с иллюстрациями и обучать путем практического закрепления полученных знаний и умений. Эти рекомендации, сделанные еще в 18 веке, подчеркивают важность творческих подходов к обучению.

В настоящее время проблема развития творческих способностей обучающихся остается актуальной в методике. На наш взгляд, эффективным средством развития познавательного интереса учащихся является использование в учебном процессе творческих заданий.

Скрыбыкина О. И. определяет творческие задания следующим образом: «Творческие задания — это разнообразные задания на сочинительство, обычно с соблюдением некоторых более или менее

трудных условий, они способствуют развитию, с одной стороны, фантазии и изобретательности в использовании средств языка, с другой — способности контролировать и критически оценивать свою творческую работу» [2, с.88].

Творческие задания в образовательном процессе имеют несколько важных особенностей. Во-первых, они учитывают индивидуальные особенности учащихся, такие, как характер, уровень знаний и способы мышления. Во-вторых, творческие задания не только закрепляют учебный материал, но и позволяют ученикам проявить свои творческие способности. При выполнении таких заданий школьники создают нечто новое, что может быть полезным для их собственного развития. В-третьих, подготовка к творческим заданиям требует предварительной подготовки со стороны преподавателей, включая разработку структуры учебных материалов. Наконец, результат выполнения творческого задания – это продукт, который ученики могут использовать в будущем.

Мы решали задачу установить дидактический эффект использования творческих заданий при изучении темы «Односоставные предложения в русском языке». Для этого мы использовали методы беседы, тестирования и опроса среди учащихся 8 классов, чтобы выявить пробелы в их знаниях по теоретическому материалу данной темы. Также мы использовали метод наблюдения, чтобы получить целостную картину процесса обучения учеников в обычном режиме. Метод эксперимента был применен для сравнения динамики продуктивности класса при использовании творческих заданий и при их отсутствии.

Целью нашей экспериментальной работы было выявление уровня знаний у школьников по теме «Односоставные предложения», а также определение сильных и слабых сторон учащихся и пробелов в изучении данной темы, с которыми необходимо работать в дальнейшем.

Опытно-практическая работа проводилась на базе двух классов: 8 «Д» и 8 «Е» школы-гимназии № 9 им. Шапыка Шокина. В 8 «Д» классе обучается 26 школьников (15 мальчиков и 11 девочек), а в 8 «Е» - 29 человек (16 мальчиков и 13 девочек). В каждом классе примерно 5-6 детей имеют высокий уровень успеваемости по всем учебным дисциплинам, остальные учащиеся имеют средний уровень успеваемости. Некоторые ученики обладают хорошей памятью и творческим мышлением, что облегчает им освоение учебного материала. Однако есть и те, кому требуется дополнительное время для полного освоения темы.

Тестирование включало 10 вопросов с одним верным вариантом ответа: пять теоретических и пять практических вопросов. После тестирования учащимся предлагалось ответить на три открытых вопроса без оценивания. Это помогло выяснить, какие трудности испытывают учащиеся при прохождении данной темы и на что следует обратить внимание при подаче теоретического и практического материала. Для проведения констатирующего этапа использовались листы с распечатанным текстом, ручка и карандаш. Ученикам давалось 20 минут на выполнение задания.

Результаты тестирования показали, что в среднем ученики набрали 7,84 балла из 10 (74,8%). Шесть учеников достигли максимального количества баллов (10). Ошибки допускались в следующих темах (по мере убывания): безличные предложения: 27,2% ошибок; неопределенно-личные предложения: 25% ошибок; обобщенно-личные предложения: 18,1% ошибок; назывные предложения: 16% ошибок и определенно-личные предложения: 13,6% ошибок.

Анализ результатов позволяет выделить следующие наблюдения:

Трудности в изучении темы: Ученики 8 классов действительно испытывают некоторые трудности в изучении темы «Односоставные предложения». Это подтверждают результаты тестирования и ответы на вопросы.

Ограниченность учебников: Школьные учебники не предоставляют достаточное количество разнообразных упражнений для усвоения материала. Многие задания однотипны, что может снижать мотивацию учеников.

Желание работать с творческими заданиями: Ученики проявляют интерес к заданиям творческого характера, так как это разнообразит урок и поможет им лучше усвоить теоретический материал. Они также заинтересованы в применении полученных знаний в реальных жизненных ситуациях.

Следующим этапом исследования было проведение опроса креативности Джонсона, который позволяет оценить самооценку креативности учеников. В опросе участвовали 49 учеников.

Опрос креативности (ОК) фокусируется на элементах, связанных с творческим самовыражением, и состоит из восьми пунктов. Он разработан специально для идентификации проявлений креативности, доступных внешнему наблюдению. После проведения опросника мы возможно быстро произвести подсчеты и получить более полное представление о креативности учеников.

На выполнение данного этапа ученикам было дано 15 минут. Результаты приведены ниже в таблице 1.

Таблица 1- Результаты констатирующего эксперимента по выявлению уровня сформированности креативного мышления.

Группы	Уровни креативности				
	Очень низкий уровень (8-14 баллов)	Низкий уровень (15-19 баллов)	Средний уровень (20-26 баллов)	Высокий уровень (27-33 баллов)	Очень высокий уровень (34-40 баллов)
8 «Д»	1уч. (5%)	5уч. (25%)	12уч. (60%)	2уч. (10%)	0%
8 «Е»	0%	6уч. (20,6%)	21уч. (72,4%)	2уч.(7%)	0%

Полученные результаты свидетельствуют о том, что ученики восьмых классов проявляют склонность к креативному мышлению, однако это требует дальнейшего развития для полной сформированности. Следует отметить, что на уроках русского языка учащиеся не всегда уверенно высказывают свои мысли, опасаясь ошибиться перед всем классом. Мотивация и интерес к урокам также не всегда достаточно высоки.

На следующем этапе исследования, который является формирующим, был разработан комплекс творческих заданий для изучения односоставных предложений в школе. Этот комплекс упражнений учитывает возрастные особенности и уровень подготовленности класса. Главная цель комплекса заключается в развитии креативного мышления у школьников на уроках русского языка с помощью творческих заданий.

Применение заданий творческого характера включает разнообразные виды работ, проводимых как индивидуально, так и в командной форме. Чаще всего ученикам с невысоким уровнем обучаемости предлагались репродуктивные задания, а ученикам со средним и высоким уровнями обучаемости - результативные творческие задания. При этом все учащиеся выполняют задачи. Ученикам с низким уровнем обучаемости предлагаются задания с элементами творчества, где необходимо применить знания в измененной ситуации, а остальным - творческие задания, позволяющие применить знания в новой ситуации.

Рассмотрим один из экспериментальных уроков русского языка, связанный с разделом «Еда: необходимость или роскошь. Синтаксис и пунктуация». Учащимся восьмых классов было предложено два задания на выбор: составить рецепт любимого блюда, используя односоставные обобщенно-личные предложения или инструкцию по применению новой созданной технологии или инструмента.

Задача заключалась в использовании в тексте односоставных обобщенно-личных предложений. Предложенные задания требовали от учеников проявления смекалки, фантазии и оригинальности. Учащиеся с удовольствием приступили к выполнению задания. Перед началом работы класс был разделен на команды.

Для правильного выполнения задания ученикам прежде всего необходимо было вспомнить правильную форму сказуемого в обобщенно-личных предложениях. Далее они определялись с тематикой выполнения задачи. Если это был рецепт, то нужно было выбрать одно блюдо и примерно расписать поэтапные процессы приготовления, используя форму обобщенно-личных предложений. При правильном составлении текста и сохранении основной мысли, работа команды оценивалась в 5 баллов. При допущении небольших ошибок команда получала 4 балла.

Учащиеся 8 «Д» класса с большим интересом описывали процессы приготовления мороженого, пиццы и плова, в которых они участвовали дома вместе с родными. Они объясняли, сравнивали и жестикулировали при выступлении. Это задание понравилось ученикам не только потому, что они справились с ним и научились различать виды односоставных предложений, но и потому, что таким образом они окунулись в домашние воспоминания, связанные с приготовлением данных блюд.

При выполнении задания повышенной сложности учащимся 8 «Е» предложено было работать в командах более продуктивно и сплоченно. Команды расписывали инструкции к применению машины времени, 3D-ручки и новой модели смартфона. Во время работы возникали трудности в составлении обобщенно-личных предложений. В конце урока учащиеся пришли к решению своих проблем благодаря повторению материала и объяснению основных теоретических положений.

Мы видим, что данные упражнения, одинаковые по содержанию, могут иметь разный объем и сложность. Задания требуют умственной деятельности, воображения и креативного мышления. Поначалу ученики были недостаточно активны, но в процессе работы они активизировались и охотно выполняли все задания.

На контролирующем этапе исследования ученики восьмого класса прошли повторное тестирование и опросник креативности Джонсона. Содержание тестов и опросников было идентично предыдущему этапу. Результаты показали положительную динамику в двух классах:

8 «Д» класс. Количество учащихся со средним уровнем креативности увеличилось на 15% (5 учеников). Показатель высокого уровня остался без изменений (2 ученика, что составляет 10%).

8 «Е» класс. Количество учащихся со средним уровнем креативности увеличилось на 10.3% (3 ученика). Количество учащихся с низким уровнем креативности также уменьшилось на 10.3% (3 ученика). Учащихся с очень высоким уровнем сформированности креативности в обоих классах не выявлено.

Кроме того, заметно, что учащиеся стали более уверенными, активно высказывают свои точки зрения и защищают свои позиции. Мотивация и интерес к урокам русского языка также повысились. В ходе исследования был получен материал, который позволил заключить, что многие учащиеся начали давать ответы, основанные не только на информации из учебника, но и с добавлением своих умозаключений. Однако оригинальность и креативность в данных ответах пока оставались на невысоком уровне.

Применение заданий на развитие творческого мышления на уроках русского языка способствует повышению активности учащихся, интересу к предмету и улучшению успеваемости. Важно также обращать внимание на тех учащихся, которые испытывают трудности с концентрацией внимания, и помогать им следить за учебным процессом. Однако хотелось бы остановиться на следующем: в ходе выполнения данного эксперимента были ученики, которые не могли сконцентрировать внимание на выполнении упражнений. В этом случае не стоит ругать школьников. Необходимо для начала выяснить причину таких действий и убедить учащихся внимательно следить за учебным процессом.

Отсутствие учащихся с высоким уровнем креативного мышления объясняется необходимостью более продолжительного времени для применения заданий на развитие творческого мышления. Учащимся 8-х классов «Д» и «Е» выполнение таких заданий дается не так легко и быстро, как одаренным учащимся.

Результаты эксперимента подтвердили эффективность внедрения комплекса упражнений по теме «Односоставные предложения» творческого характера на уроках русского языка. Хотя уровень сформированности творческого мышления незначительно повысился, это связано с ограниченным временем применения заданий (около месяца, остальное время заняла подготовительная работа к исследованию).

Содержание некоторых заданий послужило основой для составления СОР и СОЧ. В ходе контрольного эксперимента были

выявлены положительные динамика и результаты у учащихся обоих классов.

Исследование показало, что использование творческих заданий при изучении грамматической темы способствует формированию и развитию индивидуальности, самостоятельности и творческого потенциала личности. Применение таких заданий на уроках позволяет каждому ученику приобрести более глубокие знания по предмету «Русский язык», испытывать комфорт и радость при обучении, а также находить свою нишу и поле деятельности. Таким образом, внедрение заданий способствует повышению эффективности образования и максимальному развитию способностей учащихся.

Список использованных источников

1. Коменский, Ян Амос. Великая дидактика. – Санкт-Петербург: Симашко, 1975. – 282 с.
2. Скрыбыкина, О. И. Влияние творческих заданий на формирование познавательного интереса учащихся на уроках русского языка и литературы / О. И. Скрыбыкина. — Текст: непосредственный // Молодой ученый. — 2014.

ЕЖЕЛГІ АФИНАДАҒЫ ДЕМОСФЕН ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ. ҚАЗАҚ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІМЕН САЛЫСТЫРУ

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті, Б.С. Карашашева

*ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Б.Ж. Сарыбаева*

Аңдатпа. Шешендік өнер сан ғасырлар бойы өзіндік тәрбиелік, философиялық сипатын, халық тағдыры мен тарихын сақтай келіп, бүгінгі күнімізге дейін өзектілігін жоғалтқан емес. Бұл мақала көпшілік оқырманға көне Афина жерінің әйгілі ораторы Демосфеннің ой-тұжырымдамаларында сөз болған мәселелерді баяндайды. Сондай-ақ, бұнда қазақ шешендік өнерінің дамуына өзіндік үлесін қосқан би-шешендеріміздің нақыл сөздерімен салыстырылады.

Түйінді сөздер: Афина, Демосфен, мемлекет, халық, афоризм, шешендік сөз, даналық.

Аннотация. Ораторское искусство сохранило свой просветительский, философский характер, судьбу и историю народа на протяжении многих веков и не утратило своей актуальности по сей день. В данной статье широкому читателю представлены вопросы, обсуждавшиеся в мыслях Демосфена, известного оратора древних Афин. Также оно сравнивается с афоризмами наших ораторов, внесших свой вклад в развитие казахского ораторского искусства.

Ключевые слова: Афина, Демосфен, государство, народ, афоризм, красноречие, мудрость.

Annotation. Oratory has retained its educational, philosophical character, fate and history of the people for many centuries and has not lost its relevance to this day. This article presents to the general reader the issues discussed in the thoughts of Demosthenes, the famous orator of ancient Athens. It is also compared with the aphorisms of our speakers who contributed to the development of Kazakh oratory.

Key words: Athena, Demosthenes, state, people, aphorism, eloquence, wisdom.

Ерте заманда шешендік өнер Мысыр, Вавилон, Ассирия, Қытай, Үндістан елдерінде өркендеп дамыды. Алайда, осынау өнердің тарихы Көне Грекиядан басталады. Өйткені, шешендік өнер қоғамдық қажеттіліктен пайда болып, әлеуметтік даму өрістей келе, демократияның жандауының қозғаушы күшіне айналды. Б.з.д. V ғасырдың екінші жартысында грек-парсы соғысынан кейін, Афинада және қоғамдық өмірінде, мемлекет істерінде, саясат майданында маңызды фактор болып саналды. Бұл қасиетті, киелі өнерді аса ынтамен үйрену әр грек азаматының парызы болған деседі. Осылайша риторика ғылымының негізі қалана бастады. Афина жерінде жоғары билікті шын мәнісінде халықтық жиналысы атқарған болатын. Халық мемлекеттік маңызды мәселелерді талқылау үшін әрбір он күннен кейін қала орталығындағы алаңға жиналатын болған. Халықтық жиналыстың шешімін басқа мемлекеттік мекемелер басшылыққа алған. Содан, біріншіден, сөйлеушінің қайсысы болмасын өз ойын дұрыс жеткізе білуі қарсыласының пікіріндегі қате-кемшілікті көрсете білуі өткір мәселеге айналады, екіншіден, полюстің көптеген жұмыстарына белсене араласу мүмкіндігі бірдей және мол болған. Демократиялық дәстүр орнаған Афины полюсінде көптеген ойшылдар, ақындар, мемлекет және мәдениет қайраткерлері өмірге келді. Олар алаңдағы, соттағы және халық жиналысындағы айтыс-тартыста, пікірталаста пісіп жетілді. Сонымен халық мемлекеттік ісін еркін араласқан сайын және осы бастамаға қоғамдық қажеттілік артқан сайын шешендік өнер тез қалыптасты. Шешендік өнер адамдарды ортақ мәселеге назар аудартып қана қоймай, қоғамдық маңызды істерге шоғырлануға ұйытқы болды. Шешендік өнерге баулитын тәлімгер ұстаздарының қатары көбейді. Көне дәуірде шешендік өнерінің көркейіп гүлденуінің екі кезеңі болған. Біріншісі б.з.д. V-IV ғасырлар, Афина елінде Периклден бастап даңқты шешен Демосфенге дейінгі уақыт, ал екінші кезең – Румде б.з.д. бірінші ғасыр немесе Цицерон заманы. Көне заманда адамзаттың рухани болмысының негізгі арналары – риторика мен философия саналған. Әу баста бұл әдебиеттің митамыр жүйесі, яғни түп тамыры болып есептелген. Шешендік өнер және оның теориясы – ұлттық мәдениеттің бөлінбес бөлшегі. Шынайы шешен әрдайым салтанатты жиында жақсылық пен жамандықты, сотта әділеттілік пен

әділетсіздікті, халық кеңесінде пайдалы мен пайдасыз дүниелерді негізгі алып отырған [1, 6-7 б.]. Әр заманда ұмтылғаны, тәнті болғаны – шешендік. Қоғамдық қатынастар жетіліп, өркениет ел мен жер, мемлекет пен қоғам, халықтар арасында өрістеген сайын шешендікке деген сұраныс, ынта-ықылас әр қырынан күшейген. Аталмыш өнерді көпшілік ортаға жеткізу үшін өнер адамына, яғни шешенге (ораторға) бірнеше қабілеттер қажет болған: азаматтық ерлік, әділдік, тапқырлық, парасаттылық, зеректік, т.б. Қай елді алып қарасақ та, кез келген би де, шешен де ақиқатты ашуға, даналықты ізденуге ұмтылған. Жұрт ішіндегі наразылықты жоюға, әділеттілікке қол жеткізуге, адамдардың бойындағы қасиеттерді сынға алуды басты назарға қойған. Шешендік өнер мынадай түрлерге жіктелген: 1) Саяси тақырыпта сөйлеу; 2) Салтанатты мәслихатта сөйлеу. 3) Сотта сөйлеу. Ежелгі Афинада шешендігімен елге танымалы, әйгілі болғандардың бірі Аристотельдің құрдасы Демосфен (б.д.д. 384-322 ж.) болды. Демосфеннің шешендік табыстары – өзімен үнемі, тайынбай жұмыс істеудің нәтижесі. Ол «Сәттің өлшемін тап. Өз жігеріңді таныт» деген талапты ұстанған [6, 23 б.]. Ел аузында «Цицерон сөйлегенде халық көзіне жас алған, ал Демосфен сөйлегенде олар үйіне жетіп, шешеннің айтқанын істегенше асыққан» деп бекер айтылмаған. Демосфен алғаш шаршы топқа шыққанда, күлкіге қалып, жұрт оны ортадан қуып шыққан. Бірақ ішкі рухы мықты жан, морт сынбай, керісінше, «мен қалай да шешен болам, жұртқа сөзімді тыңдатам» деп алдына мақсат қойып, жігерін қамшылаған. Р әрпін ол қарсы алдына күшікті қойып, соның ызасын келтіріп, ырылдағанына қарап үйренген. Ал даусын шығару үшін теңіз жағасына барып, тілінің астына малта тастарды толтырып, толқыған теңіз шуылымен жарыса сөйлеген. Жұрт көзінен біршама уақытқа тасалану үшін Демосфен тіпті басындағы шашының жартысын алып тастаған. Солайша сыртқа шығудан өзін шектеген. Осындай жанкешті әрекетінің арқасында ол Демосфен шешен атанған. Оның Македонияның үстемдік әрекеттеріне қарсы дербестік үшін болған Афина күресінің тұсындағы саясат шешен сөздері, әсіресе, антимакедониялық партияны басқарған кездегі және оның Македония патшасы Филипке қарсы айтқан сындарлы сөздері тарихта қалып, тағылымдық сөздердің қатарына енді [4, 23-24 б.]. Демосфен сөзінің негізгі бөлігі – әңгіме – мәселенің мәнін баяндау. Ол әдеттен тыс шебер салынған, ондағы барлығы өрнек пен динамикаға толы. Сондай-ақ құдайларға, тыңдаушыларға, Аттиканың табиғатына жалынды үндеулер мен түрлі-түсті сипаттамалар, тіпті жаумен қиялдағы диалогтар бар. Сөйлеу ағымы риторикалық деп аталатын сұрақтармен тоқтатылады: «Себебі не?», «Бұл шынымен нені білдіреді?» т.б., бұл сөйлеуге ерекше шынайылық реңкін береді, бұл

мәселеге шынайы алаңдаушылыққа негізделген. Демосфеннің қазіргі таңда бірнеше оқиғалары, жұрт алдында сөйлеген сөздері мен афоризмдері сақтаулы қалған. Автор көбіне пайымды сөздерінде билік пен халық, мемлекеттік іс жайлы сөз қозғаған. Мысалы: Ораторлар әрдайым ең жеңілін емес, ең жақсысын ұсынуы қажет. Әрекетсіз жүзеге асқан кез келген сөз бекер болмақ. Ақылсыз билік – зұлымдық көзі. Мемлекеттің әл-ауқатының екі белгісі бар: байлық және мемлекетке деген сенім. Әрбір диктатор – бостандық жауы және заңға қарсы шығушы. Кінәдан құтылудың ең оңай және сенімді жолы - өзіңізді түзету. Туған жерді қорғау үшін соғысқа аттанған адамнан артық өзге адамда құлшыныс табылмайды. Қазақ шешендігі – қазақ халқы тарихы мен мәдениетінің құрамдас бөлшегі және сарынды саласы. Қазақ шешендігі түркі тілдес халықтардың өмірімен өрнектелінеді, олардың шығармашылығымен түптес, ұқсас келеді. Бұл шешендіктің түп тамырының көнелігін де, көптігін де аңғартады. Қазақ шешендік өнері саласы ел арасындағы оқиғаны объект ретінде суреттеуден, салыстырудан туындайды. Оқиғалар әзіл-қалжыңдар, ел-жұрт атынан айтылған сөздер, әңгімелер арқылы жеткізіледі. Ертеден-ақ, халқымыздың өзіндік басқару жүйесі болды. Ел қамын жеген ерлері, сөзін сөйлеген, әділін айтқан шешендері, білімпаз билері болды. Би – халықтың көкейіндегісін айтқан, ойын жарыққа шығарған әділет жоқшысы. Кезінде Ахмет Байтұрсынов: «Әділ билердің қолындағы билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын дәрі еді» - дей келе, билердің халық алдындағы дәрежесін жоғары бағалаған [5, 15-16 б.]. Олай болса, қазақ шешендік сөздерінің жалпы ерекшеліктеріне тоқталайық: •Қазақ шешендік сөздері жазбаша емес, ауызша айтылып дүниеге келеді де, одан кейін бірден жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. •Айтыла келе бастапқы нұсқа қалып өзгертіліп отыруы мүмкін. Шешендік сөздер кейінгі айтушылар тарапынан қажетіне қарай өзгеріп қолданылып отырған [3, 6-7 б.]. Қазақтың би-шешендері қашанда өздеріне ғана тән болып келетін талғам, принцип және сөз саптаулары арқылы басқалардан ерекшеленген. Ойларын айқын әрі көркем түрде жеткізу үшін көбіне поэтикалық бағытқа қарай ауып, түрлі әдеби-көркемдегіш құралдарды молынан қолданған. Грек ораторларының тұжырымдарына қарағанда, халқымызда айтылар ойды турасынан емес, астарлап жеткізу көп ұшырасады. Осы арқылы тілдік дәстүрді сақтай білген. Мәселен, Әз Жәнібектің «Дүниеде не өлмейді?» деген сауалына Жиренше шешен: Ағын судың өлгені, Алты айда мұз боп қатқаны. Асқар таудың өлгені, Басын бұлттың жапқаны. Ай мен күннің өлгені, Еңкейіп барып батқаны. Қара жердің өлгені, Қар астында жатқаны, - деп жауап қатты. Сондай-ақ Бұқар жыраудың: «... Көш бастау қиын

емес – Қонатын жерде су бар. Қол бастау қиын емес – Шабатын жерде су бар. Шаршы топта сөз бастау қиын – Шешімін таппас дау бар» деген нақыл сөзінен ауыспалы мағынада қолданудың түрлі тәсілдерін көре аламыз. Берілген мысалдардан астарлы ойды бірден аңғарып, тіліміздің аса көркемділігіне, байлығына тағы бір мәрте көз жеткізе аламыз. Сондай-ақ грек шешендік сөздерінде еуропалық көзқарас басым болса, қазақтың нақыл сөздеріне ұлттық болмысымыз тән болып келеді. Жоғарыда айтылғандай, Демосфеннің шешендік сөз тақырыбы әкімшілік, саясат, билік, салтанатты мәслихат турасында жазылған болса, қазақ шешендік сөздері әртүрлі тақырыпқа құрылған. Осыған қатысты шешендік арнау, толғау, дау сынды түрлерге жіктелген. Бүгінде ежелгі грек шешендерінің қалдырған нақыл сөздері ежелгі дәуірдің ең маңызды оқиғаларына барынша тікелей жауап берудің тарихи қызығушылығын ғана емес, сонымен бірге нанымды логика, шабыттандырылған сезім және экспрессивті стиль үлгілері ретінде айқын көрінетін көркемдік құндылықты сақтайды. Қазақ шешендік сөздерінің қатарынан осыған ұқсас Төле бидің «Бейбіт елде сән бөлек, бүлінген елде ән бөлек», Қазыбек бидің «Бірлігі кеткен ер жаман, егесіп өткен ер жаман», Әйтеке бидің «Бай болсаң – халқыңа пайдаң тисін, батыр болсаң – жауыңа найзаң тисін», «Қара қылды қақ жарған – жақсылардың белгісі», «Інінің реті – тас қару, ағаның жөні – басқару» сынды тұжырымды, түйінді ойлары ел ішіндегі бейбітшілік пен бірлікті нығайтуға бағытталған [2, 64-67 б.].

Осы орайда Майқы бидің «Хан әділ болса, халық ынтымақты болады», «Сараң үйге кісің түспесін, парақор биге ісің түспесін», «Хан қасында ақылды би болса, қара жерден кеме жүргізіледі» сынды сөз орамдарын да атап өтуге болады [2, 51-52 б.]. Ежелгі Грекия және қазақ шешендік өнерінің ұқсастығына келер болсақ, сөз тартысы дау үстінде, ел тағдыры талқыланған ұлы жиын-кеңестерде, оңаша ой толғау не сұқбат, әңгіме-дүкен барысында арнау, сәлем, өсиет түрінде де өмірге келген. Шешендік сөздер көбінесе түсінік сөзден басталады. Түсінік сөзде айтылмыш шешендік сөздің немен байланысты, қандай жағдайда туғандығы мен кім айтқандығы баяндалады. Шешендік сөздің, айтылар ойдың негізі – мазмұн. Сөз нақтылы, нені айтса да сендіретіндей, иландырып қарсыласын мойындататындай дәлелді айтылған. Ал мазмұн заманға сай нұсқаларда жаңарып отырған. Бұған қоса, грек шешендері де қазақ шешендері сияқты халықтың санасын оятуға, олардың жағдайын жақсартуға, әлеуметтік, саяси-құқықтық мәселелерін шешудің оңтайлы жолдарын табуға тырысқан.

Қорыта келе, шешендік дәуірге орай, қауымдастық қатынас пен халықтық өркениет қарқынына қарай ұлттық мәдениеттің дәрежесіне

сай әр қырынан көрініс тапты. Шешендік өнер халықтың этникалық өзіндік санасезімін жаңғыртады, онда индивидуальды және қауымдық сананың байырғы және бүгінгі сөйлесу өнері өзара үйлесім табады. Осы тұста нағыз шешен үшін шебер болу жеткіліксіз екенін айта кетсек те болады. Себебі нағыз кәсіби шешен табанда тауып сөйлейтін тапқыр, топ алдында тайсалмай, мүдірмей, сөз бастайтын батыл, сөз сайысында саспайтын сабырлы болуы қажет. Кез келген шешен адамның қуаты сөзінің айқындылығында, ойдың байлығында, тілдің тапқырлығында, сөйлемнің үйлестігінде екенін аңғарамыз. Ежелгі Грекияның атақты шешені Демосфен өзінің сөйлеудегі ақауларына қарамастан, халық жадында мәртебесі жоғары данышпан оратор ретінде сақталып қалды. Қазіргі күнге әдемі де әсерлі сөйлеудің түрлі техникасы жайында ақпарат қалдыра алды. Қазақ шешендік сөздері — бастау алар қайнар бұлақтарын түркілік танымнан түптен тартып, өзіндік ұлттық ерекшеліктерді, қасиеттерді бойына жинақтап, көркемдік қуатымен, ғибраттық сарынымен дараланған, халқымыздың рухани азығына айналған көркемдік құбылыс. Ежелгі Грекия тұрғындары бағзы заманда қазақ шешендік сөздерімен танысса, алғашында айтылған сөздің түп-төркінін, мән-мағынасын ұға алмас еді. Себебі халқымыздың рухани дүниесі өзге елдің дүниетанымынан басқаша, сөз қолданыстары ерекше болып келеді. Гректерге қарағанда, қазақ халқы тәлім-тәрбиеге аса назар аударған. Көпшіліктің бойында жақсы қасиеттерді қалыптастыруды көздеген. Алайда кез келген халықтың ораторларына тән сипат – ойдың дәлдігі, сөздің ұтымдылығы, көркемділігі, халық алдындағы сенім туғыза алатындай жете алған абыройы, беделі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997
2. Шаймерденұлы Е. Қазақ афоризмдері (Ақыл-ой антологиясы: бағзыдан – бүгінге дейін). – Астана: Фолиант, 2017
3. Жиреншин О. Сөз серкесі – шешендік. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015
4. Панов М.И. Риторика от античности до наших дней (Вступительная статья) // Антология русской риторики. М., 1995
5. Ахан Б. Билердің дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 2000
6. Молдабеков Ж. Шешендік: оқу құралы. – Алматы: Қазақ ұлттық университеті, 2014

ЕЛШІЛДІ-ҰРАНДЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ОНЫ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық
университетінің студенті,

Г.Б.Кемелбек

Ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының докторы, профессор
С.Н.Сүтжанов

Аннотация: Алаш әдебиеті қазақ әдебиетінде маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Алашшылдардың қалдырған мол мұрасын мектепте оқыту қазіргі кезде өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Бұл әдебиетті қалай оқыту, қандай әдістермен оқыту, оқушылар бойына қалай сіңірту- осы мақаланың төңірегінде сөз болады. Сонымен бірге, Алаш Орда үкіметінің құрылуы, Қазақ газетінің Алаш тарихында алатын орны жөнінде де сөз болады. Алаш қайраткерлерінің еңбегі талданып, оның қай тұстарын қандай әдіс-тәсілмен оқыту қажеттігі көрініс табады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі беретін пайдасы да анық көрсетіледі.

Түйін сөздер:

Алаш қозғалысы; Алаш қайраткерлері; Алаш әдебиеті; әдіс-тәсілдер; Алаш Орда; Ағарту; мектеп;

Аннотация. Алашская литература, несомненно, играет важную роль в казахской литературе. В настоящее время одним из актуальных вопросов становится преподавание в школе огромного наследия алашистов. О том, как преподавать эту литературу, какими методами обучать, как прививать ученикам - пойдет речь в этой статье. Кроме того, речь пойдет о создании правительства Алаш-Орды, о месте казахской газеты в истории Алаш. Анализируется труд деятелей Алаша, отражаются, какими методами необходимо учить его. Очевидна и польза, которую дает современная система образования.

Ключевые слова:

Движение Алаш; деятели Алаш; литература Алаш; методы и приемы; Алаш Орда; Просвещение; школа;

Annotation. Alash literature undoubtedly plays an important role in Kazakh literature. Currently, one of the urgent issues is the teaching of the huge heritage of the Alashists at school. How to teach this literature, what methods to teach, how to instill in students will be discussed in this article. In addition, it will be about the creation of the government of Alash-Orda, about the place of the Kazakh newspaper in the history of Alash. The work of Alash figures is analyzed, and the methods by which it is necessary to teach it are reflected. The benefits of the modern education system are also obvious

Keywords:

Alash movement; Alash figures; Alash literature; methods and techniques; Alash Horde; Enlightenment; school;

Кіріспе

XX ғасыр қазақ даласы үшін аумалы-төкпелі жылдарға толы болды. Алайда, сондай дүрбелең кезге қарамастан қазақтың көзі ашық

өкілдері бір арнаға тоғысты. Ұлтшылдық рух барлығын біріктірді. Осы рух қазақтан ұлт зиялыларын жасап шығарды. «Алаш Орда» үкіметін құруға итермеледі.

Алаш қозғалысының басты мақсаты – қазақ елінің өзін-өзі басқару, ұлттық мүддесін қорғай алатын мемлекеттік жүйе құру құқын метрополияға мойындату, түбінде дербес мемлекет құру, қазақ жеріне ішкі Ресейден қоныс аударуға шек қою, әлемдік озық тәжірибені пайдалана отырып, дәстүрлі мал шаруашылығын өркендету, егіншіліктің, өнеркәсіптің дамуын қамтамасыз ету, рыноктық қатынастарға жол ашу, жеке адам құқын және басқа демократиялық ұстанымдарды қадір тұту, ұлттық мәдениетті өркендету, оқу жүйесінің, тілдің дамуына қажетті шарттар түзу болды. (3)

Осы мақсатта Алаш қайраткерлері тынбай еңбек сіңірді. Олардың жан-жақты ғылым саласындағы сіңірген еңбегі қазіргі таңда, ғылымның әртүрлі саласында үлкен пайдасын тигізуде.

Алаш қайраткерлерінің ұлттық мүддеге қосқан бұл еңбектері қазіргі таңдағы ғылымдағы шоқтығы биік еңбектер қатарында. М.Жұмабайұлының «Педагогика» саласындағы сіңірген еңбегі, қазіргі уақытта «түркі педагогикасында» алар орны ерекше. Сондай-ақ, тағы да басқа ұлт зиялыларының тек қана әдебиетте емес, сонымен қатар, басқа да ғылым саласында сіңірген еңбектері орасан зор. Ал, осы еңбектер мен шығармаларды мектепте оқыту қазіргі таңдағы мәселелердің біріне айналып отыр. Алаш қайраткерлерінің өз алдына қойған мақсаттарын мектеп қабырғасында жетілдіру барша ұстаздардың басты парызы болып саналады.

1. Алаш Орданың бастауы

XX ғасырдағы қазақ тарихында терең із қалдырған «Алаш» партиясы – қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық партиясы (1917-20). Алаш партиясының өмірге келуі, біріншіден, қазақ елінің қоғамдық дамуының жаңа экономикалық саяси және рухани негізде қайта құру қажеттілігінің пісіп жетілгендігін, екіншіден Ресей империясының Қазақстанда орнатқан отарлық басқару жүйесінің дағдарысқа ұшырағандығын көрсетті. Қазақ зиялылары қоғамдық сұранысқа сай партия құру әрекетін бірінші орыс революциясы жылдарында (1905-07) қолға алды [2].

1917-1919 жылдары Алашорда үкіметінің көсемдері автономия жариялай отырып, әр тұсқа шашырап кеткен қазақ халқының басын біртұтас мемлекет туы астына біріктіруге күш салып, «Алашорда» үкіметін құрды. Алаш партиясын құру жөніндегі мәселе – 1917 жылы 21-26 шілде аралығында, Орынбор қаласында, I Жалпықазақ съезінде талқыланды. Алдымен, Ә.Бөкейханның жетекшілік етуімен Партияның

облыстық ұйымдары құрылды. 1917 жылдың қазан айында Семейде (төрағасы - Халел Ғаббасов), Омбыда (төрағасы – Айдархан Тұрлыбаев), ал қараша айында Орынборда (төрағасы - Әлихан Бөкейханов) облыстық партия комитеттері ұйымдастырылды. Жаңадан құрылған партия «Алаш» деген атқа ие болды. Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне съезд шешімімен Ақмоладан Айдархан Тұрлыбаев, Семейден Әбікей Сәтбаев, Торғайдан Әлжан Байғарин, Оралдан Жаһанша Досмұхамбетов, Бөкейден Уәлихан Таңашев, Жетісудан Базарбай Мәметов, Сырдариядан Мұстафа Шоқай, Ферғанадан Ғ.Оразаев сайланды [3].

Алаш Ордашылықтардың барлығының ұлт зиялылары атанғанын білеміз.

«Алайда, ұлт зиялысының кім екендігі туралы толық тани алмаймыз. Әрбір оқыған, сауатты азаматтарды «ұлт зиялысы» деп тану мүмкін емес. Ортақ мақсатта жұмылдырылған, елінің мүддесі үшін топтасқан, ұлттық деңгейді қалыптастыруда бар күшін салған адамдарды ғана «ұлт зиялысы» деп атай аламыз. Дүниеде ұлт зиялысынсыз ұлтты қалыптастыру әсте мүмкін болмаған», – дейді Мұстафа Шоқай өзінің «Ұлт зиялысы» атты мақаласында [1]. Уығымызды бекітіп, шаңырағымызды биіктетіп, шекарамызды шегендеп берген ұлт зиялыларын тану әрбір алаштанушы жас ғалым үшін үлкен міндет болып табылмақ.

2. Қазақ газеті және ағарту ісі

Ұлт көсемі бастау болып ашылған бұл партия қазақ даласында аса маңызға ие бола бастайды. «Қазақ» газетінің мезгілі әдебиетке ұлтшылдық туын көтерген мезгілімен тұстас. Ол уақыт қазақ жұрты 1905 жылдың өзгерісін өткізіп, ел дертінің себебін ұғып, енді қазақты оятып, күшін бір жерге жиып, патша саясатына қарсылық білдіруге жұмылған кезі еді [3]. «Қазақ» газетін жариялаған бастап, алашордашылардың үстемдігі артады. Бүркеншек атпен болсын еңбектерін жариялап, қазақты қараңғылықтан құтқарамын деген үмітпен бастарын қатерге тігеді. Ұлттық мақсатқа жұмыла ұмтылған ұлт зиялылары әртүрлі тақырыптар мен ғылым салаларына жол салды. Атап айтқанда, педагогика, математика, психология, медицина, жаратылыстану және т.б. бағыттардағы түрлі салаларға қосқан еңбектері қазақ даласы үшін ғылымның дамуына қосқан үлкен үлес болды. Біз, Жүсіпбек Аймауытұлын мықты жазушы, драматург, публицист, ақын ретінде танимыз. Алайда, Жүсіпбек Аймауытұлы нағыз психолог. Жазушының «Ақбілек» романының өзі – тұнған психологизм мен жан тебіреністері. Оның педагогика, психология және методика саласында жазған ірі еңбектері өз уақытында елеулі рөл атқарды. Олардың ішінде "Тәрбиеге

жетекші" (1924), "Психология" (1926), "Жан жүйесі және өнер таңдау" (1926), "Тәрбиеге жетекші" (1924), "Психология" (1926) және тағы басқа іргелі зерттеу жұмыстары бар. Бұнымен Алаш зерттеулері тоқтап қалмайды. Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің тарихы дәл бүгін де жан-жақты зерттеліп, әлі күнге дейін тиянақталған жоқ [5].

Ол өзінің қамшының сабындай қысқа ғұмырында нағыз поэзия биігіне самғап, оның асқар асуынан өлшеусіз нәр алған біртуар тұлға. Ең бастысы, тұңғыш педагогикалық оқулықтар жазып қалдырды. Оның 1922 жылы «Педагогика» атты оқулығы – педагогика және әдістеме ғылымдарына қосқан үлкен үлесі. Бұл ғылыми еңбегі он бес бөлімнен тұрады. Ғалым оқулықты он төрт ірі бөлімге құрып, әр бөлімінде педагогика ғылымын жан-жақты саралап, болашақ ұрпақ тәрбиесін беруде таптырмас көмекші құрал ретінде қалдырды. Бұл оқулықтың басты мақсаты – ақыл, мінез-құлық, сұлулық, дене тәрбиесін жеке-жеке бөліп қарастырды. Қазіргі кезде «Педагогика» ата-аналарға, мұғалімдерге, студенттер мен оқушылар үшін аса бағалы еңбекке айналды.

Ағартушы еңбегін төрт бағытта жүргізді. Атап айтсақ, оқу, жазуға үйрету, емлеге дағдылау, жазбаша сөзді өркендету, баланың ұғымына лайық ауызша және жазбаша әдебиет түрімен таныстыру. Автор осы тәрбиенің төрт түрін тәпшітеп түсіндіре келіп, былай дейді: «Егер адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы ... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...» – деп Мағжан Жұмабаев тәрбие мақсатын айқындап берді [4].

3. Алаш әдебиеті

Алаш әдебиетінің негізгі бастауы Абайдан басталады. Алаш әдебиеті – қозғалыс кезеңінде туған әдебиет. Ұлт-азаттық қозғалыстың өрістеуіне ақын-жазушылардың қаламгерлік те, қайраткерлікте үлестері айрықша болды. Тіпті ол кездегі ақын - жазушылар, қайраткерлермен бірге осы ұлт азаттық қозғалысының негізгі қозғаушы күші болды. Алаш қозғалысы дәуірі – ұлттық жазба әдебиетінің тарихындағы ерекше жылдар. Қазақтың жазба әдебиетінің өмірге келуінің бастапқы кезеңі Абай заманымен байланысты болғанымен, оның жан-жақты өрістеуі ХХ ғ. алғашқы онжылдықтарына сәйкес келеді. ХІХ ғ. екінші жартысындағы жазба әдебиетке Ыбырай Алтынсарин, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Нарманбет Орман-

бетұлы. т.б. кейбір жекеленген әдебиет өкілдерінің шығармашылығы мысал бола алса, келесі ғасырдың басында жазба әдебиет өкілдерінің саны еселеп артты. Жазба әдебиеттің жарық көретін қалыптары – баспасөз, кітап басу ісінің дамуы жазба әдебиетті өркендете түсті. Ендігі жерде әдебиет оқырманға арнала бастады. «Айқап» журналы, «Қазақ» және т.б. сол тұстағы газеттер көркем ойды мыңдаған оқырманға жеткізушіге айналды. Көркем проза, драма, әдеби сын жанрдың алғашқы үлгілері туып қалыптасуы ұлттық жазба әдебиетінің жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін аңғартты. Бұл бағытта Алаш қайраткері М. Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» туындысы тұңғыш роман болса, Алаш қозғалысы өкілдері Б. Серкебайдың, Ж. Аймауытұлының, М. Әуездің, Қ. Кемеңгерұлының драмалық туындылары осы жанрдың алғашқы үлгілері болғаны белгілі. Әдеби сынның қалыптасуы, оның шығармаға, әдеби мұраға, әдеби үдеріске баға беруі – жазба әдебиеттің есейе бастағандығының айғағы болды. [1] Сөйтіп, бұл жаңашыл дәстүрді Жүсіпбек, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Мұхтар, Бейімбет секілді жас дарындар соны көркемдік сапада, тың қырынан жалғастырып әкетті. Соның нәтижесінде, Алаштың қалам қайраткерлері қазақтың тұңғыш романдары мен драмалық шығармаларын, алғашқы әдеби-сын мақалаларын дүниеге келтіріп, өмірді бейнелеу тұрғысынан да, жанрлық жағынан да, көркемдік қырынан да осы кезеңде жазба әдебиеттің қалыптасу кезеңіне нық қадам басқанын байқатты.

4. Алаш әдебиетін мектепте оқыту

Ұлт зиялыларының барлығын тізіп айтуға сан жетпес. Алайда, олардың ұлттық мүддеге қосқан ұлттық маңызды мұраларын санамалап жеткізу басты талап. Ендеше, осы ұлт зиялыларының ұлттық сапаға қосқан ұранды әдебиеттерін мектепте қалай оқытамыз?

Жалпы, мектеп бағдарламасында Алашордашылар және олардың еңбектері оқытылатыны сөзсіз. Бірақ, оны кім қалай оқытып жүр басты мәселе осы. Қазіргі жаңартылған оқу бағдарламасына сәйкес әртүрлі дағдыларды мектеп балаларының санасына сіңіре білу, мектеп мұғалімдері үшін аса маңызға ие болды. Атап айтқанда, «оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым және сыни ойлау» дағдылары. Осы дағдыларды қалыптастыру барысында елшілді әдебиеттің атқарар рөлі басым. Атап айтар болсақ, Мұхтар Әуез және Бейімбет Майлин шығармашылығы оқылым дағдысын қалыптастыруда зор маңызға ие. Жазушылардың «Көксерек» пен «Күлпәш» әңгімелерінен бастап, сансалалы тақырыптарға жол тартатын түрлі әңгімелері мен қысқа повестері және сахнаға ыңғайланып жазылған драмалары оқушының «оқылым» және «шығармашылық» дағдыларын қалыптастырады. Жоғары да біз, Алаш әдебиетінің басталуы Хәкім Абайдан бастау алды

дедік, ендеше Абайдың қарасөздері оқушылардың «тыңдалым» дағдысын және «сыни ойлау» дағдысын қалыптастыратыны сөзсіз. Қарасөздерді тыңдау олардың әрқайсысының мағынасын ашып түсіндіру, оның әрбір контекстіндегі жеткізгісі келген ойды оқушыларға жеткізе білу, оқушылар үшін де, мұғалімдер үшін үлкен ойлау дағдысын жетілдіреді. Ал, «айтылым» дағдысын жетілдіреді Алаш ақындарын атап өту осы тұста аса маңызды. Айрықша, М.Жұмабайұлы, С.Торайғыр, С.Сейфуллин, І. Жансүгір және т.б. алаштың айбынды ақындарын атап айтуға болады. Ақындардың тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін шығармалары «айтылым» дағдыларын, сонымен қатар, есте сақтау қабілетін дамытуға айрықша рөл атқарады. «Жазылым» дағдысын дамытуға Алаш қайраткерлерінің кез-келген шығармасын алып қарауға әбден болады. Олардың шығармаларын талдау, көтерген мәселелеріне қатысты ойтолғау жазу, оқушының тек қана жазылым дағдысын қалыптастыруда емес, сонымен қатар, өз ойын жеткізе білу, сыни пікір жаза білу мен айта алу секілді танымдарын толықтандырады. Жоғарыда мектепте ұранды әдебиетті кім қалай оқытатыны туралы мәселе көтерген болатынбыз ендеше соған тоқтала кетсек. Негізінен, мектеп қабырғасында алаш зиялыларының шығармалары өте көп оқыталады. Бұл әрине қуантарлық жағдай. Алайда, кейбір Алаш қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығы мектеп мұғалімінің білімсіздігінен көп ашыла алмай жатады. Бұл – өрескел қателік. Алаш тұлғаларының әдебиетін, әрбір әдебиет сабағында оңтайлы әдіс-тәсілдермен қолдана білу мектеп мұғалімдері үшін үлкен тәжірибе, оқушылар үшін білім. Алаш әдебиеті мектепте кез-келген әдіспен өткізуге ыңғайлы. Атап айтсақ, қазіргі замандағы wordwall, learningapps және т.б. кез-келген мектепте қолданылатын АКТ-лар. Тағы да мектеп мұғалімдері алаш әдебиетін таратпа материалдар, шығармадағы кейіпкерлерге венн диаграммасы, мінездеме беру, шығарманы талдау, РАФТ, ПОПС, ФИЛА әдістері арқылы шығарманы бастан аяқ толықтай талдай алады. Тұлғалар өмірбаянын негізге ала отырып, Quiz, Kahoot және т.б. түрлі әдістер мен АКТ-ларды қолдана алады. Біз алаш әдебиетін таныған сайын ұлтқа деген махаббатымыздың ашылатындығын оқушыларға түсіндіре және сезіндіре білуіміз керек.

Қорытынды

Алаш әдебиетін мектепте қазіргі таңдағы түрлі әдістер мен және Мағжан, Жүсіпбек жасап кеткен методика және педагогикасымен оқыту – ұлт болашағы үшін аса қажет дүние. Алашшыл, ұлтжанды азамат алаш әдебиетінен ғана сусындап өсетінін біз есте естен

шығармауымыз керек. Алаш жолын қуу ұлтқа деген құрмет, ал бұл құрметке тек ұлт зиялылары ғана лайық.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Сейтқожина Г.К.. Азаттықты аңсаған Алаш жолы /Библиографиялық көрсеткіш/ Арқалық, 2017 жыл [9-13]
- 2.Тілешов Е. Хамзабекұлы Д.. Алаш қозғалысы / Энциклопедиялық анықта/ - Алматы: Сардар, 2014,-596 б [29-32]
- 3.<https://shetbib.wixsite.com/alash-orda/alash-partiyasyny-mirge-kelui>
- 4.<https://aqmeshit-aptalygy.kz/adebiet/maghzhannyng-pedagogikasy-zhaene-ult-taerbiesi-27024/>
- 5.<https://sputnik.kz/20191207/Zhusipbek-Aymauytov-12229799.html>

СӨЗДЕГІ ДӘЛДІК ПЕН АЙҚЫНДЫЛЫҚТЫҢ ӨЗАРА БІРЛІГІ

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің студенті, А. С. Кинжалина

*ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының кандидаты,
доцент Б. Ж. Сарыбаева*

Аңдатпа. Мақалада сөздің дәлдігі мен ой айқындылығының байланысы қозғалған. Тіл мәдениетінің басты мәселесі – тілдік құралдардың көмегімен қарым-қатынас жасау барысында адамға ықпал ету. Демек, әркімнің жалпы болмысында мәдениетті болуының қажеттігі сияқты, сөйлеу үстінде де адамның әр сөзді, сөйлемді тартымды, әсерлі қолдана білу кең мағынадағы рухани мәдениеттіліктің бір саласы ретінде қаралуға тиіс.

Түйінді сөздер: сөз, дәлдік, ой, айқындылық, мағына.

Аннотация. В статье речь идет о связи точности слов и ясности мысли. Основная проблема языковой культуры – воздействие на человека в процессе общения с помощью языковых средств. Поэтому, как каждому необходимо быть культурным в своем общем существе, так и умение привлекательно и эффективно употреблять во время речи каждое слово и предложение следует рассматривать как отрасль духовной культуры в широком смысле.

Ключевые слова: слово, точность, мысль, ясность, смысл.

Annotation. The article deals with the connection between precision of words and clarity of thought. The main problem of linguistic culture is the impact on a person in the process of communication using linguistic means. Therefore, just as everyone needs to be cultured in their general being, so the ability to attractively and effectively use every word and sentence during speech should be considered as a branch of spiritual culture in a broad sense.

Key words: word, accuracy, thought, clarity, meaning.

Сөз – белгілі бір зат пен құбылыстың атауы. Сөзді білгенмен оның қандай затты, құбылысты белгілейтінін білмеген, немесе шала-

шарпы ғана білген жан дәлдіктен көз жазып қалады. Кейде осы айтылғанға керісінше, зат пен құбылыстың дәл қалай аталатынын білмеу не оған ден қоймау да, сөз дәлдігінен жаңылуға себеп болады. Кей адамдардың сөзі жұртты ұйытып, тыңдаушылардың айызын қандырады. Ондай сөзді тыңдай беруден әсте ешкім жалықпайды. Ал қайсыбіреулердің сөзі әсерсіз, нәрсіз болып тыңдаушысын мезі етіп жібереді. Мұның өзі сөздің сапасы деген аса күрделі ұғыммен тығыз байланысты. Сөздің қарым-қатынастық сапасының жоғары болуы, ең алдымен, тілмен тікелей байланысты шарттарға тәуелді. Атап айтқанда, сөзді әдеби тілдің нормасына сай қолдану, дәлме-дәл қолдану, талғап, саралап қолдану, бедерін тауып жұмсау, сөз арасын бөтен сөзбен шұбарламау, т.б. сөз сапасына тән тілдік шарттардың негізгілері. Мұндай талаптар сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы тілдік қарым-қатынастың үзілмеуін, беки түсуін қамтамасыз етеді. Сөйлеудегі дәлдікті қалай ұғамыз? Әдетте, сөйлеушінің сөзіне риза болып, айызы қанған адамның «дәл айтты, тауып айтты» деп өзгенің сөзіне баға беріп отыратын кездері бар. Рас, сөйлеуші өз ойын өзгелерге дәл жеткізе алмаса, жаңағыдай бағалаудың болуы да мүмкін емес. Сондықтан әсерді айтылған сөзді «дәл айтты, тауып айтты» деп түйеміз. Бұл – сөз дәлдігі жөнінде әдеттегі түсінік. Мұнда нақтылықтан гөрі жалпылық басым. Сөз дәлдігі деген сапаға қойылар талаптардың бірі – сөзді тілдегі мағынасына лайық қолдану. Сөздің дәлдігі – сөздің реалды шындықтағы заттар мен құбылыстардың атауларына барынша дәлме-дәл келуі. Сөздің дәлдігі, бір қарағанда, сөздің дұрыстығына ұқсас көрінеді. Дегенмен, олардың арасындағы айырмашылықты білудің елеулі мәні бар. Айталық, бір адам екіншісінің қалжағдайын сұрағанда, «жаман емес» деп жауап алуы әбден мүмкін. Бұл жауап – сөз дұрыстығы тұрғысынан талапқа сай келеді, өйткені олар – әдеби тіл нормасына сәйкес айтылып тұр және дағдыда оны айтуға үйреніп қалғанбыз. Демек, жауап берушінің халінің жағымды екеніне көзіміз жетеді. Ал, сөздің нақтылығы талабынан келетін болсақ, бұл жауап қанағаттандырмайды, өйткені сол «жаман емес»-тің мағынасы көп: оған «орташа», «жақсы», тіпті «өте жақсы» деген ұғымдар да сыяды. Объективті баға беру ыңғайында әлгі «жаман емес»-тің не орташа, не жақсы, не өте жақсы екендіктерінің біреуін дәлелдесек, сөйлеу мәдениетіндегі дәлдікті, ақындықты пайдаланғанымыз болып шығады [1, 200 б.]. Ойдың оған байланысты сөздің нақтылығына аса көрнекті қоғам қайраткерлері, жазушылар, өнер адамдары әрдайым ерекше мән беріп отырған. Ұлы сөз шеберлерінің қай-қайсысының шығармашылық лабораториясына үңілсеңіз де, бұл мәселені ойды жеткізудегі басты мәселе деп қарайды. Абайдың, Шәкәрімнің, М. Әуезовтің, Ғ.

Мүсіреповтің т.б. қазақтың бай тілімен сурет сала білген ақын-жазушылардың тілге қатысты ойларында да, өздерінің төл шығармаларында да сөзді нақтылы қолданудың өнегесін тануға болады. Мәселен, Абайдың "Жігіттер ойын арзан күлкі қымбат. Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат" деген өлең жолдарын сауатты қазақтардың бәрі біледі деуге болар. Осындағы сыр мен сымбат сөздерінің дәл орнында пайдаланып тұрғанына ешкім күмәнданбайды. Демек, сөзді нақтылы қолдану дегеніміз, сайып келгенде, синонимдік қатардың ішіндегі автор ойын дәл бере алатын сөзді таңдау болып табылады [1, 202 б.]. Айтушы, жазушы ойының дәл жетуі, түсінікті болуы ауызекі сөйлеудегі қажетті ерекшеліктерді ескеру болса, жазуда тілдік жүйе құрамындағы бөліктердің лингвистика ережелеріне бағындырылады. Сөздің дәл берілуі, ойдың жетуі ғылыми стиль мен ресми тіл стилінде сақталады. Публицистикалық, әдеби тіл стильдер бұдан бөлек. Әдеби тіл ойды бейнелі, сурет күйінде жеткізуді мақсат етеді. Ғылыми стиль нақты санмен, анықтамасының өзі де мағынасын аша алатын терминдермен көрсетіліп, айтар, жазар ойды дәл бере алады. Бірақ тіл көркемдеуді, әдемі жеткізуді, сұлу да бейнелі суретті де қажетсінеді. Бұл – адам жанының сұранысы. Бұны өтейтін өнердің бірі – тіл өнері. Қазақ халқы ойды көркем де қуатты, бейнелі де тегеурінді жеткізуді «өнердің алды» деп бағалайды. Адам ойы тіл арқылы айқындалады. Сөздің өзі – адам санасындағы ұғым, түсініктің көрінісі. Сондықтан да сөз бен ұғымның арасында алшақтық, қарама-қарсылық болмауы керек. Сөз дәлдігі сол сөздің ұғымына сай келетін мағынаны дәл тауып беруімен анықталады. Сөз дәлдігін айтар, жазар ойға ұштастыруда:

1. Әр сөздің жеке тұрғандағы мағынасымен бірге басқа сөздермен тіркескенде өзгерер ерекшеліктерін, қызметін, стильдік сипатын, қолданылу аясын да ескеру;

2. Қазақ тілінің заңдылықтары мен ерекшеліктерін жетік білу.

3. Орфоэпиялық норманы меңгеру: әрбір дыбысты, сөзді, тіркесті дұрыс айту, екпінді нық қою; сөздер арасындағы кідіріс, ырғақты дәл беру;

4. Қосымша қимыл-қозғалыс, ым-ишараны дұрыс, орнымен пайдалану керек [2, 73 б.].

Сөйлеу ішкі мағына, мазмұнға бай болғанда көркем де әсері болады. Ойлап сөйлеп, әр сөзді екшеп таңдап, орнымен қолданудың әңгімелесуде, сөйлеуде мәні зор. Қазақ тілінің мол қазынасын меңгерген, тілді терең білетін сөйлеуші, жазушы сөзі көркем де мағыналы болады. Сөйлеудегі ойдың кең көлемде берілуі, мазмұнының айшық, әсерлі жетуі – білімділік пен мол ақылдың да көрсеткіші. Ұлттық тілдің сыр-сипатын жақсы білетін, әдеби тіл мен ауызекі тіл аражігін бөлшек-

тей алатын, тілдегі түрлі жарыспалы сөздердің қажеттісін екшей алатын, тілдік норма ерекшеліктерін айқындайтын адам сөйлеуде сөз бен ой бірлігінің қатынасына зер сала, ұқыптылықпен қарауы керек. Айтар сөздің мазмұнды жетуі біздің мәдениетімізді де анықтарын естен шығармағанымыз жөн. Сөйлеудің мазмұнға бай болуы, көркем шығуы үшін төмендегілерді есте ұстаған дұрыс: – қандай жағдайға қатысты; – мәселенің шешілуіне қандай жаңа, тың пікір әсер етуі мүмкін; – оны қандай сөздермен берсе неғұрлым әсерлі болады; – айтылған пікірлердің нақты дерекке қатыстылығы қандай; – дау туғызар, келесіге, талдауға, ой елігінен өткізуге болатын қандай ыңғайы, қажеті бар; – айтушы, сөйлеуші ұстанымы не, оның тыңдаушы ұстанымымен сабақтастығы қандай [2, 80 б.]. Сөз мағыналарын жақсы білген адам сөзді орнымен жұмсай алады. Кейде адамдар сөйлегенде не жазғанда сөзді қате қолданып жатады. Мысалы: «Арландар» тобынан алғаш болып қол бастаған Теміртас Жүсіпов табандылық танытты. Осы сөйлемдегі қол бастау қолданыстарында дәлдік жетіспейді. Қол бастау – жорық, соғыс жағдайына байланысты қолданылатын тіркес, дұрысы жарысты бастаған болуы керек. Дәл сөйлеуге қажетті алғышарттың бірі – мағыналас сөздерді, олардың деректі, дерексіз ұғымды білдіретін түрлерін талғап, таңдай білу. Мысалы: жоғары сыныптағы құрдас-тарым да құттықтап келді. Өзінен жоғары сыныпта оқитындарды «құрдас» демейді, құрдастардың жастары шамалас болады. Сондай-ақ еңбек ардагері деген тіркес бар, ал жұмыс ардагері деп айтпаймыз. Сөз дәлдігі – әдеби тіл стильдерінің бәріне бірдей қажетті сапа. Осыған орай, бір стильде норма болып есептелетін қолданыстар екінші бір стильде нормаға қайшы болуы мүмкін. Мысалы: беске бітірді, оқудан құлап қалды т.б. тәрізділер ресми тіл стиліне сай емес, бірақ сөйлеу тілі үшін қалыпты жағдай болып саналады [3, 160 б.]. Сөз дәлдігімен тікелей байланысты ұғымдардың бірі – ойдың айқындылығы. Сөз дәлдігі жекелеген сөздер мен тіркестердің қолданысына байланысты болса, ой айқындылығы тұтас сөйлемнің мағынасына қарай ажыратылады және сөйлеушінің әдеби тілінің байлығы мен нормасын жетік білуімен, грамматикалық формаларды орынды қолдануымен өлшенеді [3, 173 б.]. Таза сөйлеу – ой ақындылығының белгісі. Мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер дәлдікпен қолданғанда, ойдың айқындалғанымен қоса, сөйлеудің көркемділік деңгейін көтереді. Ойдың айқындылығы сөз қолданыстағы дәлдікпен тығыз байланысты. Сөз қолданыстағы айқындылық сөйлеушінің тақырыпты қаншалықты меңгергендімен, ойлау жүйесінің тереңдігімен, қазақ әдебиетінің байлығы мен нормасын жетік білумен өлшенеді. Сөз мағыналарын жақсы білген адам сөзді орнымен жұмсай алады. Сөйлеуші сөздердің табиғи мүмкін-

діктерін: тура мағынасын, көпмағыналылығын, синонимдік, антонимдік, омонимдік қасиеттерін кең түрде пайдаланумен бірге, сөздерді ауыспалы мағынада, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерді орынды қолдана білмесе, ой айқындылығына нұқсан келеді. Мысалы: Қасымды айтып жіберші, тезірек үйге кірсін! Алғашқы сөйлемде табыс септігінің -ды жалғауы барыс септігінің -ға жалғауының орнына қолданылғандықтан, сөйлемнің алғашқы бөлігіндегі ой айқын емес. Әрбір қолданыста әр түрлі мағынаға ие болатын көп мағыналы сөздерді өз орнында ұтымды қолдана алса, ой мен ұғым дәлдігіне жетеді. Мысалы, дүние деген сөздің қанша мағынасы бар болса, сонша рет қолданысқа түседі: бүкіл әлем, жер жүзі; өмір, тіршілік; мал, мүлік, көңіл-күй одағайы, т.б. немесе мағынасы бір-біріне жуық, мәндес сөздер болғанымен, синонимдер көп жағдайда бірінің орнына бірі жүре алмайды. Синонимдер сөйлеуді көркемдеп түрлендіреді, бір сөзді қайталай беруден арылтады. Кейде керісінше синоним сөздер сөйлем ішінде қабат жұмсалып келе береді. Синоним сөздерді қолдануда шешендердің ұстанған бір тәсілі – оларды сөйлемде қатар келтіріп, градация арқылы, яғни сөз мағынасын бірте-бірте күшейту жолымен оның экспрессиясын арттыру. Шешендік сөздерде синоним сөздер қабат қолданғанда, тілдің жеткізу мүмкіншілігі молайып, тіпті ғылыми түсініктердің өзі сыр ашып, шешіліп сөйлегендей болады. Синоним сөздердің қолданысы дегенде әдетте көркем шығарма тіліндегі бірін-бірі жетектеп, көркем түзілім құрайтын үзіктер мысалға алынып жатады. Ғылыми мәтін сипаты көп сөзділікті көтермейді. Десек те, шешендік баяндауда синоним сөздердің қатар қолданысы мағына айқындығын күшейтіп, шешен тіліне өзіндік үн, шешендік ырғақ береді [4, 189 б.]. Тіліміздегі сөз мағыналарының алуан түрлілігі шешендердің мақсатты сөйлеуіне мүмкіншілік береді. Айталық, бір-біріне кереғар, қарама-қарсы мағынадағы антоним сөздерді шешендік сөздерде ойды әсерлі, бейнелі түрде жеткізудің оңтайлы құралы ретінде ғана қолданбаған, ой айқындылығы үшін қолданған, өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, достық пен қастық, ақ пен қара, адалдық пен арамдық тәрізді кереғар сипаттағы антонимдер би шешендердің сөзінде жиі қолданылып, шешендердің өмірге көзқарасын, философиялық ой түйіндерін білдіреді. Антоним сөздерді барлық ойшылдар өздерінің даналық сөздерінде кеңінен пайдаланып отырған. Не нәрсенің болсын қарама-қарсы қасиеттерін салыстыра түйін жасағанда, ой иесінің айтқалы отырған уәжі ұтқырланып шыға келетінін осы шешендік сөздерден байқаймыз. «Кеңесті білім озады, кеңессіз білім азады» (М. Қашқари); «Көп сұратып берсе – қадірлі болар, аз сұратып берсе – қадірсіз болар» («Моңғолдың құпия шежіресі»); «Қиылып сұрағанға

берсең – өзінді сыйлағаның, немкетті сұрағанға берсең – өзінді қорлағаның» («Алтын шежіре»); «Көп халық ыдыраса, аз халыққа жем болар» (Алтын шежіре»). М. Қашқари екі әрекетті қарама-қарсы қойып, қайсысы артық екенін көрсетсе, «Моңғолдың құпия шежіресі» таза қарама-қарсы ұғымдарды дұрыс ой қорытындысын жасау үшін қолданған. «Алтын шежіреде» ұғымдар керісінше мағына береді, яғни елді аз бен көптің мөлшері шешпейді, татулық шешеді. Тіліміздегі дыбысталуы бірдей, бірақ басқа-басқа мағыналарды білдіретін сөздер саны көп. Ондай сөздерді омонимдер деп атайды. Омонимдерді орнымен қолдану сөйлеуде логикалық қате жіберуден сақтандырады. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер дәлдікпен қолданғанда, ойдың айқындылығымен қоса, сөйлеу тілінің көркемділік деңгейін көтереді. «Етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда», - дейді қариялар. – Еркіндігіне қамыт түссе, елдігіңнен не қайыр» дер едім мен» (Қазыбек би). «Құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас болмас» деген – төренің тілі. «Құмды илей білсең – қала болады, қараны билей білсең – пана болады» дер едім мен» (Ақтамберді жырау). Осы жолдарда шешендердің мақалдап, мәтелдер сөйлеуі айтылмақ ойдың нанымды, анық, түсінікті жеткізілуіне көмектесіп тұр [4, 192 б.]. Тіл мәдениетінің басты мәселесі – тілдік құралдардың көмегімен қарымқатынас жасау барысында адамға ықпал ету. Әрине, мұндайда тілдің эстетикалық, әдемілік жағынан әсер етуі басты назарға алынады. Демек әркімнің жүріс-тұрысында, жалпы болмысында мәдениетті болуының қажеттігі сияқты, сөйлеу, жазу үстінде де адамның, әр сөзді, сөз тіркесі мен сөйлемді тиісті мағынасына ғана емес, соған қоса, тартымды, әсерлі қолдана білу кең мағынадағы рухани мәдениеттіліктің бір саласы ретінде қаралуға тиіс.

Тіл мәдениетінің ерекшелігін айқындайтын негізгі белгілер мен сапалар болады. Соның ішінде осы дәлдік пен айқындылықты сөз еттік. Қорыта келе, сөздің дәлдігі мен ойдың айқындылығының бір-бірімен тығыз байланыста екенін түсіндік. Яғни, таза әрі анық сөйлеу үшін – ой айқындылығы қажет. Ой айқындылығына негіз болатын – сөз дәлдігі. Егер де сөйлеуші жеткізер ойың сөзді дәл айтумен бастаса, онда тыңдаушы оны түсініп, оның ойының айқындылығы көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Дәуір-Кітап, 2013. – 240 б. 2. Қапасова Б. Қ. Тіл мәдениеті: Шешендік өнер. – Алматы, 2014. – 224 б. 3. Ермакова Т. Н., Найманбаева Г. М., Найманбаева Б. М. Қазақ тілі. – НұрСұлтан: Арман-ПВ, 2020. – 304 б. 4. 2. Қосымова Г. Шешендік өнердің негіздері. – Алматы: ЖК АҚНҰР, 2019. – 256 б.

БИОГРАФИЧЕСКИЙ ОЧЕРК ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АКАДЕМИКА НАН РК, Д.И.Н., ПРОФЕССОРА Б.Е. КУМЕКОВА

Н.Е. Кузембаев, А.Р. Тусупов
Павлодар, Республика Казахстан

Мақалада қазақстандық тарих ғылымындағы ғылыми бағыт ретінде қыпшақ ғылымының дамуына үлкен үлес қосқан қазақ ғалымының өмірбаяны қарастырылады. Академик Б. Е. Көмеков қазақстандық тарих ғылымында арабистиканың негізін қалаушы болды. Жұмыста ғалымның өмірбаянының маңызды кезеңдері қарастырылып, шығыстанушының өмірінен аз белгілі фактілер келтірілген.

Түйінді сөздер: академик Б. Е. Көмеков, арабистика, қыпшақтану, педагогика, тарих ғылымы.

The article deals with the biography of a Kazakh scientist who made a major contribution to the development of Kipchak studies as a scientific direction in Kazakh historical science. Academician B.E. Kumekov was the founder of Arabistics in Kazakh historical science. In the work the important stages of biography of the scientist are considered, the little-known facts from life of the orientalist are resulted.

Key words: Academician B.E. Kumekov, Arabistics, Kipchak studies, pedagogy, historical science.

В статье рассматривается биография казахского ученого, внесшего крупный вклад в развитие кипчаковедения как научного направления в казахстанской исторической науке. Академик Б.Е. Кумеков был основателем арабистики в казахстанской исторической науке. В работе рассмотрены важные этапы биографии ученого, приведены малоизвестные факты из жизни востоковеда.

Ключевые слова: академик Б.Е. Кумеков, арабистика, кипчаковедение, педагогика, историческая наука.

В исторической науке Казахстана имя выдающегося казахского ученого Б.Е. Кумекова связано с уникальными научными достижениями – открытием государства кимеков и доказательство самостоятельного этнического статуса куманов в триаде кипчакских племен. Эти открытия были тесно связаны с его научно-исследовательской деятельностью на ниве востоковедения – арабистики и тюркологии. Биография будущего академика во многом связана с ростом национальных кадров в Республике Казахстан на фоне истории государства в составе СССР.

5 августа 1940 г. в предвоенный период в г. Джамбул родился Б.Е. Кумеков. В это сложное для страны время после относительно недавней коллективизации и недавних политических репрессий национальной интеллигенции республика восстанавливала свои силы для борьбы с еще более грозным врагом в лице фашизма.

После успешного окончания средней школы будущий академик стал студентом на арабском отделении восточного факультета САГУ. В городе были сосредоточены крупные фонды восточных рукописей, в том числе на арабском языке, была замечательная библиотека, пополнявшаяся силами научных центров РСФСР. Работа с рукописным фондом уже в студенческие годы повлияла на стиль работы будущего ученого, это культурное бережное уважительное отношение к рукописному источнику как к источнику истории и культуры минувших поколений. Работа с первоисточниками стала определяющей в жизни востоковеда и стало кредо на всю жизнь.

В 1961 г. выпускник восточного факультета был отправлен на научную стажировку в Багдадский университет в Ирак. Эта стажировка таила прекрасные возможности для личного знакомства с одним из богатейших центров арабской культуры на Ближнем Востоке, работе с уникальными рукописями мусульманского круга и общению с местным арабоязычным населением.

После окончания вуза в 1963 г. молодой специалист отправился в качестве главного переводчика арабского языка на строительстве высотной Асуанской плотины в Объединенной Арабской республике Египет [1].

С апреля 1965 г. по апрель 1968 г. востоковед обучался в аспирантуре Института истории, археологии и этнологии АН КазССР. Отсутствие специалистов в области арабистики вынудило Б.Е. Кумекова искать научного руководителя в крупных научных центрах страны в Москве и Ленинграде. Желание арабиста заниматься периодом древней и средневековой истории определило выбор им Ленинграда как центра классического востоковедения.

После некоторых раздумий тюрколог С.Г. Кляшторный, взял на себя руководство кандидатской диссертацией Б.Е. Кумекова.

С ноября 1966 г. по ноябрь 1969 г. Булат Кумеков был прикомандирован в Ленинградское отделение Института востоковедения АН СССР [2, с.8]. В этот период в процессе работы с первоисточниками была скорректирована тема диссертационного исследования. Особенно большое влияние оказала на выбор темы диссертации средневековая рукопись арабского географа аль-Идриси, энциклопедия картографии и истории Мусульманского мира. В источнике «Нузхак аль-муштак» был обнаружен ранее неизученный пласт историко-культурной информации о населении и территории Казахстана в период раннего средневековья. Дальнейшая разработка этого исторического источника позволила конкретизировать тему

диссертации «Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам».

После тщательной проверки письменных источников диссертации специалистами арабистами О.Г. Большаковым и А.Б. Халидовым было дано положительное решение о защите диссертации на ученую степень кандидата исторических наук.

В 1970 г. аспирант Б.Е. Кумекоев блистательно защитил кандидатскую диссертацию поразив научную общественность ленинградских востоковедов степенью проработанности нарративных источников и убедительной аргументированностью основных тезисов диссертации, доказавшего на основе анализа средневековых арабских источников существование самостоятельного политического государства Кимекского каганата. Наряду с этим не меньшее научное значение имеет доказательство комплексного характера хозяйства кимекских племен вопреки бытовавшему стереотипу о «чисто» скотоводческом характере хозяйства кочевников. Не менее сенсационным было доказательство наличие в государстве кимекоев городской культуры и оседлости, что опровергало апологетов европоцентристского подхода, упорно доказывавших отсутствие городской культуры в кочевых обществах.

В 1972 г. кандидатская диссертация востоковеда была издана в качестве монографии и сразу стала классикой отечественного востоковедения [3]. Книга позволила по-новому взглянуть на казахстанское средневековье с точки зрения арабских историко-географических источников.

С 1968 до 1974 г. арабист работал младшим, затем старшим научным сотрудником в Институте истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова. В коллективе работали ведущие казахстанские ориенталисты Ю.А. Зуев, К.А. Пищулина, Н.Н. Мингулов, В.П. Юдин, Т.И. Султанов, К.Ш. Хафизова, В.К. Шуховцов, В.Н. Настич, А.Ш. Кадырбаев, М.Х. Абусейтова, С.К. Утениязов. В 1974 г. ученый был назначен заведующим отделом древней и средневековой истории Казахстана [2, с.9].

Работа в институте всецело заняла молодого ученого, отсутствие специалистов арабистов в республике существенно осложняла работу при написании фундаментальных проектов, в которых принимал активное непосредственное участие будущий академик. Наиболее значимой на наш взгляд была работа над фундаментальным пятитомным изданием «История Казахской ССР».

Значительным успехом исторической науки Казахстана следует считать подготовкой к изданию пятитомного собрания сочинений выдающегося казахского ученого Ч.Ч. Валиханова [4]. При подготовке

издания Б.Е. Кумековым было осуществлено немало переводов с арабского языка, внесено немало уточнений в текст издания и написано много комментариев. Республиканское значение имели энциклопедии, посвященные республике и всесторонне освещавшие экономику, историю и культуру страны [5-10].

1970-е и 1980-е годы в отечественной исторической науке были годами создания собственных национальных кадров историков, археологов и этнографов; формирования собственных научных школ и научных направлений; выходом в свет фундаментальных работ, посвященных истории и культуре республики. Все это в целом способствовало формированию имиджа казахстанской исторической науки как ведущей в СССР. Здесь велика заслуга казахстанского ученого Б.Е. Кумекова, фактически во многом реконструировавшего раннесредневековый период в истории государства казахов.

В 1994 г. востоковед Б.Е. Кумеков защитил докторскую диссертацию по докладу «Арабские источники по истории кипчаков, куманов и кимеков VIII – XIII вв.» в диссертационном совете Института востоковедения РАН в г. Санкт-Петербург [11]. Это событие стало сенсацией в казахстанской исторической науке. До этого такой чести удостоивался только археолог К.А. Акишев за открытие им «Золотого человека» из Иссыкского кургана и значительный вклад за разработку темы истории и культуры саков и усуней Семиречья [12-13].

Это событие в востоковедческой науке Казахстана позволяло говорить о том, что республика не утратила свои позиции в области арабистики во многом благодаря научному подвижничеству казахского арабиста. В 1995 г. признание заслуг ученого было отмечено избранием ученого в члены-корреспонденты Национальной академии наук Республики Казахстан (НАН РК).

С 1996 г. по 2007 г. член-корреспондент заведовал кафедрой и был директором Центра кипчаковедения в Казахском государственном юридическом университете, позже переименованного в Международный институт кипчаковедения. Работа в центре позволила ученому продолжить свои изыскания на ниве кипчаковедения, готовить научные кадры для страны и сотрудничать с зарубежными научными центрами и учеными.

В 2003 г. Б.Е. Кумеков за выдающиеся заслуги перед страной и казахстанской исторической наукой был избран академиком НАН РК. Это заслуженное признание на Родине стало закономерным итогом признания вклада ученого в мировую науку.

С января 2008 г. по июль 2009 г. ученый работает в Институте истории, археологии и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова в должности

главного научного сотрудника в отделе древней и средневековой истории Казахстана. С августа 2009 г. по настоящее время академик возглавляет Международный институт кипчаковедения в Казахском национальном университете им. аль-Фараби [2, с.10]. Международный статус института был не случаен. Признание научных заслуг ученого за рубежом способствовало деятельности созданного им научного института в международном масштабе.

С сентября 2012 г. по настоящее время Б.Е. Кумекоев работал профессором Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, где активно способствовал появлению национальных высококвалифицированных кадров – докторов PhD.

Научно-организационная и общественная деятельность академика Б.Е. Кумекоева получила признание общественности республики и за рубежом. Ученый был награжден орденом «Парасат», медалью и нагрудным знаком за особые заслуги в деле развития науки РК, Почетной Грамотой Республики Кыргызстан. Внимание со стороны Кыргызстана не является случайным, востоковед всячески способствовал развитию научных востоковедческих исследований и росту научных кадров в братской республике.

Таким образом, следует констатировать, что вся сознательная жизнь ученого Б.Е. Кумекоева была наполнена служением востоковедной науке и Отечеству на научной стезе. Научные достижения ученого — это достижения мирового масштаба, выходящие далеко за рамки казахстанской исторической науки. Во многом биография ученого — это история появления и становления арабистики и кипчаковедения в исторической науке Казахстана.

Список использованных источников и литературы

- 1 Аупбаев Ж. Жоғалған мемлекет: Ғалым Болат Көмеков көне мемлекетті қалай тапты? // Ана тілі. - 2019. - № 16(1482). - 18-24 сәуір. - 9 б.
- 2 Кузембаев Н.Е. Ученый евразийского масштаба: к 80-летию выдающегося казахстанского востоковеда Б.Е. Кумекоева // Отан тарихы. - №2 (90). – 2020. – С. 5-15.
- 3 Кумекоев Б.Е. Государство кимаков IX – XI вв. по арабским источникам. - Алма-Ата: Наука, 1972. – 156 с.
- 4 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том II. - Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. 416 с.
- 5 Қазақ энциклопедиясы. - Алматы, 2005. Т. 6.
- 6 Қазақстан тарихы. Энциклопедия. - Алматы: «Литера-М», 2019.
- 7 Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. - Алматы, 2004. Т. 5.
- 8 Отрар энциклопедиясы. - Алматы, 2005
- 9 Павлодарское Прииртышье. Энциклопедия. - Павлодар, 2003
- 10 Тараз. Жамбыл облысы. Энциклопедия. - Алматы, 2003. 576 б.

11 Кумеков Б.Е. Арабские источники по истории кипчаков, куманов и кимаков VIII – нач. XIII вв.: диссертация в виде научного доклада на соискание научной степени доктора исторических наук: 07.00.09. Санкт-Петербургский филиал Института востоковедения РАН, 1994. 40 с.

12 Акишев К.А. Курган Иссык: искусство саков Казахстана. – Москва: Искусство, 1978. – 130 с.

13 Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. - Алма-Ата: Академия наук Казахской ССР, 1963. - 320 с.

К ПОСТАНОВКЕ ПРОБЛЕМЫ ВКЛАДА АКАДЕМИКА А.Х. МАРГУЛАНА В ИЗУЧЕНИИ ИСТОРИИ И КУЛЬТУРЫ САРЫАРКИ

Н.Е. Кузембаев

ППУ имени Ә.Х. Марғұлан

Мақалада академик А.Х. Марғұланның Сарыарқа тарихы мен мәдениетін зерттеуге қосқан үлесін қарастыру қажеттілігі көрсетілген. Сарыарқаның тарихи-мәдени мұрасына арналған академиктің ғылыми еңбектер жинағын дайындау және басып шығару ұсынылады. Жұмыста үш негізгі ғылыми бағыт бөлінді, оның аясында ғалым Орталық Қазақстан фольклорын, археологиясын және этнографиясын зерттеді.

Түйінді сөздер: А. Х. Марғұлан, Сарыарқа, археология, фольклор, этнография.

В статье показана необходимость рассмотрения вклада академика А.Х. Маргулана в изучении истории и культуры Сарыарки. Предлагается подготовка и издание сборника научных трудов академика, посвященных историко-культурному наследию Сарыарки. В работе были выделены три основных научных направлений, в рамках которых ученый изучал фольклор, археологию и этнографию Центрального Казахстана.

Ключевые слова: А.Х. Маргулан, Сарыарқа, археология, фольклор, этнография.

The article shows the need to consider the contribution of Academician A.Kh. Margulan in the study of history and culture of Saryarka. The preparation and publication of a collection of the academician's scientific works devoted to the historical and cultural heritage of Saryarka is proposed. In the work three main scientific directions, within the framework of which the scientist studied folklore, archeology and ethnography of Central Kazakhstan, were emphasized.

Key words: A.Kh. Margulan, Saryarka, archeology, folklore, ethnography.

Сарыарқа регион с богате́йшей историей и культурой, сыгравший важную роль в становлении и развитии многих кочевых государств в эпоху средневековья слабо освещен в исторических письменных источниках. Это обстоятельство послужило основой для появления

мифа в исторической науке о не историчности этой историко-культурной и географической области. Попытки возвеличить историческую роль этого региона неизменно сталкивались с упреками в отсутствии надежных исторических данных для источниковедческого анализа и как следствие неоправданности высоких ожиданий исследователей.

Эта ситуация была хороша знакома корифею казахстанской исторической науки – академику А.Х. Маргулану, который заметил: «Громадное степное пространство, лежащее на севере от р. Чу и Сырдарьи и известное у казахов под названием Сарыарка, мало отражено в древних письменных источниках. На протяжении многих веков оно оставалось большой научной загадкой. Те скудные данные, которые иной раз встречаются в малоизвестных сочинениях, практически не обобщены. К сожалению, неизученность территории Центрального Казахстана в историко-археологическом отношении в прошлом породила, в частности, мнение, что в малообитаемых северных степях Казахстана не могли развиваться очаги древней цивилизации» [1, с. 5].

Многолетние археологические и исторические изыскания академика доказали, что Сарыарка это очаг древней цивилизации, начиная с эпохи бронзы этот регион играл важное значение в этногенезе и культурогенезе казахского народа. Необходимо продолжить работу, начатую академиком А.Х. Маргуланом, решить проблему обобщения дискретных данных и отрывочных сведений в исторических источниках для воссоздания цельной картины исторического прошлого Сарыарки в средневековье. К сожалению, ученому не удалось написать научную монографию по истории и культуре Сарыарки, в которой были бы обобщены научные результаты его многолетней работы. В связи с этим необходимо начать работу над подготовкой рукописи научных трудов академика на тему «История и культура Сарыарки в научном наследии академика А.Х. Маргулана». Это издание необходимо для подведения итогов многолетней научной деятельности ученого и осознания того вклада, который внес ученый в разработку проблематики историко-культурного наследия Сарыарки.

Эта работа будет иметь большое научное значение в национальном масштабе, так как позволит ввести в научный оборот комплекс научных материалов в рамках одного научного издания, что позволит молодым исследователям и обучающимся продолжить научные направления, определенные академиком.

Празднование в республике Казахстан 120-летнего юбилея выдающегося казахского ученого А.Х. Маргулана имеет большое историческое и культурное значение для Павлодарского педагогического университета носящего имя академика А.Х. Маргулана. Поэтому

необходимо провести планомерную большую научную работу по выявлению вклада ученого в разработку актуальных проблем исторической науки Казахстана.

Результаты работы будут иметь большое образовательное значение, так как позволит обучающимся получить научные материалы для самостоятельной работы по дисциплинам по древней и средневековой истории Казахстана, истории тюркских народов, археологии, этнографии, источниковедению и историографии Казахстана.

Предлагаемая работа может создать условия для расширения возможностей практического применения научных результатов посредством публикации исследователями научных работ.

Полученные предварительные результаты носят общий характер, они позволили в целом охватить масштаб поднимаемой проблемы и понять какие исследовательские задачи необходимо поставить в работе [2; 3]. Наряду с этим было выявлено, что вклад академика А.Х. Маргулана в историческую науку Казахстана еще изучен недостаточно хорошо и необходимо продолжить научные изыскания в этом направлении с привлечением искусствоведов, музейных работников, архитекторов и т.д.

Если же в целом оценивать вклад ученого в изучении истории и культуры Сарыарки, то необходимо выделить несколько *ufexys*[направлений:

- 1) Фольклор Великой степи.
- 2) Археология Сарыарки.
- 3) Этнография населения Степной зоны Казахстана.

Фольклор Великой степи

А.Х. Маргулан защитил докторскую диссертацию на тему «Эпические сказания казахского народа», в которой продемонстрировал огромное духовное достояние казахского народа. Здесь ученым была проведена колоссальная по объему работа по изучению образцов эпоса казахов, который во многом еще не был опубликован исследователями фольклористами. Многие произведения ученый слышал в детстве и имел возможность существенно дополнять уже записанные образцы казахского эпоса. Ужесточение тоталитарного режима в СССР вынудило ученого сменить перспективное научное направление на археологию далекую от идеологических запретов Коммунистической партии. Однако ученый не оставлял свои исследования в области фольклористики и при каждом удобном случае возвращался к этой тематике в своих научных работах. В частности, об этом свидетельствует его работы, посвященные эпосам «Едыге» и «Козы-Корпеш и Баян-Сулу» [4-7].

Интересно заметить, что ученый довольно часто при написании своих исторических работ обращался к казахскому фольклору как историческому источнику. Это было довольно необычно среди историков, так как априори считалось, что фольклор не может являться историческим источником и поэтому его использование не уместно в научных исследованиях. Но академик А.Х. Маргулан доказывал обратное и показывал, как можно работать с этим ценным историческим источником в научных публикациях.

Археология Сарыарки

Обращая внимание на вклад академика А.Х. Маргулана на археологию Сарыарки. Можно констатировать, что ученый фактически написал цельную историю материальной культуры этого неизученного в исторической науке региона с древности по позднее средневековье. Открыв огромное количество археологических памятников, часть которых удалось раскопать в результате полевых экспедиций, ученый доказал, что Центральный Казахстан являлся древнейшим центром человеческой цивилизации и обладает своей уникальностью.

Начиная с эпохи бронзы ученый раскопал знаковые для казахстанской археологической науки памятники в Бугулы, Аксу-Аюлы, Бегазы и Дандыбай. В результате была открыта знаменитая бегазы-дандыбаевская культура эпохи поздней бронзы. Открытые археологом мегалитические мавзолеи Бегазы доказывали высокий уровень материальной культуры его обитателей, далеко зашедший процесс имущественного неравенства, социальное расслоение общества, развитие религиозных верований и мифологических представлений населения Центрального Казахстана [8].

Средневековая археология Сарыарки была изучена ученым с особым мастерством. Это погребальные памятники (могильники и курганы), архитектурные памятники (мавзолеи, дыны, мазары), каменные изваяния от ранних кочевников до кипчаков, петроглифы в форме родовых тамг и рисунков [9-13]. Все эти материалы по сегодняшний день составляют основу средневековой археологии Казахстана, значительная часть этого материала в виде отчетов, фотографий, чертежей, рисунков, артефактов, до сих пор не введена в научный оборот.

Важное научное значение представляет факт обобщения археологических материалов при написании истории Казахской ССР. Материальная культура казахского народа предстала в новом облике, как правопреемница великих кочевых традиций и обычаев народов Великой степи с эпохи древности. Это позволило развенчать миф о примитивности культуры кочевников и показало дальнейшие пути в изучении казахской национальной культуры [14].

Этнография населения Степной зоны Казахстана

Материальная и духовная культура казахов всегда привлекала внимание исследователя. В полевых археологических экспедициях работали талантливые молодые этнографы, ученики академика, впоследствии основатели собственных этнографических школ в казахстанской исторической науке. Это позволило сохранить для науки многочисленные образцы этнографических экспонатов, информацию об обычаях и традициях казахов, сведения о народном фольклоре. Особую значимость представляет альбом «Казахское народное прикладное искусство» в трех томах [15-17]. Это уникальное издание не имело аналогов в истории Казахстана и по сегодняшний день остается жемчужиной этнографической коллекции любого этнографа.

Таким образом, необходимо подчеркнуть, что на сегодняшний день необходимо закончить огромную работу, проводимую академиком А.Х. Маргуланом по изучению историко-культурного наследия Сарыарки. Нужно собрать, систематизировать и издать сборник научных трудов ученого «История и культура Сарыарки». При здании работы необходимо обратить внимание на три основные научных направления, в рамках которых работал выдающийся казахский ученый А.Х. Маргулан.

Список использованной литературы

- 1 Маргулан А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – А.-А.: Наука, 1979. - 360 с.
- 2 Айдаркенова К.Б., Кузембаев Н.Е. История, археология и культура Казахстана в трудах выдающихся ученых Павлодарского Прииртышья: учебное пособие / К.Б. Айдаркенова, Н.Е. Кузембаев. – Павлодар: ППУ, 2021. – 118 с.
- 3 Кузембаев Н.Е. О необходимости создания и содержания работы «Свод исторических источников по средневековой истории, культуре и исторической географии Сарыарки» // Академик Ә.Х. Марғұлан еңбектеріндегі қазақ халқының мәдени-тарихи мұрасын зерттеудің өзекті мәселері: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары = Актуальные вопросы изучения историко-культурного наследия казахского народа в исследованиях академика А.Х. Маргулана: материалы международной научно-практической конференции. – Павлодар: ППУ, 2022. – 540 б. – С. 165-169.
- 4 Марғұлан Ә.Х. Эпос жыры туралы. // Халық мұғалімі. - 1940. - № 4. - 64-74 б.
- 5 Маргулан А.Х. О характере и исторической обусловленности казахского эпоса // Известия Каз ФАН СССР, сер. историческая. - 1946. - №2 (27). - С. 75-81.
- 6 Маргулан А.Х. О носителях древней поэтической культуры казахского народа. // М.О. Ауэзову: Сб. статей к его шестидесятилетию. - Алма-Ата, 1959. - С. 70-89.
- 7 Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр аңыздар. - А.-А.: Жазушы, 1985. - 368 б.

- 8 Марғулан А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. - А.-А.: Наука, 1979. - 360 с.
- 9 Марғулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. - А.-А.: Изд-во АН КазССР, 1950. - 122 с.
- 10 Архитектура Казахстана. / А. Марғулан, Г. Басонов и М. Мендукулов. - А.-А.: Казахское государственное издательство, 1959. - 172 с.
- 11 Марғулан А.Х. Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер // Ежелгі мәдениет қуалары. - А.-А., 1966. - 8-52 б.
- 12 Марғулан А.Х. Раскопки погребения воина XIV века в долине реки Нуры // Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. - 1959. - т. 7. - С. 248-261.
- 13 Марғулан А.Х. Сочинения: В 14 т. Т. 3. Петроглифы Сарыарки. Гравюры с изображением волчьего тотема; Т. 4. Каменные изваяния Улытау / Сост. Д. А. Марғулан, Д. Марғулан. - А.: Дайк-Пресс, 2003. 50 с. + вкл. 246 с.
- 14 Марғулан А.Х. Культура казахского народа в XV-XVII веках. // История Казахской ССР. - А.-А.: Издательство АН КазССР, 1957. С. 180-218.
- 15 Марғулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Том 1. - А.-А.: Өнер, 1986. - 251 с.
- 16 Марғулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Том 2. - А.-А.: Өнер, 1987. - 288 с.
- 17 Марғулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Том 3: Резьба по дереву и кости. Художественная обработка металла и тиснение по коже. - А.-А.: Өнер, 1994. - 247 с.

ОҚЫЛЫМ 3,4 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЕТ ТІЛІ ДЕҢГЕЙІН ДАМУ ТУДЫҢ ӘДІСІ РЕТІНДЕ

І.Б.Қабыкен

*Әлкей Марғулан атындағы Павлодар педагогикалық
университетінің студенті*

Г.К. Шоманова

ғылыми жетекшісі - ф.ғ.к., сарапшы- оқытушы

Аннотация. Бастауыш мектепте шет тілін меңгеру қажеттілігін әдістемелік қоғамдастық кезек күттірмейтін міндет ретінде таниды. Төменгі сыныптарда ағылшын тілінде оқуды дамытуға байланысты мәселелерді шешу қажеттілігі жұмыстың зерттеу проблемасын тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: оқылм, коммуникация, денотат, ертегі, интонация, элективті курс.

Аннотация. Необходимость овладения иностранным языком в начальной школе признается методическим сообществом как неотложная задача. Необходимость решения задач, связанных с развитием обучения английскому языку в младших классах, позволяет сформулировать исследовательскую проблему работы.

Ключевые слова: чтение, коммуникация, контекст, сказка, интонация, элективный курс.

Annotation. *The need to master a foreign language in primary school is recognized by the methodological community as an urgent task. The need to solve problems related to the development of English language teaching in the lower grades allows us to formulate a research problem of the work.*

Keywords: *reading, communication, denotation, fairy tale, intonation, elective course.*

Мектептегі білім берудің алғашқы кезеңдерінде шет тілін оқыту қазіргі кезде мектептің жаңа басымдылықтарына сәйкес, оқушылардың шығармашылық белсенділігі мен оқу процесінде туындайтын мәселелерді өз бетінше шешуге қабілеттерінің даму көзі ретінде құрылуда.

Мектептегі «Шетел тілі» пәні оқушының жеке тұлғасына әсер етудің үлкен әлеуетіне ие, өйткені адамдар қарым-қатынастарының барлық салалары дерлік әсер етеді. Ұзақ мерзімді талдау көрсеткендей, шет тілін ерте үйрену қызығушылықты одан әрі арттыратын көптеген қиындықтарға тап болады және сәйкесінше шет тілін меңгерудің тиімділігі. Мәселелер тек шет тілін оқытудың бірінші жылын ұйымдастырумен ғана емес, сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының психофизиологиялық ерекшеліктеріне жеткіліксіз көңіл бөлумен байланысты. Төменгі сыныптарда ағылшын тілінде оқуды дамытуға байланысты мәселелерді шешу қажеттілігі жұмыстың өзектілігін анықтайды және зерттеу проблемасын тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Бастауыш мектепте ағылшын тілінде оқуды оқытуға байланысты тұлғаның моделін дамытумен байланысты өзекті ғылыми проблеманы шешумен шет тілін меңгерудің әдістемелік жүйесін ғылыми негіздеумен анықталады. Осыған байланысты бастапқы кезеңде ағылшын тілінде мәтінді оқу меңгерудің маңыздылығы дәлелденді және оның бастапқы кезеңдегі оқушылардың жеке дамуына және олардың оқу әрекеттерін қалыптастыруға жағдай жасауға арналған жүйені құру үшін оның әдістемелік маңызы дәлелденді.

Ағылшын тілі сабақтарында мәтіндер ағылшын тілінде сөйлейтіндердің сөйлеу өнімінің жүйесі ретінде ұсынылады. Ол тілдің тақырып, контекст, жағдай, мәселе, сфера және үндеу жанры аясында қызмет етуінің жүйеленген моделі ретінде ерекше мәнге ие, ол белгілі бір адресатқа назар аудара отырып, әлеуметтік, белсенділік аясын бейнелейді, әлеуметтік ортаны көрсетеді.

Тіл мамандары мәтінді сол немесе басқа формада бекітілген ауызша немесе жазбаша сөйлеудің өнімі ретінде қарастырады. Мәтіндер келесі оқыту функцияларында қарастырылуы керек:

- тілдік бірліктердің қызметін иллюстрациялау ретінде;
- белгілі бір құрылым, форма және жанрдағы сөйлеу үлгісі ретінде;
- автордың сөйлеу ниетін жүзеге асыру үлгісі ретінде;
- сөйлеу мәлімдемесін, хабарламаны немесе сөйлеу коммуникациясын (мәтіндік-диалог) құру үлгісі ретінде;
- оқушылардың оқу әрекетін басқару құрылымы ретінде (оқу мәтіні); тіл аспектілерін оқытуда (фонетика, лексика, грамматика, интонация) және шет тілінің сөйлеу әрекетінің түрлерін (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылымның барлық түрлері) оқытуда.

Диалогтік мәтіндер, әсіресе арнайы құрастырылған мәтіндер дербес коммуникативті дайындықтың негізі бола алады, яғни шет тілін қарым-қатынаста өздігінен үйрену. Мәтіндердің әр түрін жүйелеу, бір жағынан, Оқушылардың сөйлеу коммуникациясының әр түрлі жанрларын, тактикасы мен тәсілдерін, бір жағынан олардың іс-әрекет шарттарына сәйкес үйлестіре білу қабілетін дамыту үшін шет тіліндегі қарым-қатынасқа үйрету үшін қажет. Қарым-қатынас жағдайы, әңгімелесушілердің рөлдік мінез-құлқының сипаты, олардың тұлғааралық және рөлдік өзара әрекеттесулері – екінші жағынан.

Ана тілімізде қалыптасқан кейбір оқу стратегиялары санасыз қолданылады. Мазмұнмен жылдам танысу үшін кейбір мәтіндерді диагональ бойынша оқимыз, ал басқа мәтіндер қажетті ақпаратты іздеу үшін жылдам сканерленеді. Ана тілінде, әсіресе ағылшын тілінде оқу стратегиялары әртүрлі және соншалықты айқын емес. Бұл оқу дағдыларын дамыту және оқу процесіне мәтінмен жұмысты дұрыс енгізу қажет.

Ағылшын тілінде оқуды оқыту сөздің кең мағынасында мәтін негізінде жүзеге асырылуы мүмкін және оны түсіну мен қалыптастыру заңдылықтарымен байланысты.

Көптеген ғалымдар түсіну мен жаратылыстың психологиялық жағдайларын зерттей отырып, олардың көп бағыттылығына қарамастан, екі процестің де коагуляциямен сипатталатынын атап өтті. Ғалым А. И. Новиков «түсіну процесінде алынған мәтін мазмұнының бейнесі және болашақ мәтіннің бейнесі ретінде әрекет ететін жоспар құрылымдық жағынан бірдей, сондықтан оларды денотат схемасында графикалық түрде көбейтуге болады» деген қорытындыға келді. Мәтіннің денотаттық құрылымы – бұл жеке адамның тәжірибесінде ұсынылған шындықтың барлық тиісті саласының пәндік

жүйесі. Денотат дегеніміз - тілдік өрнектің мазмұнын құрайтын объект, процесс немесе құбылыс. Мәтіннің денотаттық құрылымын зерттеу түсіну процесін зерттеудің ең қызықты тәсілдерінің бірі болып табылады. Бұл, ең алдымен, арнайы сипаттағы ағылшын тіліндегі әдебиеттерді (танымал ғылыми мәтіндер, елтану мәтіндері және т.б.) оқуды үйретуде қызықты. Ағылшын тілінде оқуды үйрену кезінде денотативті талдауды қолдану оқушылардың психологиялық кедергісін жеңуге мүмкіндік береді, бұл бастауыш мектепте үлкен мәтіннен қорқумен байланысты, өйткені үлкен көлемді көргенде оқушылар кезкелген бейтаныс сөзге сөздіктің көмегіне жүгінгісі келеді. Денотативті талдауды қолдану әр түрлі оқу түрлерін дамытуға көмектеседі: кіріспе, зерттеу, іздеу, табиғи оқуды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жеке белсенділік әдісі жеке тұлғаға бағытталған білім беру моделінің талаптарын көрсетеді және оқыту мен тәрбие бағытын, ағылшын тілінде сөйлеу әрекетін игеру процесінде тұлғаның дамуын анықтайды.

Бұл әдіс оның даму сипатын анықтайтын тұлғаға бағытталған білім беру моделінің принциптеріне негізделген. Мұғалім оқушыға қатысты билік ретінде әрекет етеді, оған білім беру, Дағдылар мен дағдыларды дамыту арқылы өзінің көзқарастары мен ұстанымдарын белгілейді. Мұғалімнің барлық жұмысы оқу процесін ұйымдастыру арқылы бағдарламаны орындауға бағытталған. Оқытудың тұлғалық-әрекеттік әдісі еркін таңдау мен шығармашылыққа, жауапты шешімдер қабылдауға дайын, қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге қабілет-ті адам-қайраткер бейнесін жасауға бағытталған.

Бастапқы кезеңде мәтіндерді сабақтарда жиі пайдалану арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамытады. Оқу – бұл графикалық белгілермен кодталған ақпаратты қабылдау мен түсінумен байланысты сөйлеу әрекетінің тәуелсіз түрі. Бастауыш мектептің бастауыш сыныптарында сөйлеу әрекетінің маңызды түрі ретінде оқудың негіздері қаланды. Бастауыш мектеп жасында оқушылар қажетті дағдыларды тезірек игереді, өйткені шет тілін үйренуде психологиялық кедергілер болмайды. Білім алушылар шет тілінің грамматикасы туралы жалпы түсінік алады, дыбыстарды, сөздер мен сөйлемдерді дұрыс айтуға машықтанады, интонациялық ерекшеліктерімен танысады, тілдік естуді жаттықтырады, атап айтқанда мәтінді оқу немесе тыңдау кезінде лексиканы тани алады. Олар дауыстап оқу арқылы оқудың оқу және зерттеу түрлерін практикада қолдануға үйретіледі.

Қазіргі уақытта мұғалімнің алдына оқушыларды олардағы ақпаратты түсіну және түсіну арқылы мәтіндерді оқуға үйрету міндеті тұр. Біздің ойымызша, шет тілінде оқу ерікті болуы керек,

қызығушылық тудыруы керек және оны мұғалім мәжбүрlemeуі керек және ешқандай жағдайда мәжбүрlemeуі керек. Өкінішке орай, іс жүзінде бәрі басқаша және оқуға деген қызығушылық бүгінде айтарлықтай төмендейді, өйткені бүгінде оқушылар оқуды ақпарат алу немесе алу, өз мәдениетін байыту немесе жай ләззат көзі ретінде қабылдамайды. Оқу таза оқу тапсырмасы түрінде қарастырылады.

Танымдық қызығушылық үшін оқушылардың жеке психологиялық, жас және танымдық қажеттіліктерін ескеру қажет. Демек, әртүрлі оқу материалдарын пайдалану, оқушыларды белсенді қызметке тарту (шығармашылықпен айналысу), өзін көрсетуге мүмкіндік беру, оқу іс-әрекеті процесінде әртүрлі қиындықтарды жеңуге көмектесу.

Оқуға үйрету процесінде оқушылар келесі нормативтік дағдыларды қалыптастыруы керек: ұсынылған мәтіннен жалпы мазмұнды және негізгі фактілерді түсіну, мәтіннен қажетті ақпаратты табу, мәтінде берілген ақпаратты толық және нақты түсіну, мәтін туралы білімді қолдану. мәтінді талдау кезінде тілдің құрылымы мен функциялары (қалпына келтіру тапсырмалары мәтіні). Бұл дағдыларды дамыту үшін оқушыларды оқу түрлерімен таныстыру керек.

Мәтін түріне және оқу тапсырмаларына байланысты онымен жұмыс істеу әдісі өзгереді. Мәтін сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін оқытудың жеткілікті және тиімді негізі болуы үшін балаларды мәтінмен жұмыс істеуге үйретудің маңызы зор.

Мәтінмен жұмыс үш кезеңге бөлінеді: мәтін алды, мәтіндік және мәтіннен кейінгі. Мәтінмен жұмыс істеу және қажетті білім, білік және дағдыларды алу әдістерін оқыту оқушыларға мәтінмен өз бетінше жұмыс істеу дағдылары мен дағдыларын меңгеруге және әртүрлі типтегі сөйлеу мәлімдемелерін дайындауға мүмкіндік береді.

Мәтін алдындағы кезең – мәтінмен жұмыс істеуге ынтасын ояту және ынталандыру; мектеп пәндерінің басқа білім беру салаларынан білімді тарту арқылы оқушылардың жеке тәжірибесін жаңарту; мәтін мазмұнын оқушылардың біліміне, өмірлік тәжірибесіне, тақырыбы мен суреттеріне қарап болжау, т.б. Мәтінмен жұмыс істеудің алғашқы кезеңдерінде мұғалім оқушыларға мазмұнды түсінуді жеңілдетіп, шынайы мәтінмен жұмыс істеудің бірқатар маңызды стратегиялық тұстарын көрсетуі керек.

Мәтіндік кезең (мәтінді оқу, оның жеке бөліктері) мәтінге арналған тапсырмада тұжырымдалған және мәтіннің өзін оқу алдында Оқушы қойған нақты коммуникативті тапсырманы шешу үшін. Оқуды бақылау объектісі оны түсіну (әрекет нәтижесі) болуы керек. Сонымен бірге оқылған мәтінді түсінуді бақылау Оқушыларға қойылатын

коммуникативтік тапсырмалармен де, оқу түрімен де байланысты болуы керек.

Мәтіннен кейінгі кезең – мәтіннің мазмұнын пайдалану арқылы оқушылардың өз ойын ауызша және жазбаша сөйлеуге дағдыландыру. Бұл кезеңде ұсынылатын жаттығулар репродуктивті жоспар, репродуктивті-продуктивті және өнімділік дағдыларын дамытуға бағытталған.

Мәтін жоғары ретті динамикалық бірлік ретінде, ақпараттық, құрылымдық және коммуникативтік тұрғыда - келісімділік пен тұтастық белгілері бар сөйлеу жұмысы ретінде анықталады. Мәтін құбылысының сипаттамаларының көп өлшемділігін өзі белгілейді. Сондықтан зерттеу жұмысында мәтінді құру және қабылдау мәселелері де мәтін сөйлеу-ойлау әрекетінің өнімі ретінде және қабылдау үшін материал ретінде қарастырылады. Мәтінді оқуды ұйымдастырудың оңтайлы нұсқасын іздеудің негізі ретінде мәтінді зерттеудегі функционалдық және прагматикалық аспектілердің маңызы ерекше атап көрсетілген.

Оқытудың мақсаты - оқушылардың олардағы ақпаратты түсінудің әртүрлі деңгейімен мәтіндерді оқу қабілетін дамыту болып табылады:

* Негізгі мазмұнын түсіне отырып оқу (таныстыру оқуы);

Мазмұнды толық түсіну арқылы оқу (оқу немесе қарқынды);

* Қажетті (қызықтыратын) маңызды ақпаратты ала отырып оқу (іздеу).

Оқыту міндеттері:

a. саяхатта және шет елде қысқа мерзімде болу кезінде қажетті күнделікті өмір саласынан қарапайым сөз тіркестерін түсіну және айту қабілеті;

b. жеке сөйлесуді қолдау үшін қажет сөйлеу тілін аз немесе аз еркін меңгеру;

c. қажет болған жағдайда және практикада кеңейтілуі мүмкін мәтіндегі сөздікпен жұмыс істей білу;

d. белгілі бір мамандық бойынша кітап оқи білу;

e. мәтіндерді оқу және толық түсіну және аудару қабілеті.

Практикалық жұмыс барысында Павлодар қаласының Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы орта мектебінде элективті курс сабақтары өткізілді. Сабақтар кезінде оқушыларға ертегілер арқылы оқылымды дамыту мақсатында мәтіндермен жұмыс бойынша тапсырмалар берілді.

Мәтіннің көлеміне және мазмұндық сипатына байланысты белгілі бір сағат бөлінеді. Сонымен, ертегілерді танысуға және оқуға 1

сағат беріледі. Ертегілер мазмұны мен құрылымы жағынан оңай және толық оқу мен түсіну қиын емес. Ертегілерден кейін жаттығуларды орындауға 1-2 сағат бөлінеді, өйткені мәтіндегі тапсырмалар ерекше назар аударуды қажет етеді. Әңгімелер мен ертегілердің мазмұнын түсінуге бағытталған бұл жаттығулар, осы мәтіннің грамматикасы мен лексикасы бойынша жаттығулар, талқыланатын сұрақтар оқылған материалды бекітуге көмектеседі.

Рудьяр Киплингтің әңгімелері құрылымы жағынан күрделірек және көлемі жағынан көп бетті алады, сондықтан бұл сабақтарға 2 сағат бөлінеді. Бірақ мәтіннен кейін тапсырманы орындау көп күш жұмсауды қажет етпейді, өйткені барлық күш-жігер мәтіннің вокабулярын оқып, оқуға жұмсалды, сондықтан мұнда тек бір сағат бөлінеді.

Мысалы, сабақтың әр тақырыбы ертегі немесе әңгіме деп аталады, мысалы №1 Сабақтың тақырыбы "Жақсы кішкентай ит" ("A good little dog").



A
GOOD LITTLE
DOG
BY
ANNE STODDARD
PICTURED BY
BERTA and
ELMER HADER
The CENTURY Co.
New York and London

Сабақ барысы.

1. Сабақты "brainstorming" (миға шабуыл) әдісі арқылы бастауға болады. Бұл тұста:

- Сіздің үй жануарыңыз бар ма?
- Ит пен әлде мысық па? Қандай жануар?
- Оның есімі қалай?, деген сұрақтар қойылады. Кейін қандай мәтін оқылатындығы айтылады. Мәтін оқылады.

2. Мәтінді түсіну мақсатында тапсырмалар беріледі. Бұл тұста тез есте сақтау мақсатында көрнекіліктер қолданылады. Яғни, түрлі суреттер студенттерге беріледі. Бұл суреттерді мәтін мазмұнына рет-ретімен орналастыруы тиіс.



3. Әр студентке мәтіннен үзінді карточкалар арқылы ұсынылады. Студент үзіндіні мұқият оқып, бос орындарды жетіспейтін іс-қимылды білдіретін сөздер арқылы толықтыруы қажет. Бұл сөздер мәтінге қатысты болуы шарт. Мысалы,

We ____ there. (play)

She _____ Matilda a ride in it every morning. (gives)

I will teach you to _____ this ladder. (climb) және т.б.

4. Мәтін бойынша берілген сөздер арқылы студент сөйлем құрастырады. Мысалы, Betty and Bob, garden, Matilda, doll, Bingo, smoke, fire, және т.б.

Қорытындылай келе, элективті курс барысында 3,4 сынып оқушыларына ертегілерді оқу қызықты болды. Ертегілер арқылы олар өз ойларын жинақтау мақсатында түрлі тапсырмалармен жұмыс жасады. Бұл тапсырмалар саралап оқыту үлгісіне сәйкес, әртүрлі деңгейлерге бөлініп жасалынады. Әр мәтіннің тапсырмаларының біреуі «А» деңгейінде (жеңіл), екі тапсырмасы «В» деңгейінде (орташа), 1 тапсырмасы «С» деңгейінде (жоғары) құрастырылған. Олардың түрін ауыстырып беруге, басқаша да түрін жасауға болады. Оқылымға арналған тапсырмалар мәтіндерді дұрыс оқуына, сөздік қорына, есте сақтау қабілеттеріне ерекше әсер етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Таубаева Ш.Т. Педагогика: оқулық/Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е.-Алматы: ОНОН, 2017ж.
2. Дьюидж. Демократия и образования. -М.: «Локос», 2005ж.
- 3) Лазарев В.С. Новоепониманиеметодапроектв в образовании //Педагогика., 2011ж. -№10.
- 4) Джулаева А.М..Формирование исследовательских навыков в образовательном процессе у бакалавров. -аль-Фараби ат. КазНУ ғылыми-әдістемелік конференция материалдары., 2011ж.

СҰЛТАНМАХМҰТ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АБАЙДЫҢ ҮЛГІ- ӨРНЕГІ (КӨРКЕМДІК ҚЫРЛАРЫ)

*Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің
ҚТӘ-45 тобының студенті,*

С.Д.Қадырмолдина

ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Ә.Д. Әмренов

Аңдатпа. Бұл мақала жоғары педагогикалық оқу орындарында оқитын барлық топтың оқытушыларына, студенттеріне, мектеп мұғалімдеріне арналған. Мақалада Сұлтанмахмұт поэзиясындағы Абай Құнанбайұлының үлгі-өрнегі және көркемдік қырлары жайлы айтылған. Абайдың өзінен кейінгі ақында дәстүрдің жалғастық табуы туралы көрсетілген. М. Белбаевтың, Т.Қожакеевтің, Б. Кенжебаевтің осы мәселе жайындағы пікірлері мен дәлелдері келтірілген.

Түйінді сөздер: зерттеу, дәстүр жалғасы, поэзия, образ, перифраз, эпитет.

Аннотация. Данная статья предназначена для учителей, студентов, учителей школ всех групп, обучающихся в высших педагогических учебных заведениях. В статье говорится о примере и художественных аспектах Абая Кунанбайұлы в поэзии Султанмахмута. Поздние поэты Абая демонстрируют преемственность традиции. М. Бельбаев, Кожакеев Т., Б. Представлены мнения и аргументы Кенжебаева по данному вопросу.

Ключевые слова: исследование, продолжение традиции, поэзия, образ, перифраз, эпитет.

Annotation. This article is intended for teachers, students, school teachers of all groups studying in higher pedagogical educational institutions. The article talks about the example and artistic aspects of Abai Kunanbayuly in Sultanmahmut's poetry. Abay's later poets show the continuity of tradition. M. Belbaev, T. Kozhakeev, B. Kenzhebayev's opinions and arguments on this issue are presented.

Key words: research, continuation of tradition, poetry, image, periphrasis, epit.

Дәстүр жалғасы әдебиетте кең көрініс табады. Әр әдебиет өкілі өзінің алдындағы жол салушыларынан үлгі-өнеге алады. Сол арқылы өздерінің көкжиегін кеңейтеді. Абай Құнанбаев та үш бағыттан алған білімін өзінің өлеңдерінде қолданады. Олардан алған ақыл, өнегесінің кейбірін дәстүр жалғасы ретінде қолданса, ал кейбірін сынап, дұрысын көрсетіп, жаңашылдық ашады.

Абайды оқымаған, оны үлгі тұтып, өзіне мектеп көрмеген әдебиет өкілі кемде кем. Абай дәстүрін жалғастырушылардың бірі Сұлтанмахмұт Торайғыров болды. Сұлтанмахмұттың шығармашылығында ұлы ақын дәстүрінің реалистік, көркемдік ізі көрініп тұр. Абай шығармаларымен тақырыптық, идеялық, мазмұндық ұйқастары айқын тұр. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың поэзиясындағы Абайдың үлгі-өрнегі туралы Мәрбан Белбаев, Темірбек Қожакеев мақалаларында сөз еткен болатын.

Ғалым Б. Кенжебаев: «Сұлтанмахмұт Абайдың қазақ өлеңдерінің құрылысына еңгізген жаңа үлгілерін өте жоғары бағалады, нағыз өлең деп Абай өлеңдерін ғана білді» – дейді [4, 190].

Сұлтанмахмұт Торайғыров 1913 жылы «Айқап» журналында жарияланған Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан деген мақаласында: «Әдеби туындының қайнаған қанның, қиналған жанның, толғат-қан көңілдің, толғанған жүректің сығындысынан шығуын»

талап ете келіп, «жаңа өнерлі тілді жасайық. Ол өнерлі тілдің үлгісін бізге Абай берді. Абайдан үйренейік. Онан соң сынаптай таза, күмістей кіршіксіз қазақтың ауыз әдебиетінен, бұрынғы сөз тапқыр шешен сөздерінен үйренейік»– деп, оқырманға үндеу салады. Ақын бұрынғы ақындар туралы пікір айтқанда:

Оларды қоя алмаймыз Абаймен тең
Себебі оқымаған – ілімі кем,
– дейді. Абайды Толстоймен салыстыра кеп:
Толстой онан биік күнге жетті,
Күн астындағы елдерге даңқы кетті.
Алса еді Толстойдың тәрбиесін,
Абай да көрсетер ед сондай кепті.
Кірлі тұрмыс, бағытсыз тарихымыз.
Тым алысқа жібермес түзеп бетті [3, 32].

– деп, Абайдың Толстой деңгейіне көтеріле алмауының себебін қазақтың бақытсыз тағдырынан, дамымаған тұрмысынан табады.

Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе!
Адамдықты көздесең,
Жат тоқып ал көңілге [3, 11].

– деп, Абайдың ақындығын жоғары бағалап, өзінің өлеңдерін оқып отырған оқырманға үндеу салады.

Қазақ әдеби тілін жасауда Абайдың еңбегі зор. Әсіресе, қолданылмай жүрген сөздерді енгізді, кейбір сөздерге жаңа мән берді. С. Торайғыров та бұларды еңбектерінде аз қолданбады.

Абай Құнанбаевтың өлеңдерінде сөздердің алдына өзіндік эпитеттер қою жиі кездеседі. «Қан жүректі қайғылы-ау, қайырылып кет сен маған», «асау жүрек аяғын шалыс басқан», «жерін тауып артқыға сөз болмай ма?», «ызалы жүрек, долы қол, улы сия, ащы тіл» деген өлең жолдарынан «асау жүрек», «ет жүрек», «ызалы жүрек», «сорлы жүрек» тіркестерінде ақын эпитеттер қолдану арқылы «жүрек» сөзіне әртүрлі мән беріп тұр.

Сөзге түрліше мән бере көріктендіру Сұлтанмахмұт поэзиясында да кездеседі. Оның поэзиясында «көңіл» сөзі ерекше орын алады.

Үмітті көңіл шегініп,
Жылады сорлы егіліп...
Емізiкті ез көңiл,
Бiрақ әлi сөнген жоқ...
Оқыт бiздi, әкетай!
Қам көңiлiм болсын жай

Шалқыды шар тарапқа сорлы көңіл...

Суытты кейбіріні жылы көңіл[3. 74].

Бұл жолдардағы «үмітті көңіл», «емізiкті ез көңiл», «қам көңiл», «сорлы көңiл», «жылы көңiл» деген өрнектелген тіркестерден Абайдың үлгі-өрнегін көреміз.

Абайдың «Көлеңке басын ұзартып» өлеңіндегі:

Күңгірт көңілім сырласар

Сұрғыл тартқан бейуаққа,

Төмен қарап мұндасар

Ой жіберіп әржаққа.

Адасқан күшік секілді,

Ұлып жұртқа қайтқан ой.

Өкінді жолын, бекінді,

Әуре болма оны қой[1.55].

– деген жолдардағы «күңгірт ой», «сұрғылт бейуақ», «ұлыған ой» ақынның жан дүнесіндегі көңілсіз көріністерден хабар береді. Бұл сияқты сөз қисындары С. Торайғыровтың да поэзиясында да бар. «Күңгірт түспен ойға батып», «жүре алмаймын, жол тұман», «дуаланбаған көңілден, төгіле-төгіле қанды жас», «булыққан көңілім қамығып» жолдарындағы «қамыққан көңіл», «жол тұман», «дуаланбаған көңіл», «булыққан көңіл» сөз оралымдарынан ақынның қамығуын сезінеміз.

Дүние бос, махабаттыз мал секілді

Деген сөзін Абайдың есіңізге ал [3.84],

– деп айта кетеді. Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің шығармашылық іздену жолында Абайға көп еліктеп одан үлгі-өнеге алғаны байқалады.

Абайдың «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңіндегі «Толқынын жүрегіннің хаттай таныр» жолындағы жүрек толқынын хатқа теңеу оған дейінгі ақындарда болмаған құбылыс. Бұл – Абайға тән сөз қолданысы. Осы сияқты сөз қолданыстарын Сұлтанмахмұттың шығармашылығында да кездеседі. Оның «Жарқынбай» атты поэзиясында «Бір-бірі қаракөздің хатын оқып» деген өлең жолы кез болады. Бұл – Абайдың көркем сөз дәстүрі.

«1913 жылы Айқап журналында жарияланған «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» деген мақаласында сол кезеңде, үстіміздегі ғасырдың алғашқы 10-15 жылдығын, қазақ тілінде деп жарық көріп жатқан поэзия дүниесінің алдымен тақырыбы мен мазмұнын, сонан соң идеясы мен түрін қатты сынап, «марқұм Абай өлеңдері басқаларға қарағанда пайғамбардың жүрегінен құйылған құрандай, соқыр кісі сыбдырынан танырлық аққұла ашық тұрады» дейді де оның өткірдің жүзі, кестенің бізі өнегін сендей сала алмас... саудырсыз сары қамқа...

сөзімде жаз бар шыбынсыз деген қолданыстарын мысалға келтіреді» – дейді Р. Сыздық [5.200]. С. Торайғыровта мағынасы жағынан бір-біріне жуыспайтын сөздерді Абай үлгісімен жасаған. Тұрмыстың құрығы (Тұрмыстың ұзын құрығы Бұрды да түсіп мойынды), надандықт тебу (Тебем деп тірі болсам надандықты, Серт етіп өзіме-өзім еткем егес), надандық теңізі (Надандық теңізі тартылар), шындықтың ауылы (Шындықтың ауылын іздеп түстім жолға), үміттің көгі, тағдырдың тасқыны, тағдырдың кермесі (Тағдырдың кездестім ғой кермесіне) сияқты тіркестерден тұрады.

Абай өлеңдерінде перифразды көп қолданған ақын. С. Торайғыров та Абай үлгісімен жаңа өспірім жас шілік (жас ұрпақ, замана жастары), Шоңның, Торайғырдың көк жапырақтары (ұрпағы) сияқты перифраздарды қолданды.

Ұлы ақынның «Сегізаяғы» баяндау мен түйіннен тұратынын білеміз, С. Торайғыровтың да «Алтыаяқ» өлеңі басындағы төрт жолы баяндау болса, соңғы екі жолы қорытынды.

Абайдың үлгі-өрнегі С. Торайғыро ғғвтың кірмесөздерді өлеңдерінде образ жасау үшін қолданғанынан көрінеді. Абайдың «Сәулең болса кеуденде» өлеңіндегі:

Единица — жақсысы
Ерген елі бейне нөл.
Единица нөлсіз-ақ
Өз басындық болар сол.
Единица кеткенде,
Не болады өңкей нөл? [2,67]

– деген жолдардағы «единица», «нөл» деген орыс сөздері бастаушысыз әлеуметтік іс-ірекеттерге бара алмайтын тобырдың образын құрайды. Торайғыровтың:

Қазақша басымыз дер шляпалар,
Очки сап, портфель ұстап жүрген жандар[3,98]

– деген өлең жолдарында келген үш орыз сөзі образ жасап тұр. Бұл қазақ оқығандарының образы шляпа киіп, очки тағып, портфель ұстағанмен халқына тигізген еңбегі жоқ екенін осы үш бөгде сөз арқылы ақын образ жасап тұр.

Бұл айтылғандардан Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өз шығармашылығын дамыту барысында Абай Құнанбаевтан көп үйреніп, оның көркемдік қырларын қолданғаны туралы түйін түйеміз. Абай Құнанбайұлының Сұлтанмахмұт Торайғыровқа тигізген әсері, берген үлгісі бұл айтылған дүниелерден әлде қайда көп.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Құнанбайұлы А. Шығармаларның екі томдық жинағы. Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы. 2005. – 296 бет.
2. Құнанбайұлы А. Шығармаларның екі томдық жинағы. Т.2: Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер. – Алматы: Жазушы. 2005. – 336 бет.
3. Торайғыров С. Сарыарқаның жаңбыры. – Алматы: Жазушы. 1897. Өлеңдер. – 160 бет.
4. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократжазушылары. 1958
5. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: «Арыс» баспасы. 2004. – 208 бет.

**М.ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ
ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮР МЕН ӘДЕТ-ҒҰРЫП
КӨРІНІСТЕРІНІҢ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТЫЛУЫ**

*Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің
студенті, А. М. Қайролла*

*ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының докторы, профессор
С. Н. Сүтжанов*

Аннотация: Қазақ салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын қазақ әдебиетінде “Абай жолы” романынан жинақтап жүйелейміз. Салт жоралғыларға қатысты нақты сюжеттер мысалдар шығармадан алып жазылып қарастырған болатынбыз. Мектеп оқушыларына дәстүрімізді ұмытпай, көненің көзіндегі, сақтап ұстануға ұлттық құндылық дәріптеуге баулу. 11 сынып оқушыларына мысалдарды негізге ала отырып сабақтарда оқытуға болатынын тапсырмалар құрастырып көрсеткіміз келеді.

Кілт сөздер: салт-дәстүр, қазақ, мысал, құдалық, жоралғы, әдет-ғұрып.

Аннотация: Аннотация: обобщаем и систематизируем казахские обычаи и традиции в казахской литературе из романа “Путь Абая”. Примеры конкретных сюжетов, касающихся ритуалов, были взяты из произведения. Приобщить школьников к популяризации национальной ценности, не забывая о наших традициях и сохраняя их в глазах старины. Хотим показать учащимся 11 класса, что на уроках можно учить на основе примеров, составив задания.

Ключевые слова: обычай, казахский, пример, кудалык, обряд, обычай.

Annotation: Abstract: we summarize and systematize Kazakh customs and traditions in Kazakh literature from the novel “The Way of Abai”. Examples of specific subjects related to rituals were taken from the work. To involve schoolchildren in the popularization of national values, not forgetting about our traditions and preserving them in the eyes of antiquity. We want to show the students of the 11th grade that in the lessons you can teach based on examples by making up assignments.

Keywords: custom, Kazakh, example, kudalyk, rite, custom.

Мұхтар Омарханұлы Әуезовті әлемге танытқан да, мықты суреткер жазушы деп жарыққа шығарған бірден бір шығармасы "Абай жолы" роман-эпопеясы. Абайдың ақындық болмысын бала Абайдан, дана Абай болғанына дейінгі өмір жолы мен қазақ даласының тарихымен ұштастырып отырып, танытқан бірегей жазушы. Ел тарихы мен қазақи болмысты, ұлттық құндылықтарымен айшықты салт-дәстүрі мен салт санасындағы әдет-ғұрыпты шығарма арқылы шебер суреттеген оқиғалары бүгінгі жас ұрпақтың бойына дарытумыз керек. Салт-дәстүр уақыт талабына сай кешегінің негізінде дамып, жаңарып отырады. Әуезов Абай өмірін шығармаға өзек ете отырып, сол тұстағы халықтың өмірін, тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік жағдайын, салт-санасын, әдет-ғұрпын, дәстүрін терең қамтып зор шыншылдықпен көз алдымызға әкелеміз.

Мектептің бағдарламасында Әуезовтің "Абай жолы" романын 11 сынып оқушыларына оқуғылатынын білеміз. Оқытуға тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып романдағы салт-дәстүрлердің көріністерін талдап, арнайы тапсырмалар жүйесін, құрастырып ұсынғымыз келеді. Абай жолы романында *құдалық, атастыру, бата беру, қалыңмал беру, бала қайындату, күйеу киім, көрімдік*, тағы басқа көптеген әдет-ғұрыпқа, салт-дәстүрге байланысты көріністерді мектеп оқушыларына мысалдарды көрсетіп оқыту.

Қазақ салт-дәстүрін 1 томындағы "Өрде" бөліміндегі үйленуге қатысты салт жоралғылары туралы 11 сынып оқушыларына оқыту. Қазақ салт-дәстүрлерінің ішіндегі өркениеті кең жайылған екі елдің арасын біріктіріп, туыс ретінде қосатын салт-дәстүрдің бірі ол құдалық. Құнанбайдың жолдасы әрі досы, адал серігі Алшынбайдың қызы Ділдану Абайға жар тең көріп бала кезінде айттырып, қалыңмалын беріп китін беріп алған екен. Осы ретте Құнанбай айттырып келгендегі Алшынбайға қалыңмал берілген көріністернің. *Қалыңмал басы Алшынбайдың өзіне арналған кесек күміс - бесік жамбы. Бұл ілу деп аталып еді. Екі жаққа да мәлім, ілу - киітке орай. Осыдан он жыл бұрын Алшынбай ауылына Құнанбай кеп құда түсіп, Ділдану Абайға айттырған уақытта, бас құда Құнанбайға киіт деп, Алшынбай аулы күміс тартқан. 1/3. 23 б.]* Қазақ дәстүрімен кәде сыйы таруту жасауда, құрметті адамға құдадандалық ғұрыптарында, ортада беделді байқуатты адамдар арасына берілетін кәделі сыйлық түрі. Арнаулы қалыпқа құйылған күміс немесе алтын құйма.

Қазақ салт дәстүрі бойынша қызды кеткеннен кейін ер жетіп есейген шақта екі жасты қосу үшін құда жақ "бала қайындату" салты бойынша күйеу баланы қайын атасының ауылына 10-15 күнде жіберетін дәстүр жоралғылары болған. Күйеу жақ қыздың туыстарына

құда-құдағилардың сыбағасын бірге әкеліп, келіні мен ұлының некесін сол қайын ата ауылында қидыратын. Осы бір жерде “Өрде” бөлімінің басында басталады. *Ұлжан Алшынбайдікіне көп қазына әкелді. Келген жылқы, түйден басқа жыртыстың бұл-матасының өзі екі үлкен атанға артылып келіп еді. Оның ішінде келінге жасау тігілетін, батсайы мақпал, манат, дүрия, шағи бөлек салынған. Бірер сандық осы қымбаттарға толы болса, өзге тендері құда-құдағилар сыбағасы. Шапан, қамзол, көйлек, шаршы. Және толып жатқан ырымдар бойынша төленетін сый-сияпат. [3. 231 б.]* Қазақ дәстүрі бойынша айтылған салт жоралғылар, ырым-тиымдар туралы оқушылардың қаншалықты білетінін осы тұстан көрсетіп зерттеп, оқушыларға өздеріне ізденіс жұмысын жасатауға таптырмас мүмкіндік.

Үйлену салт жоралғыларындағы ұлттық киім кию салты айтпай кетуге болмайды. *Басқа үкі тағу - бар үйеудің әдеті. Ол гана емес, қызыл манат шапан мен биік өкше етік киіп, елден ерекше ұзын төбе тымаққа үкі тағып алу бұл өңірдің бар күйеуіне жол болатын.*

Абайға ауылдан шығар жерде Зере, Айғыз сондай киімдерді әзірлетіп ұсынған-ды. [3. 232 б.] Қазақтың ұлттық салт-дәстүрінің бірі күйеу киімі — қалыңдығын алуға қайын ата жаққа баратын жас күйеу бала міндетті түрде “күйеу киімін” киюге тиісті. Алдынан шыққан жеңгелер мен жас қыз-келіншектер күйеуді киімінен танып алады. Сондықтан күйеу басқа жігіттерден салт бойынша ерекше киінеді. Бөркіне үкі тағып, қызыл шапан, биік өкше етік киеді. Бөркін көзіне түсіріп төмен қарап, кішілік көрсетіп тұрмаса айып төлейді немесе сөзге, күлкіге ұшырайды. Сол бетімен қыз-келіншектердің ортасына түскен күйеу небір азапты әзіл-қалжыңға төзеді. Оның мінген атын «күйеу атымен күл тасы» дегендей ауыл балалары мініп алып қызыққа бөленеді. Осы тұсын мына бір үзіндіден аңғарамыз.

- Күйеу қайсы бұл!

- Бәрінің киімі бірдейі несі! Күйеуше неге киінбеген? - десіп, жақындап кеп, амандаса бастады. Бір келіншек:

- Қой, шырағым! Тобықты тымағын аулыңда киерсің. Біздің аулымызда күйеу тымағымен жүр! - деп бұйрық берді.

Осы кезде келіншектерге еріп келген балалар күйеу жігіттердің аттарына екіден, үштен мінгесіп ап, шаба-шаба жөнелісті. Абайдың мінгені, ақжал, сары жорға ат. «Күйеу атымен күл тасы» дейтін әдет бойынша, енді ақжал аттың көзі ашылмайтын мәлім.

- Өзі жорға гой!

- Ойбай, рақат екен! - деп, мінгесіп алған үш бала соқтырып, тайпалта жөнелген. Алышнбай аулына күйеулер мен барлық қыз-келіншек жаяулап келді. [З. 231 б.]

Халқымыздың дәстүрі бойынша неке қиып болғанан кейінгі жасалатын салт-жоралғыларды қалыңдықтың жеңгелері бастап өткізеді. Сондай дәстүрлердің бірі мына көріністен көруге болады. *Екі қолдың арасында бір қабат сусылдаған жібек жүр. Сол арқылы ұстатады екен. Абайдың қолын ала беріп. Бері кел! Шаш сипа! - деді. Женге Абайдың қолын өзі көтеріп апарып. Ділдәнің арқасындағы бұрымына қос бұрымына тигізеді. Қол ұстату, шаш сипату деген атақты ырымдар осы. Шаш сипатардың алдында күйеу жақтан берілетін үлкен сыйы болады. [З. 238 б.]*

Осы ырымдарды жеңгелері келген күйеу бала мен қызды бір-бірімен таныстыру мақсатында жасататын жоралғылар. Алғашқы рет көріп тұрған қалыңдығының қолы мен шашын сыйпаудың өзі қазақ халқының салтының ерекшелігін байқатады. Барлық жоралғылар аяқтала келе кеш құрым жас жұбайларға жеңгелері төсек салып, болғасын күйеу баладан алынатын сыйықы ретінде сұралатын алым дәстүрдің бірі “етік тартар” дейтін ырым жайын айтапай кетпеу мүмкін емес. Ол көрініс былай көрсетіледі.

Сырт киімін Абай өзі шешіп еді. Женгесі соны іліп келіп, дәл мәсіні шешерде, ырымды ескертті.

Етік тартар дейтін бір алым тағы бар. Күйеудің етігін женге шешеді де, тағы ақы алады. Абайдың қалтасына шешесі салып берген ақша бар-ды. Ішінен аса ыңғайсызданып отырып, Абай сол ақшаны жеңгеге тастады. [З. 240 б.]

1-2 сабақ. 11-сынып қазақ әдебиеті

Тақырыбы: М.Әуезов “Абай жолы” эпопеясындағы ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар.

Оқытылатын бөлім: 1 том “Өрде” бөлімі 230-277 беттер.

Сабақтың мақсаты: Шығармадағы ұлттық жалпыадамзаттық құндылықтарды талдай отырып тұжырым шығару.

Сабақтың түрі: Дәстүрлі сабақ.

Сабақтың әдісі: Блум таксономиясын жүйеге ала отырып талдау. Сұрақ-жауап, пікір талас, топтық жұптық талдау. Венн диаграммасы “Ойлау, жұптасу, бөлісу” әдісі. Кері байланыс.

Сабақтың басы: I Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасып, түгендеу. Сабақ мақсатымен таныстыру.

II Қызығушылықты ояту (психологиялық ахуал)

“Пазл” әдісі арқылы салт-дәстүрлерге қатысты қима суреттер беріп ой-пікірлерін сұрау.

Сабақ ортасы: Блум таксиономиясын ұстана отырып.

Білу және түсіну сатысы: бөлімді оқып мазмұнын түсіну.

Қолдану сатысы: Бөлініп көрсетілген мысалдарды қолдану.

Талдау сатысы: Пікір алмасу, тапсырмалар орындау, талдау.

Жинақтау сатысы: Алған білімдерін жинақтау, қорытындылау.

Бағалау сатысы: Соңғы бағалау реті.

1 тапсырма Сұрақ-жауап әдісі 6 мин

1. Абай неге күйеу киімін кигісі келмеді және қазір күйеу киім бар ма?

2. “Өрде” бөлімі бойынша тағы қандай салт-дәстүрлер кездеседі.

3. Құнанбай берген қалыңмал мен қазіргі замандағы берілетін қалыңмал екеуінің айырмасы?

4. Қазақ халқында қыз айттыруға кімдер барған?

5. Екі жас үшін жеңгенің орны атқаратын қызметін қандай?

Дескриптор:

- берілген сұрақтарға жауап бере алады.

- өз ойларын салыстыра отырып айтады.

Қ.Б. “Бағалау карточкалары”

2 тапсырма “Оқизалар тізбегі” әдісін қолдану.

Үйлену салт-дәстүрінде өтілетін жоралғылар бойынша берілген бөлімдегі оқиға желісін ретімен орналастырады.

Дескриптор:

- оқиға желісін ретімен орынтастыра алады.

- өз көзқарасымен баға берелі. **Қ.Б.** “Мадақтау сөздер”

3 тапсырма «Кубизм» әдісі арқылы шағын топтарда жұмысты ұйымдастыру. Ол үшін әр топ кубикті лақтырып, кубикте түскен тапсырманы орындайды. Кубиктің алты қырында алты топқа тапсырма жазылған.

Салыстырыңыз: оқушылар құда түсу дәстүрін басқа ұлттың құдаласу дәстүрімен салыстырады.

Сипаттаңыз: Үйленуде жасалатын дәстүрлерді сипаттап, түсіндіреді.

Зерттеңіз: құда түсу салты туралы қандай шығармаларда кездесетінін тауып, шағын зерттеу жүргізеді.

Талдау жасаңыз: «Абай жолы» романында салт-дәстүрлерді сипаттау шеберлігіне, жазушы тіліне талдау жасайды.

Қолданыңыз: «Құда түсу» салты туралы шетелдіктерге арналған танымдық буклет, жарнамалық нұсқада дайындайды.

Дәлелдеңіз: құда түсу салтының өзгеріске ұшырағанына дәлелдер келтіріп, пікір білдіреді.

Дескриптор:

- салт-дәстүрлерді оқушылар салыстыра алады.
- ізденіс жұмысын жасай алады, зерттеу жүргізеді.
- өзімдік қорытынды жасап, дәлелдер келтіріп, пікір білдіреді.

Қ.Б. “Бағалау карточкалары”

Сабақтың соңы: Қорытындылау “Қар кесегі” әдісі арқылы оқушылар бір-біріне екі сұрақ дайындап қойып сабақ соңын қорытындылау.

Кері байланыс: “СМС” әдісі. Оқушылар сабақтан алған әсерлерін білдіреді.

Үй тапсырмасы 2 том бөлімін оқу.

Қорытындылай келе қазақ дәстүріне айтар сын мен пікір жетерлік. Болашақтың ертеңіне қазірден бастап, шығармалардағы берілген салт-дәстүрлерден мысал ретіне көрсетіп ұлтымыздың дәстүрін жаңғырта жалғасытыруға міндеттіміз. Ұмыт болып бара жатқан дәстүрдің жалғасын көрсететін бірден бір шығарманың бірі осы Абай жолы екенін мойындаймыз. Мектеп оқушыларына эпопеяның жазушы суреттеген барлық қырын жас жеткіншекке 45 минутта оқыту мүмкін емес. Бір тоқсанға арнайлап берілген роман болғандықтан, әр сабақтың тақырып, мақсаттары мен нәтижеге бағыттарған оқытуда тиімді әдістерді заманауи инновациялық әдістер арқылы дамыту болып табылады. Оқушыны көркем әдебиетті құштарлықпен оқуға, олардың оқырмандық қызығушылық қабілетін ашуға жетелейміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Орда Г., Дәрібаев С., Сатылова А. Қазақ әдебиеті 11 сынып Мектеп баспасы, 2019 - 206 бет.
- 2.. https://adebiportal.kz/kz/news/view/auvezov-abai-zolyn-qalai-zazdy__19268
3. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. - Алматы: «Жазушы» баспасы, 2021. - 376 бет.
4. Қазақ салт-дәстүрлері. Құрастырған Әлижан Тауұлы. - Алматы: «Балауса баспасы», 2017. - 384 бет.
5. Бітібаева Қ. М. Әуезов туындыларын мектепте оқыту - Алматы: Мектеп, 2002 - 120 б.
6. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. - А.: Рауан, 1997. - 285 бет.

И.БАЙЗАҚОВТЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Құттыбаева А.

Иса Байзақов шығармалары – өзі өмір сүрген уақыттың айнасы. Олай дейтініміз, ол өз мезгілінің жүрек лүпілі мен тамыр соғысын тап басып, тани білді. “Күндер бар күн ішінде күннен де ерек, Тарихта өшпейтұғын қалған дерек”, – деп өзі айтқандай, ел басынан өтіп жатқан оқиғалардың бірде-бірін назардан тыс қалдырмады. Сұңғыла ақын шығармасына өзек етер тақырыпты таңдауда талғампаз болды, оның мазмұнын жоғары деңгейде ашып көрсетуде кемеңгерлік танытты. Ерлік пен ездік, даңқ пен дақпырт, шаттық пен қасірет секілді қарама-қарсы құбылыстар шиеленістерінің шешімдерін тыңдарман мен оқырман санасына шебер де жеңіл жеткізе білді. [1, 31б.]

И.Байзақов шығармаларының тақырыбы әр алуан. Социалистік құрылысты, Түркістан-Сібір темір жолының төселуін, өнеркәсіп орындарын, завод, фабрика, шахта тынысын, совет жастарының ерлік әмірін, өз сөзімен айтқанда, “жер мен көктің қымбатын, күннің асыл сымбатын”, “көңілдің күйлі жырымен, нақ-нағымен тізілтіп”, асқақ шабытпен бейнеледі. [1, 33б.]

И.Байзақовтың лирика жанрындағы шеберлігін айқындау, ақын өлеңдерінің жанрлық табиғатын, тақырыптық-көркемдік мазмұнын ашуды көздейді. Өлеңдерінің басты идеясы мен тақырыптары сан алуан. Тақырыптық кеңдігімен ғана емес, жанрлық көпқырлылығымен де дараланады. Ақын өлеңдерінде табиғат, азаматтық, саяси-әлеуметтік лириканы суреттеуімен ерекшеленеді.

Лирикада ой мен сезім бірлесіп, терең қабысады. Жанрлық сипатын сөз еткенде, оның бар кезеңде, бар ақында үнемі біркелкі бола бермейтінін, керісінше дәуір, стиль әсерімен түрлі өзгеріске түсіп отыру мүмкіндігін алдымен айтқан жөн. Осы орайда белгілі орыс зерттеушісі В.Г.Белинскийдің: “Жанрлардың шекарасы нағыз дәлдіктен гөрі шамамен айырылады. Қайткенмен де оны картада мемлекеттің шекарасын көрсеткендей саусағыңмен нұқып көрсете алмайсың. Көркемөнер қай жақтағы болсын, бір шекарасына таяна беріп, өзінің әуелгі мағынасын біртіндеп жоғалтады да, шекаралас екінші жанрмен мағыналас болады. Сөйтіп, шекаралас екі сипаттар ортақтасып екеуін жинастырады” – деп, жазғанын Б.М.Нұржауқызының “Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық-стильдік ерекшелігі” атты зерттеу еңбегінде жанрлық сипатын анықтау үшін қолданғаны тегін емес. [2, 76.]

Ақынның отыздан аса өлеңдері бар. 1920 жылдардан бастап, жазып шығарған өлеңдерінде Октябрь жеңісін, совет заманындағы еңбекші халықтың бостандық бақытын, сонымен бірге талантын оятып әдебиет майданына шығуына жол ашқан ақындық мақтанын да зор қуанышты сезіммен жырлайды. [3, 11б.]

1925 жылы жарық көрген “Біздің еңбек”, “Сегіз жаста Ұлы Октябрь” өлеңдері “еңбек” тақырыбына шақыратын ақын өмір сүрген кезеңнен сыр шертетін өлең жолдары. Халықты еңбек етуге, еңбек қатарына қосылуға шақырады. Еңбекші елдің үміті, еңбекпенен шынығуы және еңбекке тізе қосып жұмылуын көрсетеді. “Ұлы Октябрь сегіз жасқа толған күн, Езілгендер ұрандасып той тойлап, Жауыздардың қол-аяғын бұған күн” – деп, Ұлы Октябрь төңкерісінің жеңісімен құттықтау жолдарын көре аламыз.

1927 жылы жазған “Мақтандым, бүгін мақтандым” дейтін толғауында ақын Октябрь революциясының жеңісі арқасында қазақ еңбекшілерінің бақытқа қолы жеткендігін жырлайды. Заман өзгеріп, ел бақытқа кенелумен бірге ақынның жаны мен жүрегі де жаңарды. [3, 11б.]

Заманымның қанатын,
Аспанға ұштым міндім де,
Арқаның сансыз даласы,
Қуандым жаңа ел көрдім де. [3, 56б.]

1938 жылғы “Жау адымын аттатпан” деген советтік патриотизм идеясымен жазылған өлеңінде:

Жайнатып нұрлы Отанда өмір гүлін,
Сайратып бұлбұл құстай ақын тілін.
Дәуірде Сталиндік бақ дарыған,
Шаттықтың шарықтаймын жырлап жырын. [3, 11б.]

“Даналардың данасы” атты өлеңінде ақын дүниежүзіне белгілі кемеңгер ақын-жазушыларды – Пушкин, Лермонтов, Толстой, Максим Горький, Абай, Фердоуси, Гомер, Хаям, Шайх Сағадиларды атайды, олардың ақындық талантына бас иеді. Осылардың өмірі мен творчестволық қызметі И.Байзақовқа зор үлгі болған. [3, 12б.]

И.Байзақов осы кездегі шығармаларында еңбек, құрылыс тақырыбын Совет Одағының даңқты ерліктерін ішіне кіре нақты жырлады. Сол нақты жырлаған тақырыптың бірі Түркістан-Сібір темір жолының салынуы. Бұл тақырыпқа арнап ақын “Турксиб”, “Алатау неге шаттанды”, “Алатау неге шаттанды” деген толғау жырларын жазады. Мұнда ақын совет адамдарының, жұмысшы табының қажырлы еңбегін, дүлей асау табиғатты, алып тауларды жеңіп, бағындырып, бұрынғы мылқау қазақ даласынан темір жол жүргізіп, ел өміріне ұлы

жаңалық орнатып жатқандығын күшті ақындық сезіммен жырлайды. Әсіресе “Алатау неге шаттанды” деген толғауында ақын Алатау, Алматы төңірегінің тамаша сұлу табиғаты, темір жол салынып келе жатқан жердегі еңбек ерлігі мен жергілікті халқының қуанышты сезімдерін көтеріңкі леппен шебер сипаттайды. Ақынға еңбек дүниесі мен табиғат дүниесі бірдей сұлу, бірдей қызықты. Ол өмірге көңілі толы сезіммен қарап, өзін ерекше шаттық күй билегендей зор шабытпен жырлаған. [3, 20б.]

Неге Алатау шаттанды?

Неге аспандап мақтанды?

Шаттығына себеп сол –

Бауырында орнап астана,

Асқарының астына,

Кестеленді темір жол... [3, 76б.]

Сұлу Алатау, құлпырған бақшалы Алматы қаласы, даланы думан қылып жеткен жаңа темір жол, сол жолды салушы жұмыскерлердің қажырлы еңбегі, бақытты совет елінің жарқын келешегі, барлығы – ақынның Алатаудай асқарлаған ақындық дүниесінен түгел орын алғандай, өзі де Алатаудай асқарлап зор мақтанға берілгендей. Әсіресе поездың келіп жетуі, жүйрік жүрісі ақын поэзиясына үлкен қанат бітіргендей. Оны ақын кейде теңдесі жоқ, ұлы бір алып күш иесіне, кейде жел жетпес жүйрік тұлпарға ұқсатып суреттеп кетеді. [3, 21б.]

Бұл өмірдің сыртқы жарастық көрінісіне арналған көңіл күйінен туған “Мендік” лирика ғана емес, ол осы сыртқы әдемі көріністің қоғамдық мәнін ашады, темір жол мен поездың қазақ даласы мен социалистік өмірдің келешегі үшін негізгі ұйытқы екендігін терең түсіндіреді. [3, 21б.]

1929-1930 жылдары қазақ ақындарының бірталайы Турксиб темір жолы тақырыбына елеулі шығармалар жазғанда, Иса да олардың қатарында, бірақ өзінің суретшілік шеберлікпен Турксибті дұрыс идеялы көркем түйіндеумен жырлады. [3, 22б.]

Иса кемелдігінің бірі – оның әнші-композиторлығы, бұл дара біткен қасиеттің негізі де тулы топырағының нәрі мен халқының қазыналы болмысында жатыр. “Назқоңыр”, “Ақерке”, “Жонып алды”, “Бір бидай”, “Кербез сұлу”, “Желдірме” т.б. тәрізді ән-өлеңдері отандық поэзия мен музыкамыздың алтын қорына қосылды. [2, 31б.]

Сондай-ақ пәктікті, нәзіктікті, тазалықты мәдімдейтін “Назқоңыр”, “Асылзат”, “Ақерке” әндері тыңдаушысын әлдилеп, әуелетіп әкетеді. [1, 34б.]

Иса Байзақовтың халық әндеріне лайықтап шығарған тектерінің мәні мен сәні, кербездігі мен кемелдігі қиялыңды қозғап, ой дүниесін

тербейді. Осынау жарасынымдылық, түр мен мазмұнның тұтастығы өміршеңдіктің кепілі. Мысалы:

“Акерке, ақ күмістей сенің жүзің,
Ақылың айдын шалқар көк секілді”

“Сары ағаш сазға біткен секілденіп,
Қай жерде отыр екен бұраң белім” [1, 35б.]

Әрі әнші, әрі композитор бірнеше әндердің авторы әсіресе желдірмелерімен тыңдаушыны дүр сілкіндірген И.Байзақов қазақ музыкасына да өзіндік үлес қосты. Брусиловскийдің Құрманғазы атындағы халық аспаптары оркестріне арнап жазған “Желдірме” ақынның “Желдірмесінен” алынған. Өнердің жан-жақтылығын көрсететін И.Байзақов өнері шынында да әркімнің де бойынан табыла бермейді. [4, 16б.]

Суырып салма ақынның желдірмелері совет тематикасына арналып жазылған бірінші ән. Ол өлең – бақытты өмірдің бейнесін көрсетеді. Елдің азат еңбегінің толқынды үнін, ритмін суреттейді. [4, 91б.]

“Желдірмелерінің нақты тақырыптары, суреттелетін нақты объекті бейнелері – құрылыс, темір жол, Қарағанды, өнеркәсіп орындары. Ондағы жұмыскерлердің, совет жастарының ерлігі, абырой, мақтанға айналған еңбек дүниесі”. [10, 23б.] Сондықтан ақын желдірмесінде:

Жұмыскер еңбегіне сенетұғын,
Болса да қандай қиын жеңетұғын,
Айнымас алып күштің арқасында
Құлпырып тұрмысқа гүл егетұғын. [10, 34б.]

Бұл жолдарда еңбек ері жұмысшыны жырласа, Қарағанды туралы желдірмесінде сол сарынды дамытып “тілегі бір, жүрегі бір” миллион күштердің тұлғасын жырлайды.

Қарағанды үшінші алып көмірлі,
Гүлдендіріп нұрға малып өмірді,
Тілегі бір, жүрегі бір миллион күш
Кен шығарып,
Жем шығарып,
Ұлы іске берілді. [10, 35б.]

Осы жырларда немесе әндердің сөзі ретінде жазылған толғау, лирикаларында ақын құрылыс, еңбек, өнеркәсіптеріміздің тасқынды лебін, қарқын күшін айқын бейнелеп отырған жоқ па? Бұл толғау лирикалардың көркемдік әсері, әсіресе, Исаның өзі шығарған әнімен айтылғанда, арта түсетіндігі де даусыз. Бұл шығармаларда жеңіспен үздіксіз алға басқан социалистік дәуіріміздің қарқын күші де, асқақты

үні де берілгендігін көремі. Міне, бұл дәуірдің үнін, совет адамдарының жүрек соғуын терең ұғынған ақынның поэзиялық тілі – ақынның ерекшелігі. [3, 246.]

Ақын желдірмесінде заманымызға сонымен бірге совет адамына тән сипатты сол жеңімпаз асқақты сарын күймен бермек болады. [3, 236.]

Ал, алқа, келді кезің жайнайтуғын,
Бұлбұлдай бақшадағы сайратуғын,
Өнердің қиясына шыққан сайын,
Болаттай тастан табан таймайтуғын.
Дабылы дауылпаздай шарықтаған,
Екпіні самолеттей заулайтуғын,
Талапты жастарымыз үйреніп ал,
Ән еді желдірме атты самғайтуғын. [5, 66.]

Темір жол тақырыбымен қатар, Исаның бірқыдыру түйіндеп жырлағаны өнеркәсіп-құрылыс тақырыптары: Қарағанды, еңбек, станок, фабрикада директор болған комсомолка қыз Ажар, шахтерлар, Алтай тағы басқалар туралы жазылған толғау лирикалары, тақпақ – “Желдірмелері” Сталиндік бесжылдытар дәуіріндегі совет адамдарының еңбек майданындағы ерліктерін, еңбекке коммунистік көзқарасын суреттейді. [3, 226.]

Иса Байзақов желдірмелері советтік өмір шындығын, революция жеңісі мен жемісін аса күшті екпінмен, поэзиялық тілмен кестеледі. Асқақ үн, шабытты, шаттық күй, лепті сөз, жалынды лебіз, дарынды, қуатты сөз, сыңғыр қаққан әуезді, әсем ұйқасым, өлең сөздерінің шоқтай қызулығы мен әнге бейімділігі, қанаттылық пен жігерлік – Иса Байзақов желдірмелеріне тән сипаттар. [1, 35]

Ақынның жазып қалдырған бес желдірмесі бар. Әр желдірмесінің айтқысы келген ойы бірін-бірі жетелеп отыратындай. Айтылған бірінші желдірмені кіріспе бөлігі деп қарастыруға әбден болады.

Екінші желдірме – Қазақстан табысы шексіз деп әсірелеп, Турксибтің шөл далада салыну жайы, халықтың техниканы меңгеріп үйреніп келе жатқандығы, Қарағандының кен байлығы туралы айтылады.

Үшінші желдірмесінде айналысы кенге шөккен қазақ даласын географиялық атауларымен көрсеткен.

Дариядай шалқып жатыр бізде мұнай,
Мол байлық мұнай алқа жанарындай,
Қарсақбай, Қарағанды, айдын Балқаш
Қайнардай кен береді тыным алмай. [5, 76.]

Риддер, Алтайдағы қойны-қонышындағы алтынды айта келе “Нормасын екі-үш есе орындатып, Рапорт Сталинге берді талай” деген жолдармен аяқтайды.

Төртінші желдірмесінде Доссор, Байшонас, Мақат, Бекпай жерлерінің кен байлығын ғана айтып қоймай, оның әрқайсысында жұмыс жасайтын мыңдаған жұмысшылар бар екендігін де сөзге қосады.

Төртінші желдірмедегі әр кен орнында жұмыс жасайтын мыңдаған адам десе, бесінші желдірмеде жұмысшылар саны мың еселенеді. Миллиондаған адамның еңбегі, қажыр-қайраты айтылып, бесжылдықтағы ұлы дабыл қағылғаны суреттеледі. Бесінші желдірме өлеңінің қорытындысы болғандықтан болар асқақ өлең шумақтарын әсерлі аяқтайды.

Кенге толы, біздей, сірә, бұл әлемде жер бар ма?

Бізден басқа жер жүзінде еңбегі асқан ел бар ма?

Елінде еңбек, жерінде еңбек қайнаған,

ССРО-дай тасқын көлдей кен бар ма? [5, 9б.]

“Көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған, дүниеге сирек келетін, жаратылысы айрықша өнер иелері санаулы. Сол санаулылардың ішіндегі сан қырлы сандағы – Иса Байзақов. Теңдессіз суырыпсалма ақынның өмірі мен өнері кезінде көргендерді де, кейіннен естігендерді де тамсандырып келеді”. [6, 173б.]

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Е.Арын. Иса Байзақов. – Павлодар: ЭКО, 2003. – 184б.
- 2.М.Н.Баратова. Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық-стильдік ерекшелігі. – Астана, 2006
- 3.М.Әуезов. Иса БАЙзақов шығармалары. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1951. – 510б.
- 4.Ғ.Балтабай. Иса ақын және оның ұрпақтары. – Павлодар: ЭКО, 2008. – 406б.
- 5.И.Байзақов. Құралай сұлу. – Алматы: Атамұра, 2007. – 192б.
- 6.Ы.Бекен. XX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Дәуір, 2022. – 384б.

УДМУРТ ТАРИХЫНДА ЭТНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ҮДЕРІСТЕР

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің
студенттері*

Д.Б. Маданиев, А.Е. Ыдырыс

*ғылыми жетекшісі: тарих мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) А.М. Садыкова*

Аңдатпа. Бұл мақалада удмурт халқының тарихындағы этникалық және мәдени үдерістер қарастырылады. Авторлар тарапынан кең көлемді дереккөздерді талдау нәтижесінде удмурт халқының этногенезі, мәдениеті мен дініне байланысты өзекті мәселелер талданады. Зерттеу әдістері – талдау және синтез, индукция және дедукция, жүйелеу.

Түйінді сөздер: ар-удмурт, Еділ-Орал, этникалық үдерістер, әдет-ғұрып, Еділ-Кама, антропология, ассимиляция.

Abstract. This article examines the ethnic and cultural processes in the history of the Udmurt people. The authors analyze topical issues related to the ethnogenesis, culture and religion of the Udmurt people based on the use of a wide range of sources. Research methods – analysis and synthesis, induction and deduction, systematization.

Key words: ar-Udmurt, Volga-Ural, ethnic processes, customs, Volga-Kama, anthropology, assimilation.

Аннотация. В данной статье рассматриваются этнические и культурные процессы в истории удмуртского народа. Авторами на основе использования широкого круга источников анализируются актуальные проблемы, связанные с этногенезом, культурой и религией удмуртского народа. Методы исследования – анализ и синтез, индукция и дедукция, систематизация.

Ключевые слова: ар-удмуртский, Волго-Уральский, этнические процессы, обычаи, Волго-Камский, антропология, ассимиляция.

Мақалада XIX-XX ғасырлардағы пұтқа табынушы удмурт халқының тарихында орын алған этникалық және мәдени үдерістер, соның ішінде исламды қабылдауы және олардың қазан татарлары, ішінара башқұрттар арасындағы ассимиляциясы қарастырылады.

Тарихнамалық талдау зерттеушілердің удмурт халқының этникалық, мәдени, діни дамуы мәселерін қарастырғанын байқатады. М.Г. Атаманов удмурт халқының жалпы тарихы туралы зерттеу жазса, Е.П. Казаков удмурт халқымен тығыз байланысты Танкеев қорымы бойынша мәліметтер қалдырған.

Удмурттар – Еділ-Орал аймағындағы ең көне этнос. Халықтың қалыптасуының бастауы б.з.д. VIII–III ғғ. саятын көне дәуірлерден бастау алады. Вятка, Белая және Кама өзендерінің бассейндерінде, Еділдің орта ағысына дейін, Ветлуга, Илетье, Казанка, Свияга өзендері бойында Ватка және Калмез атты екі тайпалық бірлестіктен құралған

удмурттардың этникалық негізі қалыптасты. Сонымен бірге басқа да 70 рулық топтар кірді.

Удмурттардың арғы тегінің үнді-иран оңтүстік көшпелі тайпаларымен Ұлы қоныс аудару кезеңіне (б.з. IV-VIII ғғ.) дейін өзара байланысты болды. Осы уақытта иран тілді тайпаларды Оралдан, Орталық Азия және Оңтүстік Сібірден келген көптеген түркі-тілдес, угор көшпелі этникалық топтармен ығыстырылды.

4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. – 208 бет.
5. Марғұлан. Ә.Х шығармалары – Алматы: «Алатау» баспасы, 2007 - I том – 608 бет

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ МЕН ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ СОПЫЛЫҚ ҮНДЕСТІК

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің
3-студенті, қазақ тілі мен әдебиеті*

Сағидолла Айзада Аязбайқызы

*ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының докторы, профессор
Сүтжанов Сейфитден Назымбекұлы*

Аннотация: Мақалада қойнауы сонау Шығыстан бастау алатын сопылық әдебиеттің қазақ ақындарына тигізген ықпалы жайлы ой қозғалады. Қазақ әдебиетіндегі сопылық дүние танымның көрнекті өкілдері Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығындағы суфизм сөз етіледі.

Аннотация: В статье рассматривается влияние суфийской литературы на казахских поэтов, истоки которой уходят далеко с Востока. Суфизм в творчестве видных представителей суфийского мировоззрения в казахской литературе Маишхур Жусуп Копеевич и Шакарима Кудайбердиевича.

Annotation. The article reflects on the influence of sufi literature on Kazakh Poets, which originates from the distant East. Sufism in the work of mashhur Zhusip Kopeevich and Shakarim Kudaiberdiuly, prominent representatives of the Sufi world in Kazakh literature, is mentioned.

Түйін сөздер: сопылық, шығыс шайырлары, дін, иман, философия, қазақ әдебиеті.

Кіріспе

Ислам діні кең етек жайған шақта Шығыс әдебиетінің кемелденуі төл әдебиетке әсер етті. Мәдениет, әдебиет, философия қатарласа дамып, Шығыс елдерінен орасан зор ғалымдар мен данышпандар шықты. Шоқтығы биік шығармалар дүниеге келіп, қазақ әдебиетіне серпіліс берді.

Шығыс шайырлары мұсылмандық түсінікті молынан қарастырып, сопылық таным табиғатын ашты. Араб-парсы тілдерін меңгерген өкілдер сопылық ағымды қазақ дүниетанымынан көре алды. Абайдан басталған жаңашылдық Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығымен жалғасын тапты. Ислами құндылықтарға негізделген суфистік поэзия замандас тұлғалар Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығында қазақы тұрмыс-тіршілікпен сабақтасады.

Негізгі бөлім

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығындағы ғасырлар

сабақтастығымен келген сопылық дүние таным айқын байқалады. Жазбагерлер араб-парсы және өзге тілдерді жетік білу арқылы Шығыс әдебиетінен сусындаған. Оған Шәкәрімнің мына өлең жолдары мысал бола алады:

Жасымнан жетік білдім түрік тілін,
Сол тілге аударылған барлық білім.

Оятқан ерте мені – Шығыс жыры,
Айнадай айқын болды әлем сыры. [9.81]

Абай тәрбиесінде болған Шәкәрімнің шығыс әдебиетімен таныс болуы таңсық жағдай емес. Абай өзі де Фзули, Шәмси, Сәйхали, Науаи, Сағди, Фердауси, Хожа Хафиз сынды шығыс әдебиеті өкілдерін өзіне ұстаз санап, пір тұтқан. Тіпті «Иүзі рәушән, көзі гәуһәр», «Әлифби» атты алғашқы өлеңдері араб, парсы тілінде жазылған.

Сөйтіп шәкірт інісіне «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың» [8.51] деп Абай ұстазы ақыл айтады.

Адамдық борышың,
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай
Ар сақта, оны біл. [9.167]

– деген өлеңінен ақын ағасының сөзін өмірлік жолдас еткені көрінеді. Діни сауатпен қоса оқу-білімді де адам өмірінің айнымас бөлігі ретінде көреді.

Әр қаламгер өз заманының ащы шындығын, болып жатқан төнке-ріс дүниені жанына батқан соң қозғайды. Шәкәрім өз шығармашылығына терең философиялық көзқараспен бойлағанын аңғартады. Өлеңдерінде толық адам концепциясы жайлы да айтылады. Адамзат ұлы жаратылыс, хайуан атаулыдан жоғары тұруы оның иманы, көкірегінің ашық болуында деп тұжырымдайды. Ал ондай мінез-құлықтан жұрдай адамның хайуаннан айырмасы жоқ дегендей. Өмір адам баласына ішіп-жеп, ойын-сауық үшін берілмегенін, діннің ақ жолынан танбай, білім үйреніп, адалдық пен адамгершілік заңдылықтарын биік қоюды насихаттайды.

Ынсап, рахым, ар, ұят, сабыр, сақтық –
Талапқа алты түрлі нөқта тақтық.

-деп атаған алты қасиетке ғалым Балтабай Әбдіғазизұлы былай пікір білдіреді: «Шәкәрім өмір азабының адам тіршілік атрибуты бола алмайтынын дәлелдейді. Оған жетудің, адам өмірін түзетудің, сол арқылы «таза адам» қалыптастырудың ең керек құралдары жоғарыда

айтылған алты қасиет. Олар жоқ жерде «таза адам» да жоқ, мәнді өмір де жоқ». [4.77]

Ақынның ұлы Ахат Шәкәрімұлының естелігінен: «Жайлауға шыққанда, бір күні бір топ жастар әкейге келді. Сонда жақсы-жаман адам жәйлі сөз қозғалды. Өмірлі: «Қажы, маған жақсы, жаман кісі қандай болатынын жазып беріңізші! Ол менің өлеңім болсын. Мыналарға айтып жүрейін» - деді. ... Міне, Өмірлінің өлеңі деп, мына өлеңді оқыды:

Адамның ең жақсысы – қиянатсыз, Ақ көңіл,
Ең залалкес жасығы – тайғақ мінез, Екі тіл.
Көз мінезді құбылса – ар-иманы жоқ деп біл,
Аулақта жемтік сыдырса – оны ойымен айуан қыл.
Дұшпанға да бол әділ, түсірме ойға тот пен ніл,
Осы өлеңді құлаққа іл, болсаң егер біздің ұл!» [8.178]

– деп адамның жақсысы тірі жанға қиянат етпейтін, ары мен иманын саты басқыштың алдына қоятыны деп бағалайды.

«Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді... өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім» [5] деп Шәкәрім адамның жүрегі тоқтаған соң арғы дүниеде бір өмір барына сенім келтіріп, оны ұжданмен сабақтастырады.

Ұждан деген мұсылманша түсінік. Орыстың “совесть” сөзін аударсақ қазақша ар дегені ғой. Ұжданды осы өмір үшін де, соңғы өмір үшін де керек болатын азық көреді. Егер ол тек осы өмір үшін ғана керек болатын болса, не пайда үшін, не мақтан үшін болар еді десе керек.

Академик Ғарифолла Есім: ««Үш анықта» ар білімі туралы айтылып отырғаны білгілі болмақ. Бірінші анық Алла тағаланың алғашқы білімі болса, екінші анық жанның мәңгілігі туралы пайым, үшінші анық – ар білімі.» [5] деп аталған ұғымдарға түсінік береді.

Алла тағала жолын анық көрген бұл трактат барша мұсылмандарды таза жолға бастаушы. Ар тазалығын берік ұстап, адам атаулының бәрін бауырдай сүйіп, екі өмірді жақсылықпен сүргізетін мұсылман жолын насихаттаған данышпан ұлы философиялық еңбек тудырған. Ойды түйіндей келе, жоғарыда аталған өлеңдердің ішінде Шәкәрімнің «ар» сөзін қолдануының астарында «ұждан» деген діни-философиялық мән жатқандай.

Ақын Мәшһүр Жүсіп білім қуып Бұқара, Ташкент шаһарларына сапарға шығады. Сол сапарда ғылыми тұрғыдан білімін жетілдіреді. Шығыс ғұламаларының еңбектерімен танысып, кітаптарын түгел оқып шығады. Азияға сапарға бару себебі қазақтың ұлы хандары тақ құрып,

бұрынғының мәдениеті сіңген жерлер болған. Мәшһүр Жүсіп көрген-барған жерлері жайлы қағаз бетіне түсіріп отырған.

Мәшһүр Жүсіп шығармалары Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йүгнеки, Сүлеймен Бақырғани, Рабғұзи, Құтып, Хорезми, Хұсам Кәтіп, Сейф Сарай шығармаларымен үндестік тапқан. Бұл туралы Ертай Жүсіпов: «Түркі әдебиетінде сопылық сарында жазғандар Қожа Ахмет Йасауи, Юнус (Жүніс) Эмре, Ашық патша, Сүлеймен Бақырғани сияқты атақты ғұлама ақындар. ... сол замандағы тарихи шындықта бұл сопылық ілім әдебиет арқылы түркі халықтарының ұлт болып бірігуіне үлкен пайда келтірді. ... Осы үрдісті, рухани дәстүрді жалғастырушылардың бірі – қазақ ақыны Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.» [3.13] - дейді. Мәшһүр Жүсіп араб, парсы, шағатай тілін білу арқылы жоғарыда аталған өкілдердің қолжазбалармен кең танысып, қазақ әдебиетіне ислам дінін ұштастырып ерекше серпіліс әкелген.

«Жарты нан хикаясында» бір жолаушы келе жатып сандық тауып алады. Оның ішінен жылан шығады. Жылан әп-сәтте айдаһарға айналады. Адам айдаһардан құтыла алмай тұрғанда жолшыбай отыз адам жолығады, олар көмектесуге дәрменсіздік танытады, одан кейін кездескен бес кісі де жәрдем бере алмайды. Жолаушының амалы таусылып тұрғанда алдынан бір жарты адам шыға келеді. Ақылымен айдаһарды қайта сандыққа кіргізіп, жолаушының өмірін құтқарады. Адамгершілік танытқан жарты адам бейнесі автор былайша баяндайды:

...Танып қой, танымасаң, мен боламын,
Дүниеде қылған қайыр – жарты наның! [6.75]

Ал көмек қолын соза алмаған отыз адам мен бес кісі отыз күндік ораза мен бес уақыт намаз еді.

Оразаң отыз күнгі – отыз кісің,
Бес кісі – бес намазың, білемісің.
Жоқ қылып жамандықты жойылтуға,
Бұлармен дәнемеге келмес күшің. [6.75]

Мұнда ақын діни парыздармен қатар садақа берудің, қайырымдылық жасаудың маңыздылығын көрсетеді. Хикая имандылық пен адамгершілікті бірге алып жүруді насихаттар өсиетімен құнды.

«Мәшһүрдің бұл ой-пікірі «қайыр, ықсанның сауабы мол» деген түсінікке негізделгені және оның сопылық таныммен сабақтастығы байқалады.» [1.74] - дейді Мәшһүр Жүсіптің сопылық таным тармақтарын зерделеген зерттеуші Сейфетдин Сүтжан.

Мәшһүр Жүсіп «Бес парыз» өлеңінде мұсылманның міндеттерін тізіп шығады. Бірінші парыз Алла тағалаға иман келтіру, екінші парыз – намаз оқу, үшінші парыз Шахи-рамазан, төртінші парыз зекет беру,

бесінші парыз қажылыққа бару деп жігіттерді иман келтіруге шақырады.

Мәшһүр Жүсіптің «Шайтанның саудасы» атты мысал өлеңінде сол замандағы елді жеген қожа, молда, ишандардан бастап ақсақал, қажы, молдаларға дейін өтірік, өсек, ұрлық барлығын дерлік сатып алады.

Шайтаннан қылды сауда көтерме алып,
Орнына бұлар жүрді, шайтан қалып. [10]

«Құран сөзін бұлдап, жұртты алдап байыған «жалған» қожа-молдалардың бейнелері әшкереленеді. Оларға қарсы бағытта алынған шайтан образы жоғары деңгейде көрінген» [1.83] - деп Сейфетдин Сүтжан шығарма сюжетінде кездескен образдарға түсінік береді.

Мәселен екі ақын да өмірдің өткінші екенін, адамның басты мақсаты дүние жию емес, Алланың ақ жолында болып, арғы өмірінің қамын жеу дейді.

Дүние, пәни жалған қолдың кірі,
Жүрсен де қанша жумай, қолдан кетер [6.26]
– деп Мәшһүр Жүсіп жырласа,

Шәкәрім:

Шаранамен туып едің,

Бөз оранып өтесің.

Бір сағымды қуып едің,

Қай уақытта жетесің?

Қанша дәулет жиып едің,

Бәрі қалды, нетесің?

Мал үшін жан қиып едің,

Қайтіп алып кетесің? [9.66]

– деп өмірдің түгел қол жетпейтін бір жанталас екенін біле тұра дүние қоңыз адамдарға қайраң қалып, өзімен тек жасаған құлшылығы мен игі амалдарын ғана алып кететін айтады.

Қос ақын да «тозаққа» сенген, адам нақ өмірінде қиянатшыл адам болса тозаққа түседі деп білген. Ол туралы мына жолдардан байқай аламыз.

Өлімнің хақ екенін көрсен де,

Өлместей омыраулап шатасың.

Доздақтың барын біліп жүрсен де,

Күнәға, әлің келсе, батасың. [7.268]

–деп жаратушының берген аманаты – адам өмірі өткінші жалған дүниеде адасып, өмірге теріс көзқараспен қарайтындарды Шәкәрім сынаса, Мәшһүр:

... Тозақтық – жеті түрлі,

Дүниеде ғапылдықтан болған сорлы.

Суық жүз, бұзық сөзді бола қалса,

Міне, тозақ – деп айтты – оның орны! [6.42] дейді.

Суфизм өкілдері қазақ әдебиетіне ислам дінін барынша насихаттап, дұрыс тәлім-тәрбие беруді мақсат тұтқан. Қос тұлғаның шығармашылығында адал дініміз дәріптеліп, Хақ Тағалаға иман келтірген. Адамзат баласын ізгі қоғамға тәрбиелейтін діни-философиялық тағылым әр қашанда қазақ әдебиетінде биік тұрмақ.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Шығыс әдебиеті сопылық тағылымның түбірі болса, қос жазбагердің шығармашылық кірпіші шығыс шайырларынан қаланған. Араб-парсы тілдерін жетік білу арқылы дүниенің жаңа есігін ашқан. Яғни, қазақ әдебиетіне суфизмді әкелген. Қос замандас өмір сүріп жатқан ортасына көңілдері толмай, ұрлық-қарлық, зұлымдық, білімсіздік пен надандыққа налып жан толғанысынан шыққан әр шығармасынан Хақтағалаға деген жақындықты байқалады. Жаратушы иеге кәміл сеніп адами құндықтарды дәріптейді. Өткеннің жасап жатқан қылықтары қазір де бар. Шайырлардың жазып қалдырған өсиетнамалары күні бүгінге дейін өзекті. Маңыздылығын жоймай, тамырын кеңге жайған алып тұлғалар тағылымы әрмен қарай өз өрісін таба бермек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Сейфетдин Сүтжан. Сопылық таным тағылымы. Оқу құралы. – Павлодар: ПМПИ, 2013. – 120 б.
- 2 Ертай Жүсіпов. Мәшһүр Жүсіп және шығыс руханияты. – Алматы: Алаш, 2005. 184 б.
- 3 Балтабай Әбдіғазиұлы. Шәкәрім әлемі. – Алматы: Раритет, 2008. – 408 б.
- 4 <https://egemen.kz/article/172846-shakarimninh-ush-anyghy>
- 5 Нартай Қуандықұлы. Шығармалар жинағы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2014. – 336 б.
- 6 Гүлсім Мұқышева. Шығармалар жинағы. Шәкәрім Құдайбердіұлы. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2017. – 416 б.
- 7 Шәкәрімтану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ/«Атамекен» сериясы. – Алматы: Раритет, 2007. – 448 б.
- 8 Шәкәрім. Қазақ айнасы. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2003. – 296 б.
- 9 <https://abai.kz/post/6788>

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДА ЕЛЕУЛІ ОРЫН АЛАР ТӘУКЕ ХАН ЖӘНЕ ОНЫҢ «ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫНЫҢ» РӨЛІ

А.Т. Сағынбаева

Әлкей Марғұлан атындағы

Павлодар педагогикалық университетінің студенті

Н.Е. Кузембаев

т.ғ.к., қауымд. профессор, ғылыми жетекшісі

Қазақ тарихын түсінемін деген адамға көшпелілердің әдет-ғұрыптарына, жол-жосын заңдарына көңіл бөлудің аса қажеттілігі бар.

XVII ғ. 90-жылдары Қазақ хандығының қалыпты жағдаймен тұрақталуы, ел басқару мен ынтымағын арттырудағы игі істер Тәуке хан, қызмет атқара бастаған жас билер Қаздауысты Қазыбек би, Төле би есімдерімен тығыз байланысты. Бұл жылдары «Жеті жарғы» заңдар топтамасын қабылдау жұмыстары аяқталады. Мемлекетті басқару түзеліп, Әз Тәуке хан билігін Үш жүз қазақтары мойындап, хандық биліктің мәртебесі жоғарылады. Жалпы, барлық қазақ хандарына бір орталыққа бағынғысы келмейтін мемлекетшілік күштер мен оқшаулыққа ұмтылған жергілікті сұлтандар мәселесімен тұрақты айналысуларына тура келді. Қазақ қоғамында билер институтына әрдайым үлкен мән берілген. Билер әдеттегі құқықтық, шаруашылық және идеологиялық қызметтерді жүргізуде елеулі рөл атқарды. Қазақстанда шығысқа тән шексіз әміршілдіктің болмауы, ең алдымен көшпелі тұрмыс пен өкімет билігін бөлудің барынша дамыған осы жүйесіне байланысты [1, 131 б.].

Ал Тәуке ханның билігін талқыға түсірсек; Тәуке ханға дейін билік құрған атақты Қасым, Есім хандар да қазақ тайпаларын бір орталыққа бағындыру үшін күш пен зорлық, қақтығыс құралдарын пайдаланды. Бұған мысал ретінде, Қасым ханның билік үшін өз ағайыны Керей ханның баласы Бұрындықты (Қазақ хандығының негізін қалаушы үлкен ханның баласын) үлкен тақтан ығыстыруын, Хақназар хан балаларының Ресей үкіметінен пана табуын, Есім ханның Ташкентті билеп тұрған қазақ Тұрсынды өлтіруін мысалға келтіруге болады. 1640 жылғы құрылтайдан кейін бірлігі нығайған Ойрат тайпаларының сыртқы саясаттағы белсенділігі арттырып, ұрыс-қимыл әрекеттерінің басты бағыты Қазақ хандығына қарай бұрылады [2, 43 б.].

Батыр-қонтайшы өлген соң (1653 жылы-А.Ә.) да оның мұрагерлері Қазақ хандығына қарсы қоңтайшыдан қалған саясатты ұстанады және Жоңғар хандығының ішкі бірлігін нығайтатын, сыртқы жауға күш біріктіретін істерге септігін тигізетін заң-жосық үлгілерін жетілдіру

жұмыстарын жүргізеді. ХҮІІ ғасырдың соңғы ширегінде Жоңғар тағына Лама шіркеуінің шәкірті болған Галдан отырады. Ол 1678 жылы Жоңғарияның жаңа қалыптасқан жағдайға орай түзетілген Жарғысын белгілейді. Галданға Далай-лама «Бошокты» деген атақ береді [3, 250 б.].

Қазақтардың әскери күштері шашыраңқы жатса, жоңғарлар қонтайшы бұйрығымен 60-100 мыңға жуық жорықтарына аз уақытта әскер жия алатын. Ұйғырлар мен Алтай халықтарын бағындырып, қырғыздарды қоныстарынан ығыстыра бастаған Қалдан қонтайшы 1681 жылы мол күшімен Қазақ хандығына қарсы соғыс ашты [4, 24-25 бб.].

XVII ғ. 80 жылдардағы жоңғар шапқыншылығы елге ауыртпалық әкелді. Оңтүстік Қазақстанға өтіп кеткен жау басты соққыны қазақ қалаларына берді. Көп аймаққа қауіп төндірген шапқыншыға қарсы бауыр халықтар қазақтар, каракалпақтар, қырғыздар мен өзбектер («бұқарлықтар») күш біріктіріп үлгермейді. Жаулап алушыларға, әсіресе астана қалалардың бірі Сайрам қатты қарсылық көрсетеді. Қалада қалдырылған жоңғар әскерлері мен жоңғар әкімін көтерілісшілер жойып жібереді. Қаланы қайта алу үшін жоңғарлар бірнеше рет әскер жіберіп, қала түбіндегі шайқастар ұзаққа созылады. Жоңғарлар жартылай қираған астана қаланы 1684 жылы бағындырып үлгереді. XVII ғасырдың 90 жылдарында Қазақ хандығында Қазақ хандығының тұрақталуы. Елге басып кірген жоңғарлар қазақтарды бағындыра алған жоқ. Соғыс жалғаса түсті. Қалдан қонтайшы 1688 жылы бүкіл моңғол халықтарын біріктіру мақсатында Моңғолияға әскер жібереді. Оған қарсы Цинь патшалығы (Қытай) Моңғолияны Цинь иелігінде деп жариялап, Галданмен соғысты. Бұл жағдайда жоңғарлар Қазақстанда қорғаныс шараларымен ғана шектеледі. Керісінше, қазақтар жиі-жиі шабуылдарға шығып, қалмақтарға соққы берді. Нәтижесінде, XVII ғ. 90 жылдары қазақтар үшін жеңіс жылдары болды. Қазақтар өз қалаларын азат етті. Қазақ үстемдігі қайтадан Жетісудың көп бөлігіне тарады. Қалдан болса, Цинь әскерлерінен жеңіліп, 1697 ж. қазіргі Батыс Моңғолиядағы Қобда жерінде қаза тапты [5, 81 б.].

XVI ғасырдың II жартысынан бастап Қазақ хандығымен Сырдария өзенінің орта ағысындағы қалалар үшін таласқан каракалпақтар ХҮІІ ғасырдың басында Ташкент қаласына ие болады. Бірақ каракалпақтардың ханы Абд ал-Ғафар Ташкентте қыстап, ал көктем шығысымен қаладан шығып, Ордасын далалық өлкеге тігеді [6, 61 б.].

Алтын Орданың ханы Өзбекұлы Жәнібекке «әз» деген құрметті атау «әділдігі мен дарқандылығы, ақ жолдан таймайтын адалдығы» және «ғажайып мұсылмандығы, ғұламалығы, ақылдылығы үшін тағылған болса, мұсылман дінін құрметтеуді алғаш рет далалық заңжосық үлгілеріне кіргізген («Жеті жарғыға»), хандар мен рубасыларын

бір орталыққа зорлық пен зомбылық, соғыс жолдары емес, бейбіт келісім, бәтуа сөздер арқылы біріктіруге ұмтылған, халықты ақылмен басқаруға көп күш асалған Тәуке ханға «әз» деген құрметті лақап есім берілген делінеді [7, 224 б].

XVII ғасыр соңындағы қазақ-орыс қарым-қатынастары. Әз Тәуке хан үкіметі жер көлемі өсіп, қуаттана түскен Ресей патшалығымен бейбіт қатынастары баянды етуге зор көңіл бөледі. Әуелі, XVII ғасыр соңында Қазақстан мен Ресей арасында сауда байланыстары нығая түсті. Сауда керуендері екі жаққа да тиімді қызмет етті. Елшілік байланыстары жиіледі. Әрине, екі ел арасында қайшылықтар да кездесті. Шекаралық аймақтарда орыс казактарының қазақ ауылдарына, ал қазақтардың орыс қоныстарына өзара шабуылдары болып тұрды, мұның өзі тұтқын мәселесін тудырады. 1690 ж. Тәуке ханның Тобыл қаласына жіберілген Қабай елшілігі орыс жағына кеңесте болуға ұсыныс жасайды. 1691 жылы Тұмақұл мен Қабай бастаған қазақ елшілігі Мәскеуге аттанған. 1693 жылы Ертіс бойында орыс тұз өндірушілеріне әлдекімдердің жасаған шабуылына байланысты Тәуке ханның Тобылға жіберген елшілері ұсталды. Соған орай Тәуке хан I Петрге наразылық білдіріп қазақ елшісін қайтаруды талап еткен. Хатты жеткізген Тайқұмыр елші Тобылға жеткенде орыс жағы Тәуке ханның талабын орындап, ұстаған Келді мырзаны еліне құрметпен қайтарған. Бұл заңдық жаңалықтарды қазақ жүздерінің ішінде әлеуметтік жүзеге асырушылар - билер болды. Бірқатар аңыздарда Тәуке хан өзінің саяси қызметінде бірнеше ықпалды билерге сүйенген деген сөз кездеседі. Олар Ұлы жүзде дулат тайпасының жаныс руынан шыққан Төле би Әлібекұлы, Орта жүзде арғын тайпасынан шыққан Қазыбек би Келдібекұлы, Кіші жүзде атақты Самарқанд әмірі Жалаңтөс Баһадүрдің немересі, Әлімұлы тайпасының төртқара руынан шыққан Әйтеке би Байбекұлы болған [8, 435 бб.].

XVII ғасырдың 80 жылдарындағы жоңғар шапқыншылығы. 1678-1680 жж. жоңғарлар Шығыс Түркістанды (қазіргі ҚХР-ның Шыңжаң өлкесін) бағындырды. Бұл жағдай қазақтарға тиімді болмады. Орыс дерегінде мынадай мәтіндер бар: «Қонтайшы ... бұл күнде Үндістан, Қытай, Сібір, Ресей мен Парсы аралығындағы халықтарға қарағанда күштірек болды. Мылтық пен оқ-дәрісі жеткілікті, бұрындар жоқ астығы да бар» [9, 128 б.].

Қазақ хандығындағы көшпелі қоғамда саяси көсем анағұрлым жоғары қызметте болып, басқа хандарға, сұлтандар мен билерге қарағанда басты қамқоршы рөлін атқарған Тәуке хан болғаны сөзсіз. «Жеті жарғы» - Тәуке ханның далалық конституциясы деп білеміз.

1. Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылсын.

2. Түркі халқының мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына бұйырылсын.

3. Мемлекет ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер өлім жазасына бұйырылсын.

4. Өзге біреудің әйелімен зинақорлық жасап, ақ некені бұзушыларға өлім жазасы бұйырылсын.

5. Өреде тұрған, тұсаулы жүрген сәйгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын.

6. Төбелесте мертігудің түріне қарай төмендегіше мүліктей құн төленсін:

а) біреудің көзін шығарған кісі айыпқа қызын береді, ал қызы жоқ болса, қыздың қалың малын береді;

ә) төрт мүшенің бірін мертіктірген кісі айыпқа ат береді.

7. Ұрланған жылқы, өзге де құнды мүлік үшін он есе артық айып төлеттірілсін [10, 315 б.].

Осы мақаланы қорытындылайтын болсақ дала өмірінің іс жүзіндегі заңдары әлдеқайда көп, олар адам өміріндегі әрбір жалпы және жеке құқықтық жағдайларды қамтитын жүздеген баптардан тұрады. Мысалға, жас жігіттің басқа ауылдың қызына үйленуі туралы, олардың ұрпақтары ауру-сырқау болмауы және тұқымдық дерттерге шалдықпауы үшін туыстық қатынастары жеті атадан асуы қажеттігі хақындағы заң да «Жеті жарғы» баптарында көрсетілген. Біз осыған байланысты Төлегеннің қалыңдық іздеп алыстағы аймақтарға барып, Қыз Жібегін тапқанын білеміз.

Тәуке ханның «Жеті Жарғыны» қабылдауға мұсылман діні өкілдерінің ерекше ықпалы болғаны байқалады. Заңның басты баптарында дін өкілі қожалардың сұлтандармен бірдей құқыққа ие болуы – дін орталығының әсері екені сөзсіз. «Кімде кім сұлтанды немесе қожаны өлтірсе, онда ол оның туыстарына жеті адамның өлімімен құн төлейді. Сұлтан мен қожаға тіл тигізген кісіге бір тоғыз айып, ал қол тигізген кісіге үш тоғыз айып салынады», - деп белгіленген «Жеті жарғының» басты баптарында. Сонымен қатар «Жеті Жарғыда» мұсылмандық қазақтардың ресми діні ретінде орныққандығын айқындай рәсімі де байқалады. «Жеті жарғыда» мұсылмандықты қорлаған кісіні таспен атып өлтіру, ал мұсылмандықтан тайып, өзге (христиан) дінге өтіп кеткен кісінің туыстарынан барлық дүние-мүлікті алып қою жазасы белгіленеді [11, 368- 369 бб].

Қорытындылай келе біз Тәуке ханның хандықты билеген кезеңінде өз заманының беделді, әрі қазақстан тарихында өзінің

«Жеті жарғы» атты заңдар жинағы қазақтардың бұған дейінгі қолданылып келген әдеттегі құқық нормаларының бір жүйеге келтіріліп, толықтырылған нұсқасы деп айта аламыз. Тәуке ханның Жеті жарғысы бойынша өлім жазасы мен құн төлеуден басқа да жаза түрлері болған. Біздің ойымызша, қазіргі заманға да сондай қатал, әрі әділ, барлығына бірдей заң жинағы орнауы керек. Тағы айтарымыз заң бойынша мейлі ол қарапайым адам болсын, мейлі ол жоғары статусты адам болсын жазаға тартылуы тең болған жөн. Жалпы айтарымыз, XVII ғасырдағы әділдіктен үлгі алу ету арқылы бүгінгі күнімізбен ертеңгі болашақты ойлаған қоғам болуға шақырамыз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Артықбаев Ж.О. Қазақстан тарихы: Оқулық хрестоматия. – Астана.: «Фолиант», 2003. – 264 б.
- 2 Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи (XVII-XVIII вв.). – А-А.: Ғылым, 1991. – 238 с.
- 3 Златкин И. Я. История Джунгарского ханства. – М.: Наука, 1964. – 481 с.
- 4 Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков: извлечения из персидских и тюркских сочинений. – А-А.: Наука КазССР, 1969. – 652 с.
- 5 Тынышбаев М. История казахского народа. – А-А.: Санат, 1992. – 216 с.
- 6 Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. – А-А.: Наука, 1985. – 104 с.
- 7 Хасенов Ә. Қазақ тарихының бес мың жылдық баяны (көне заманнан XX ғасырға дейін). – А.: Қазақ университеті, 2000. – 402 б.
- 8 Көмеков Б.Е. Қазақстан тарихы. // Екінші тарау. XVI-XVIII ғасырдың басындағы Қазақ мемлекеті (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2 том.- А.: «Атамұра», 1998. – 640 б. (393-444 бб.).
- 9 Атыгаев Н.А. Казахское ханство в XV – середине XVI века. А-А.: Наука, 1985. – 104 с.
- 10 Султанов Т.И., Кляшторный С.Г. Казахстан. Летопись в трех тысячелетий. А-А.: Рауан, 1992. – 376 с.
- 11 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей (под общей редакцией академика М.К Козыбаева). – А.: «Санат», 1996. – 586 с.

«ПЕРСОНАЖНАЯ СФЕРА» И ЕЕ АНАЛИЗ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ В СТАРШИХ КЛАССАХ»

Садвокасова А.М

*студентка Павлодарского педагогического университета имени
Әлкей Марғұлан, город Павлодар,*

Токатова Л.Е

*научный руководитель: кандидат филологических наук, доцент
Высшей школы гуманитарных наук, г.Павлодар*

Аннотация. Основное содержание исследуемой темы определяется дефицитом практико-ориентированных и простых в использовании методов диагностики и репрезентации профессионального опыта в сознании учащихся старшего класса. Целью статьи является представление методики «Структурирование персонажной сферы у обучающихся старшего класса», предназначенной для формирования умения анализировать образ персонажа в сознании учащихся старшего класса. В качестве методов исследования были использованы эксперимент, наблюдение, интервью, опрос.

Annotation. The main content of the researched topic is determined by the deficit of practice-oriented and easy-to-use methods of diagnostics and representation of professional experience in the minds of senior grade students. The aim of the article is to present the methodology "Structuring the character sphere in senior class students", designed to form the ability to analyze the image of the character in the minds of senior class students. Experiment, observation, interview, survey were used as research methods.

Аннотация. Зерттелетін тақырыптың негізгі мазмұны диагностиканың практикалық және қолдануға оңай әдістерінің жетіспеушілігімен, және жоғары сынып оқушыларының санасында кәсіби тәжірибені ұсынумен анықталады. Мақаланың мақсаты-жоғары сынып оқушыларының санасында кейіпкердің бейнесін талдау қабілетін қалыптастыруға арналған "жоғары сынып оқушыларында кейіпкерлер саласын құрылымдау" әдісін ұсыну. Зерттеу әдістері ретінде эксперимент, бақылау, сұхбат, сауалнама қолданылды.

Ключевые слова. Персонажная сфера, урок, литературы, главные герои, анализ, второстепенный, эпизодический, внесценический.

Кілт сөздер. Кейіпкерлер ортасы, сабақ, әдебиет, басты кейіпкерлер, талдау, екінші кейіпкер, эпизодтық кейіпкер, сахнадан тыс кейіпкер.

Keywords. Character sphere, lesson, literature, main characters, analysis, minor, episodic, offstage.

Annotation. The main content of the researched topic is determined by the deficit of practice-oriented and easy-to-use methods of diagnostics and representation of professional experience in the minds of senior grade students. The aim of the article is to present the methodology "Structuring the character sphere in senior class students", designed to form the ability to analyze the image of the character in the minds of senior class students. Experiment, observation, interview, survey were used as research methods.

Keywords. Character sphere, lesson, literature, main characters, analysis, minor, episodic, offstage.

Введение

Одной из ключевых составляющих анализа художественного произведения является изучение образной системы. При проведении занятий по литературе в этом аспекте используются исследования литературоведов. А. Б. Есин утверждает, что «при анализе эпических и драматических произведений много внимания приходится уделять композиции системы персонажей, то есть действующих лиц произведения (анализу не самих персонажей, а их взаимных связей и отношений, то есть композиции)» [1, с.130].

В результате происходит то, что в художественных произведениях персонажи служат воплощением определённых человеческих качеств, их поведенческих моделей и действий. Через архетипы персонажей осуществляется демонстрация процессов их эволюции или регресса, что позволяет читателю проследить динамику изменений. Так, образы персонажей играют ключевую роль в раскрытии глубинного содержания и идейной наполненности литературного творения.

Литературный персонаж - это структурный и смысловой элемент литературного произведения в целом. В зависимости от точки зрения, с которой на него смотрят, преобладающей духовной и научной основы, и жанра, в котором он появляется. Литературный персонаж далее называется героем, личностью, деятелем, действующим лицом.

Чаще всего школьники воспринимают литературного персонажа как человека. Степень конкретности его представления, по мнению Л.В. Чернец, может быть разной и зависит от многих причин: от места в системе персонажей, от рода и жанра произведения и пр. Но более всего принципы изображения, само направление детализации определяются замыслом произведения, творческим методом писателя: о второстепенном персонаже реалистической повести в биографическом, социальном плане может быть сообщено больше, чем о главном герое модернистского романа [2,с. 197]. Таким образом, необходимо оценивать роль персонажа в произведении не только по объёму текста, который ему уделено, но и исходя из тщательного анализа авторского замысла. Важно понимать, какой герой служит ключевой фигурой для реализации концепции произведения.

Следует отметить, что учащиеся старшего класса могут подсознательно подразделять систему персонажей на различные уровни, как представлено в таблице 1.

Таблица 1 – «Персонажная сфера» в теории литературы

Тип героев	Роль в произведениях
Главные герои	Это персонажи, которые принимают участие в действии пьесы, являясь центральными. Все действия остальных лиц направлены на более полное изображение главных героев.
Второстепенные герои	Это герои, которые не играют главную роль в произведении, их основная функция — подчёркивать особенности главных героев через взаимоотношения с второстепенными героями, через высказывания о них.
Эпизодические герои	Это герои, которые появляются один-два раза, нужны для более полного раскрытия проблем произведения, отдельных черт характеров главных и второстепенных героев. Они могут служить и для того, чтобы дать толчок, начало какому-то действию.
Внесценические герои	Это персонажи, не участвующие в действии, но необходимые для раскрытия проблемы произведения, характеристики героев; их образы создаются в монологах и диалогах действующих лиц, о них вспоминают действующие лица произведения.
Собирательные герои	Персонажи составного образа, которые формируются путем объединения различных элементов или деталей в одно целостное представление.

Сущность этих понятий сводится к тому, что персонажная сфера, как и любая другая система, характеризуется через составные элементы (персонажей) и структуру. Персонажная сфера – это структура персонажей, которая представляет собой организацию персонажей в тексте художественного произведения. Персонажную сферу можно рассматривать, как целостность, составленную из частей. Данная структура является одним из важных аспектов литературного произведения, так как она помогает создать целостный мир и передать основные идеи и темы произведения.


Одной из важнейших ролей действующих персонажей является создание аутентичного фона и отображение стереотипов общества. Преувеличенность определенной черты в действующем персонаже помогает автору расширить или углубить образ основного героя, а также выразить свое собственное мнение. Одним из основных аспектов изучения русской литературы в школе остается творческая работа с текстом художественного произведения, которая стимулирует учеников к анализу и обсуждению.

На первом этапе «Структурирование персонажной сферы у обучающихся старшего класса» было необходимо сформулировать систему конкретных значений, опредмечивающих, обозначающих поведение действующих лиц в рамках художественного произведения. Это было сделано методами теории литературы и с помощью других источников информации. Известный методист В.Г. Маранцман выделяет основные этапы работы над образом персонажа: эмоциональное частично-мотивированное восприятие, аналитическое восприятие образа, целостное восприятие образа.

Подобного рода деятельность способствует развитию у учащихся способности анализировать образ персонажа и достигать более глубокого понимания прочитанного. Однако, по мнению методиста О.И. Никифоровой, для того чтобы обеспечить более глубокое понимание образов действующих персонажей, необходимо создавать определенные педагогические условия. Предлагается ряд мер, включающий в себя следующее: отработанность мыслительных операций и операций воображения; оценка и обобщение элементов текста с точки зрения характеристики литературного образа; отработка умения восполнить текст; контроль возникающих представлений за текстом произведения [3, с. 59]. Предложенные методистами А.Г. Цейтлином, Р.В. Глинтершик, Л.А. Мосуновой, Л.Я. Гришиной, М.Н. Бойко и др. способы анализа персонажной сферы ставят своей целью активизацию мыслительной деятельности учащихся и развитие их речи. Творческой работой над анализом персонажа помогает детальная схема, разработанная литературоведом Л.Я. Гинзбург, предложенный ею план характеристики образа. Методист Е.А. Долиненко предлагает проводить цитатную характеристику персонажа, образец подобной работы представлен на примере «значительного лица».

Перечисленные исследования внесли серьезный вклад в методику преподавания русской литературы, однако по-прежнему актуальной является аспекты анализа образов персонажей. Иллюстрируем данное положение в рисунке 1.

Рисунок 1 - Основные аспекты анализа образов персонажа



В дальнейшем эта мысль получила свое развитие в работах исследователей-методистов, в которых особое место занимают активные методы, один из которых метод «Круговорот». Для данного метода очень важным является проиллюстрировать то, что ученики должны запомнить. Подобное использование формирует структурирования истории. Круговорот - интерактивный метод работы, в процессе которой образуется два кольца: внутреннее и внешнее. Внутреннее кольцо образуют сидящие неподвижно ученики, а во внешнем кольце ученики через каждые 30 секунд меняются. Таким образом, они успевают проговорить за несколько минут несколько тем и постараться убедить в своей правоте собеседника. Использование данного метода позволяет эффективно отрабатывать этикетные диалоги. Герой живет в своей привычной реальности, но сталкивается с трудностями и попадает в новые ситуации. В процессе он преобразуется и приходит к логическому завершению.

Реализация метода «Круговорот» предполагает следующий алгоритм работы:

1. Каждому микрогруппе (по 5-7 человек) раздается чистый лист бумаги и всем задается один и тот же вопрос. Без словесного обмена мнениями все группы записывают на своих листках бумаги спонтанные формулировки ответов на него.

2. Листки с записями в режиме дефицита времени передаются по кругу по часовой стрелке соседям по микрогруппе. При получении листка с записями каждая группа должна сделать новую запись, не повторяя имеющиеся. Работа заканчивается, когда каждой группе вернется их листок. На этом этапе записи не анализируются и не оцениваются.


3. В микрогруппах происходит обсуждение сформулированных участниками ответов, предложений и выделение в итоговый список наиболее важных, актуальных из них.

4. Обмен результатами наработок микрогрупп. Все микрогруппы предлагают по очереди свои формулировки из итогового списка. Если формулировка не встречает возражений других групп, она включается в окончательный общий список.

Вышеизложенное подчеркивает необходимость обстоятельного рассмотрения статьи В.А. Грехнева из книги «Словесный образ и литературное произведение»: «В больших жанровых формах (прежде всего в романе) композиция может быть организована вокруг одного или нескольких крупно очерченных персонажей» [4, с. 131-133]. Таким образом, автор статьи стремится к обозначению системы персонажей в произведении. Но мы считаем, не совсем верно было бы считать, что данное явление характерно лишь для больших жанровых форм.

Важным этапом данного метода является алгоритм составления вопросов, представляющих структурирование персонажей. Вопросы должны быть составлены таким образом, чтобы побудить учеников установить связи между персонажами, определить противоречия, которые могут рассматривать обучающиеся в реализации индивидуального изучения образов, определения функций персонажей. Программа изучения была направлена на выявление образа персонажа и включала следующие вопросы. В качестве иллюстрации используем рисунок 2.

Рисунок 2 - Образцы вопросов в работе над персонажами



Итак, процесс изучения русской литературы в старших классах основан на совершенствовании навыков анализа художественного текста. Для полноценного познания сферы персонажей учитываются психологические особенности восприятия произведения обучающимися, эмоциональный отклик на прочитанное, этапность работы с текстом. Заслуга предложенного метода заключается в том, что в ходе структурирования персонажей приобретает воссоздающее воображение читателя-ученика, стремление к духовным размышлениям, нравственному самовоспитанию. Предложенный метод анализа персонажной сферы развивает критическое и творческое мышление, формирует умение структурировать художественную реальность, усиливает эффект вовлечения и присоединения обучающего к условной реальности. А это, в свою очередь, влияет на жизненные навыки.

Список использованных источников

- 1.Есин А.Б. Принципы и приемы анализа литературного произведения: Учебное пособие. М.: Флинта, Наука. - 2000. – 248 с.
- 2.Чернец Л.В., Хализев В.Е., Бройтман С.Н. Введение в литературоведение. Литературное произведение: Основные понятия и термины: Учебное пособие. М.: Высшая школа: Изд. центр Академия, 1999. - 556 с.
- 3.О.И. Никифорова. Восприятие художественной литературы школьниками. М. – 1969. – 163 с.
- 5.Грехнев В.А. Словесный образ и литературное произведение. Книга для учителя. М.: Просвещение. - 1992. - 212 с.

19.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің

3 курс студенті А. Садықұлы

Ғылыми жетекші: PhD, қауымдастырылған профессор

А.М. Садыкова

Аңдатпа. Мақала бүгінгі таңда қазақстандық қоғам үшін өзекті мәселелердің бірі – кирилл әліпбиінен латын әліпбиіне көшу мәселесіне арналған. Мақалада осы күнге дейін ресми түрде қарастырылған латын әліпбиінің төрт нұсқасы талданады. Зерттеу барысында жүйелеу, салыстырмалы талдау, синтез әдістері қолданылды. Автор нұсқалардың ерекшеліктеріне тоқталып, соңғы ұсынылған әліпби мен емлеге қатысты өзіндік ұсыныстарды атап көрсетеді.

Түйін сөздер: әліпби, емле, латын қарпі, грамматика, әліпби нұсқалары, фонема, тіл реформасы.

Annotation. The article is devoted to one of the topical issues - the transition from Cyrillic to the Latin alphabet. The article analyzes four variants of the Latin alphabet, officially considered. The article uses the method of comparative analysis, synthesis, systematization. The author, showing the peculiarities of all variants, makes his proposals on the optimization.

Key words: alphabet, orthography, Latin script, grammar, alphabet variants, phoneme, language reform.

Аннотация. Статья посвящена одной из актуальных вопросов в современном казахстанском обществе – переходу с кириллицы на латиницу. В статье анализируются четыре варианта латинского алфавита, официально предложенные и рассмотренные специалистами. В статье использованы метод сравнительного анализа, синтеза, систематизации. Автор показывая особенности всех вариантов, вносит свои предложения по актуализации и оптимизации нынешнего варианта алфавита.

Ключевые слова: алфавит, орфография, латинская графика, грамматика, варианты алфавита, фонема, языковая реформа.

2007 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі тарапынан қазақ тілін кирилл әліпбиінен латын қарпіне көшіру туралы шешім қабылданған [1]. Он жылдан кейін Қазақстан Республикасы Президентінің осыған қатысты Жарлығы шықты [2]. Сол жылы екі рет латын әліпбиінің жаңа нұсқалары ұсынылған болатын. Келесі жылы үшінші нұсқа ұсынылып, соған сәйкес жаңа емле жобасы қарастырылды [3; 4]. 2021 жылы төртінші рет жаңа нұсқа ұсынылып, латынша емлеге редакция жасалған болатын [5]. Бұл соңғы бекітілген әліпби нұсқасы бүгінде өзекті болғанымен, қоғамда әлі күнге дейін қарама-қайшы пікірлер орын алады. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Қ.-Ж.К. Тоқаев 2022 жылдың маусым айында өткізілген Ұлттық құрылтай отырысында тіл реформасына келгенде асығыстық танытпаған жөн деген ой білдірді. Оның айтуынша, бұл өзгеріс күрделі үдеріс, сол себепті, ең алдымен, қазақ тілінің жаңа емлесіне арнайы ережелерді дайындаудың маңызы зор. Және осы мәселе А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының мамандарына тапсырылған болатын [6].

Қазақ халқы және оның арғы аталары болып саналатын сақ, ғұн, түркі тайпалары әр кезеңде әртүрлі жазу графикаларын қолданған еді. VIII ғасырда көне түркі жазуы қолданыла бастаса, X ғасырдан бастап ислам дінінің үстемдігінің арқасында және араб тілінің ислам әлемінде лингва-франка рөлін атқарып, халықаралық тілге айналғандықтан түркітілдес тайпалар арасында араб графикасы басым бола бастады. Тіпті XV ғасырда шағатай тілі немесе түркі деп аталатын Орталық Азиядағы түркі тайпаларына ортақ әліпби және емле енгізілген еді.

Кейін Ахмет Байтұрсынұлы шағатай емлесінің қазақ тіліне фонетикалық және грамматикалық жағынан қайшы екенін дәлелдеп, жуан дауыссыз әріптерді алып тастап, дәйекше жүйесін енгізу арқылы «Жаңа емлені» енгізді. Сол емлені түсіндіру мақсатында 1912 жылы «Оқу құралы» деген мақаласында өзінің жаңадан құрастырған әліпбиін ұсынған болатын. Сол жылы жаңа емлемен таныстыратын «Жазу тәртібі» және келесі жылы «Жазу мәселесі» атты мақалаларын жариялап, көпшілікке таратады.

Осы емле негізінде 1913-1918 жылдар аралығында «Қазақ» газеті шығып отырды. 6 жылдың ішінде бұл газеттің 265 басылымы жарық көрген еді. Осы газеттің даму тарихы барысында «Төте жазудың» емлесі мен лексикасы да дамып отырды. 1964-1984 жылдар аралығында пиньинь атты латын қарібін қолданып жүрген Қытайдағы қазақтар 1984 жылы «Төте жазуды» ресми түрде пайдалана бастап, әлі күнге дейін сол жазуды қолданып келеді [7, 20].

1929 жылы Кеңес одағындағы латындандыру саясатына байланысты қазақ тілі «Жаңа әліпке» көшті. Бұл әліпби КСРО аймағында өмір сүретін барлық түркітілдес халықтарға ортақ емле болып бекітілген еді [8, 305 б.]. Алайда 1930-жылдардың соңында бұл жоба қайта қаралып, нәтижесінде КСРО-дағы барлық тілдердің қаріптерін кирилдендіру саясаты жүзеге асырылды. Соған орай 1940 жылы Сәрсен Аманжоловтың құрастырған қазақ кирилл әліпбиі Қазақ КСР аймағында ресми түрде қабылданған болатын. Бұл графика 1950-жылдары кішігірім өзгерістерге ұшырап, қазіргі уақытқа дейін ең негізгі қаріп ретінде қолданылып жүр [9, 403-404 бб.].

Бірақ 1991 жылы КСРО ыдыраған кезде жаңадан тәуелсіздік алған 15 республиканың көбісінде кирилл әліпбиінен бас тарту мәселесі көтерілген болатын. Бұл мәселе Қазақстанды да айналып өтпеді. 1990-жылдардан бастап «қазақ тілін қай графикамен жазу керек?» деген сұраққа негізгі 4 жауап берілді:

- Қазақ тілін кирилл әліпбиінде қалдырып, тілге жат ө, һ, ц, ч, щ, ь, ь, э әріптерін әліпбиден алып тастау;
- «Жаңа әліпті» қайта қабылдау немесе түрік әліпбиі негізіндегі латын қарпіне көшу;
- Ахмет Байтұрсынұлының «Төте жазуын» қайта қабылдау;
- Көне түркі жазуын жандандыру.

Бұл даудың нүктесі 2007 жылы қойылды. Сол жылы 19 шілдеде ҚР Білім және ғылым министрлігінің ғылым комитеті дайындаған «Қазақ жазуының латын қарпіне көшуі туралы» аналитикалық анықтама жарық көрді. Осылайша ҚР Үкіметі қазақ тілін латын қарпіне көшіру жайлы нақты шешім қабылдады [10].

Тура он жылдан кейін, дәлірек айтсақ, 2017 жылы 26 қазанда Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасы көшіру туралы» Жарлыққа қол қойды. Сол кезден бастап қазақ жазуын латын қарпіне көшіру мәселесі қазақ халқы арасында ең өзекті мәселелерінің бірі болып отыр [2].

2017 жылы 9 қазан күні Қазақстан Республикасының тарихында алғаш рет қазақ латын әліпбиінің мемлекеттік деңгейінде ұсынылған нұсқасы пайда болды. Оның басты қағидасы – латын әліппесінде кездеспейтін қазақша дыбыстарды диграф арқылы білдіру. Соған сәйкес ә дыбысы ae, ғ дыбысы gh, ж дыбысы zh, ң дыбысы ng, ө дыбысы oe, ү дыбысы ue, [ч] дыбысы ch, ш дыбысы sh болып белгіленді. Қазақ қоғамы бұл нұсқаға бірден негативті жауап қайтарды. Себебі, бұл диграфтар мәтінді оқып жатқан кісіні шатастырады және мәтінді едәуір ұзартып жібереді. Асхана сөзін «ашана», Асхат есімін «ашат» деп оқу секілді проблемалар туындады. Сөйтіп, халықтың көпшілігі бұл нұсқаны қабылдамады [3].

Сол жылы диграфтардың орнына апострофтар ұсынысқа берілген еді. Яғни ә дыбысы a', ғ дыбысы g', и және й дыбыстары i', ң дыбысы n', ө дыбысы o', у дыбысы u', ү дыбысы u', ч дыбысы c', [ш] дыбысы s' болып белгіленді. Бұл нұсқаның басты кемшілігі - апострофтар тұтас сөзді бірнеше бөлікке ажыратып, түсініксіз қылады. Нәтижесінде апострофтарға толы мәтінді оқу қиынға соғады. Сондықтан қазақ қоғамы бұл нұсқаны да қабылдамай қойды [4].

2018 жылы 19 ақпанда апострофтардың кемшілігін жою мақсатымен әліпбидің жаңа нұсқасы ұсынылды. Бұл нұсқаның алдыңғы нұсқадан айырмашылығы апострофтардың орнына акуттар қолданылып, ч, ш дыбыстары сәйкесінше ch, sh болып қайтадан белгіленді. Бұл нұсқа алдыңғы нұсқалардың жақсарған түрі болып табылады. Себебі, жазуға да, оқуға да жеңіл акут белгісі қолданысқа берілді. Ол диграфтар секілді шатастырмайды және апостроф секілді сөздерді ажыратпайды. Бұл нұсқаның проблемасы көбінесе ch және sh диграфтарында болған еді [5].

Кемшіліктері азырақ болғандықтан бұл нұсқаны талқылау 3 жылға дейін созылды. Тек 2021 жылы ғана бұл нұсқаның орнына басқа әліпби ұсынылды. Жаңа нұсқа түрік латын әліпбиінің негізінде жасалған және кейбір әріптердің жаңа нұсқалары ұсынылды. Яғни ә дыбысы ä, ғ дыбысы ğ, и және й дыбыстары i, ң дыбысы ñ, ө дыбысы ö, ү дыбысы ü, ұ дыбысы ū, ш дыбысы ş, і дыбысы i болып белгіленді. Бұл нұсқа да кемшіліксіз емес. Оның басты кемшілігі - әріп үстіне қойылатын белгілердің әртүрлі болуы. Бұл мәтінді ұсқынсыз етеді.

2018 жылдың 6 желтоқсанында сол жылы ұсынылған әліппенің негізінде «Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері» атты мақала шықты. Кейін бұл мақаладағы ережелер 2021 жылғы әліппенің негізінде өзгертілген болатын.

Жаңа емлеге сәйкес қазақша сөздер үш түрге бөлінеді:

- төл сөздер – қазақтың байырғы сөздері;
- кірме сөздер – шет тілдерден қазақ орфоэпиясына сай өзгеріп, енген сөздер;
- шеттілдік сөздер – шет тілдерден ешбір өзгеріссіз немесе кішігірім өзгеріспен енген сөздер.

Жаңа орфоэпияның кейбір ережелері:

- халықаралық аббревиатуралар өзгеріссіз жазылады (UNESCO, NATO, EXPO);
- кейбір кірме сөздер қазақ орфоэпиясына сай өзгертіліп жазылады (kästöm, pälte, slesir, vedimis);
- аван-, авто-, евро- приставкалары бар сөздердегі в әрпі латынша u әрпімен белгіленетін болады (auanzal, autobus, eurostandart);
- ё әрпі ö әрпімен белгіленеді (manövr, aktör, rejisör);
- ю әрпі ü әрпімен белгіленеді (paraşüt, absolüt, prodüser);
- я әрпі ä әрпімен белгіленеді (zaräd, knäz, griläj);
- ц әрпі және сц, цц әріпұяқастары s әрпімен белгіленеді (sirk, desimetr, senari);
- ч және щ әріптері ş әрпімен белгіленеді (dispetşer, matş, şempion; uşilişe, praporşik, borş);
- щ әрпі бар үш төл сөз (ащы, тұщы, кеще) екі ş-мен белгіленеді (aşşy, tuşşy, keşşe);
- э әрпі e әрпімен белгіленеді (element, elevator, koefisent);
